ЭТНОСАЯСИ СӨЗДІК

Қазақстанның қоғамдық келісім және этносаралық толеранттылық саясаты және практикасы терминдері мен ұғымдары

Астана, 2014

УДК 80/81:32 (038)
ББК 66.3 (5К)я2
Э 90

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі

Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің тапсырысы бойынша «Қазақстан Республикасының Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында шығарылды

Қазақстан халқы Ассамблеясының Ғылыми-сарапшылық кеңесі баспаға ұсынған

Бас редактор: Е.Тоғжанов, саяси ғылымдарының докторы
Редакция алқасы: А.Садуақасова, С.Сәлемов, С.Калмыков, Э.Сүлейменова, Л.Прокопенко, Н.Шанаи, Ғ.Төлеғұл

Пікір жазғандар: Дронзина Т.А. Әулие Климент Орхидский атындағы София университетінің профессоры, саяси ғылымдарының докторы (Болгария)
Жүнісова Ж.Х. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының профессоры, саяси ғылымдарының докторы, ҚХА ҒСК мүшесі

Жобаның ғылыми жетекшісі:
А.К.Садуақасова, әлеуметтану ғылымдарының докторы

Авторлық ұжым: Тоғжанов Ералы Лұқпанұлы, саяси ғылымдарының докторы
Калашникова Наталья Павловна, саяси ғылымдарының докторы
Калмыков Сергей Константинович, философия ғылымдарының кандидаты
Малиновский Виктор Александрович, заң ғылымдарының докторы
Рақышева Ботагөз Исламқызы, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты
Садуақасова Айгүл Кәкімбекқызы, әлеуметтану ғылымдарының докторы
Сүлейменова Элеонора Дүйсенқызы, филология ғылымдарының докторы, профессор
Жақыпов Жантас Алтайұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор
Шаймерденова Нұрсұлу Жамалбекқызы, филология ғылымдарының докторы, профессор
Қапалбек Бижомарт Сейсенбекұлы, филология ғылымдарының кандидаты
Төлеғұл Ғосман Төлеғұлұлы, аудармашы-сарапшы

Э 90 **ЭТНОСАЯСИ СӨЗДІК:** Қазақстанның қоғамдық келісім және этносаралық толеранттылық саясаты және практикасы терминдері мен ұғымдары – Астана: Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2014 - 400 б.

ISBN: 978-601-7504-05-2

Қазақ және орыс тілдерінде ұсынылып отырған бұл сөздікте этносаясат саласында, ғылыми жарияланымдарда, бұқаралық ақпарат құралдарында, интернетте, сондай-ақ этностану, саясаттану, әлеуметтану курстарын, тарихи және мәдениеттану пәндерін оқытуда жиі қолданылатын терминдердің мәні мен мағынасын анағұрлым толық ашатын 400-ден астам сөз қамтылған. Сөздікке Қазақстан этносаясатының негізгі қағидаттарын түсіндіретін және Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев ұсынған қоғамдық келісім мен этносаралық толеранттылық үлгісімен таныстыратын көптеген терминдер енгізілген.

Сөздік этносаясат саласында қызмет ететін мемлекеттік қызметкерлерге, гуманитарлық ғылымдардың мамандарына және Қазақстандағы заманауи этностық үдерістер туралы білгісі келетін оқырман қауымға арналған.

УДК 80/81:32 (038)
ББК 66.3 (5К)я2

ISBN: 978-601-7504-05-2

© Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті, 2014
© Тоғжанов Е., Садуақасова А., Калашникова Н., Калмыков С., Малиновский В., Рақышева Б., Сүлейменова Э., Шаймерденова Н., Төлеғұл Ғ., 2014

АЛҒЫСӨЗ

Жаһандану мен қоғамдық-саяси өзгерістер дәуірінде этносаясат терминдерінің жүйесі де тез өзгеріп отыруға бейім болып келеді. Мұның бірқатар себептері бар, олардың ішінде – этносаясаттың өзінің пәнаралық сипаты, этносаясатта тарих, философия, саясаттану, әлеуметтік тілтану сияқты ғылымдардың шектескен тұстарында кездесетін терминдер табиғатының өрімдестігі, қолданбалы пән ретінде этносаясат міндеттерінің экстралингвистикалық жағдаятқа, мәселен, геосаяси өзгерістерге байланысты болатындығы. Осы жайттардың бәрі этносаясат терминдерін дереу түсіндіріп отырудың, жекелеген бағыттар бойынша терминдер іріктеу үшін пайдалануға болатын арнаулы терминтанулық сөздіктер түзіп отырудың, ол терминдерді заңнамалық құжаттардың «Глоссарий» бөліміне, сондай-ақ оқулықтар мен оқу құралдарына қосып отырудың қажеттігін көрсетеді.

Оның үстіне, дүниетанымдық және философиялық көзқарастарға орай қазіргі заманда әлеуметтік-саяси және геосаяси өзгерістердің қиын кезеңін әлі еңсеру үстінде тұрған әрі қалыптасу, трансформалау, түсінудің алуан түрін өткеріп жатқан этносаясаттың қарышты қадамдары концептуалдық-ұғымдық аппаратқа саналы да сыни көзқарастың болуын талап етеді.

Сөздік негізгі этносаяси терминдер жөнінде ең маңызды деген мағлұмат беретін анықтамалық кітап ретінде ойластырылды да, мынадай міндеттердің шешімін табуға бағытталды: этносаяси зерттеулердің қазіргі жағдайын бейнелеу; мүмкіндігінше Қазақстанның этносаясаты бағыттарына шолу жасау; этносаясат әдістерін сипаттау; этносаясат терминдерінің негізгі құрамын анықтап, жинақталған мол тәжірибені пайдалана отырып, ол терминдерге сөздік анықтама беру; мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру барысындағы оқыту, білім беру міндеттеріне анағұрлым лайық мазмұндау формасын табу.

Этносаяси терминдер сөздігін түзу жұмыстарының негізгі нәтижелерін былайша түйіндеуге болады:

- қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде қолжетімді лексикографиялық дерек-көздер ескеріліп, этносаяси терминдердің корпусы анықталды;
- этносаясаттың қолда бар терминологиялық корпусы ретке түсірілді, жүйеленді;
- іріктеліп алынған терминдердің дефинициялары пішімдеу үшін нормалау және бірегейлеу жұмыстары жүргізілді;
- бұрын анықтама берілмеген терминдер екшеліп, Сөздікке дербес лемма-лар ретінде енгізілді де, оларға сөздікке тән терминологиялық анықтама

жасалды (тұтастай алғанда, қазақ тілінде 200-дей, орыс тілінде 200-дей этносаяси терминге анықтама берілді);

- көптеген терминге орыс/қазақ және ағылшын тілдерінде балама келтірілді;
- сөздік мақала мәтінінің өз ішінде курсивті сілтеме көрсету арқылы және соңында анықтама түрінде сілтеме жасау арқылы терминдер арасындағы жүйелік қатынастар нақтыланды.

Сөздікте этносаяси терминдер қатаң әліпбилік ретпен берілді. Солай бола тұра терминдер корпусы іштей мынадай блоктар бойынша айқын түрде түзілді: этносаясаттың теориялық аспектілері; этносаясаттың шектес және септесетін ғылымдармен, мысалы, этнологиямен, саясаттанумен, әлеуметтік тілтанумен, т.б. байланыстары; этносаяси зерттеу бағыттарының қалыптасуы; этносаяси зерттеулердің әдіснамасы мен әдістемесі, этносаясаттың негізгі ұғымдары.

Сөздіктің бір ерекшелігі – мұнда мүмкіндігінше Қазақстанның этносаяси проблемаларының ерекшеліктері көрсетіледі және Қазақстан халқы ассамблеясы қызметінің толық мәні мен бағыты, құқықтық аспектілер, халықаралық стандарттар, бұл салада жұмыс істейтін негізгі мемлекеттік және қоғамдық институттар туралы жеткілікті түсінік беріледі, Қазақстандағы этнотілдік ахуал мен тілдік саясат, т.б. көптеген жайттар сипатталады.

Сөздік авторлары сыни пікір білдіргендерге, сондай-ақ этносаяси терминдерге ұсынылған анықтамаларды талқылауға қатысқан әріптестердің бәріне алғыс білдіреді.

Сөздіктің этносаясат мәселелеріне қызығушылық танытатындардың бәріне пайдалы еңбек болатынына авторлық ұжым сенім артады және Сөздіктегі терминдер корпусы қоғамдағы өзгерістердің бәрін ескере отырып, бұдан да пайымды талдаулар мен талқылаулар, толықтырулар жасаудың нысанасына айналады деп үміттенеді.

Сөздікті пайдалану тәртібі:

Терминдер Сөздікте әліпби ретімен орналастырылған. Егер термин сөз тіркесінен құралса, тіркес терминнің бірінші сыңарының реті бойынша қойылып, этносаяси мәтіндерде қалыптасқан түрінде (инверсиясыз) беріледі, мысалы, ***Қазақстан халқы ассамблеясы, Ұлт бірлігі доктринасы, Халық санағы, Диаспора, Қазақстандағы тілдік ахуал*** т.с.с. Терминдер сөздік мақаласында қайталанып берілмейді, қысқарған пішінде көрсетіледі, мысалы, ***Ғылыми-сараптамалық кеңес*** *– ҒСК,* ***Қазақстан халқы ассамблеясы*** *– ҚХА*.

Тақырыптық термин қою курсив жазумен бас әріптен басталып жазылады. Оған ілесе терминнің дублеті (синонимі) немесе нұсқасы беріледі, ал ол

дублет пен нұсқалар өз орнында тұрғанда негізгі терминге «осымен бірдей» деген сілтеме жасалады, мысалы, ***Анкеталық сауалнама*** – осымен бірдей: *Анкеталау,* ***Іріктеме жиынтық*** – осымен бірдей: *Іріктеме*.

Тақырыптық терминге қазақша, орысша, ағылшынша баламалар беріледі, оның үстіне доға жақша ішінде әрбір терминге мүмкіндігінше қысқаша этимологиялық сілтеме жапсарластырылады, мысалы, ***Билингвизм*** (лат. *bi*... екі, қос + *lingua* тіл); ***Диаспора*** (грек. *diaspora* шашырау).

Осыдан соң сызықша қойылып барып термин түсіндірмесі беріледі. Егер терминде бірнеше мағына болса, олар абзацқа бөлектелмей, араб цифрымен одан кейін нүкте қойылып, тиянақталып жазылады, мысалы: ***Екінші тіл*** – 1. Балалық шақтан игеру ретіне қарай (*Билингвтің* тілдерді өзінше (онтогенетикалық) игеру уақытына қарай) болатын Е.т., бұл – *Бірінші тілден* соң меңгерілген тіл. Осы тұрғыдан түсінгенде Е.т. *Ана тілімен* сәйкестенуі де, сәйкестенбеуі де мүмкін. 2. *Қостілділік* жағдайындағы *Тілдік құзыреттіліктің* деңгейіне қарай Е.т., бұл – *Басым тілге* қарағанда қосымша тіл болып саналады. Осы тұрғыдан түсінгенде ана тілімен сәйкестенуі де, сәйкестенбеуі де мүмкін. 3. Оқу орындарында оқып-үйрену ретіне қарай Е.т., бұл – шетелдік екінші тіл, оқып-үйренудегі *Мақсатты тіл* (қар. *Негізгі тіл*).

Сөздік мақаласының ішінде терминге анықтама берілген жағдайда ол астын сызу арқылы айрықшаланады.

Терминдер арасындағы жүйелік қатынасты нақтылайтын анықтама түрінде сөздік мақаласының өзінде терминдер және соңында берілетін өзара сілтемелер бас әріптен басталып курсивпен жазылады. Қазақстан Республикасындағы этносаясат, этнотілдік ахуал, этнотілдік жағдай сипаттарына тікелей қатысты терминнің анықтамасынан кейін қосымша ақпарат беріледі.

Сөздікте сондай-ақ терминдердің қазақша-орысша әліпбилік көрсеткіші бар, онда термин мен оған арналған сөздік мақаласының берілген беті көрсетіледі.

Сөздікте мынадай қысқартулар қолданылған:

ағыл. - ағылшын тілі
белорус. - белорус тілі
грек. - грек тілі
итал. - итальян тілі
қаз. - қазақ тілі
лат. - латын тілі
мыс. - мысалы
нем. - неміс тілі
ауысп. мағ. - ауыспалы мағына
т.б. - тағы басқа
ор. - орыс тілі
қар. - қараңыз
сал. - салыстырыңыз
мақ. - мақала
фр. - француз тілі

- А -

АВТОХТОН (*байырғы* немесе *жергілікті*), (ор. *Автохтон,* ағыл. *Autochton,* грек. *autochthon autos* өзі + *chthon* жер, өлке) – осы жерді тұрғылықты мекен еткен, *Этногенезі* осы аумақта дамыған адам, абориген. Мыс., Ванкувер аралындағы Солтүстік және Оңтүстік Американың байырғы халықтары вакаш-квакиютль және нутка; Австралияның оңтүстігіндегі пама-нюнга және Астралияның солтүстігі мен солтүстік-батысындағы не-пама-нюнга (қар. *Автохтондық тіл, Ассимиляция, Тұрғылықты этнос, Этникалық топтар*).

АВТОХТОНДЫҚ ТІЛ (*байырғы тіл)* (ор. *Автохтонный язык,* ағыл. *indigenous language,* грек. *autochthon autos* өзі + *chthon* жер, өлке). Елдің автохтондық, тұрғылықты, байырғы жұртының тілі, мысалы, қазақ тілі – Қазақстан үшін А.т., монғол тілі – Монғолияның А.т-і (қар. *Тұрғылықты этнос, Тұрғылықты тіл, Жергілікті тіл, Этнос тілі, Тіл, Диаспора тілі, Қазақстан тілдері*).

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ (ор. *Всеобщая декларация прав человека*, ағыл. *Universal declaration of human rights).* А.Қ.Ж.Д. – адам құқықтары саласындағы халықаралық құқықтың бастау көзі, БҰҰ-ның негізгі құжаттарының бірі, салтанатты мәлімдеме. БҰҰ Бас ассамблеясының 1948 жылы 10 желтоқсанда 217 А (III) қарарымен қабылданған бұл декларация – кеңес беру тұрғысындағы құжат. Солай бола тұра мұнда әлемдік қауымдастықтың адам құқықтары саласында жинаған көпжылдық тәжірибесінен келіп шығатын халықаралық стандарттар бар, осының арқасында қазіргі кезде мемлекеттердің көбі мұны міндетті құқықтық құжат ретінде мойындайды. А.Қ.Ж.Д-да адамдардың бостандығы мен теңдігінің дүниетанымдық бастау негіздері беріледі, олардан қандай жағдайда болсын адамзат айырылуға тиіс емес (1-бап); құқықтарды пайдалануға қатысты теңдік пен кемсітпеу қағидаты көрсетіледі (2-бап); адамның түгелдей құқықтарының басты негізі – адамның өмір сүруге, бостандыққа, жеке басына тиіскізбеуге хақылығы тұжырымдалады (3-бап); азаматтық және саяси құқықтар тізбесі (4-21-баптар), адамның әлеуметтік, экономикалық және мәдени құқықтарының тізбесі (23-27-баптар) ұсынылады; адам бостандығы мен құқықтарын жүзеге асырудың шарттары ретінде әлеуметтік және халықаралық тәртіптерге арналған талаптар (28-бап), адамның қоғам алдындағы міндеттері мен құқықтарын шектеу шарттарының талаптары қойылады (29-бап); Декларациядағы әлденені онда мазмұндалған құқықтар мен бостандықты жоюға бағытталған әлдебір әрекетпен немесе қызметпен айналысуына мем-

лекетке, адамдардың тобына я жеке адамдарға берілген құқық ретінде түсінуге жол берілмейтіндігі туралы ескертілген (30-бап). А.Қ.Ж.Д., 1966 жылғы 16 желтоқсандағы Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт және 1966 жылғы 16 желтоқсандағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт – үшеуі бірігіп Адам құқықтары туралы Халықаралық Биллді құрайды. Мемлекеттер осыдан соң әлемдік қауымдастық алдында алғаш рет өз азаматтарының құқықтарын жүзеге асыруға септесу жөнінде заңды міндеттеме қабылдады, халықаралық органдарға осы міндеттемелердің сапалы орындалуын бақылау құқығын берді. Адам құқығының бұзылуынан жапа шеккендер ұлттан үстем заңдық органдарға жүгіну мүмкіндігін алды. Адам құқықтары туралы Халықаралық Билль ережелері халықаралық құқықтың көптеген кесімдерінде (актілерінде) көрініс тауып дамып келеді. Қазақстан Республикасында танылған және бекітілген бұл ережелер, ҚР Конституциясының 4-бабына сәйкес, елдің қолданыстағы құқықтарының жүйесіне енгізіліп, ел заңдарының қатарында басымдыққа ие болып тікелей қолданылады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы адам құқықтары саласындағы 160-тан астам халықаралық актілерге қосылды, олардың қатарында 1966 жылғы Халықаралық пактілермен бірге Нәсілдік кемсітушіліктің барлық түрін жою туралы 1970 жылғы конвенция; Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрін жою туралы 1979 жылғы конвенция; Адамның ар-абыройын қорлайтын я басқа да қатыгездікпен азаптауларға қарсы 1984 жылғы конвенция; Баланың құқы туралы 1989 жылғы конвенция т.б. бірқатар құжаттар бар. Алған міндеттерін жауапкершілікпен орындап отырған Қазақстан конвенциялық бақылау органдарына әлемдік қауымдастықты елде жасалып жатқан қарекет туралы кезең-кезеңімен ұлттық, жиынтық баяндамалар мен басқа да құжаттар тапсырып тұрады. Ол баяндамаларды қарастыратын мәжілістерге мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам өкілдері қатыстырылады. Алдын ала талдау мен жұртшылықтың жария талқылауының нәтижелеріне орай оң бағалар беріліп, ұсыныстар әзірленеді.

АДАМ НӘСІЛДЕРІ (ор. *Расы человека*, ағыл. *racial group)*. Биологиялық және тарихи жаратылысы жағынан бір негізден шыққан адамдар тобы жалпылама түрде ұқсас болғанымен, морфологиялық және физиологиялық белгілері жағынан бір-бірінен белгілі бір шамада өзгеше болады.

Адам нәсілдерін жалпы адам антропологиясының бір саласы ретінде «нәсілтану» ғылыми пәні зерттейді. Бұл пән, негізінен, уақыт өте келе нәсілдік белгілердің өзгеруіндегі нәсілтегі үдерістерін, халықтардың әлеуметтік өмірі жағдайының рөлін, халықтардың өмір салты мен басқа да сипаттарын, нәсіларалық будандасуды – әлемнің түкпір-түкпіріндегі нәсілдердің араласуын зерттеумен айналысады. Қазіргі нәсілтану адамзат морфологиясы мен физиологиясына, генетика мен молекулалық биологияға сүйене отырып,

нәсілдер классификациясы мәселелерін, олардың шығу төркінін, ғаламшарға таралып орналасуын, дамуын және адамзат қауымдастықтарының нақты тарихына байланысты өзара ықпалдасуын қарастырады. Айырып танытатын нәсілдік белгілерге, бұл белгілердің тұқым қуалауына және қоршаған табиғи-графикалық әрі әлеуметтік-мәдени ортаға тәуелділігіне зерттеулер жүргізіліп келеді.

Қазіргі нәсілтану нәсілдік ерекшеліктердің топтық сипаты болатынын және бұл ерекшеліктер жекелеген адамдарды емес, адамдардың тұтас қоғамдастықтарын салғастыра қарағанда ғана әбден айқындалатынын тірек етеді. Нәсілдік ерекшелік бірнеше ұрпақ бойы үнемі атадан балаға беріліп отырылады, сондықтан нәсіларалық айырмашылықтарды зерттеу үшін антропогенетикалық мәліметтердің маңызы зор. Түрлі адамдар немесе олардың тұтас бір тобындағы қан арқылы берілген, сондай-ақ сыртқы дене бітіміндегі ұқсастықтар олардың генетикалық жағынан туыстас, нәсілдік тұрғыдан келгенде әлемдегі халықтардың көбінің, тіпті, тілдік семьялардың көпшілігінің шығу төркіні бір екендігіне дәлел болады.

Зерттеушілер «нәсіл» ұғымының мазмұнын, жалпы алғанда, әртүрлі зерттеушілер бірдей мағынада қабылдайды, алайда оның егжей-тегжейіне келгенде елеулі айырмашылықтар да бар. Антропологтардың түрлі мектебі негізгі нәсілдің төрттен жетіге дейін түрі және ондаған кіші антропологиялық типі болатынын алға тартады.

Еуропалық нәсіл Еуропадан Оралға дейінгі табиғи аймаққа, Солтүстік Африка, Оңтүстік-батыс Азия және Үндістанда таралған. Бұған арменоидтық, нордтық, Жерорта теңіздік, фальдық, альпілік, шығысбалтықтық, кавкасиондық, динарлық және басқа да шағын топтар қосылады. Бұлар өзге нәсілдерден бірінші кезекте ерекше бет пішінімен ажыратылады. Қалған белгілері ауысып, өзгеріп тұрады.

Негроидтық нәсілдің табиғи аймағы – Орталық, Батыс және Шығыс Африка. Шығыс шағын тобы (нилоттық тип, бойшаң, құшық денелі) мен батыс шағын тобы (негрлік тип, жұмыр басты, орта бойлы) бір-біріне ұқсамайды. Ешқайсысына ұқсамайтыны – пигмейлер тобы (негрилльдік тип). Негізгі белгілері – шашының бұйралығы, терісінің қара реңді болуы, кең танаулы, жуан ерінді болуы және т.б. Негроидтық нәсілдің әдепкі өкілі – байырғы кениялық.

Монғолоидтық нәсіл о баста Шығыс Еуразияны мекендеген, қазіргі Монғолия территориясында қалыптасқан. Сырт пішіні ашық далаға бейімделген. Басты белгісі – көзінің күшті инсоляция, шаң, суық, қармен шағылысқан жарықтан және басқа да сыртқы әсерден қалыптасқан қорғалуы. Қабақтарының сығыр келуі, қосымша қатпар – эпикантустың болуы, көз реңінің қара болуы осындай қорғаныш қызметін атқарады. Мұнан басқа өзіне тән белгілері – шашының ұзын, жазық әрі қаралығы, кірпігінің қоюлығы, шықшыттарының шығыңқы болуы. Қарама-қарсы екі топқа бөлінеді: солтүстік топ (шомбал, бойшаң, аққұба өңді, жалпақ бетті және бас сүйегі жалпақ) және оңтүстік топ

(орта бойлы, қара торы, беті кішкентай). Монғолоидтық нәсіл өзге нәсілдерге қарағанда ең жасы, қалыптасқанына шамамен 12 мың жыл болған.

Зерттеуші ғалымдардың кейбір топтары қосымша американоидтық нәсілді бөліп көрсетеді. Бұл нәсіл Солтүстік және Оңтүстік Америкада таралған, генетикалық жағынан монғолоидтарға жақын. Американоидтықтар - тік қара шашты және құс тұмсық болады. Азиаттық монғолоидтарға қарағанда көзі қара, үлкен болады. Ересектерінде эпикантус сирек, ал балаларда жиі ұшырасады. Американоидтардың бойы біршама ұзын болады.

Антропологтар арасында австралоидтарды (австралоидтық-мұхиттық нәсіл) бөліп қарауды жақтайтындар да бар. Ендігі Үндістаннан Гавай аралдарына дейін және бойлығы оңтүстікте Тасманиядан солтүстікте Сахалин, Курилге дейін созылатын алып аймақты алып жатқан ежелгі нәсіл, яғни жер шарының жартысына дерлігін қамтиды. Бұған полинезиялық, меланезиялық, австралиялық, веддоидниялық, айндық топтар қосылады. Терісінің реңі австралиялық аборигендердің қошқыл, қара түсінен сахалиндік, курильдік және солтүстікжапондық айндардың аққұбалығына дейін түрліше бола береді. Оңтүстіктің қошқыл түсті австралоидтары сырт пішіні жағынан негроидтарға ұқсас болғанымен, генетикалық жағынан айтарлықтай алшақ (қар. *Этностық антропология, Нәсілшілдік*).

АЗАМАТТЫҚ (ор. *Гражданство,* ағыл. *Citizenship)* – конституциялық-құқықтық жағдай, адамның мемлекетпен құқықтық-саяси байланысы. Бұл байланыс адам мен мемлекеттің өзаралық құқықтары мен міндеттерінің жиынтығын білдіреді. А. терминімен қатар «бодандық» термині де қолданылады, бірақ бұл термин адам мен монархиялық билік түріндегі мемлекет арасындағы саяси-құқықтық байланысты білдіреді. Халықаралық құқықта және шетелдік салтта А. сөзінің синонимі ретінде «ұлтқа қатыстылық» деген ұғым да қолданылады.

А. институты Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен тәуелсіздігін, егемендігін анықтайтын белгі болып табылады. Қазақстан азаматтарының конституциялық-құқықтық мәртебесі олардың заң алдында теңдігін сақтай отырып, Конституция белгілеген құқықтар, бостандық пен міндеттердің кешеніне түгелдей ие болуын білдіреді.

ҚР Конституциясына сәйкес, Қазақстан Республикасының азаматын қандай жағдайда болсын өз азаматтығынан, өз азаматтығын өзгерту құқығынан айыру мүмкін емес, сондай-ақ ол Қазақстан аумағынан ешқашан қуылмайды. ҚР А. Заңға сәйкес қабылданады және тоқтатылады, А-ты қандай негізде алғанына қарамастан ол жалқы және бәріне бірдей тең болып саналады (10-бап).

Қазақстан Республикасы өзінің мемлекеттік органдары мен лауазымды тұлғалары арқылы Республика азаматтарының алдында, ал Республика азаматы Қазақстан Республикасының алдында жауапты. Азамат Конституция

мен ҚР заңдарын сақтауға; елдің мүдделерін, аумақтық тұтастығын қорғауға; дәстүр, салттарға, мемлекеттік тіл мен ел аумағында тұратын барлық ұлттың тілдеріне құрметпен қарауға; Қазақстан Республикасының қуатын, егемендігі мен тәуелсіздігін нығайтуға міндетті.

А. қатынастарды реттейтін арнаулы заң ретінде 1991 жылы 20 желтоқсанда қабылданған №1017-XII «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» ҚР Заңы қолданылады.

А. принциптерімен қатар бұл Заңда А-ты алудың, сондай-ақ одан айырылудың негіздемелері мен тәртібі белгіленген. Осы тұста шетелдіктер мен А-ғы жоқ тұлғалар үшін ортақ талаптармен қатар Қазақстан аумағында заңды негізде тұрақты түрде төрт жылдан кем емес уақыт тұрған оралмандарға және Қазақстан азаматымен үш жылдан кем емес уақыт некеде тұрғандарға жеңілдетілген (тіркелу) тәртібімен А-қа қабылдау шарттары; сондай-ақ жаппай саяси қуғын-сүргіннің салдарынан еріксіз түрде А-ты жоғалтқан я айырылған, заңды түрде Республика аумағында өмір сүрген құрбандары мен олардың ұрпақтары үшін тұрған мерзіміне қарамай А-қа қабылдаудың жеңілдетілген шарттары анықталған. Сондай-ақ біздің елдің А-ғына жеңілдетілген тәртіппен халықаралық шарттар негізінде қабылдауға болады. Мәселен, 1) Беларусь, Қырғызстан мен Ресей азаматтары 1999 жылғы 26 ақпандағы «Азаматтық алудың жеңілдетілген тәртібі туралы келісім» шегінде; 2) Қазақстан азаматтарының бірімен некеде тұрған шетелдік әйел азаматтар 1957 жылғы 20 ақпандағы «Күйеуі бар әйелдердің азаматтығы туралы конвенция» шегінде жеңіл шарттармен А. ала алады.

Бұрын Қазақстан А-ғында болған адамдардың А-ғы жеңілдетілген тәртіппен қалпына келтірілуі мүмкін. Ол үшін олардың біздің елдің аумағында тұрақты өмір сүруі (мекен еткен мезгілі есептелмейді) және шет мемлекеттің А-ғында болмауы қажет. Бұрын Қазақстан А-ғын жоғалтқаны тіркелген тұлғалардың А-ғы қалпына келтірілмейді.

Жеңілдетілген тәртіппен А. алу (А-ты қалпына келтіру) құқығын беру мемлекеттің өз отандастарына және Отанынан өмір жағдайларының қысымымен еріксіз кетуге мәжбүр болған басқа адамдарға деген ыстық ықыласын көрсетеді, сондай-ақ Қазақстан тығыз қарым-қатынас жасайтын, одан ары ықпалдасуға ұмтылатын басқа елдердің азаматтарына деген құрметті білдіреді.

«Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» ҚР Заңында А. мәселелерін шешудегі мемлекеттік органдардың құзыреті де бекітілген. ҚР Президентінің 2006 жылғы 10 қазандағы №198 «Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Азаматтық мәселелері бойынша комиссия туралы» Жарлығында жекелеген мәселелер егжей-тегжейлі түрде қосымша берілген.

ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 19 ақпандағы №111 қаулысымен мемлекеттік қызмет көрсетудің мынадай стандарттары бекітілген: «Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғаларға куәлік беру және шетелдіктерге мекендеу қағазын беру»; «Шетелдіктерге және азаматтығы жоқ

тұлғаларға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру және тіркеу» «Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдау мен одан шығуды тіркеу»; «Қазақстан Республикасында босқын дәрежесін беру және ұзарту».

Осыған орай, Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 11 наурыздағы №152 бұйрығымен «Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғаларға куәлік беру және шетелдіктерге мекендеу қағазын беру»; «Шетелдіктерге және азаматтығы жоқ тұлғаларға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру және тіркеу» «Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдау мен одан шығуды тіркеу»; «Қазақстан Республикасында босқын атын беру және ұзарту» мемлекеттік қызмет көрсетудің регламенті бекітілген.

АЗАМАТТЫҚ СӘЙКЕСТЕНДІРУ (ор. *идентификация гражданская,* ағыл. *identification civil)* – индивидтің (топтың) әлеуметтік-мәдени өлшемдер арқылы өзін қоғаммен байланыстыруының нәтижесі, осының арқасында ол өзін мемлекетпен, қоғаммен, елмен бірдейлестіреді; өзін «өзімдік» және «бөтен» топтармен қатыстырудың бағдарлары, межелері мен өлшемдерінің жиынтығын қалыптастыру (қар. *Сәйкестендіру*). Азаматтық сәйкестікті қалыптастырудың басты бағыттары - «азамат» санатының эмоционалдық-когнитивтік және әлеуметтік-саяси мазмұнын дамыту; негізгі азаматтық құқықтар, міндеттер мен рөлдерді меңгеру; азаматтық және топаралық сәйкестіктердің басымдықтарын орналастыру; ел дамуының мүдделеріне тартылу; қоғам мен мемлекетке қатысты жеке белсенділіктің маңызын арттыру. Азаматтық сәйкестікті қалыптастыру мен дамытудың негізгі тетіктері – бірдейлесудің сипаттарына еліктеу, ол сипаттарды міндетті әрі саналы түрде қабылдау. Мазмұндық жағынан А.С. жұрттың мемлекетпен ниеттестігін білдіреді, ал мұндай ниеттестік болу үшін билік пен азамат арасындағы құқықтар мен міндеттер рәсімделеді, елге шынайы сезіммен етене болу әрі барлық типтік әлеуметтік-мәдени өлшемдер (тіл, діл, әлем бейнесі, әлеуметтік-мәдени құндылықтар, қылық нормалары) арқылы елдің азаматтарымен өзін теңестіру қажет, бұл ниеттестік өзін-өзі саяси және қоғамдық тұрғыдан ұйымдастырумен бекиді (қар. *Сәйкестендіру, Этникалық сәйкестендіру, Тілдік сәйкестендіру, Діни сәйкестендіру, Мәдени сәйкестендіру*).

АЗ ҰЛТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ (халықаралық стандарттар) **(**ор. *Права национальных меньшинств,* ағыл. *Rights of ethnic minorities, international standarts)* – ерекше этностық топтарға жататын адамдарға олардың арнайы сұраныс-қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатымен халықаралық-құқықтық кесімдер арқылы ұсынылатын қосымша мүмкіндіктер.

Халықаралық қоғамдастық аз ұлт деген ұғымға барша жұрт мойындайтын анықтама әзірлеп шығарған жоқ. Мамандар мынадай критерийлер ұсынады: мүдделі тұлғаның дара өзіндік таңдауы, этностық топтың өздерін аз ұлтқа

теңдестіруі; оның шыққан тегі; айқын көрінетін әлеуметтік, мінез-құлықтық және мәдени сипаттары, ең алдымен, ортақ тілдерінің болуы; сол топтың ішіндегілермен және жұрттың басқа топтарымен ықпалдасуға мүмкіндік беретін әлеуметтік ұйымның болуы. А.ұ. деп танудың негізі ретінде олардың сан мөлшері анықталған жоқ.

Пікірлерде елеулі алалық болуына байланысты А.ұ.қ. 1948 жылғы Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясына енгізілмеді. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің (1966 ж.) 27-бабында, геноцид, апартеид және нәсілді кемсітушілік конвенцияларында А.ұ.қ. бірқатар кепілдіктер берілген. 1978 жылы БҰҰ-ның білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Бас конференциясында Нәсіл және нәсілшілдік соқыр сенім туралы декларация қабылданды.

БҰҰ Бас Ассамблеясының ұлттық я этностық, діни я тілдік азшылыққа жататын адамдардың құқықтары туралы 1992 жылғы декларациясы өткен ғасырдың 90-жылдарының бірінші жартысында бірқатар елдерде этносаралық қайшылықтардың шиеленісуіне қарсы жауап болды. Осы жылы ЕҚЫК (Еуропалық қауіпсіздік және ынтымақтастық келісімі) Аз ұлттар істері жөніндегі жоғарғы комиссар қызметін тағайындап, бірқатар кеңестер әзірленді.

Еуропалық Кеңес Өңірлік тілдер хартиясын (1992 ж.) және Аз ұлттарды қорғау туралы шектік конвенцияны қабылдады (1995 ж.), бірақ жекелеген мемлекеттердің бұл құжаттар туралы ұстанымы әр басқа болды. 1994 жылы ТМД елдері аз ұлтқа жататын адамдардың құқығын қамтамасыз ету конвенциясын қабылдады.

Аталған құжаттардың бәрінде шиеленістердің халықаралық стандарттарды сақтау арқылы алдын алудың бағыттарын ұсынды. Ол стандарттар: жалпыазаматтық құқықтарды қамтамасыз ету және аз ұлтқа қатысты белгісіне байланысты кемсітуге жол бермеу; өзінің этностық, тілдік, мәдени не діни дербестігін жеке өзі я бірлесе кедергісіз білдіруге, сақтауға және дамытуға өзгеше құқықтылық; түрлі ұйымдар құруға (ассоциациялар, жерлестік ұйымдар т.с.с.) құқықтылық; ел ішінде және шетелдердегі ұқсас ұйымдармен кедергісіз қарым-қатынас жасауға құқықтылық; білім алуда, ақпарат алмасуда ана тілін қолдануға, тіпті туған тілінде БАҚ ашуға дейін құқықтылық; ана тілін өмірдің басқа салаларында да, мемлекеттік органдармен қарым-қатынас жасауда да пайдалану құқығы.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік ұлттық саясат елде ратификацияланған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің (1966 ж.) қағидаларымен және нормаларымен, Нәсілді кемсітушіліктің барлық түрін жою туралы халықаралық конвенциямен (1965 ж.) толық сәйкеседі. Еліміз БҰҰ-ның арнайы құрылымдарына берілетін есептердің талабын орындап отыр.

Елдің мұндай жұмысы БҰҰ, ЕҚЫҰ, ТМД адами өлшемдер мен мәдени мұра жөніндегі басқа халықаралық және өңірлік ұйымдардың өзге де құжат-

тарындағы сындарлы идеялармен, ұсыныстармен толығып келеді.

Қазақстан халқы Ассамблеясы бірегей институтын құру және адамның этностық һәм діни қатыстылығына қарамастан оның құқықтары мен бостандықтарының артықшылығына негізделген қоғамдық келісім мен ұлттық бірліктің қазақстандық үлгісінің қалыптастырылуы мемлекет пен қоғамның қоғамдық-саяси тәжірибесінде «ұлттық азшылық» ұғымы мүлде қолданылмайтын этносаралық қатынастар үйлесімділігінің және көпэтносты қоғамның бірігуінің жоғары деңгейіне қол жеткізді. Объективті зерттеулер көрсеткеніндей, шығу тегі әртүрлі Қазақстан азаматтары өздерін бірегей халықтың негізгі және ажырамас бөлігі ретінде сезінеді, барлық құқықтарды пайдаланады әрі туған тілін қолдануда, мәдениетін, салт-дәстүрлерін дамытуда ешқандай қиындық көрмейді (қар. *Ұлттық азшылықтар, Ұлттық азшылықтар істері жөніндегі Жоғарғы комиссар*).

АККУЛЬТУРАЦИЯ (лат. *ad – к* және *cultura – білім беру, даму* ор. *Аккультурация,* ағыл. *Acculturation)* – 1. Бір мәдениет аясында мәдениет элементтерін бір ұрпақтан келесі ұрпаққа беру (қар. *Әлеуметтену*). 2. Түрлі әлеуметтік және мәдени жүйелердің тікелей байланысы мен өзара ықпалы кезіндегі материалдық мәдениеттің, әдет-ғұрыптар мен нанымдардың өзгеріс үдерісі. (қар. *Ассимиляция*). А. барысында түрлі этномәдени топтардың арасындағы байланыстар олардың біреуі мәдениеттің жаңа үлгілерін алуына немесе екеуі де басқа мәдениетті толығымен не жартылай қабылдап алуына әкеліп соқтырады. А. үдерісі екі негізгі проблемамен байланысты: өз мәдениетін қолдау және мәдениетаралық байланыстарға қатысу. Осы аса маңызды екі сұрақтың жауаптарының комбинацияларына байланысты А.-ның төрт негізгі стратегиясы көрсетіледі: *Ассимиляция*, сепарация, маргиналдану және *Интеграция*. А.-ның соңғы нәтижесі – ортаның талаптарына сай жеке немесе топтық санадағы өзгерістері біршама тұрақты этномәдени топтың ұзақ уақыт бойы бейімделуге қол жеткізуі. Бейімделу жеке адам мен ортаның өзара үйлесімділігіне әкелмеуі де мүмкін, бейімделу барысында ыңғайлану ғана емес, қарсылық пен өз ортасын өзгертуге немесе ортаны да, өзін де өзгертуге талпыныстар да болуы ықтимал. Осы тұрғыдан алғанда, бейімделу дегеніміз тек оң нәтиже ғана емес; қазіргі ғылыми ыңғайларда оның кереғар екі мағынасы да қолданылады: ол алуан түрлі болуы мүмкін және жағымды мағынадан жағымсыз мағынаға дейін, жеке адамдардың өз жаңа өміріне сәтті бейімделуі жағдайынан жаңа мәдениетке үйлесуге жарамсыз болу жағдайына дейін ұласып жатады.

АНА ТІЛІ (ор. *Родной язык*, ағыл. *mother tongue, native language*)– 1. *Тіл*, баланың сәби кезінде ересектердің сөзіне еліктеп санадан тыс игерген тілі, мұны қолдану дағдыларын ересек кезінде сақтап та қала алады, ұмытуы да мүмкін. А.т. оның иесінің өмірінің түрлі кезеңдерінде бірінші немесе екін-

ші тіл, туған немесе басым тіл дәрежесінде болуы мүмкін. 2. Этноспен бірдейлесу тілі, кез келген халықтың тілдік санасынан маңызды орын алатын, «өзімдікі» және «өзгенікі» ұғымдарын ажыратушы ділдік қалыптардың (ментальды стереотиптердің) ықпалымен байланысты тіл. А.т. әрдайым нақты бір индивидпен байланысты болады және сол индивидке тән ауызша я жазбаша сөйлеу тәсілдерінің жиынтығы ретінде көрінеді (қар. *Этностық тіл, Этностық топ, Этностық бірдейлесу, Этнос, Тілдік бірдейлестік, Тілдік құқық*).

АНА ТІЛІН ПАЙДАЛАНУ және МӘДЕНИЕТТІ ДАМЫТУ ҚҰҚЫҒЫ (ор. *Право на пользование родным языком и развитие культуры,* ағыл. *Right to use native language and culture development)* – адамның өз этностық бірдейлестігін тануға және қамтамасыз етуге берілетін кепілдіктердің бір түрі, адамның табиғи құқығы. ҚР Конституциясы 19-бабының 2-тармағымен «Әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы бар» екендігі бекітілген. Мемлекет жеке адамдар арасындағы және діни бірлестіктердегі тілдің қолданысына араласпайды, өмірдің бұл жақтары заңнамалық реттеуге жатпайды.

1997 ж. 11 шілдедегі №151 «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңы Қазақстанда қолданылатын тілдің ешқайсысын қалдырмай бәріне де құрметпен қарауды қамтамасыз етеді. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамытуға жағдай жасауға қамқорлық көрсетеді. Ұлттық топтар жинақы шоғырланып тұратын жерлерде іс-шараларды өткізуге солардың тілін пайдалануға болады. Қазақстанда ұсынылатын мемлекеттік және басқа тілдердің үйретілуі мен қолданылуына кедергі келтірген әрекеті үшін лаузымды тұлғалар заңды жауапқа тартылады.

Азаматтардың мұндай конституциялық құқығын бекіте отырып, аталмыш Заңда мемлекеттік тіл қазақ тілімен, ресми қолданылатын орыс тілімен қатар «басқа тілдерді» де пайдалану қарастырылған.

Қажет болған жағдайда бұл тілдерге жеке және заңды тұлғалардың мәмілелерінің құжаттары, деректемелер мен көрнекі ақпарат аударылады. Басқа тілдер сот жүргізуде және әкімшілік құқық бұзуға қатысты істерде, мемлекеттік емес ұйымдарда қолданылуы мүмкін. Ал мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес ұйымдардың жауаптары мемлекеттік тілде не болмаса ізденуші жүгінген тілде беріледі.

Ана тілінде білім алу құқығы Қазақстанда мектепке дейінгі балалардың мемлекеттік тілде қызмет ететін, ал ұлттық топтар жинақы тұратын жерлерде солардың тілінде қызмет ететін ұйымдарын ашу жолымен қамтамасыз етіледі. Балалар үйінде және соған теңестірілген ұйымдарда оқыту, тәрбиелеу тілін контингенттің ұлттық құрамын ескере отырып жергілікті атқару органдары анықтайды. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі, жоғарғы және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу мем-

лекеттік тілде, орыс тілінде жүргізіледі, қажет жағдайда әрі мүмкіндік болса басқа тілдер де пайдаланылады. Білім беру мекемелерінде мемлекеттік тіл мен орыс тілі міндетті оқу пәніне жатады да білім туралы құжаттағы пәндер тізіміне енеді.

«Ана тілінде білім алу құқығы тиісті білім беру ұйымдарының мүмкіндіктері болған жағдайда сыныптар, топтар құрумен, сондай-ақ олардың жұмыс істеуіне жағдай жасаумен қамтамасыз етіледі» (2007 ж. 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» ҚР Заңы, 9-бап, 3-тармақ). Осыған орай мемлекеттік тілде оқытатын біліми мекемелер, сыныптар, топтар ашу басым бағыт болып саналады.

Тәрбие бағдарламалары отансүйгіштікті, азаматкершілікті, интернационализмді, асқақ адамгершілікті қалыптастыруға арналған. Білім беретін мекемелерде жалпы мойындаған халықаралық құқық пен гуманизмге қайшы келетін нәсілшілдік, этностық, әлеуметтік ымырасыздық пен тәкаппарлықты насихаттауға, соғысшылдық және басқа идеяларды таратуға тыйым салынады.

Конституция мен заңдарда белгіленген жайттар іске асырылуда.

Барлық мектептердің саны 7402, олардың ішінде 1394 мектепте оқыту орыс тілінде жүргізіледі (894658 оқушы). Ұлттық тілдерде оқытатын мектептер саны 214 (95339 оқушы), олардың ішінде: өзбек, ұйғыр және тәжік тілдеріндегі толық мектептер – 76, аралас мектеп – 138. Бұлардың қатарында: өзбек тілінде – 60 толық және 79 аралас мектеп (77082 оқушы), ұйғыр тілінде – 14 толық және 46 аралас мектеп (14364 оқушы), тәжік тілінде – 2 толық және 10 аралас мектеп (3893 оқушы).

2009 жылдан бастап барлық ұлттық мектептердің 5-11 сыныптарында қазақ тілі мен әдебиетін оқыту қазақ мектептерінің бағдарламасы бойынша жүргізіледі.

Жергілікті бюджет есебінен өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқулықтар әзірленіп баспадан шығарылады, көмектің басқа түрлері де көрсетіледі.

Қазақстан халқының түрлі тілдерін сақтау әрі қолданылу аясын кеңейту үшін, этностардың Қазақстанда ана тілдерінде тілдесуі мен ақпарат алу мүмкіндігін жақсарту үшін 15 тілде 37 ұлттық басылым жұмыс істейді. Республикалық этностық газеттердің ішіндегі анағұрлым ірілері мемлекеттің қолдауымен жұмыс істейді («Украински новини», «Дойче альгемайне цайтунг», «Коре ильбо», «Уйгур авази», «Ватан», «Ак барс», «Ahiska-Ахыска» газеттері). ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында Қазақстан халқы ассамблеясының ресми депозитарийі ашылған. ҚХА-ның арнаулы веб-порталы бар.

4 республикалық телеарнада жалпы көлемі аптасына 2 сағат 40 минут болатын 5 тұрақты телебағдарлама/айдар бар, олар этносаралық тақырыптарға, ҚХА-ның қызметін көрсетуге арналған. «Астана» радиосы және «Қазақ радиосы» жалпы эфирлік көлемі аптасына 5 сағат болатын 8 тұрақты бағдарлама жүргізеді. 9 республикалық газетте тұрақты түрде 22 айдар шығып тұрады.

Азаматтардың өз ана тілінде мәдениет жетістіктерін пайдалануға мүмкіндігі бар. Мемлекеттік театрлардың ішінде қазақ және аралас екі театрмен қатар

14 ұлттық театр – орыс, неміс, корей, ұйғыр және өзбек театрлары бар. Бұлардың үшеуі ТМД аумағындағы жалғыз ғана театр болып есептеледі. Театрларда қазіргі заманғы қойылымдарды былай қойғанда, класссикалық қордан және Қазақстан халықтары туындыларынан дайындалған спектакльдер сахналанады. Бұған қоса, тарихи-этнографиялық мұражайлар да жұмыс істейді. Мұражайларға қазіргі Қазақстан аумағында түрлі этностардың мекен еткен уақытынан бергі бірегей экспонаттар жинақталған.

Республикада 351 тіл оқыту орталығы жұмыс істейді, оның 89-ы мемлекеттік, 262-сі жеке меншік. Соңғы үш жылда орталықтарда 122 995 азамат мемлекеттік тілді оқыту курсынан өтті. Қазақ тілін оқыту курстарында 38 мың басқа ұлт өкілдері қамтылған. ҚХА мен этномәдени бірлестіктердің 2 мыңнан астам мүшесі қазақ тілін меңгерген. Ассамблея қызметімен қамтылған этностар жастарының 427135-і қазақ тілінде сөйлейді. Түрлі этностардың 40 мыңдай балалары қазақ мектептерінде білім алады (қар. *Этносаралық толеранттылықтың және қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі, Қазақстандық этносаясат принциптері*).

АНТИСЕМИТИЗМ (нем. тілінен *Antisemitismus*, ор. *Антисемитизм*, ағыл. *Antisemitism*) - этностық немесе діни топ ретінде еврейлерге қарсы дұшпандық қарым-қатынас түріндегі ұлттық төзбеушіліктің бір түрі. Ырымшылдыққа негізделеді және ксенофобияның бір түріне жатады. Термин семит тілдері тобының барлық халықтарына емес, тек еврейлерге және/немесе яһудилерге қарсы дұшпандық қарым-қатынасты ғана білдіреді. Антисемитизмнің «өз» халқын асқақтатып, «бөтендерді» жек көретін ұлтшылдықтың кейбір түрлерінен айырмашылығы сонда, тек бір ғана «бөтен» семит халқы еврейлерге төзбеушілікті тудыру мен оларды қудалауға арандатады.

Тарих барысында негізінен тұрмыстық қарым-қатынаста байқалатын діни және психологиялық теріс ұғымдар мен сегрегациядан бастап мемлекеттік органдардың жүргізген саясаты мен еврейлерді зорлықпен қоныс аудартуға және тіпті көздерін жоюға дейінгі антисемитизмнің түрлері болды (қар. *Геноцид*).

Антисемитизмнің тарихы – этностық немесе діни топ ретінде еврейлерге қарсы дұшпандық қарым-қатынасқа байланысты оқиғалар тізбегі. Антисемитизм антиктік кезеңде пайда болып, бірқатар жалған нанымдарға негізделген болатын. Кейін келе христиан әлемінде антисемитизмнің негізіне діни уәж алынды. 19 ғасырдың 70-жылдарының соңында Германияда тұтас идеологияға және салмақты саяси қозғалысқа айналмас бұрын антисемитизмнің тарихи жолы ұзақ болды. Еврейлердің эмансипациясын ескергенде, XX ғасырда Холокост жылдары еврейлерді жаппай қыруға негіз болған нәсілшілдік антисемитизм пайда болды.

XX ғасырдың аяғында – XXI ғасырдың басында антисионизммен тығыз байланысты еврей мемлекетін құру идеясын қабылдамау, Израильде өзін қорғауға қолданып жатқан шараларды айыптау, сонымен бірге шамадан тыс сатисфакция талаптары мен Холокост тақырыбында спекуляцияларын айыптауға келіп саятын «жаңа антисемитизм» тарала бастады.

Көптеген сарапшылар 2000 жылдары әлемдегі антисемитизм екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан бері ең жоғарғы деңгейге жеткенін атап айтады. Бұл – антисемиттік сипаттағы ашық пікірлерге де, астыртын мәлімдемелерге де қатысты. Атап айтқанда, Израильді жойғысы келетіндер, бұл әрекетті, оның еврейлердің мемлекеті болғандығынан ғана істеп отырғанын ескермейтін Израильдің сыни пікірі осыны байқатады.

Зерттеушілер 2009 жылы әлемдегі антисемиттік акциялар саны күрт өскенін айтады. Осылайша Канадада 2009 жылы қақтығыстар саны өткен жылмен салыстырғанда 11,4 пайызға өсіп, 28 жыл бойы осы ұйым тіркеген көрсеткіштердің ең жоғарғы деңгейіне жеткен. Франциядағы антисемиттік акциялардың саны екі есеге дейін дерлік, ал Ұлыбританияда 55%-ға өскен. Алайда қазіргі антисемитизмнің басты ошағы Таяу Шығыста, араб және мұсылман елдерінде орналасқан (қар. *Апартеид, Ұлттық антагонизм, Гетто, Дискриминация, Этностық дисперсизация, Этностық қақтығыс (конфликт), Ксенофобия, Ұлттық мифология, Этностық стереотиптер*).

АПАРТЕИД (апартхейд африканс тілінде *apartheid* – бөлек тұру, бөлек тірлік ету, ор. *Апартеид*, ағыл. *Apartheid*). Қатыгездікпен кемсіту саясаты, оның шектен шығушылығының басым түрі. Бұл саясат жұрттың белгілі бір топтарын олардың нәсіліне қарап саяси, әлеуметтік-экономикалық және азаматтық құқықтан айырып, тірлік ететін аумағын оқшаулауға дейін барады.

Апартеид Оңтүстік Африка республикасында (ОАР) басқадан гөрі толығырақ көрінді. Бұл сөздің өзі алғаш рет 1943 жылы Оңтүстік Африка баспасөзінде қолданылған. А-ке 1948 жылы Ұлтшыл партия билікке келген соң қабылдаған бірқатар заңнамалық кесімдер (актілер) негізгі арқау болды. ОАР билеуші топтары өткен ғасырдың 90-жылдарына дейін сегрегация және жаншып қанау саясатын жүргізіп келді.

ОАР-дағы апартеидтің басты ұстанымдары: ақ нәсілділердің дербес құқықтылығын сақтау және оларды таза сақтау; Оңтүстік Африканың ақ, қара және түрлі-түстілерден тұратын жұрты бәріне бірдей тең құқықпен бір қоғамға біріге алмайтыны туралы түсінік; оларды бөле қарау кемсітуішілік емес, әрбір этнонәсілдік топтың өзін-өзі билеуі «заңды» құқығына деген қамқорлық, ақ пен қаралар арасындағы егес пен қақтығыстарды болдырмауға кепілдік.

1959 жылы бантустандар туралы билльге сәйкес, ОАР-дың жиырма миллионнан астам африкалық жұрты үшін елдің жалпы ауданының 13%-ы ғана болатын аумақ бөлінген. Сөйте тұра, саны бес миллионға жетпейтін ақ нәсілділерге елдің қалған бөлігі түгелдей бекітіліп берілді. Африкалықтарды резерваттарда (бантустандарда) тұруға мәжбүрледі, олар ақ нәсілділерден гөрі анағұрлым аз жалақы алатын болды, парламентке сайлау және сайлану құқығынан айырылды, ал парламент африкалықтардың жері мен қоныстарын қоса алғанда, бүкіл елдегі заңнамалық билікке ие еді.

Бөлек тірлік ету тәртібін бұзу әрекеті қылмыс ретінде қудаланды. Тіпті апартеидтің кейбір әрекеттері геноцидке, нәсілдік топтар үшін түгелдей я жартылай жойылуға әкеп соғатын тіршілік тауқыметін қасақана туғызуға, ұласуы мүмкін еді. Қазіргі халықаралық құқық апартеидті адамзатқа қарсы жасалған қылмыс деп санайды. 1973 жылы апартеид қылмыстарының жолын кесу және ол үшін жазалау туралы халықаралық конвенция қабылданды *(*қар. *Ұлттық антагонизм, Геноцид, Гетто, Кемсіту (Дискриминация), Нәсілшілдік (Расизм), Сегрегация).*

АССИМИЛЯЦИЯ (ор. *Ассимиляция*, ағыл. *Assimilation,* лат. *assimilation* уподобление) – 1. Екі немесе одан да көп *Этностық топтың* /Этностардың/ *Халықтардың* өздерінің құндылық (кейде діни) бағдарларының, мәдени, этностық, тілдік ұқсастығының, іс-әрекеттерінің дәстүрлі түрлерінің жоғалу нәтижесінде жаңа қауымдастықтың құрылуы.

Әрекет ететін саласына байланысты мынадай түрлерге бөлінеді:

а) *Тілдік А.* – бір этностың басқа этностың тілін меңгеріп, кейін сол тілге ауысуы; біртілділік жағдайындағы *Тілдік саясаттың* түрі, мұндай саясатта кейбір этностар не мәжбүрлі түрде, не өз еркімен өздерінің тілдерінен және/немесе мәдениетінен басқа басым тілдің және/немесе мәдениетінің т.б. пайдасы үшін бас тартады;

ә) мәдени А. – Аккультурациямен бірдей;

б) этностық А. – бір этностың/халықтың басқамен тоғысуы. Әдетте, этностық А. бұрын тілдік А., мәдени А. болады. Этностық А. нәтижесінде ұлттық-психологиялық ерекшеліктер ішінара немесе толықтай трансформацияға ұшырайды, *Этностық бірдейлестіктің* ауысуы, басқа этноска сіңіп кетуі байқалады.

2. А. – этностық және мәдени айырмашылықтарды жоюға және моноэтностық қауымдастық қалыптастыруға (мысалы, *Мигранттарды* көшіп келген елде қоластына алу) бағытталған ұлттық саясаттың бір түрі.

А. өткерілу тәсіліне қарай былайша жіктеледі: а) табиғи А. – бірлескен әлеуметтік, шаруашылық-экономикалық және мәдени өмірінің қажеттіліктерін қанағаттандырудың объективті үдерістерімен шарттас болатын және біртіндеп, бірнеше ұрпақтың өмір сүру барысында бейімделу (аккультурация, интеграция), этносаралық некелесу жолымен болатын А.;

ә) зорлықпен жүргізілетін А. – мәжбүрлеу арқылы (ашық немесе табиғи емес, тікелей немесе жанама) этностың/халықтың өз тілінде сөйлеуге тыйым салу немесе шектеу, өздерінің салт-дәстүрінен бас тартуға мәжбүрлеу және оған басым топтың тілі мен мәдениетін таңу (А. күштеп жүргізу мектепте білім беруде, қоғамдық өмірде, ұлттық нәрсені қолдану аясын шектеуде, *Этносаясат* сипатында байқалады). Ассимиляцияға ұшырап отырған халықтың *Этнонимінің, Этнодіни қауымдастық пен құрылымының* жоғалуына, *Тілдің ауысуына* т.б. әкеп соқтыруы мүмкін, жоқ дегенде, жаңа *Этностық қауымдастықтың* құрылуына алып келеді. А. үдерістері мемлекеттің тұрақты өмір

сүру кезеңінде күшейеді (бұл этносаралық некелердің санынан байқалады) (қар. *Қостілділік, Даулар, Саны аз халықтар, Этностық бейімделу, Этностық гомотектілік, Этностық фузия, Тілдік идеология, Тілдік қауымдастық, Тілдік саясат*).

- Ә -

ӘЛЕМДІК ТІЛДЕР (ор. *мировые языки*, ағыл. *international, global languages)* – Біріккен Ұлттар Ұйымының және басқа да халықаралық ұйымдардың *Ресми тілі* және *Жұмыс тілі* мәртебесі бар тілдер. Ә.т. клубы өзгергіш, қазіргі уақытта оның қатарына ағылшын, араб, испан, қытай, орыс, француз тілдері кіреді. Сөйлеушілерінің саны – Ә. Т. басты белгісі емес (мыс., қытай тілі, сөйлеушілері миллиардтан астам болғанмен, Ә.т. клубына кірмейді). Ә.т. мәртебесі тілдің коммуникативтік дәрежесінің жоғарылығына байланысты: олар халықаралық салалардың бәрінде – дипломатияда, дүниежүзілік саудада, туризмде, интернет пен коммуникацияның қазіргі құралдарында, ғылымда т.б. пайдаланылады. Ә.т. көпшілік елдерде мектептер мен жоғарғы оқу орындарында міндетті пән болып саналады (қар. *Мемлекеттік тіл, Тұрғылықты тіл, Халықаралық тіл, Жергілікті тіл, Ресми тіл, Титулды тіл, Этностық тіл, Ұлтаралық қатынас тілі*).

ӘЛЕУМЕТТІК ТІЛТАНУ (ор. *Социолингвистика,* ағыл. *Sociolinguistics,* лат. *soci (etos)* қоғам + фр. *linguistique* < лат. *lingua* тіл) – тіл білімінің қарқынды дамып келе жатқан қажетті салаларының бірі, лингвистика, әлеуметтану, тіл әлеуметтануы, әлеуметтік психология, лингвистикалық антропология, лингвосоциология пәндерінің т.б. ыңғайлары мен жетістіктерін біріктіре пайдаланудан келіп шығатын сала. Ә.Т. құзыретіне мына сияқты мәселелер енеді: тілдің әлеуметтік табиғаты мен стратификациясы, функциялары мен тірлік ету формалары, *Тілдік қауымдастықтың, Тілдік ахуалдың, Тілдік саясаттың* ерекшеліктері мен динамикасы, бұқаралық және дара *Қостілділіктің* формалары мен жағдайы, бірдейлестіктің алуан түрі, тілдердің түйісулері, *Шиеленістер* т.б. көптеген мәселелер. Қазіргі Ә.Т. «тілді әлеуметтік контексте» зерттейтін ғылым ретінде өзіндік жүйесі бар, мәліметтерді жинаудың қатаң әдістемесі бар, айғақтарды талдаудың сандық-статистикалық әдістері бар, болжам ұсынудың экспериментпен тексерілу жолы т.б. бар (қар. *Демография, Тілдік идеология*).

- Б -

БИЛИНГВИЗМ (ор. *Билингвизм, двуязычие,* ағыл. *Bilingualism,* лат. *bi* дву(х) + *lingua* язык) – осымен бірдей: *Қостілділік.*

БОСҚЫНДАР (ор. *беженцы,* ағыл. *Refugees)* – төтенше жағдайлардың салдарынан тұрақты мекен еткен елін тастап кеткен тұлғалар (қар. *Депортация*). БҰҰ қабылдаған 1951 жылғы Конвенция мен 1967 жылғы Хаттамаға сәйкес Б. – негізі бар қауіптің салдарынан нәсілдік, діни, азаматтық белгілері, саяси нанымдары, белгілі бір топқа қатыстығы бойынша қудалау құрбаны болуы мүмкін, өз азаматтығы тиесілі елден тысқары жерде болатын, өз елінің қамқорлығын пайдалана алмайтын немесе осындай қауіптің себебінен қамқорлығын пайдаланғысы келмейтін тұлға. Не болмаса белгілі бір азаматтығы жоқ және осындай жағдайлардың нәтижесінде бұрынғы тұрған елінен сыртта болып, осындай қауіптің салдарынан сол елге қайтуға мүмкіндігі жоқ немесе қайтып баруды қаламайтын тұлға. Босқындықтың ресми атауы қабылдайтын елдің заңнамасына сәйкес беріледі.

БӨЛІНГЕН ХАЛЫҚТАР (ор. *разделенные народы*, ағыл. *the divided peoples)*. Бөлінген халықтар деп шоғырланып ықшам мекен еткен аумағы екі немесе онан да көп мемлекеттік түзілімдердің шекараларымен бөлініп жатқан, сонда да тұтас қауымдастық екенін түсінетін этностық топты түсінген жөн. Мұндай халық өзіндік біртұтас мемлекеттік немесе автономиялық құрылыс шеңберінде өз этностық кеңістігін біріктіруге талпынады және мемлекеттік шекараларға бөлініп кеткен өз құрамдас бөліктерінің мәдени жіктеліске түсуін тежейтін өзіндік механизмдер қалыптастырады.

Қазіргі әлемде шекаралар бөліп тастаған көптеген халық бар. Бұған күрдтер тарихы классикалық үлгі бола алады. Шекарамен бөлінген халықтар арасында адам саны жағынан күрдтер анағұрлым ірі халыққа жатады, кей дерек бойынша, адам саны 30 млн айналасында. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін олар ірі-ірі төрт топқа бөлініп кеткен және қазіргі уақытта төрт елдің шекарасы түйісінде өмір сүруде, ол елдер: Ирак, Иран, Түркия, Сирия. Оның үстіне, аумағы бойынша бірнеше рет өзгерген бөлініс сан ғасыр бойы жалғасып келеді. Өткен ғасырдың қырқыншы жылдары депортацияланған 40 мыңнан астам күрд Қазақстанда да өмір сүруде.

Кәріс халқын 38 параллель бойынша екі мемлекет шекарасы бөліп жатыр. Еуропадағы бөлінген халықтарға ирландтықтар жатады, осыдан сәл бұрын бұл жағдай немістерге де тән болатын. Бұрынғы отаршыл метрополиялардың шекарасымен бөлінген көп халық Африкада да өмір сүруде.

КСРО ыдырағаннан кейін бөлінген халықтар арасындағы ең ірілерінің бірі орыс халқы болды. Орыс халқының бестен бір бөлігіне таяуы, яғни 25 млннан астамы жақын шетел мемлекеттерінде қалып қойып, елімен байланысты сақтап қалу мүмкіндігі қиындап кетті. Ресей аумағындағы бөлінген халықтарға лезгин, черкес, осетиндер жатады. Олардың ірі топтары Кавказ бен Таяу Шығыс елдерінің өзге республикаларында өмір сүруде.

Бөлінген халықтар терминінің осы мақаладағы анықтамасы бөлінген халықтардың халықаралық-саяси жағдайға, жекелеген мемлекеттердің

тұрақтылығына, аймақтық этносаяси және этномәдени үдерістерге ықпал ететін әлеуетін бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар келтірілген анықтама этностық топтардың бұл санатын өзге этносаяси және этномәдени құбылыстардан ерекшелеп тұратын өзіндік өзгешелігін айқындауға мүмкіндік береді. Этностық азшылық, диаспора және т.с.с. тірлігі контексінде бұл феномен көбіне шектеулі түрде қарастырылатындықтан, мұндай ерекшеліктің маңызы зор.

Бөлінген халықтардың барлығы десе де болады, бірігуге талпыныс жасаумен болады. Олардың кейбірі осы мақсатта ұлт-азаттық күреске қосылып кетіп жатады. Бұл мәселе мемлекеттердің саяси мүдделеріне тікелей қатысты болғандықтан, шешілуі ең қиын мәселелердің бірі саналады (қар. *Депортация*, *Дисперсизация, Этностық кемсітушілік, Тарихи отан, Кіші отан, Көшіқон, Оралман, Репатриант, Отандас*).

БІЛІМ БЕРУ ТІЛІ (ор. *язык образования*, ағыл. *language of education)* – өңірлік немесе ұлттық деңгейлерде бастауыш және орта білім беру құралы ретінде пайдаланылатын тіл. Қазақстанда *Мемлекеттік тіл*, сондай-ақ орыс, тәжік, ағылшын, түрік, өзбек, ұйғыр т.б. тілдерде білім беріледі. Б.б.т. білім беру жүйесінде оқытудың әртүрлі деңгейіне қарай әртүрлі көлемде болады. «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасының міндеттеріне орай Б.б.т. ретінде қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің өрісі кеңейіп келеді (қар. *Мемлекеттік тіл, Тіл, Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы*).

БІРЛЕСТІКТЕР ҚҰРУҒА ЕРІКТІЛІК ҚҰҚЫҒЫ (ор. *право на свободу объединений,* ағыл. *right to freedom of associations)* – адам мен азаматтың басты конституциялық құқықтарының бірі, мұны іске асыру қоғам мүддесімен сәйкес келеді және ол мемлекет қорғауында болады. Адамның өзгелермен бірлесіп байланысуына еріктілік құқығы 1966 ж. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 22-бабының 1-інші және 2-тармақтарында жарияланған.

ҚР Конституциясының 23-бабында Қазақстан Республикасы азаматтарының бірлестіктер құруға еріктілік құқығы бекітілген. Сонымен бірге қоғамдық бірлестіктердің әрекеті заңмен реттеліп отырады.

Қазақстанда бірлестіктер құруға еріктілік құқығы азаматтар ортақ мақсатқа қол жеткізу үшін саяси партиялар, кәсіби одақтар түріндегі қоғамдық бірлестіктер мен коммерциялық емес сипаттағы басқа да бірлестіктер құру арқылы жүзеге асырылады. Қоғамдық бірлестіктер мынадай мақсаттармен құрылады және жұмыс істейді: саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асыру және қорғау; азаматтардың белсенділігі мен өзіндік қайраткерлігін дамыту; кәсіби және әуесқой мүдделерін қанағаттандыру; ҚР заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қарекеттер жасау.

2007 ж. конституциялық реформа барысында Негізгі Заңның 5-бабынан қоғамдық институттар мен мемлекеттік институттардың бірігуіне, қоғамдық бірлестіктерді мемлекеттің қаржыландыруына жасалған тыйымдар алынып тасталды. Бұл – үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттің әлеуметтік маңызды функцияларын іске асыруға, оның ішінде ұлттық-мәдени орталықтарды мемлекеттің ұлттық саясатын іске асыруға кеңінен тартуға әрі тілдер, білім беру және мәдениет саласындағы бағдарламаларды бюджеттен қаржыландыруды ұлғайтуға мүмкіндік берді. Осыдан барып азаматтық қоғам институттары күрт жанданып, олардың саны көбейді және қызметтерінің нәтижесі жоғарылады.

Б. қ. е. қ. пайдалануға мемлекеттік я қоғамдық қауіпсіздік үшін заңда қарастырылған және демократиялық қоғамға қажет қоғамдық тәртіп, тұрғындардың денсаулығы мен адамгершілігін сақтау немесе өзге тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға байланысты шектеулерден басқа шектеу қойылмайды (1966 ж. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт).

Ұлтаралық және дінаралық қатынас ерекше нәзік әрі маңызды болғандықтан, ҚР Конституциясында осыған орай жекелеген тыйымдар мен шектеулер белгіленген. 5-бап бойынша, мақсаты немесе әрекеті конституциялық құрылысты күшпен өзгертуге, Республиканың тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігін бүлдіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, қауымдық және рулық жанжал шығаруға, сондай-ақ заңнамада қарастырылмаған әскери жасақ құруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың әрекет етуіне тыйым салынады. Республикада өзге мемлекеттердің саяси партиялары мен кәсіби одақтарының, діни негіздегі партиялардың әрекет етуіне, сондай-ақ саяси партиялар мен кәсіби одақтарды шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтардың, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың қаржыландыруына жол берілмейді. Қазақстан территориясындағы шетелдік діни бірлестіктердің әрекеті, сондай-ақ Республикада діни бірлестіктердің жетекшілерін шетелдік діни орталықтардың тағайындауы Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдарының келісімі бойынша жүзеге асырылады.

Конституциялық нақты шектеулердің тізімі 1996 ж. 31 мамырында №3 «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және Қазақстан Республикасының басқа да арнайы заңдарымен біршама нақтыланған әрі толықтырылған, олар: 2001 ж. 16 қаңтардағы №142 «Коммерциялық емес бірлестіктер туралы», 2002 ж. 15 шілдедегі №344-II «Саяси партиялар туралы», 2014 ж. 27 маусымдағы №211-V «Кәсіби одақтар туралы», 2011 ж. 11 қазандағы №438- IV «Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» т.б. заңдар (*Этномәдени бірлестіктер*).

- Г -

ГЕТТО (итал. тілінен *ghetto*, ор. *гетто*, ағыл. *ghetto*) – ұлттық, нәсілдік немесе діни белгілеріне қарай кемсітілген адамдарды оқшау тұрғызуға немесе қоныстандыруға орта ғасыр дәуірінде қаладан арнайы бөлінген аудан.

Гетто формасында қоныстандырудың алғашқы тәжірибесі 1280 жылы Мароккода жүзеге асырылған. Еврей тұрғындарының санын өсірмеу мақсатында осы орамдардағы үйлердің санын шектеген. 16 ғасырда еврей геттолары Батыс және Орталық Еуропа елдерінде кеңінен таралады. Ескерте кету керек, орта ғасырларда еврейлердің ықшам қоныстануы, кәсіби немесе діни топтың әрқайсысы оқшау тұруға ұмтылған және бұл сол дәуірдің корпоративтік рухына әдеттегі жағдай болған. Алайда 14-15 ғасырларда еврей геттолары күштеп жасалды. 1555 жылы Павел IV Папа шығарған буллаға сәйкес барлық Папа жерлеріндегі еврейлер дуалмен қоршаулы арнаулы орындарға біржола қоныстануға тиіс болды, олардың гетто шекарасынан түнгі уақыттар мен христиан мерекелері кезінде шығуға хақылары жоқ болатын. Қоныстардың ішіндегі тұрмысты раввиндер реттеп отырды. Геттолардың осындай тіршілік режимі Италияда, Германияда, Чехияда, Польшада, Литвада орнады. Ең ірі геттолар Римде, Венецияда, Майндағы Франкфуртте, Прагада болған. Халықтың өсуіне қарамастан, геттоның аумағын кеңейтуге рұқсат берілмеді, осының салдарынан халқы тым көп еврей орамдары антисанитариялық ахуалға тез ұшырайтын.

Еуропадағы еврей геттоларының жүйесі Наполеон соғыстары кезеңінде күйреді. Франция Императоры жаулап алған елдерінде адамды діни белгілері бойынша дискриминациялауға жол бермейтін азаматтық құқық жүйесін орнатып отырды. Еуропадағы соңғы гетто – Римдегі гетто – тек 1870 жылы ғана жабылды. 1939-45 жылдардағы Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер Шығыс Еуропадағы басып алған қалаларында еврей геттоларын құрған. Шын мәнінде, бұлар тұтқындары жаппай дерлік қырылған өзіндік концлагерлер еді. Мұсылман елдерінде еврейлердің қалалық ықшам қоныстары 20 ғасырда Израильге жаппай көшу кезіне дейін болған.

Қазіргі кезде кейде «гетто» сөзі аз ұлттар тұратын қала аудандарын атау үшін қолданылады, бірақ көбінесе бұл сөзбен жақсарудан үміт жоқ, адам төзгісіз тіршілік жағдайларындағы кедейлер тұратын қала аудандарын да атайды *(*қар. *Апартеид, Ұлттық антагонизм, Дискриминация, Сегрегация, Ксенофобия)*.

- Д-

ДЕМОГРАФИЯ *(*ор. *демография*, ағыл. *demography,* грек. *demos* халық + *grapho* жазамын) – халық пен оның даму заңдылығын зерттейтін ғылым

(ұрпақ алмасу, өсу мөлшерін, ұлттық құрамын, аумақ пен өңірге бөлінуін, сыртқы және ішкі көші-қондарын т.б.). Д. халық саны мен әртүрлі мемлекеттерде тілдердің таралуының арақатысын, сонымен бірге тілдер мен диалектілердің даму динамикасын ескереді, мысалы, әр тілде сөйлеушілер санына байланысты жұрттың демографиялық қуаты анықталады. Демографиялық тұрғыдан бірдей тілдік ахуалдар мен демографиялық тұрғыдан тең емес тілдік ахуалдар болады. Мыс., Бельгияда демографиялық жағынан бірдей тілдік жағдаят байқалады: тұрғындарының 39,1% – франктілді валлондар, 50,7% – фламандтар. Қазақстандағы тілдік ахуал демографиялық жағынан бірдей емес (қар. *Халық санағы, Тілдік ахуал*).

ДЕМОКРАТИЯ (грек. *demos* халық + *kratos* билік; ор. – *демократия*; ағыл. *democracy*) – халық өкіметі (сайланып қойған өкімет органдарын құру), саяси плюрализм мен көппартиялылық, заң алдында баршаның теңдігі, азаматтардың конституциялық құқықтары мен еркіндіктерін сақтау ұстанымдарына негізделген қоғамның, саяси режимнің, қоғамды саяси ұйымдастырудың формасы. Демократия дегеніміз – билік басындағылардың азаматтар алдында қоғамдық саладағы өз іс-әрекеттері үшін жауап беруі, ал азаматтардың өз мүдделерін бәсекелестік пен өздері сайлаған өкілдерімен өзара әрекеттесу арқылы жүзеге асыруы. Кез келген басқа жүйе сияқты демократия да билік басындағыларға басқаруда ерекше рөл атқаратын және заң бойынша өкім жүргізу қызметі берілген адамдарға тәуелді. Демократиялық жүйенің демократиялық емес жүйеден айырмашылығы билікке келудің заңды жолдары мен басқарушылардың өз шешімдері үшін жауапкершілігін анықтайтын нормалардан көрінеді.

Классикалық ұғымдағы демократия қоғамды саяси ұйымдастырудың халықты билік бастауы ретінде тануға, халықтың мемлекеттік істерді шешуге қатысуға хақылығына және азаматтарға айтарлықтай кең ауқымды құқықтар мен еркіндіктер беруге негізделген формасы. Осы ретте демократия, ең алдымен, мемлекет формасы ретінде қарастырылады. «Демократия» терминін басқа да саяси және әлеуметтік институттардың (мысалға, партиялық, өндірістік) ұйымдастырылуы мен іс-әрекеттеріне қатысты да, сонымен қатар тиісті қоғамдық қозғалыстарды, саяси бағыттарды, әлеуметтік саяси ой ағымдарын сипаттау үшін де пайдаланады.

К.Маркс демократияны қоғам өмірінің материалдық жағдайларымен және таптық құрылымымен тығыз байланыста қарастырған. Демократия — тарихи қоғамның дамуына қарай, әлеуметтік-экономикалық формациялардың ауысуына қарай өзгеретін құбылыс. Алғашқы қауымдық құрылыс кезінде таптар мен таптық қарама-қайшылықтар болмаған, рулар мен тайпалардың өзін-өзі басқаруы арқылы жүзеге асатын бейсаяси Д. болған. Экономикалық теңсіздіктің, жекеменшік пен қанаудың, яғни антагонистік таптардың пайда болуымен мемлекетпен бірге саяси демократия да пайда

болды, сол себепті де таптық қоғамда оның дамуы саяси биліктің негізгі мекемесі ретіндегі мемлекетпен тығыз байланысты болып шықты.

Демократияның шешуші элементі – азаматтардың толық құқықтылығы. Демократияның жалпы мойындалатын келесі көрсеткіші – көпшіліктің билігі. Шешімді көпшіліктің дауыс беруімен қабылдайтын кез келген басқару органы демократиялық болып саналады. Демократияның ұстанымдары асбтрактілі және түрлі институттар мен оның ішкі түрлері демократиядан бастау ала алады. Бірақ демократиялық даму белгілі бір рәсімдік нормаларды сақтау мен азаматтық құқықтарды құрметтеуді қажет етеді. Роберт Даль қазіргі саяси демократияның бар болуына қажетті мынадай шарттарды атайды: конституция үкіметтің шешімдерін қадағалауды сайланбалы ресми тұлғаларға жүктейді; бұл ресми тұлғалар кез келген мәжбүрлеу мүмкіндіктерін болдырмайтын таза сайлау барысында мерзімді түрде сайланып отырады; ресми тұлғаларды іс жүзінде халықтың ересек жастағы барлық адамдары сайлауға құқылы; сайланбалы қызметтерге іс жүзінде халықтың ересек жастағы барлық адамдары талаптануға құқылы; азаматтар саяси себептер бойынша қуғындалудан қорықпай өз пікірлерін білдіруге құқылы; азаматтар ақпаратты альтернативті көздерден алуға құқылы; ақпараттың альтернативті көздері заңмен қорғалған; азаматтар біршама тәуелсіз ассоциациялармен және ұйымдармен қатар саяси партиялар және мүдделері бойынша топтар құруға құқылы.

Демократияның осы жеті іргелі ұстанымдарына Т.Л.Карл, Ф.Шмиттер тағы екеуін қосады. 1) Халық сайлаған ресми тұлғалардың сайланбаған ресми тұлғалар тарапынан (тіпті бейресми) қарсылық көрмей өз конституциялық өкілеттігін жүзеге асыруына мүмкіндігі болуы керек. Егер әскери не мемлекеттік мекемелердің немесе кәсіпорындардың қызметкерлерінің сайланбалы басшыларға қарамастан әрекет ету, халық қалаулыларының шешіміне вето қою мүмкіндігі болса, демократияға қауіп туады. 2) Мемлекет егеменді болуы және жоғарырақ деңгейдегі саяси жүйелерге тәуелсіз іс-әрекет етуі керек (қар. *Мемлекеттілік, Патриотизм, Ұлт, Жаңа қазақстандық патриотизм, Халық*).

ДЕПОПУЛЯЦИЯ (лат. *populus* «халық», ор. *депопуляция,* ағыл. *depopulation)* – келесі ұрпақ саны жағынан алдыңғы ұрпақтан азайғанда, өлу туудан артқанда, эмиграция өте-мөте көбейгенде, аштық, соғыс орын алғанда халықтың ұдайы өсіп-өнуі төмендеп, оның абсолютті санының жүйелі түрде кемуі.

Осы күні бірқатар елдер халық санының ұзақ уақыт бойы кемуін бастан кешіріп отыр, атап айқанда, Болгария, Эстония, Латвия, Украина, Свазиленд, Беларусь, Грузия, Литва, Венгрия, Жапония, Ресей, Словения, Молдавия, Армения, Босния, Хорватия, Германия, Италия, Куба, Греция, Испания, Уругвай, Дания, Финляндия, Австрия, Лесото елдерінде баяу өсу жалғасуда. Қазақстан

халқының санының артып келе жатқанын жариялады, 2009 жылғы санақ бойынша Қазақстанда 16 млн-нан астам адам тіркелген (қар. *Демография, Этнос*).

ДИАСПОРА (грек. *διασπορά – шашыраңқылық,* ор. *диаспора,* ағыл. *diaspora)* – Г.В.Осиповтың пікірінше, Д. дегеніміз – халықтың бір бөлігінің (этностық қауымдастық) өз *Отанымен сәйкестік* сезімін сақтап, туған елінен тыс тұруы. Д.-ның өзге халықтың ортасында тұратын басқа этностық қауымдастықтардан айырмашылығы – халқының негізгі немесе маңызды ұлттық ерекшеліктерінің сипаттарын сақтауға, тілді, мәдениетті, этностық сананы дамытуға жәрдемдесуге тырысуы (қар. *Ирредента*). Басқа этностық топтар сияқты, Д. қауымы да өзінің этномәдени шекараларын сақтайды. Д. оның өзіндік сана-сезімінің негізін қалаушы элемент болып табылатын ұжымдық жадыны белсенді түрде ұстанады. Сонымен қатар Д. жерлестер қоғамынан бастап қоғамдық, ұлттық-мәдени және саяси қозғалыстарға дейін жететін кейбір ұйымдық формалар арқылы әрекет етеді. Д.-ның негізгі қызметтері – өз халқының рухани мәдениетін қолдауға, дамытуға және нығайтуға, ұлттық салт-дәстүрлерді таратуға, *Тарихи отанымен* мәдени байланысты сақтауға белсенді қатысу. Ал оның ерекше қызметі – ұлттық мәдениетінің ретрансляторы болып табылатын ана тілін сақтау, өйткені одан айырылу оны ұлт ретінде көрсететін кейбір қасиеттерге, алдымен рухани жағына (салт-дәстүріне, өзіндік санасына) тікелей әсер етеді.

ДИАСПОРА ТІЛІ (ор. *язык диаспоры*, ағыл. *language of diaspora)* – өзінің байырғы аумағынан я мемлекетінен тысқары жерде тұратын нақты бір *Этностық топтың* (*Диаспораның*) тілі. Басым көпшіліктің тілімен тікелей араластықта болатын Д.т-нің қызмет аясы мен пайдаланылатын аясы уақыт өткен сайын едәуір тарыла түседі. Уақыт өткен сайын Д.т. өзгеріске ұшырап отырады, онда интерференттік сипаттар (лексикалық ауысулар, фонетикалық өзгерістер т.с.с.) пайда болады, мыс., Қытайдағы, Монғолиядағы, Түркиядағы қазақ диаспорасының қазақ тілі, алғашқы эмиграция толқынымен АҚШ пен Еуропаға барып тұрып қалған орыс диаспорасының тілі. Бұқаралық ақпарат құралдарының кең тарауы, интернационалдандыру мен жаһандану үдерістерінің себебімен Д.т. мен негізгі тілдің арасындағы алшақтау үдерісін тежеуге болатыны болжалданып отыр (қар. *Автохтондық тіл, Ассимиляция, Мемлекеттік тіл, Тұрғылықты тіл, Жергілікті тіл, Миноритарлық тіл, Ресми тіл, Ана тілі, Титулдық тіл, Этностық фузия, Этностық тіл, Қазақстан тілдері, Тілдік қауымдастық*).

ДІНИ СӘЙКЕСТЕНДІРУ (ор. *идентификация религиозная,* ағыл. *identification religious)* – белгілі бір дінге қатыстылығының діндік құндылық және мінез-құлықтық бағдарларын бекітетін әлеуметтену нормасын индивидтің игеруі (қар. *Сәйкестендіру*). Д.с. үдерісінде жеке адам өзін әлдебір таңдау-

лы, мистикалық негізбен, мінез-құлықтың ережелері, нормалары шығатын құдайлық болмыспен байланыстырады. Бұл нормалардың әдепкі адамгершілік нормалардан өзгешелігі сонда, бұлар канондарда, қасиетті жазбалар мен өсиеттерде, құдайлық, рухани құндылықтарға деген қатынастың жазылмаған, бақыланбайтын ережелерінде белгіленеді.

Д.с. жүйесі жанама түзілімдерге, жеке адам өзінің болмысы туралы түсініктерді адами ғұмыр кешу мақсатымен байланыстыратын киелі әлемге негізделеді. Д.с-дің өзіндік ерекшелігі жеке адам мұнда өмірдің мәні туралы түсінігін бейнелейді және өзінің рухани әлемін қалыптастырады, бұл әлемде «іс әлемі» мен «сөз әлемі» діни түсініктерге лайық адамгершілік қылықтармен сәйкесуге тиіс. Д.с. кемел қоғамдастық бейнесін жасауға, адами тұрғылардың ұжымдық өмірге қосылуының модусы ретіндегі мистикалық ұжымдылықты жасауға мүмкіндік береді.

Д.с.-дің негізгі функциясы – тиянақталған утопия көмегімен діни нормалар, құндылықтар мен үлгілерге кеңістіктік-уақыттық координаттарының конъюнктурасынан тәуелсіз, өзгермейтін, абсолютті адами болмысқа, әлеуметтік институттарға т.с.с. ие болатындай сипат беру, адами мәдениетті трансценденттікпен нығайтуға жету.

- Е -

ЕГЕМЕНДІК (ор. *суверенитет*, анг. *Sovereignty)* – дербестік және тиесілі билікті (мәртебені, қызметті, құқықтылықты немесе мүмкіндіктерді) жүзеге асырудағы біреудің (халыққа, мемлекетке, ұлтқа) дербестігі мен тәуелсіздігі. Егемендік түрі сәйкесінше халықтық, мемлекеттік және ұлттық болып бөлінеді.

Халықтық Е. – мемлекеттік биліктің жалғыз қайнар көзі ретіндегі (жоғарғы рухани жан иесі де, монарх немесе президент те, саяси партия немесе басқа да қоғамдық бірлестік те, территориялық өзін-өзі басқару орындары және т.б. мұндай бола алмайды) халықтың айрықша парызы; халық қалауы тікелей және өкілдік демократияның түрлі формаларының көмегімен Конституцияға және басқа да заңдарға, саясат пен мемлекеттік аппараттың барлық қызметіне ауысады; халықтың тікелей немесе жанама түрде өзі сайлаған мемлекеттік қызметкерлердің жұмысын бақылауға және оның тиісті құқықтық салдарларына алып келетін нәтижесін бағалауға мүмкіндігі болады.

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ИДЕЯ (ЕУРАЗИЯШЫЛДЫҚ) (ор. *евразийская идея*, ағыл. *Eurasian idea*) – философиялық-саяси қозғалыс, мұны идеялық-саяси және философиялық дербес ағым ретінде де қарастыруға болады. Бұл ағымның даму жолында бірнеше кезең бар. Еуразиялық идея тарихы екі шешуші кезеңге әрі екі полюске бөлінеді: біріншісі – 1920-1930 жылдар, екіншісі 1990-2000 жылдар. Еуразияшылдықтың бірінші кезеңінің негізі орыс имми-

гранттары ортасында 1920-1930 жылдары қаланған болатын. Еуразияшылдықтың пайда болған мерзімі 1921 жылдың тамызы болып саналады, дәл осы күндері жаңа қоғамдық-саяси ойдың негізін салушы төрт автор «Исход к Востоку. Предчувствия и свершения. Утверждение евразийцев» деген жалпы атпен тұңғыш ұжымдық еңбек шығарған еді. Қозғалыс жас философтар мен көсемсөзшілер Н.С.Трубецкойдің, П.Н.Савицкийдің, Г.В.Флоровскийдің және П.П.Сувчинскийдің «Исход к Востоку» (София, 1921 ж.) атты жинақ шығарған күнінен басталды.

Еуразияшылдық қозғалыс өз маңайына жоғары білімді зияткерлерді топтастырды, олардың айналысатын салалары экономикалық жағрапия, этнография, тіл білімі, философия, тарих, дін, шығыстану, география, музыка т.с.с. әртүрлі болды. Ал оларға ортақ негізгі идея – еуразиялық өркениет күрделі құрамды, онда табиғи толерантты түрде славяндық және түркілік халықтар, мұсылмандар мен христиандар өзара ықпалдастықта болды дейтін идея. Бұл ағымның өз ішінде белгілі бір қайшылықтары да болды: отарлауға қарсы болғандар да, империяны жақтағандар да бар еді.

Еуразияшылдықтың дамуына Л.Н.Гумилев айрықша үлес қосты (қар. *Этногенез*). Еуразия туралы пайымдағанда Л.Н.Гумилев оны континент деп қана қарамайды, сонымен қатар мұның орталығында қалыптасқан суперэтнос туралы да мәселе қозғайды. Оның «Каспий маңындағы мыңжылдық» атты еңбегі Еуразия ойкуменінің б.д.д. III ғасырдан бастап б.д. XII ғасырына шейінгі 1500 жылдық тарихын тарихи-этнологиялық тұрғыдан зерттеуге арналған. Автордың дәлелдеуінше, Еуразияның тарихи орталығы, этностық, тарихи, саяси және мәдени мүдделерінің тоғысқан жері Каспий болған. Еңбекте ғасырлар бойы шиеленісті оқиғалардың сахнасы болған Каспий төңірегіндегі орасан үлкен кеңісікте этностардың пайда болуы мен өшуі туралы баяндалады. Каспий айналасында қалыптасқан ерекше өркениеттің шығуы мен дамуы, оның бастау көздері мен дүние жүзілік тарихи үдерістегі рөлі туралы айтылады.

Қазіргі кезеңде еуразияшылдықты дамытып, оған жаңа көзқарастар енгізген Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев болып отыр. 1994 жылдың көктемінде М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде оқыған дәрісінде ол Еуразиялық одақ құру туралы идеясын жария етті, сол уақыттан бастап саяси лексиконнан еуразияшылдық, еуразиялық кеңістік, еуразиялық интеграция деген ұғымдар берік орын алды. 1920-1930 жылдардағы еуразияшылдықпен салыстырғанда, Н.Ә.Назарбаевтың еуразиялық доктринасының тарихи маңызы сонда, бұл еуразияшылдықтың өрісінің өзін, дискурсын, мәнмәтінін елеулі мөлшерде кеңейтті. Жаңа еуразияшылдық Қазақстанмен ажырағысыз байланыста: мұнда Еуразия құрлығындағы барлық ел үшін қатысым жасауға жол ашылған. Еуропа Еуразияның бөлінбес бөлшегіне айналған. Еуразияшылдықтың болашағы ұлттық аспектілерді оңтайлы сабақтастыру жолындағы ізденісте (қар. *Еуразиялық интеграция*).

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ (ор. *Евразийская интеграция*, ағыл. – *Eurasian integration*) – Еуразиялық одақ туралы Н.Ә.Назарбаевтың идеясы, халықаралық қатынастар аясында қарастырылатын идея, еуразиялық кеңістіктегі мемлекеттердің бірігу қажеттігін негіздеудің жаңа тұжырымдамалық көзқарасы, тарих ортақтығына орайлас интеграцияның, еуразиялық кеңістіктегі халықтар мен мемлекеттердің саяси, экономикалық және әлеуметтік аспектілер жағынан оң ықпалдастығының жаңа типі. Еуразиялық интеграция идеясын алғаш рет Н.Ә.Назарбаев 1994 жылы М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде оқыған дәрісінде жария етті. 2014 жылы Астанада «Еуразиялық интеграция: қазіргі даму үрдістері және жаһандану қатерлері» атты халықаралық форумда сөйлеген сөзінде ол еуразиялық интеграцияның негізгі қағидаты еріктілік ұстаным екеніне тағы да назар аудартты: «Еуразиялық интеграция – КСРО уақытына қайта оралу емес. Әлем өзгерген, біз де өзгердік. Сондықтан әр ел интеграциялық үдеріске қатысуын өз бетінше дербес шешуге хақылы», - деп көрсетті Н.Ә.Назарбаев. ТМД кеңістігіндегі интеграциялық үдерістердің бәріне еріктілік пен тең құқықтылық қағидаты ғана негіз болуға тиіс.

Еуразиялық интеграция жолындағы алғашқы қадам 1995 жылы Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың құрылуы болды. Оны құрудағы мақсат – ұйымға кіретін елдердің сыртқы кедендік ортақ шекараларын қалыптастыру, сыртқы экономикалық саясат, тарифтер мен бағаларды, ортақ нарық құратын басқа да факторларды біріктіру. 2000 жылдың мамыр айында Ресей Президенті Владимир Путин бұл қоғамдастықты өзгертуге бастама көтерді. Бір жыл өткен соң ЕурАзЭҚ-тың жаңа құрамына РФ, Беларусь, Қазақстан, Тәжікстан және Қырғыз Республикалары кірді.

Ресей, Беларусь пен Қазақстанның Кедендік одақ құруы еуразиялық интеграцияның екінші кезеңі болды. Бұл Одақ ішінде бірдей кедендік тариф қолданылатын болды, кедендік баж салығы салынбайтын болды, арнайы қорғалуға тиісті, демпингке қарсы және өтемдік шаралардан басқа экономикалық сипаттағы шараларға шектеу қойылмайтын болды. 2007 жылдың 6 қазанында Кедендік одақ құру жөніндегі шартқа қол қойылды, ал Кедендік одақ жұмысы 2010 жылдың 1 қаңтарынан басталды.

Интеграцияның үшінші кезеңінде Біртұтас экономикалық кеңістік (БЭК) құрылды. Бұл жөніндегі шешімді 2009 жылдың 27 қарашасында Мәскеуде Ресей, Беларусь, Қазақстан басшылары қабылдаған болатын. БЭК мақсаты – өзара саудадағы кедергілерді алып тастау, тауарлардың, қызметтердің, капитал мен жұмыс күшінің ортақ нарығын құру, сондай-ақ келісілген валюталық саясат ұстау.

Еуразиялық интеграцияның төртінші кезеңі 2014 жылдың 29 мамырында Астанада Еуразиялық экономикалық одақ құру туралы шартқа қол қоюмен және қатысушы елдерде Шарттың ратификациялануымен айшықталады (қар. *Еуразиялық идея, Еуразиялық сәйкестілік*).

ЕУРАЗИЯЛЫҚ СӘЙКЕСТІЛІК (ор. *Евразийская идентичность*, ағыл. – *Eurasian identity*) – Еуразия халықтарын тарихи, әлеуметтік-мәдени, экономикалық тұтас қауымдастық болып бірдейлестіру, Еуразия халықтарының мәдениетін – славяндық және түркілік, мұсылмандық және православтық мәдениеттерді – бір-бірімен қатысымда болатын және бірін-бірі байытатын құбылыс ретінде қабылдау. Әдебиеттерде мұның анықтамасы әлі де тұрақталмағаны байқалады: Е.с.-тің өзегі не болатыны туралы ғылыми пікірталастар баршылық. Мұны негіздеуге жасалған талпыныс пен бастау көздерді Л.Н.Гумилевтің «Көне Русь және Ұлы Дала», «Каспий маңындағы мыңжылдық» т.б. еңбектерінен табуға болады. Мұның негізінде екі ірі өркениеттің отырықшылық пен номадшылдық, жер өңдеушілер мен көшпелілер мәдениетінің тарихи тағдырының ортақтастығы мен өзара ықпалдастығы жатыр.

Түркі және славян жазуының бір-біріне өзара әсер ету үдерісінің сырларын ашатын маңызды еңбек – О.Сүлейменовтің «Аз и Я» кітабы (1973). Қазіргі кезеңде Еуразия елдерінің интеграциясының ықпалымен еуразиялық сәйкестілікті жаңаша ұғынып, жаңаша бағалау қолға алынды (қар. *Еуразиялық интеграция).*

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ (қысқа. ЕАЭО) (ор. *Евразийский экономический союз*, ағыл. *Eurasian Economic Union*) – халықаралық интеграциялық экономикалық бірлестік (одақ), ЕурАзЭҚ Кедендік одағының негізінде осы Одақты құру туралы шартқа 2014 жылдың 29 мамырында қол қойылды (2015 жылдың 1 қаңтарынан заңды күшіне енеді). Одақтың құрамына Ресей, Қазақстан және Беларусь енді. ЕАЭО қатысушы елдердің экономикаларын нығайту үшін және «бір-бірімен жақындасу» үшін, әлемдік нарықта осы елдердің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, заманауиландыру үшін құрылған. Одақтың ұлттан жоғары органы Еуразиялық экономикалық жоғарғы кеңес болып саналады. Кеңеске мемлекет пен үкіметтердің басшылары енеді. Жоғарғы кеңес кемінде жылына бір рет мемлекет басшыларының, кемінде екі жылда бір рет үкімет басшыларының деңгейлерінде жиналатын болады. Шешімдер консенсуспен қабылданады. Қабылданған шешімдерді қатысушы мемлекеттердің бәрі орындауға міндетті. Жоғарғы кеңес басқа реттеуші құрылымдардың құрамы мен өкілеттігін белгілейді. Еуразиялық экономикалық жоғарғы кеңес құрамы: мемлекет басшылары А.Г.Лукашенко (Беларусь), Н.Ә.Назарбаев (Қазақстан Республикасы), В.В.Путин (Ресей Федерациясы); үкімет басшылары М.В.Мясникович (Беларусь), К.Қ.Мәсімов (Қазақстан Республикасы), Д.А.Медведев (Ресей Федерациясы).

ЕУРОПАЦЕНТРИЗМ (ор. *европоцентризм*, ағыл. *eurocentrism*) – өзіне тән рухани қалпымен Европа әлемдік мәдениет пен өркениеттің орталығы

деп қарайтын мәдени-философиялық бағдар, көзқарастар жүйесі. Көне Греция заманының өзінде-ақ Шығыс пен Батысты варвар мен эллин, «жабайылық» пен «өркениеттің» шендестіктерінің формасы ретінде қарама-қарсы қойылатын болған. XIV-XV ғасырлардағы отарлау және басқыншылық кезеңдерінде еуропалық мәдениет Шығыстың «бөтен», бұлар үшін жаңа мәдениеттерін ашудың нәтижесінде мәдени есеңгіреуді бастан өткерді. XX ғасырды Е. идеяларын белгілі бір шамада басқаша түсіндіру Шпенглер мен Тойнби теорияларынан орын алды: олар дербес мәдениеттердің сабақтасуы мен байланысу мүмкіндігін жоққа шығарды.

Бұл тұжырымдамаға өзгеше бір қарсы тұратын бағдар шығысцентризм болды. Бұл бағдар бойынша, еуропалық мәдениетте жасампаз сипат жоқ, ол – өзгеден ауыстырып алған мәдениет. Сондай-ақ негрлік мәдениет құндылықтарының артықшылығы туралы негритюд теориясы т.б. Е. қарсы жауап іспеттес. Еуропаның озат ойшылдары, ағартушылары бастап, Е. сын көзбен қарай білді, адамзаттық мәдениет пен мәдениет тарихының біртұтастығы туралы идеялар ұсынды.

ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ (ор. *Европейский Союз,* ағыл. *European Union)* – Еуропаның бірқатар мемлекеттерінің өңірлік, экономикалық және саяси бірлестігі. Е.О-та халықаралық ұйымдарға тән белгілері мен федерацияның жекелеген сипаттары бар.

Халықаралық ұйым ретінде Е.О. мемлекетаралық әріптестіктің формасы болып табылады, оның құқықтық тіректері шарттық-құқықтық кесімдерден құралады. Заңдық жағынан Е.О. қатысушы мемлекеттердің ешқайсысы да олардың өздерінің келісімінсіз қандай да бір әрекетке мәжбүрленбеу, ал міндеттейтін шешімдер қабылдау үшін мемлекеттердің бәрінің де келісімі болу қағидаларына негізделеді.

Е.О. халықаралық құқық субъектісі болып табылады, оған халықаралық қатынастарға қатысуға және халықаралық шарттар жасауға өкілеттілік берілген. Ортақ сыртқы саясат пен қауіпсіздік (қорғаныс) саясаты қалыптасқан. Көптеген мемлекеттерде және халықаралық ірі ұйымдарда Е.О-тың дипломатиялық тұрақты миссиясы тағайындалған.

Құрылтай Шарттар Е.О. Конституциясы ретінде танылады (ондай Шарттар саны оннан астам). Билікті бөлу принципін ескеріп құрылған басқару органдарының мынадай жүйесі қолданылады: Еуропалық Комиссия, Еуропалық Одақ кеңесі, Еуропалық кеңес, Экономикалық және әлеуметтік комитет, Өңірлер комитеті, Еуропа соты, Еуропалық есеп палатасы, Еуропалық Орталық банк, сондай-ақ әр бес жыл сайын Е.О. азаматтары сайлайтын Еуропалық Парламент.

Е.О-тың бастапқыда халықаралық құқықтың жалғасы ретінде шыққан құқығының өзінің құрамы мен құрылымы жағынан ұлттық құқық жүйелерімен ортақтасатын тұстары өте көп, бұл құқықты ұлттық соттар да қол-

данады. Жасалған халықаралық шарттармен қоса, Е.О. әділ сот пен ішкі істер саласындағы заңдар (директивалар, заңнамалық кесімдер мен қаулылар) қабылдайды, сондай-ақ сауда, ауыл шаруашылығы, балық шаруашылығы мен өңірлік даму салаларындағы ортақ саясатты әзірлейді. Е.О. құқығы мен ұлттық құқық арасында шиеленістер болып қалса, Е.О. құқығының заңдық күші басым болады, түсіндіру қызметі берілген соңғы инстанция ретінде Е.О. сотына жүгінеді.

Қазіргі уақытта Е.О-қа Еуропаның 28 мемлекеті кіреді. Одақ заңдық жағынан Маастрихт шартымен 1992 жылы еуропалық қауымдастық принципі бойынша бекітілді. Е.О-та адамдардың, тауарлардың, капитал мен қызметтердің еркін жүруіне кепілдік беретін ортақ нарық жұмыс істейді, онда мүше елдер де, басқа да еуропалық мемлекеттер енетін Шенген аймағы шегінде төлқұжат тексерілмейді.

Біртұтас «евро» валютасын енгізу арқылы Одақтың он сегіз елі еуроаймақ құрды.

Е.О-та бір-біріне қарама-қарсы екі үрдіс анық байқалады. Біріншісі – ұлттық мүдделерді құрбан етіп ұлттықтан үстем органдардың өкілеттігін күшейту есебінен Одақты одан ары нығайту (еуроинтеграция). Екіншісі – билікті әлсіретіп, еуробюрократияның санын қысқарту, қатысушы мемлекеттердің өкілеттіктерін Одаққа беруді тоқтату, сондай-ақ Е.О-тың кеңістігін ұлғайтуға тыйым салу (еуроскептицизм).

2008-2010 жылдардағы қаржылық-экономикалық дағдарыс, оған ілесе Е.О-тың бірқатар елдерінде болған рецессия, ұлттықтан үстем органдардың ахуалды тұрақтандыру жөніндегі шаралары, кейбір елдердің көші-қонға қарсы тұруға жалғыз өзінің тарапынан шектеу енгізуі ішкі қайшылықтарды өршітіп жіберді, мұның ішінде ұлтаралық және діни қайшылықтар да болды, бұлардың бәрі еуроықпалдастықтың жарияланған жекелеген тірек принциптерін жүзеге асырудың іс жүзінде күмәнды екендігін байқатты.

2014 жылы Еуропалық Парламентке депутаттар сайлау кезінде сайлаушылардың 43%-ы келгенмен, оңшыл центристік күштердің жетекші рөлі сақталса да, еуроскептиктер тұрғысының күрт күшейгендігі көрінді.

- Ж -

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ (ор. *патриотизм новый казахстанский*, ағыл. *New Kazakhstan Patriotism*)– патриотизм идеологиясын Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» Стратегиясында тұжырымдамалық тұрғыдан жаңартуы. Мұның негізгі арқауы мемлекет пен азаматтың мақсаттарының барлық негізгі бағыттарда тоғысуында. Мемлекет пен халық осыны санамен ұғынып, бірлесіп жұмыс істеуге тиіс. Осыған орай, жаңа саяси санат – сенім санаты іске қосылады.

«Азаматтар мемлекетке болашақ бар болса, даму үшін, жеке және кәсіби тұрғыдан өсу үшін мүмкіндіктер болса ғана сенім артады». Патриотизм, ең алдымен, елді, оның жетістіктерін мақтан ету.

Қазақстан халқы Ассамблеясының «Қазақстан - 2050» Стратегиясын жүзеге асырудағы жұмысының шешуші бағыты «Жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыздың табысының негізі» атты жетінші басымдықпен байланысты. Бұл жұмыс мыналарды қамтиды: жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру; этностық тегіне және діни сеніміне қарамастан азаматтардың құқықтарының теңдігін қамтамасыз ету; Қазақстанның барлық этностарының дәстүрлері мен дербестігін сақтау, мәдениеттерін дамыту; қазақ тілін ұлттық бірлік пен қоғамның рухани өзегінің факторы ретінде дамыту, тілдердің үштұғырлылығын дамыту; ұлт зиялыларының жалпы ұлттық құндылықтарды нығайтудағы, бүкілқазақстандық бірдейлестік негізінде ұлттың тарихи санасын қалыптастырудағы рөлін арттыру; радикализм, экстремизм және лаңкестіктің кез келген түрлері мен көріністерін қабыл алмау.

ҚХА-ның 2020 жылға дейінгі даму тұжырымдамасында жаңа қазақстандық патриотизмнің негізін салатын бағыттар бекітілді. Жаңа қазақстандық патриотизмді, ұлттық-мемлекеттік сәйкестікті және ұлттық бірлікті нығайтуға мыналар арқылы ықпал ету көзделді:

-«азаматтарды патриотизм, тең құқылық және жауапкершілік, толеранттылық және ел бірлігі, мемлекетке сенім, ел үшін және оның жетістіктері үшін мақтаныш рухында тәрбиелеудің біртұтас жүйесін қалыптастыруға атсалысу;

- Қазақстанның этностық топтарының мәдениетін, дәстүрлерін және тілдерін одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында этномәдени бірлестіктермен ортақ әлеуметтік мәдени кеңістікті және мемлекетке сенімді қалыптастыруға бағытталған іс-қимыл жасау;

- этномәдени бірлестіктердің жаңа қазақстандық патриотизмді, жалпы азаматтық құндылықтарды қалыптастыруға, рухани бірлік, этносаралық келісім идеяларын нығайтуға және таратуға бағытталған жобалары мен қызметіне басым қолдау көрсету;

-Қазақстандағы сәйкестікті, патриоттық көңіл-күйді, ұлттық бірлікті нығайту бойынша қолданбалы зерттеулер саласындағы ғылыми-зерттеу жобаларына қолдау көрсету;

-өмір сапасына, қауіпсіздікке, тең мүмкіндіктер мен келешекке кепілдік мәселелерін, патриотизмді тәрбиелеуді және сәйкестікті нығайтуды ақпараттық қолдау саласында жаңа тұжырымдар әзірлеуді қамтамасыз ету;

- отандық кино және телеиндустрия, әдебиет пен өнер саласын қалыптастыруға, олардың өнімдерінің нарықтағы бәсекелестікке, патриотизм мен қазақстандық сәйкестікті қалыптастырудың мақсаттары мен міндеттеріне сай болуына қолдау көрсету;

- білім беру мен бұқаралық ақпарат құралдары жүйесіне патриоттық сана және ұлттық-мемлекеттік сәйкестікті қалыптастыруға бағытталған стандарттар енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

Қазақстанға тұрақты тұруға көшіп келгендер үшін қазақстандық құндылықтарды сөзсіз мойындауды, тарих пен толеранттылық нормаларын білуді көздейтін арнайы талаптар әзірлеу және енгізу» (қар. *Тарихи сана, ҚР Конституциясы, Патриотизм*).

ЖЕР АУДАРУ /ДЕПОРТАЦИЯ/ (лат. *deportatio – қуу, жер аудару,* ор. *депортация,* ағыл. *deportation)* – жеке тұлғаны немесе адамдардың тұтас бір санатын басқа мемлекетке немесе басқа жерге мәжбүрлеп жер аудару (қар. *Көші-қон /Миграция/, Этностық көші-қон /миграция*).

Д. термині 18-19 ғасырларда Францияның қылмыстық заңнамасында жер аударудың айырықша түрлерін атау үшін пайда болған. Д. әкімшілік жолмен елден қуумен тегі бір болғанмен, соңғысы елдің аумағында заңды түрде жүріп көші-қонға қатысты құқық бұзған шетелдікті жазалау шарасы болса, ал Д. – елдің аумағында заңсыз жүрген шетелдікті жер аударудың арнайы шарасы. Д. ережелері халықаралық құқық нормаларымен және ұлттық заңнамамен белгіленеді. Д.-ның ерекше түрі – халықтарды депортациялау – мемлекеттің жүргізетін ұлттық саясатының нәтижесі, бұл, әдетте, жағымсыз сипатта болады және ұлттар арасындағы қақтығыстарға жол ашады. Халықаралық қылмыстық соттың 1998 жылдың 17-шілдесіндегі «Д. немесе халықты мәжбүрлеп орын ауыстырту» Рим статусының 7-бабына сәйкес, Д. адамзатқа қарсы қылмыстар қатарына жатады және халықаралық қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ (ор. *местное самоуправление,* ағыл. *local self-government*) – Қазақстан Республикасында жергілікті деңгейдегі мәселелерді шешу мақсатында әр түрлі арнайы сайлау органдары арқылы немесе тікелей өз жауапкершілігімен халықтың өздігінен әрекет етуі. Ж.Ө.Б. жұмысы 2001 ж. 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР Заңында және басқа нормативтік құқықтық кесімдерде белгіленген тәртіптерге сүйенеді. Ж.Ө.Б. институты елдің даму деңгейімен, дәстүрлерімен, мемлекеттік биліктің ұйымдасуымен, билікті орталықсыздандырумен, басқарудағы демократиялық негіздердің дамуымен, жұрттың өміріне жайлы жағдайлар туғызумен тікелей байланысты.

ҚР Конституциясында жұрттың жинақы тұратын аумағын қамтитын жергілікті қауымдастықтардың өзін-өзі басқаруы қарастырылған. Негізгі Заңда Ж.Ө.Б. органдарына мемлекеттік функцияларды орындауды табыстау мүмкіндігі көрсетіліп, Ж.Ө.Б. органдарына өздерінің заңда белгіленген өкілеттігі (89-бап) шегінде дербес әрекет етуге кепілдік беріледі.

2007 жылғы конституциялық реформаға орай Ж.Ө.Б. дамуының жаңа кезеңі басталды. Аталмыш Заң 2009 жылы 9 ақпанда алты баптан (39-1 – 39-6) тұратын 3-1. «Азаматтардың жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысуы» тарауымен толықтырылды. Бұл тараудың баптары арқылы мынадай істер реттелетін болды: азаматтардың Ж.Ө.Б. қатысуының негізделуі; жергілікті қауымдастық мүшелерінің құқықтары мен міндеттері; жергілікті қауымдастықтың жиындары мен жергілікті қауымдастықтың жиналыстары; Ж.Ө.Б. органдарының міндеттері; мемлекеттік органдардың Ж.Ө.Б. органдарымен өзара қатынастары; Ж.Ө.Б. органдарының жауапкершілігі.

2012 жылы 28 қарашада ҚР Президентінің №438 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасында» бірқатар нақты шаралар қарастырылып жүзеге асуда.

2013 жылдың тамыз айында тәуелсіз Қазақстан тарихында алғаш рет елдің 8 миллион халқы тұратын жауапты аймақтарындағы әкімдердің 91%-дан астамы сайланды. Ауыл мәслихаттары мен әкімдеріне 67 жаңа функция заңды түрде жүктеліп, ол деңгейдегі қызметке қосымша 5000 орын бөлінді.

ҚР Президентінің 2014 жылғы 25 тамызындағы «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді межелеу жөніндегі шаралар туралы» Жарғысында Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы қызметтер мен өкілеттіктерді межелеуге, орталық және жергілікті атқару органдарының дербестігі мен жауапкершілігін арттыруға, сондай-ақ мемлекеттің функцияларын мемлекеттік емес сектор саласына беруге негізделген мемлекеттік басқару қағидаттары айқындалды. Орталықтан жергілікті жерлерге жер қатынастары мен жер қойнауын пайдалану, табиғи монополиялар, экология, көлік, туризм және юстиция салаларындағы 95 қызмет берілді.

Бұл үдеріс елдің қоғамдық құрылысының дамуымен қатарласа кезең-кезеңімен жүргізіліп жатқан мемлекеттік билікті орталықсыздандыру мен шоғырландырмау арнасымен, барынша таразыланып, елді басқару тиімділігін кемітпей жүргізіліп келеді (қар. *Мемлекет, Конституция*).

ЖЕРГІЛІКТІ ТІЛ (ор. *местный язык*, ағыл. *local language)* – белгілі бір жерде қолданылатын (локалды) тіл; тілдің заңнамалық актілерде үнемі құптала бермейтін ерекше мәртебесі. Ж.т. көбінесе жазуы жоқ тілдер болып немесе қолданылуы *Этностық топтардың* шеңберімен шектелген жазба тілдер болып келеді. Солай бола тұра Ж.т. бастауыш білім беруде, жергілікті радиохабарда, теледидарда, газет-журналдарда қолданылуы мүмкін. Ресми түрде мұндай мәртебесі бектілмегенмен, Қазақстанда, мысалы, дүнген және ұйғыр тілдерін Ж.т. жатқызуға болады (қар. *Автохтон, Автохтондық тіл, Тұрғылықты этнос, Тұрғылықты тіл, Этностық тіл, Тіл, Диаспора тілі, Қазақстан тілдері, Тілдік құқық*).

ЖИХАД (араб. جهاد– *тырысу*, ор. *джихад,* ағыл. *jihad)* – ислам доктринасында Ж. туралы әр түрлі қағидалар бар. Солардың ішінде Ж. күресінің мынадай жолдары көрсетіледі: 1. өз кемшіліктеріне қарсы Ж. – әр мұсылманның өз кемшіліктерімен жеке күресі, Ж.-тың ең қиын формасы, өйткені өзі күнәға жататын құмарлығы мен рухани кемшіліктерін жеңбей, адам дін идеалдарының жеңісі үшін күрес жүргізе алмайды; 2. өз танымы үшін Ж. ету – адам тұлғасының жетілуіне және надандыққа қарсы тұруға жетелейтін түрлі ғылымдарды оқу, білімдарлық, ғалымдық; 3. материалдық байлыққа қарсы Ж. – осы дүниедегі проблемалардың көбін ақша, мүлік, жылжымайтын мүлік арқылы шешу жолына қарсы күрес; 4. Ұрыс майданындағы Ж – адамдардың өмірі мен мүлкін қорғау, мемлекетті басқыншылықтан қорғау үшін соғыс жүргізу исламда парыз (фард) болып саналады. Соғысқа қатысатын мұсылмандар – муджахидтер, ал мұндай соғыстарда қаза тапқандар шахидтер деп аталады. Оларға Алла ең жоғарғы орындарды беріп, жұмаққа кіргізеді. Соғысқа қатысқан тірі адамдарды ғазия деп атайды. Басқа мұсылмандардың ар-намысын қорғай алатын болса, Ж.-ты жүргізу міндеті мұсылмандардың белгілі бір бөлігіне ғана жүктелуі мүмкін (фард аль-кифая) және қажет болса әр мұсылманға жеке жүктелуі де мүмкін (фард аль-айн). Ж.-тың мақсаты ақиқат орнату мен кез келген әділетсіздікті жою. Ж. кек алу, өлтіру, басқа адамдарды тонау немесе түрлі халықтарды жаулап, тәуелді ету мақсатында жүргізілмейді. Оны қоғамдағы кемшіліктерді жойып, әділеттікті орнату үшін жүргізу қажет. Сонымен қатар Ж. исламды мәжбүрлеп қабылдату үшін де жүргізілмейді, өйткені адамдарды дін қағидаларымен таныстыру керек және адамдарға исламды тек өз қалауымен ғана қабылдауға жағдай жасау керек.

- И -

ИДЕОЛОГИЯ (грек. *idea* түсінік + *logos* ілім; ор. - *идеология*, ағыл. *ideology*) – қоғамдық сананың түрлі формаларынан көрініс табатын дүниетаным, дүниені қабылдау, көзқарас, идея, сенім мен бағдарлардың жүйесі. И. – қоғамның құрылысы мен қызметтік қағидаты жөніндегі, сондай-ақ қоғамның осы идея иелерінің мүддесіне сай жағдайға жету жолы жөніндегі өзара байланысты идеялар, түсініктер, тұжырымдамалар мен доктриналардың салыстырмалы түрде жүйеленген жиынтығы. Осы жиынтықты ұстану мақсат болуы да, болмауы да мүмкін, алайда дәл осы жиынтық саяси қарекетті ұйымдастыруға тірек болады.

И. өзінің міндеттерін атқаруы үшін қажет ғылымның мәліметтерін, философияның қағидаларын, діни және этикалық постулаттарды, мифтерді, рәміздерді т.б. пайдаланатындықтан И. синкретикалық сипатқа ие болады әрі өткеннің мұрасын жеткізу мүмкіндігі мол болады. И. құндылықтарды, іс-әре-

кеттің мақсаттары мен міндеттерін ұсыну, тіпті таңу арқылы, оқиғаларға баға берудің межелеуіштерін нұсқау арқылы, саясатта нені қалауға, неге жол беруге, неден бас тартуға болатынын анықтау арқылы саяси үдеріске анағұрлым айқын әсер етеді.

Кең ауқымда алғанда, И. құрылымы идеялардың жүйесін, идеологиялық қатынастарды, идеологиялық қарекетті, идеологиялық мекемелерді, идеологиялық үдерістерді түзеді. Ал тар ауқымда алғанда, И. мазмұндық және құрал-тәсілдік элементтерден тұрады. Мазмұндық элементтерге рухани өмірдің түрлі салаларынан алынған элементтер (үлгілер, теориялар т.с.с.) жатқызылса, құрал-тәсілдік элементтерге мазмұнды бейнелейтін тәсілдер (ұғымдар, бейнелер, стереотиптер, мифтер, рәсімдер, ұрандар т.б.) жатады.

Саяси ғылымда И. феноменін ұғынудың Маркс пен Мангеймнің еңбектерімен байланысты ықпалды дәстүрі бар. Ол бойынша, И. – сананың тұтастай алғандағы шындықтың әлеуметтік-тарихи жағдайларға орайластырылып бұрмаланған және жартылай бейнесін беретін формасы; ал, нақтылай алғанда, шындықты танудың ерекшеліктерімен, танушы субъектінің шындықты санада жаңғырту ерекшеліктерімен, оның мүддесімен орайлас сана формасы (осыдан келіп идеологияның «жалғандығы», «қиялилығы» туралы түсінік шыққан).

«Идеология» терминін енгізген А.Л.К. Дестют де Траси (1754–1836) мұны адами идеялардың сезімдік тәжірибеден шығу заңдары туралы ғылым ретінде парықтаған. Саяси идеология саяси ойлардың теориялық формаларының қатарына енетіндіктен айқын бағдарланған сипатта болады.

Саяси И. міндеті – саяси әрекеттердің нақты стратегиясын саяси қолдауды жалғастыру мақсатында, белгілі бір топтың биліктен немесе билікті пайдаланудан дәмеленуін негіздеу мақсатында қазіргі әлеуметтік-тарихи жағдайдағы саяси шындық феномендерін түсіндіру, ақтау немесе сынау. И-ның өзіндік ерекшелігі қалыптастырудағы мақсаткерліктен, тірек болар қағидаттардың аксиомалығынан, эмоционалдық жігерлі реңкінің ашық көрінуінен, құндылық ыңғайында болуынан, бейтәжірибелілігінен (айғақтардың өзіне емес, оны парықтауға ден қойылады), өте бейімделгіштігінен көрінеді. Бейімделгіштігі сонда, іргелі тұрақтылық пен ахуалға ыңғайлануы, үйреншіктілік пен теориялық ойлау қағидаттары сабақтасып жатады, постулаттар стереотипті түрде пішімделеді.

Саяси идеология билікке талпынуды заңдастырумен қатар нормативтік бағдар беруші, түсіндіруші, интеграциялық қызметтерді, бақыланатын әлеуметтендіру, жұмылдыру қызметтерін т.с.с. қоғамдық сананы басқаруға қатысты бірқатар міндеттер атқарады.

Саяси идеологиялардың тұрпаттамасы (типологиясы) деген мәселе таласты тақырыпқа жатады. Мәртебесі, тараған ортасы мен саяси ықпалы бойынша идеологиялар қоғамдық және мемлекеттік болып бөлінеді. Қоғамдық идеология әртүрлі саяси партиялар мен қоғамдық-саяси қозғалыстардың идея-

лық тұғырнамасы ретінде азаматтық қоғам арасында қалыптасып, соның ішінде әрекет етеді. Мемлекеттік идеологиялар – жалпы ұлттық мүдделерді білдіруге және қоғамды біріктіруге, таптар мен топтардан жоғары тұруға талпынады.

Саяси мақсатқа жету стратегиясы бойынша идеологиялар реформизммен және саяси қарсыластарымен үнқатысуға бағытталған ұстамды және өз жақтастарын саяси идеалдар үшін белсенді күреске, тіпті қарулы қарсылыққа шақыратын радикалды болып бөлінеді. Хронологиялық өлшемге сәйкес, идеологияны XIX ғасырда қалыптасқан классикалық (либерализм, консерватизм, социализм) және XX ғ. пайда болған немесе белсенділік көрсетіп отырған баламалы идеологияларға – коммунитаризмге, феминизмге, альтерглобализмге т.б. жіктерге бөлу де дәстүрге енген (*қар. Ұлттық идея, Мемлекет, Қазақстан – 2050 Стратегиясы).*

ИММИГРАЦИЯ (лат. *immigro – қоныстанамын*, ор. *иммиграция*, ағыл. *immigration)* – 1. Өз отанын тастап шыққан адамдардың я топтардың тұрақтап тұру ниетімен басқа бір елге келуі (қар. *Көші-қон, Этностық көші-қон, Эмиграция, Эмигрант*). 2. *Мигранттар* келген елге деген қатынасына қарай қарастырылатын халықаралық *Көші-қон* түрі. И-ның жұрттың дамуына, санының өсуіне, жастық-жыныстық және этностық құрылымына елеулі әсері бар. Жұрттың И. қарқынына ықпал ететін тікелей факторлары төрт топқа жинақталады. Олар: 1) демографиялық жаңғырудың режимдерінде бір елдердегі жұрттың қартаюына, ал екінші бір елдердегі жұрттың құрамының жасаруына алып келетін айырмашылықтар; 2) өмір деңгейі кереғарлықтарының елеулі болып күшейе беруі; 3) көбінесе әлемнің мешеу өңірлерінде халықтың тығыз орналасуы; 4) еңбекке қабілетті жұрттың жұмыспен қамтылу дәрежесіндегі айырмашылықтар және бәрінен бұрын еңбек көші-қонына ұшыратын жұмыссыздық деңгейінің өсуі. И. дүние жүзінің кей бөліктеріне қоныстандыруда елеулі рөл атқарады, ал кейде жаңа мемлекеттерді жасақтауда, тіпті шешуші рөл атқаратыны да бар *(*қар. *Көші-қон /миграция/).*

ИНДИКАТОР (лат. *Indicator* – көрсеткіш, ор. – *индикатор*, ағыл. *indicator*) – параметрлердің өзгерісін көрсететін нысан. Қоғамдық ғылымдарда, әлеуметтануда зерттелетін нысанның бақылау мен өлшеуге келетін, осы нысанның тікелей зерттеуге келмейтін басқа сипаттары туралы пайымдауға мүмкіндік беретін сипаттамасы. Индикаторлардың жүйесі олар айқын пішімделетіндей, болашақта заманауи үдерістермен толықтырылуға мүмкін болатындай түзілуі қажет *(*қар. *Этносаралық ахуалдың мониторингі*).

ИНКУЛЬТУРАЦИЯ (ор. *инкультурация*, ағыл. *inculturation*) – адамды нақты бір мәдениеттің дәстүрлері мен нормаларына оқытып-үйрету деген-

ді білдіреді; адам мен оның мәдениеті арасындағы алыс-берістік қатынастар үдерісі. Бұл қатынаста, бір жағынан, мәдениет адамның жеке басының сипаттарын белгілесе, екінші жағынан, адамның өзі мәдениетіне ықпал етіп отырады. Мұндайда жеке адам туған мәдениетімен етенелесіп тәрбиелі адамға айналады.

Гуманитарлық ғылымдардың әр түрінде бұл үдеріс «өз мәдениетінде әлеуметтену» немесе «этностық әлеуметтену» деген ұғымдармен де беріледі. «Инкультурация» мен «әлеуметтену» ұғымдары мазмұны жағынан көп жағдайда үйлесіп тұрады, өйткені екеуі де адамдардың қандай да бір қоғамның мәдени нормаларын меңгеруі деген мағынаны білдіреді. Алайда бұларды бірдей деп есептеп, шатастыруға болмайды. Әлеуметтену дегенде біз адамның әлеуметтік ортаға үйлесіп кірігуін, мүшесі ретінде табысты тірлік етуге мүмкіндік беретін осындай қоғамның құндылықтары жүйесін меңгеруін ұғынамыз. «Әлеуметтену» термині адамдардың қоғамда өздерін қалай ұстау керектігінің ережелеріне баулитын үдерістер мен механизмдерге байланысты қолданылады.

Ал «инкультурация» термині әлеуметтену үдерісінің өнімдеріне – адамның даму үдерісінде меңгерілетін мәдениеттің субъективті, ішкі психологиялық аспектілеріне байланысты қолданылады. «Мәдениет» пен «қоғам» ұғымдарының айырмашылығы және ұқсастығы қандай болса, «мәдениетке қосылу» мен «әлеуметтену» терминдерінің айырмашылығы мен ұқсастығы сондай.

Инкультурация – адамның белгілі бір этностың тірлігі мен дамуына орайлас белгілі бір тарихи кезеңге, белгілі бір мәдениет типіне тән дағдылар, әдеп-әдет, мінез-құлық нормаларын бірте-бірте қалыптастыруы. Бұл – адамның амал-тәсілдерді, нормаларды, тәжірибелік нұсқау-кеңестерді күнделікті өмірде ұзақ уақыт бойы бірте-бірте игеруі.

Инкультурация ұғымымен жеке адамның өзі өмір сүретін қоғамның стандарттарына қатысты жалпы мәдени құзыреттілікті алуының үдерісін де белгілеуге болады. Бұған, ең алдымен, қоғамда қабылданған құндылықтардың басымдықтары мен бағдарларының жүйесін игеру, сонан соң, өмірді түрлі жағдайларында өзін ұстаудың этикеттік нормалары, түрлі құбылыстар мен оқиғаларды бағалаудың баршасы дұрыс көретін ыңғайлары, әлеуметтік-саяси құрылыс негіздерімен таныстығы жатады. Бұған ұлттық және сословиелік дәстүрлер, үстем мораль, адамгершілік, дүниеге көзқарас, әдет, салт, әлеуметтік және гуманитарлық білімдер бойынша әдепкі зерде т.с.с. жөнінде белгілі бір танымның болуы қажет.

Сондай-ақ бұған үстем болып тұрған сән, стиль, рәміз, регалия, ұлт ішінде беделі бар адамдардың мәртебелік рөлі, заманауи зияткерлік және эстетикалық ағымдар, сол халықтың саяси және мәдени тарихы, ұлттық абырой, намыстың негізгі нышандарымен т.с.с. таныстық та жатады. Санамалап шыққан мұндай мол білімді жеке адамның игеруі үй тәрбиесі мен жалпы білім алуға, сондай-ақ жеке адамның өз ортасымен әлеуметтік түйісулерінің түгелдей

жиынтығымен байланысты (қар. *Аккультурация, Мінез-құлықтағы этностық императив, Этномәдени бірлестіктер, Этнопсихология*).

ИНТЕГРАЦИЯ (лат. *integratio* – бірігу, ор. *интеграция*, ағыл. *integration* – *біріктіру, бірігу)* 1. Өзі мойындайтын сенімдерге, құндылықтарға, нормаларға сүйенген жеке адамның белгілі бір әлеуметтік топқа я ұжымға жататындығын сезінуінің дәрежесі. 2. Жекелеген арнайы элементтерді өзара тәуелділікке негіздеп бірлік пен тұтастыққа жеткізу үдерісі (қар. *Сепаратизм*). И. проблемалары жүйенің ажыратылуы мен күрделенуіне қарай ұлғая түседі. Осыған байланысты жүйені одан ары дамыту мен тұрақтылығын сақтау үшін И. тетіктерін дамыту қажеттігі келіп шығады. Солай бола тұра, И. жоғары деңгейге жеткізу мүмкін емес, тіпті, мұның өзі зиянды да, өйткені жүйені ширақтығы мен икемділігінен айырады. Керісінше, жүйенің ең өміршең түрі әралуандықтың бірлігінен, жекелеген мақсаттарды тоғыстыру арқылы тұтастық қалыптастырудан жасалады. 3. Қоғамның басқа ішкі жүйелерінің үйлестірілген қосымша қызметін қолдайтын арнаулы мекемелердің болуы. И. осы түрінің институттарын дамыту (жазба тіл, формалды-құқықтық жүйелер) – бүкіл әлеуметтік жүйелердің функционалдық алғышарттарының немесе функционалдық императивтерінің бірі, әлеуметтік дамудың кілті.

ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗМ (лат. *inter* - ара + *natio* – халық, ор. *интернационализм* (пролетариаттың халықаралық ынтымағы; барлық ұлттардың теңдігін мойындау), ағыл. *Internationalism*) – ұлтаралық қатынастардың халықтардың нәсіліне, ұлтына қарамастан бәрінің тең құқығы болуына, өзара құрметіне, ұлттар мен этностық топтардың жан-жақты әріптестігіне негізделіп орнатылатын типін мақұлдайтын көзқарас. Интернационализм қоғамдық дамудың объективті үрдісі мен қажеттіліктерін білдіреді, ұлттардың жақындасуына жәрдемдеседі, ұлтшылдыққа да, ұлттық нигилизмге де қарсы қойылады. И., кең мағынада, қандай да бір әлеуметтік және саяси күштердің, сондай-ақ мемлекеттердің түбегейлі мүдделерінің ортақтығына негізделген идеялар мен саясатты, олардың ортақ мақсатқа жету үшін бірлесе, ынтымақтаса қимылдауға дайындығын білдіреді.

Ұғым ретінде И. мынадай бірнеше мағынада қолданылады: ұлт жасақталуының тарихи үдерісіндегі көптеген аспектілердің атрибуттық ортақ сипаттарының бар екенін белгілеуші; бүкіләлемдік социумның дамуының ортақ заңдылықтары бойынша адами қоғамдардың күннен-күнге күшейіп келе жатқан өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігінің объективті үдерісінің бейнесі; халықтардың өмірінің түрлі жақтарындағы ортақтық, бірлік; ұлт үшін анағұрлым маңызды, мәнді, ұлттық нәрсеге анағұрлым тән, жеке алған бір ұлттың ешқайсысы қоса алмайтын жаңа құбылысты қосуға мүмкіндігі бар ұлттық қауымдастықтарда қайталанып отыратын құбылыс; дүниеге көзқарас

түзетін элемент ретінде жеке адамның іс-әрекеті мен мінез-құлқына ықпал ететін құбылыс.

И. социалистік И. тұсында тиісті маңызынан айрылды. Социалистік И. бойынша, бұл еңбекшілердің капиталистік құрылысты жойып, ұлттар мен халықтардың түпкі мүдделерінің ортақтығына сүйенетін коммунистік қоғам құру жолындағы халықаралық бірлігі ретінде түсіндірілді. Бұл идея халықаралық коммунистік қозғалыспен бірге өмірге келіп, алғаш рет осы қозғалыстың негізін салушылар К.Маркс пен Ф.Энгельс «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген ұран түрінде жария етті.

Адамзат дамуынң қазіргі тарихи кезеңінде И. мемлекеттер мен халықтардың халықаралық лаңкестікке, өңірлердегі қарулы қақтығыстарға, кедейшілік пен қанауға қарсы күресте күш біріктірулерінен, ғаламдық сипаты ортақ шешім жасауды қажет ететін экологиялық және басқа түйткілдерді бірлесе шешуден көрініс табады (қар. *Еуразиялық интеграция, Космополитизм, Ұлтшылдық, Ұлттық келісім, Ұлттық қауіпсіздік, Толеранттылық)*.

ИРРЕДЕНТА (итал. *irredenta* – босатылмаған, бөтен біреудің иелігінде, ор. *ирредента*, ағыл. *irredent)* – этностың осы мемлекеттің шегінде жұрттың аз бөлігін құрайтын, бірақ өздеріне жақын я өздерімен бірдей этнос басым көпшілігін құрап, ықшам тұратын мемлекеттің іргесіндегі бөлігі (қар. *Диаспора*). И. өз елінен тысқары жерде соғыс, аннексия, даулы шекара немесе отарлау үлгілері кешенінің салдарынан қалып қояды. И-ның негізгі ерекшелігі ішкі шоғырлану деңгейі салыстырмалы түрде төмен бола тұра, бұлардың саны көп болады. Қазіргі көпэтносты мемлекеттердің көбінде И. тарихи, саяси себептермен қалыптасқан. Көбінесе шекаралас, көрші көпэтносты мемлекеттерде өзара И. жиі болады. *Диаспора* сияқты, И. да өздерінің ортақтығын сақтау мен дамыту үшін де, көршілес көпшіліктерімен және/немесе басқа И-мен байланысын сақтау үшін де әлеуметтік институттар торабын құруға талпынады. Мұндайда өздерін сол аумақтың байырғы тұрғыны деп есептейтіндіктен И., әдетте, өз құқықтарына көпшіліктің үкіметінің қол сұғуын күйзеліспен қабылдайды. Ал егер кемсіту оқиғалары жүйелі түрде қайталанатын болса, И. ішінде этностық көпшіліктердің аумағына қосылуды көздейтін ағым, ирредентизм, пайда болады. Алайда экономикалық және басқа себептерге байланысты И. өз көпшіліктерінің аумағына қосылуға әрдайым талпына да бермейді (қар. *Диаспора)*.

- К -

КЕМСІТУШІЛІК /ДИСКРИМИНАЦИЯ/ (ЭТНИКАЛЫҚ, ҰЛТТЫҚ, НӘСІЛДІК) (ор. *дискриминация (этническая, национальная, расовая),* ағыл. *discrimination, ethnic, national, racial)* – этностық, ұлттық немесе белгісіне қа-

рай адамның құқықтары мен міндеттерінде болатын қисынсыз айырмашылық (құқыққа нұқсан келтіру немесе қосымша міндеттер жүктеу). Этностық кемсітушілік – дискриминацияның ең қатерлісі. Мұның салдарының қауіптілігі сондай, мемлекеттен, азаматтық қоғамның барлық институттарынан және азаматтардан идеология, құқық, сот, мемлекеттік басқару, көші-қон, еңбек, білім, тіл, мәдениет, тұрмыс салаларында, игілікті бөлу мен адамның қажеттіліктерін өтеу сияқты мәселелерде ерекше зейін қоюды, шешімді әрекеттер жасауды қажет етеді.

Қазақстан Республикасы К. қай түрін болса да тойтарады және заң алдында бүкіл адамдардың тең болуын конституциялық тұрғыдан бекіткен. ҚР Конституциясы 14-бабының 1- және 2-тармақтарына сәйкес «Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды». Сондай-ақ ҚР Конституциясының 5-бабының 3-тармағында, 20-бабының 3-тармағында, 39-бабының 2-тармағында К-ке қарсы бірқатар кепілдіктер берілген.

Қылмыстық заңнамада нәсілдік және ұлттық төзімсіздікке қатысты уәждермен қылмыс жасағаны мен құқық бұзғаны үшін жауапкершілік қарастырылған. Қылмыстық жауапкершілікті ауырлататын, жазаны күшейтетін жағдайға ұлттық, нәсілдік және діни уәждермен жек көру һәм жауласу жатады.

Мемлекеттік этносаясат қазақстандық этностардың бәрінің сақталуына және дамуына бағытталған қажет жағдайлардың бәрін жасаған. 1998 жылдың 29 маусымындағы №245 ҚР Заңы бойынша Қазақстан Нәсілдік кемсітушіліктің барлық түрін жою туралы Халықаралық конвенцияға қосылды. ҚР Президентінің 2008 жылдың 21 наурызындағы №558 Жарлығымен Халықаралық конвенция талаптарына орай Қазақстан Нәсілдің кемсітушілікті жою жөніндегі комитеттің құзыретін таныды.

2012 жылдың қазан айында БҰҰ Комитетіне Пакт талаптарының орындалғаны туралы Қазақстан Республикасы кезеңдік алтыншы және жетінші есептерін берді.

КОНФОРМИЗМ (кейінгі лат. *conformis* — сияқты, ұқсас, сәйкес, ор. *конформизм*, ағыл. *conformism*) – қазіргі әлеуметтік тәртіптерді, саяси режимдерді т.с.с. жайбарақат қабылдауды, көне салуды, бейімделе қалуды, қоғамда кең тараған жалпы көңіл-күймен, үстем пікірлермен келісе салуға дайын тұруды білдіретін моральдық-саяси және моральдық-психологиялық ұғым.

Конформизм іштей наразы бола тұра басым үрдістерге қарсы келмеушілік; әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайлардың бір қырларын сыннан өз бетінше шет қалдыру; өз пікірін білдіргісі келмеу; істелген әрекеттер үшін жеке жауапкершіліктен бас тарту; қоғам, партия, басшы, діни ұйым, патриар-

халды қауым, отбасы т.с.с. тарапынан болған кез келген талаптар мен ұйғарымдарға байыбына бармастан бағыну, еріп кету ретінде бағаланады (бұлайша бағыну ішкі сенім ғана емес, діл, дәстүрге де байланысты болуы мүмкін).

Конформизмнің фанатизммен, догматизммен, беделді ойға бас ұрумен асқындауы діни секталарға тән болып келеді де, өз тұғыры мен ұстанымының жоқтығын я олардың тұншықтырылғандығын, сондай-ақ түрлі күштердің, жағдайлардың, шарттардың қысымымен ол тұғыр мен ұстанымдардан бас тартқандықты байқатады. Мұндайда басым көпшіліктің пікірі, бедел, дәстүрлер т.с.с. қатты ықпал етуі мүмкін.

Конформизм көп жағдайда мемлекеттің халықты бақылауда ұстап тұру қажеттігінен келіп шығатын объективті мүддесіне сай келеді, тіпті, билік құрылымдарының сенімділік жөніндегі түсініктеріне лайық болып келеді. Сондықтан да бұл қоғамда тәрбие жүйесіне қызмет ететін үстем идеология, насихаттық қызмет, бұқаралық ақпарат құралдары тарапынан жиі орнатылатын әрі таратылатын құбылыстардың қатарына кіреді. Бұған бәрінен бұрын тоталитарлық тәртіптегі мемлекеттер бейім болады.

Жеке адамның мінез-құлығын басым көпшілік тарапынан болатын әлеуметтік нормалар мен талаптарға қатаң бағынуды ұйғаратын ұжымдық сананың қай түрі болсын шын мәнінде конформизмге жатады. Солай бола тұра, индивидуализмге табыну тән «азат әлемде» де пайымдардың біркелкілігі, қабылдау мен ойлаудың стереотиптілігі қалыпты норма болып табылады. Сыртқы плюрализміне қарамастан, қоғам өз мүшесіне «ойын ережесін», қолданым стандарттарын, өмір мәнерін таңып бағады. Оның үстіне, қазіргі ғаламдастыру, мәдениеттің бірыңғай интернационалдық түрлерін тарату кезінде Жер бетінің барлық жерінде конформизм іс жүзінде «бүкіл әлем осылай өмір сүреді» дейтін тұжырымнан көрінетін саналы стереотип ретінде ықпал етеді.

Кезінде А. де Токвиль «демократиялық деспотизм» жағдайында адамдар күн сайын өз бостандығының жаңа бір бөлігін мемлекетке құрбан етіп отыратынын байқаған болатын.

Әлеуметтік психологияда «конформизм» ұғымымен қатар «конформалылық» дейтін де ұғым бар, ол жеке адамның пікірлері мен мінез-құлқын топтың я оның көпшілігінің пікірлерімен, мінез-құлықтарымен келістірудің әмбебап механизмі және жеке адамның әлеуметтенуінің көрінісі ретінде немесе топтың мақсаттарына, құндылықтары мен нормаларына деген саналы қатынас негізінде өзіне белсенділікпен орын табу және нонконформалылықпен (негативизммен) бірге индивид пен топтың өзара қарым-қатынасының бір аспектісі ретінде түсінідіріледі.

Белгілі бір шамада топтың қысымын бұлайша конформистікпен қабылдауды референттік топқа енудің бірінші сатысы – бейімделу сатысындағы, жеке басы үшін қажет «аман болсақ, көппен бірдей болып көрінсек, болды» дейтін міндетті орындайтын көп адамның әрекеттерінен көруге болады. Конформизм, әсіресе, тоталитарлы қоғамдық құрылыста – жеке адам психологиялық

қысымнан ғана емес, нағыз репрессиялар мен тірлігіне төнетін қатерлерден қауіптеніп үстем, билеуші элита мен оған бағынышты көпшілікті қарама-қарсы қоюға қорқатын құрылыста айқын көрінеді.

Жеке тұлға деңгейінде конформизм әлеуметтік психология дәстүрінде конформалылық деп аталатын сипаттан жиі байқалады. Мұндайда жеке тұлға топтың нақты қысымына да, топ қысым жасайды дейтін долбарға да берілуге дайын тұрады, мұндайға ұмтылмайды деген күннің өзінде өз тұрғысын һәм көзқарасын өзгертуге, оларды көпшіліктің пікірімен үйлеспейді деп санап тұруға бейім болады. Мұндай «көнгіштік» бір жағдайларда өз тұрғыларын нақты қайта қараумен байланысты болса, екінші бір жағдайларда өзін мейлі шағын, мейлі үлкен топ болсын нақты бір қоғамдастыққа қарсы қойып, жағымсыз шараларға тіреліп, істің насырға шабуын болдырмауға сырт қылығымен ұмтылуына байланысты болатыны – түсінікті жағдай. Осыған орай, сыртқы және ішкі конформалылық деп бөліп айту дәстүрі бар (қар. *Ұлттық келісім, Ұлттық психология, Пассионарлық)*.

КОСМОПОЛИТИЗМ (грек. *cosmopolitis* — әлем азаматы, ор. *космополитизм*, ағыл. *cosmopolitanism*) – кез келген адамның тұтас адамзатқа тиесілігін сезінуін, басқа барлық әлеуметтік байланыстардан гөрі мұның үстем болуы керек екендігіне сендіретін әлемдік азаматтық идеологиясы. Ұлттық негіз, ұлттық мәдениет, патриотизм идеяларын қабыл алмайды, ал саясат саласында мемлекеттік және ұлттық егемендіктен, ұлттық мүдделер мен дәстүрлерден бас тартуды насихаттайды. К. негізінде әлемдік мемлекет немесе мемлекеттердің әлемдік федерациясын құру идеясы жатыр, міне, осы үшін мемлекеттік егемендіктен, этносқа және ұлтқа қатыстылықтан, мәдениет пен дәстүрден бас тарту керек деп санайды.

Бұрынғы өткен дәуірлерде пайда болған космполиттік идеялар қазіргі заманда да құлашын кеңге жайған. Космополитизм идеологтары ұлт-азаттық қозғалыстарға қарсы пікір айтып, ұлттық егемендік дегенді ескірген түсінік деп санайды. Қазіргі космополитизм ұлттық мәдениеттердің «индустриялық прогрестің жалпы тасқынында» іріп, сіңіп кетпей қоймайтынын уағыздауда.

Космополитизм арнасындағы ақыл-ойдың шалқуы әуел бастан қайшылықтан «жапа шегіп» келеді: оның идеологтары «өңіршілдік» тар қыспағынан еркін әмбебап көзқарас туралы айта тұра ғаламдық мәдениет жасауды жан сала жақтайды. Алайда бұған орай әмбебаптықтың сүйенетіні мәдениеттердің жақындасуының объективті үдерісі емес, ең бастысы, әлемнің барлық өңіріне американдық мәдениетті, кейбір ескертулермен еуропалық мәдениетті орнату. Космополиттік бағыт «неоглобализм» доктринасында бар. Бұл доктрина түрлі өңірлер мен мәдениеттердің ұлттық ерекшеліктерін елемей, ең жаңа бір әлеуметтік құрылымдар мен өркениеттік стандарттарды жасанды түрде орнатуды көздейді.

Космополитизмге қарама-қарсы интернационализм патриотизм, ұлттық сезімді теріске шығармай-ақ негізінен адамзаттық мүдделерді ұлттық мүдделермен сабақтастырады, сол себепті де оны космополитизммен ұқсастырып теңестіруге болмайды. Интернационализм қоғамдық өмірді жаһандастыруға объективті үдеріс ретінде қарайды. Дегенмен, ұлттық мәдениеттерді интернационалдандырудың болашағы ұзаққа созылмақ, бұл ұлттық ерекшеліктер мен дәстүрлерді шығарып тастауды емес, олардың құнды әлеуетін бүкіл адамзаттың терең де дәйекті түрде меңгеруін көздейді (қар. *Мемлекеттік сәйкестілік, Интернационализм, Ұлттық егемендік, Патриотизм*).

КӨПТІЛДІЛІК *(*ор. *мультилингвизм, многоязычие,* ағыл. *multilingualism,* лат. *multum* көп + *lingua* тіл) – осымен бірдей: мультилингвизм; дара адамның я қоғамның екіден көп тілді пайдалануы (қар. *Билингвизм, Қостілділік*).

КСЕНОФОБИЯ (грек. *xanos* – бөтен + *phobos* – қорқыныш, ор. *ксенофобия* (бейтаныс адамдардан, биіктіктен қорқушылық), ағыл. *xenophobia)* – бейтаныс адамдардан қорқудың меңдеуі, бөтендерден қорқу; басқа дін, мәдениет, ұлтты, жатжерліктерді, басқа аймақ өкілдерін, сонымен бірге бейтаныс, бөтен, кез келген үйреншікті емес зат я құбылысты жақтырмау, жек көру, оған төзбеу, өшігу. Этноәлеуметтанудағы ксенофобия – өз этностық бірлестігін өзгеше деп танумен, басқа қауымдастықтарға дұшпандық көзқараспен байланысты психология, идеология және әлеуметтік тәжірибе.

Әдетте, ксенофобия адам меңгерген этноцентризм бағдарлары мен жалған сеніміне, иланып қалған этнонәсілдік стереотиптеріне байланысты пайда болады. Ксенофобияның әлеуметтік негізі – өз қауіпсіздігі үшін өзімшілдік қорқыныш тудыратын бәсекелестік, тіршілік етудің тұрақсыздығы, өмір сүру жағдайларының жетіспеушілігі. Осыдан келіп адам өзін-өзі сақтауға түйсігімен талпынатын болады. Барлық бақытсыздықтың себептерін өзінен таппай, оны қандай да бір шеттен келгендердің, жат жерліктердің, басқа ұлт өкілдерінің тіміскі әрекеттерінен іздеу ксенофобияның психологиялық көзі болып табылады. «Бөліп ал да билей бер» саясатын жүзеге асыру үшін социумнан сырт тұратын саяси топтардың жасанды түрде ксенофобияға арандатуы – жиі кездесетін жайт.

Алайда, ксенофобия рудың, тайпаның, халықтың, ұлттың өз салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, мәдениетін жат әсерлерден қорғауға табиғи талпынысы, қорғаныш реакциясы екенін де ескерген жөн. Тарихта жатжерліктердің мұндай әсер-әрекеттерінің ушыққан кезі көп болған, басқыншылықты көздейтін топтар мен елдер қандай да бір халықтың өзіндік ерекшелігін жою мақсатындағы, кемсіту және геноцидтік мақсаттағы жымысқы әрекеттерін іске асырып отырған.

Бір этностық қауымдастықтың өз ішінен, тысқары тараптан болатын екіжақты ықпалдан пайда болатын ксенофобияға ортақ мәдениеті мен санасы,

интернационалистік сезімі, басқа топтар мен индивидтерге төзімділігі бар, сол қауымдастық сипаттарынан өзгеше белгілердің кешеніне ие адамдар мен қоғамдастықтар қарсы тұра алады. Өшпенділік пен қорқыныштың кешені ретінде ксенофобия көбіне оқшау тұратын этностарға, сонымен бірге ұзақ уқыт бойы басқа халықтар мен мемлекеттік бірлестіктердің тарапынан ұлттық қысым, агрессиялық әрекеттер көрген шағын халықтар мен этностық топтарға тән. Бірақ шовинизмнің бір түрі ретіндегі ксенофобия ірі ұлт тарапынан басқа шағын халықтарға қатысты көбірек орын алуы мүмкін *(*қар. *Антисемитизм, Мигрантофобия, Толеранттылық, Этностық стереотиптер*).

КІШІ ОТАН (ор. *малая родина,* ағыл. *small homeland)* – 1. Адамдардың шағын тобының шағын, бастапқы тарихи отаны (қар. *Отан, Тарихи отан*). 2. Этностық жағынан өзгеше жұрт қоныстанған және жекелеген себептерге байланысты салыстырмалы түрде алғанда басқа елдерден оңаша тұрған аумақ. Дүние жүзінің көптеген елінде белгілі бір этностар қоныстанған, көлемі шағын *Этностық анклавтар* сақталып отыр (мысалы, Испаниядағы баскілер). Мұндай анклавтардың жұртының көбінесе өзіндік мәдени ерекшеліктері болады. 3. Жеке адамның туған және адам болып қалыптасқан жері.

К.о. маңызды құрамдас бөлігі – онда тірлік ететін адамдардың қоғамдастығы түзетін әлеуметтік орта болып табылады. Осы әлеуметтік ортада адамның сөйлеу тілі, жүріс-тұрыс мәнері, мінезі қалыптасады. Адамның жеке басының сапалары өзінің К.о. өмір сүретін адамдардың ділі, мәдениетімен өлшенеді. Бұл ықпалдың сипаты өмір шарты сияқты ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отырады да өркениеттің жалпы дамуының әсерімен өзгереді. Осыған орай жерлестердің әр түрлі ұрпағында К.о. табиғи бейнесін қайталанбас түрінде қабылдаудың бірдейлігі сақталып отырады, бірақ өз болмысы туралы әр түрлі әсерлер қалыптасады (қар. *Отан, Тарихи отан)*.

- Қ -

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕЛ БІРЛІГІ ДОКТРИНАСЫ (лат. *doktrina* сөзі – ілім, ғылыми немесе философиялық, саяси, діни немесе құқықтық теория, көзқарастар жүйесі, жетекшілік ететін теориялық немесе саяси ұстаным. Доктриналар ұлттық немесе ұлттан үстем деңгейде жасалатын ресми түрде және білім салаларында жасалатын ғылыми түрде болуы мүмкін, ор. *Доктрина национального единства Казахстана*; ағыл. *The Doctrine of the National Unity of Kazakhstan*) – Қазақстан Республикасы дамуының жалпы контекстінде нышанды сипаты бар құжат. ҚЕБД Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқы Ассамблеясының XIV сессиясында берген тапсырмасы бойынша дайындалып, мемлекеттік этносаясаттың осынау терең де әлеуеті сарқылмас факторды іске асыруға арналған стратегиялық құжатына айналды.

ҚЕБД – әр адамның әлеуетін қоғам дамуының игілігіне жұмсауға шақыратын жұмылдырушы құжат. Осындай құжаттардың, олардың идеяларының социумға орасан зор әсері жөнінде мысалдар жетерлік.

Кейбір елдерде идеологиялық әсерінің күші жағынан алғанда доктриналармен басқа саяси-құқықтық ресурстар теңесе алмайды. Оған айқын мысал ретінде Конфуцийдың, Монроның және т.б. доктриналарын келтіруге болады. Сондықтан ҚЕБД көрсетілген ережелердің өзектілігі мен құқықтылығы ұлттық мемлекеттер құрудағы әлемдік тарихи тәжірибемен тұжырымдалған. Ұлттар-мемлекеттердің даму тарихында доктринаның тылсым сыры (феномені) адам факторы ықпалының өсуі, руханият пен мәдениетаралық үнқатысудың маңызының артуына байланысты қоғам дамуының күшті тетігі ретінде көрініс береді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі ұсынған ҚЕБД-ны Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы – Қазақстан Республикасының Президенті 2010 жылы (сәуірде) Қазақстан халықтарының бірлігі күні қарсаңында мақұлдады. Доктрина ұлттық этносаясаттың жаңа мақсаттары мен міндеттерін айқындап берді. Н.Ә.Назарбаевтың айтуы бойынша: «бұл этносаралық және конфессияаралық қатынастардың барлық кешені бойынша іс-әрекеттердің тұтас бағдарламасы және әрбір қазақстандық саясаткердің «үстел үстіндегі кітабы» болуға, әр депутат пен басқарушы, ғалым мен журналист басшылыққа алуға бағытталған».

ҚЕБД, ең алдымен, өкіметке, ұлттық саясатты жүргізуге жауапты мемлекеттік органдарға арналған. Екінші жағынан, Қазақстанның әрбір азаматына арналған, әрбір жеке тұлғаға бағытталған.

ҚЕБД әдіснамалық негізі: бірінші – біздің ұғымымызда ел бірлігі деген не? Әр мемлекетте ел бірлігінің өз негізі бар. Біреулер үшін бұл тек діни фактор, олар үшін тек дін ғана өзгермейтін, халықты мұратына жеткізетін күш. Басқа біреулер біртұтас мемлекет құру арқылы ұлттық бірлікке жетуді жақтайды. Осы себепті доктринада «әралуандықтағы бірлік» біздің ортақ жетістігімізге, Қазақстанның символына айналғаны және елдің нәтижелі әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси дамуының кепілі және негізі болғаны атап өтілген; екінші мәселе – бізге ел бірлігін күшейту не үшін қажет? Бұл туралы Доктринаны қорытындылау және жетілдіру бойынша қоғамдық комиссия мүшелері: «Доктринаның басты идеясы – тәуелсіздікті нығайту. Ал бұл бүкіл Қазақстан халқының бірлігі болса ғана мүмкін». «Енді біз нақты шоғырлану мен шынайы жақындасу жолына түсуіміз керек. Азаматтарының мақсаты мен бағыты әртүрлі мемлекет өмір сүруге бейімсіз» деп ықшам түрде айтып өткен; үшінші мәселе – ел бірлігінің негізі қандай? Доктринада тәуелсіздікті сақтау мен мемлекеттілікті нығайту, мүмкіндіктер теңдігі мен азаматтардың құқықтарын және бостандықтарын қорғау, зияткерлік ұлт құрау мен ұлттық рухты дамыту ел бірлігінің іргетасы деп көрсетілген.

ҚЕБД негізін құрайтын қағидаттар:

I. «Бір ел – бір тағдыр» - әр азаматтың өзінің ортақ тағдыры мен Отанының – Қазақстан Республикасының – ортақ екенін ұғыну

II. «Тегі басқа – теңдігі бір» этностық, болмаса басқа да шыққан тегіне, діни ұстанымына және әлеуметтік жағдайына қарамай барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру;

III. «Ұлт рухын дамыту» – біріктіруші және бекітуші бастау ретінде Ұлт Рухын нығайту және дамыту. Біздің Ұлттық Рухымызды көтеру үшін негізгі басымдықтар мыналар: дәстүр мен отансүйгіштік рухы, жаңару рухы, жарыс пен жеңіс рухы.

ҚЕБД тиімді жүзеге асыру мақсатында ел бірлігін одан ары нығайту үшін құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, саяси, мемлекеттік басқару шараларының бірыңғай жүйесін құруға бағытталған ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы № 468 Жарлығы қабылданды (қар. *ҚР Президентінің Жолдауы, Ұлттық идея, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы*).

ҚАЗАҚСТАН ТІЛДЕРІ *(*ор. *языки Казахстана,* ағыл. *languages of Kazakhstan)* - Қазақстан аумағында 117 тіл бар (2009), бұлардың қатарында қазақ тілі – Қазақстанның *Мемлекеттік тілі, Автохтондық тілі, Титулды тілі,* ал орыс тілі, Қазақстан Республикасы Конституциясы 7-бабының 2) тармағы бойынша, «қазақ тілімен ресми түрде тең қолданылатын» тіл, диаспоралар тілі, иммигранттық тілі бар.

Генеологиялық жіктеуге сәйкес, Қазақстан тілдері әлем тілдерінің аса ірі семьялары мен макросемьяларына жататын сегіз генетикалық топ пен кіші топтарға бөлінеді, олар: алтай тілдері, үнді-еуропа тілдері, орал тілдері, қытай-тибет тілдері, иберий-кавказ тілдері, семит-хамит (афразия) тілдері, палеоазия (чукот-коряк, чукот-камчат) тілдері, аустроазия тілдері.

Алтай тілдерінің ішінде мынадай топтар бар:

-түркі тілдері – әзірбайжан, алтай, башқұрт, гагауз, долған, қазақ, қарайым, қарақалпақ, қарашай-балқар, қырым татарлары, құмық, қырғыз, ноғай, татар, тофалар, тыба, түрік, түркімен, өзбек, ұйғыр, хақас, чуваш, шор, саха (якут) тілдері;

- монғол тілдері – бурят, қалмақ, монғол (қалқа монғол) тілдері;

- тұңғыс-мәнжүр тілдері – нанай, негидал, орок, ороч, удэге, улч, эвенк, эвен тілдері;

- оқшауланған тілдер – корей, жапон тілдері.

Үндіеуропалық семьяда мынадай топтар бар:

- славян тілдері – белорус, болгар, поляк, орыс, серб, словак, украин, хорват, чех тілдері;

- балтық тілдері – латыш, литва тілдері;

- герман тілдері – ағылшын, идиш, неміс, нидерланд, швед тілдері;

- үнді тілдері – урду, хинди, цыган тілдері;

- иран тілдері – белудж, күрді, осетин, парсы, пушту, рушан, тәжік, талыш, тат, шугнан тілдері;

- роман тілдері – испан, италян, молдаван, румын, француз тілдері;

- оқшауланған тілдер – албан, армян, грек тілдері.

Орал тілдерінің семьясында мынадай топтар бар:

- фин-угор тілдері – венгер, вепс, ижор, карел, коми-зырян, коми-пермяк, лив, манси, таулық мари, жайылымдық мари, мордвалық мокша, мордвалық эрзя, саам, удмурт, фин, ханты, эстон тілдері;

- самоди тілдері – нганасан, ненец, селькуп, энец тілдері.

Қытай-тибет тілдерінің семьясында – дүнген, ханзу тілдері бар.

Иберий-кавказ тілдерінің семьясында мынадай топтар бар:

- абхаз-адыгей тілдері – абазин, абхаз, адыгей (кях), кабарда-шеркес тілдері;

- картвель тілдері – грузин тілі;

- нах-дағыстан тілдері – авар, агул, дарғын, ұңғыш, лак, лезгин, рутул, табасаран, удин, цахур, шешен тілдері.

Семит-хамит (афразия) семьясында мынадай тілдер бар:

- араб, ассирия (жаңа сириялық тіл), иврит тілдері.

Палеоазиялық тілдер семьясында мынадай топтар бар:

- чукот-камчат тілдері – ительмен, коряк, чукот тілдері;

- эскимос-алеут тілдері – алеут, эскимос тілдері;

- юкагир-чуван тілдері - чуван, юкагир тілдері;

- кет-асан тілдері – кет тілі;

- оқшауланған тілдерден – нивх тілі.

Аустроазия семьясына вьетнам тілі кіреді.

Қазақстан тілдерінің арасында тіл типтерінің төртеуі де бар: агглютинативті (жалғамалы) типке Қазақстан тілдерінің алтай, орал, палеоазия, иберий-кавказ текті тілдері; флективті типке үнді-еуропа тілдері; оқшаулануды-рушы типке қытай-тибет, аустроазия тілдері; инкорпоративтік типке палеоазия текті тілдер жатады.

Референтті этностардың саны бойынша Қазақстан тілдері былайша көрініс береді: I. Миллиондық тілдер, яғни сөйлейтіндер саны миллионнан астам тілдер, мұндай тілдер – қазақ және орыс тілдері. II. Сөйлеушілерінің саны жүз мың, одан астам тілдер, мұндай тілдерге белорус, неміс, татар, өзбек, ұйғыр, украин тілдері жатады. III. Сөйлеушілерінің саны елу мыңнан астам – әзірбайжан, корей, түрік тілдері. IV. Сөйлеушілерінің саны он мыңнан асатын – армян, башқұрт, грек, дүнген, ұңғыш, күрд, қырғыз, молдаван, мордва (мокша, эрзя), поляк, тәжік, шешен, чуваш және басқа тілдер. V. Сөйлеушілерінің саны мыңнан асатын – авар, болгар, грузин, иврит, идиш, қарақалпақ, қарашай-балқар, қырым татарлары, латыш, лезгин, литва, мари (жайылымдық, таулық), осетин, парсы, түркімен, удмурт, цыган, эстон т.б. тілдері. VI. Сөйлеушілерінің саны бес жүзден астам – бурят, гагауз, дарғын, қалмақ, коми-пер

мяк, құмық, лак, моңғол, румын, талыш, фин, чех т.б. тілдері. VII. Сөйлеушілерінің саны жүзден астам – абхаз, агул, адыгей, алтай, ассирия, венгер, карел, коми-зырян, ноғай, рутул, табасаран, удин, хақас, чуван, шор, саха (якут) т.б. тілдері. VIII. Сөйлеушілерінің саны оннан асатын – абаза, албан, белудж, вепс, долған, ижор, кабарда-шеркес, қарайым, коряк, нанай, ненец, рушан, словак, тат, тофалар, тыба, удэгей, ханты, хорват, цахур, чукот, швед, шугнан, эвенк, эвен, жапон т.б. тілдері. IX. Сөйлеушілерінің саны онға жетпейтін – алеут, ительмен, кет, лив, манси, негидал, нивх, ороч, саам, селькуп, серб, ульч, энец, юкагир т.б. тілдері.

Қазақстан тілдерінің мәртебесі қазақ тілімен (мемлекеттік тілмен) қатынасына қарай белгіленген. Қазақстан тілдеріне қатысты тілдік саясат пен тілді жопсарлау істері бірқатар мемлекеттік құжаттармен және актілермен реттелген (қар. *Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, Әлем тілдері, Тілдік ахуал, Тілдік заңнама*).

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТІЛ ТУРАЛЫ ЗАҢНАМА (ор. *Законодательство о языках в Казахстане,* ағыл. *The legislation on languages in Kazakhstan)* – Қ.Т.З. 1998 жылғы 24 наурыздағы «Нормативті құқықтық актілер туралы» ҚР Заңында белгіленген тәртіппен қабылданған, тілдерді қолдану мен дамытуға қатысты нормативті құқықтық кесімдердің жиынтығы. Бұл заңнамаға ҚР Конституциясы да жатады, атап айтқанда, оның қазақ тілінің мемлекеттік тіл деп танылатыны, орыс тілінің қазақ тілімен ресми түрде тең қолданылатыны, Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамытуға қамқорлық жасаудың мемлекетке жүктелетіні туралы қағидалары мен нормалары; ана тілін пайдалануға әркімнің де құқықтылығы мен тілдесім, тәрбие, оқыту мен шығармашылық тілін таңдауға еріктілігі, тілге байланысты кемсітушілікке тыйым салынатындығы т.б. туралы қағидалары мен нормаларының осы Заңнамаға қатысы бар. Қазақстанда тілдерді қолданудың құқықтық негіздерін, мемлекеттің оларды оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай жасауы жөніндегі міндеттерін белгілеу, ҚР-да қолданылатын тілдердің бәріне бірдей құрметпен қарауды қамтамасыз ету – 1997 жылы 11 шілдеде қабылданған №151 «Тіл туралы» ҚР Заңының тағайындалған міндеті. Тіл проблемасының ерекше өткірлігіне байланысты нақ осы Заңда, біріншіден, мемлекеттік органдарда жергілікті өзін-өзі басқару органдарында (тілдерді қолдану, мемлекеттік органдардың актілерінің тілі, құжаттама жүргізу тілі, азамттардың өтінішіне жауап беру тілі, Қарулы күштер мен құқық қорғау органдарындағы тіл, әкімшілік құқық бұзушылық істерін жүргізу тілі, келісімдер тілі) тілді пайдалану ережелері; екіншіден, білім, ғылым, мәдениет және БАҚ салаларында тілдерді қолдануға қойылатын талаптар; үшіншіден, тілді елді мекендер атауында, жалқы есімдерде, көрнекі ақпаратта қолдану ережелері; төртіншіден, тілдерді құқықтық қорғау негіздері; бесіншіден, шет елдермен және халықаралық ұйымдармен қарым-қатынаста тілдерді пайдалану ережелері бекітілген.

Бұл Заңмен қатар Республика Президентінің, Өкіметінің, басқа да орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың кесімдері қолданылады. Бұл құжаттар арқылы мемлекеттік ұлттық саясатты іс жүзіне асыруға бағытталған тиісті мемлекеттік стратегиялар, тұжырымдамалар мен бағдарламалар, басқа да нормативті құқықтық кесімдер бекітіліп, жүзеге асырылады.

Мәселен, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2011 жылғы 28 ақпандағы №38 бұйрығымен тіл туралы ҚР заңнамасын қолдану аясында тәуекелге барудың дәрежесін бағалаудың межелеуіштері, тілдер туралы ҚР заңнамасын қолдану саласындағы тексеру парағының формалары бекітілді. ҚР Мәдениет және ақпарат министрі (2013 ж. 29 наурыздағы №70 бұйрық) мен ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары, ҚР өңірлік даму министрі (2013 ж. 29 наурыздағы №01-04-03/27 бұйрық) бірлесіп жеке кәсіпкерлік саласында реквизиттер мен көрнекі ақпаратты орналастыруды, тіл туралы ҚР заңнамасының сақталуын тексеретін парақтың формасын және тәуекелге бару дәрежесін бағалайтын межелеуіштерін бекітті.

Тілдерді қолдану саласының күрделілігіне байланысты ҚР Конституциялық кеңесі 1997 жылы 8 мамырда №10/2 «Қазақстан Республикасының Парламенті 1997 жылы 12 наурызда қабылдап, Қазақстан Республикасының Президентіне қол қоюға ұсынған Қазақстан Республикасы «Тіл туралы» Заңының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін анықтау жөнінде Қазақстан Республикасы Президентінің жүгінісі туралы» қаулы қабылдады. Аталмыш Заңның Конституцияға қайшы келетіндігі танылып, табылған қайшылықтар жойылды. Конституциялық бақылау органы заңдардың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндерінде алшақтыққа жол беруге болмайтыны жөнінде бірнеше рет пікір білдірді, мұндай алшақтықтардың болуы нормативті құқықтық кесімді конституциялық емес деп бағалауға негіз болады.

Конституциялық кеңестің пікірінше, Республикада мемлекеттік тілдің басым мәртебесіне, Қазақстан халқы тілдерінің қалыпты қолданылуына нормативтік-құқықтық жағдайлар жасалған, мемлекеттік ұйымдарда қазақ және орыс тілдерінің қолданылуын реттейтін заңнамалық тірек бар. Қазақ және орыс тілдерін қолдану саласында конституциялық талаптарды іс жүзінде бұзуға қатысты ұшырасып қалатын айғақтарды қажетті ұйымдық, материалдық және техникалық шаралар қабылдау жолымен түзеуге болады.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТІЛДІК АХУАЛ (ор. *языковая ситуация в Казахстане,* ағыл. *state of language in Kazakhstan)* - Қ.т.а. экзоглосты, теңдестірілмеген, диглосты және демографиялық жағынан тең емес сипаты бар. Қазақстан тегі жағынан және құрылымдық типі жағынан әр түрлі тілдерде сөйлейтін жұрты бар көптілді мемлекет болып саналады. Алайда, «атқаратын қызметтерінің көлемі жағынан этностық топтардың тілдерінің шамалары тең емес»

(«Қазақстан Республикасы тілдік саясатының тұжырымдамасы»), сондықтан коммуникативтік кеңістіктен тілдердің нақты орын алуы демографиялық және жұмсалымдық жағынан қуатты екі тілдің, қазақ және орыс тілдерінің, пайдасына шешіліп тұр, өйткені қостілді, үштілді қоғамдастықтардың көбі (ұйғыр, дүнген және кейбір басқа топтарды қоспағанда) шашыраңқы қоныстанған және олардың ұлттық-аумақтық құрылымдары жоқ. Қазіргі уақытта тілді мәртебесі тұрғысынан жоспарлау жүзеге асырылды, Қазақстанда қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейтетін жаңа тілдік ахуал заңдық жолмен жасалды, оны нормалау мен заманауиландыру жөніндегі іс-шаралар өткізілуде (қар. *Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, Мемлекеттік тіл, Қазақстан тілдері, Әлем тілдері, Тіл саясаты, Тілдік ахуал, Тілдік заңнама*).

ҚАУЫМДАСТЫҚ (ор. *общность*, ағыл. *community*) – қайталанбас дербестік беретін тілдік, этностық, мәдени т.б. белгілерге ие және тарихи қалыптасқан тұрақты әлеуметтік байланыстармен, қатынастармен біріккен адамдардың жиынтығы. Қ. мысалына ру, тайпа, отбасы, қауым, *Ұлыс, Ұлтты* жатқызуға болады (қар. *Этнос, Этностық топ, Тілдік ахуал)*.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ (ор. *народ Казахстана,* ағыл. *People of Kazakhstan)* – Қазақстан Республикасы азаматтарының қауымы, халықтың егемендік пен құрылтайшы биліктің иесі.

Қазақстанның көпұлтты халқы деген ұғым ел аумағын жай ғана мекен ететін жұрт деген түсінікпен шектелмейді. Қ.Х. – ҚР Конституциясында жарияланғандай, ортақ тарихи тағдыр *біріктірген*, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құрған, өздерін бейбітшіл азаматтық қауымдастық деп ұғынатын, еркіндік, теңдік пен татулық мұраттарына берілген, әлемдік қоғамдастықта лайықты орын алуды *қалайтын*, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілікті *сезінетін* қауымдастық. Барша қазақстандық таныған бұл асқақ мұраттар, үміттер мен ниеттер Қазақстан азаматтарының қауымын бірте-бірте көпұлтты және көпконфессионалды қауымға Біртұтас Ұлтқа топтастырып келеді.

Қ.Х. конституциялық-құқықтық қатынастардың негізгі субъектісі болып саналады.

Конституцияның 3-бабына сәйкес, Қ.Х., оның ерік-қалауы – мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы. Халықтың құрылтайшы билігі 1995 жылдың 30 тамызындағы республикалық референдумда ҚР Конституциясын қабылдауынан көрінді. Бұл Конституцияда қоғам мен мемлекеттің маңызды бастаулары көрініс тапты әрі заңды түрде бекітілді. Халықтың құрылтайшы билігі басқа да тағдырлы мәселелерді қабылдаудан да көрінеді.

Қ.Х. өз билігін республикалық референдум және еркін сайлау арқылы тікелей жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды халық мемле-

кеттік органдарға тапсырады. Қ.Х. атынан сөз айтып, әрекет ету Республика Президентіне, сондай-ақ конституциялық өкілеттілік шегінде Парламентке тиесілі. Мұндай өкілеттілік ешқандай саяси партияға да, діни бірлестікке де, азаматтардың жергілікті қоғамдастығына да берілмеген. Билікті ешкім иелене алмайды, билікті иеленіп алғандар заң бойынша қудаланады (*Қазақстан халқы Ассамблеясы*).

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ (ҚХА) (ор. *Ассамблея народа Казахстана*, ағыл. *the Assembly of People of Kazakhstan)* – Қазақстан Республикасының Президенті құрған және басқаратын конституциялық орган, этносаралық қатынастар мен қоғамдық келісімді жарастыруға арналған қоғамдық-саяси институт, мемлекеттік этносаясатты жүзеге асырудың шешуші құралы. ҚР Президентінің 1995 жылғы 1 наурыздағы Жарлығымен құрылды. 2007 жылға дейін «Қазақстан халықтарының Ассамблеясы» деп аталып келді.

Ассамблеяның құқықтық мәртебесі Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» арнаулы Заңымен, «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы ережемен», «Қазақстан халқы Ассамблеясының 2020 жылға дейінгі даму тұжырымдамасымен» белгіленген. Бұл құжаттарда жасақтау тәртібі, басқару құрылымы мен органдары реттелген, ҚХА мақсаттары, негізгі міндеттері, қызметінің бағыттары, өкілеттіктері; сондай-ақ мемлекеттік органдармен және қоғамдық бірлестіктермен ықпалдасуды ұйымдастыруының ерекшеліктері, этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік саясатты әзірлеу мен жүзеге асыруға қатысу механизмдері белгіленген.

Ассамблеяның жоғарғы органы жылына бір рет өткізілетін сессия болып табылады. Сессиялар арасындағы кезеңде ҚХА Кеңесі жұмыс істейді. ҚХА Төрағасы – ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев.

Ассамблеяның басты ерекшеліктерінің бірі – елдің жоғарғы заң шығарушы органы Парламентте Қазақстанның бүкіл этностарының мүдделеріне кепілді түрде өкілдік ету. Ассамблея Парламент Мәжілісіне 9 депутат сайлайды.

ҚХА-ның жұмыс органы – Президент Әкімшілігі құрылымының дербес бөлімі ретіндегі Ассамблея Хатшылығы. Маңызды қоғамдық, әлеуметтік және кеңесші органдар ретінде ҚХА құрылымына ҚХА ғылыми-сараптамалық кеңесі, Этносаралық мәселелер бойынша жетекші журналисттер мен сарапшылардың Қазақстан халқы ассамблеясы жанындағы клубы; «ҚХА қоры» қоғамдық қоры; «Тілдарын» тілдерді оқытудың инновациялық технологияларының әдістемелік орталығы; ҚХА кәсіпкерлер ассоциациясы, Бейбітшілік пен Достық академиясы.

Қазақстан халқы Ассамблеясы – мемлекеттік билік жүйесіне де қосылған институт әрі азаматтық қоғам. Мемлекеттік салаға қатысы Президентпен, әкімдермен, Президент Әкімшілігімен, өңірлердегі әкімдердің аппараттарымен, салалық атқарушы органдармен байланыстары арқылы жүзеге аса-

ды. Ал қоғамдық сипаты этномәдени бірлестіктерден және басқа қоғамдық маңызы бар құрылымдардан, азаматтық қоғам институттарынан көрінеді *(*қар. *Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі, Қазақстандағы этносаясат қағидаттары, ҚХА Төрағасы, ҚХА Хатшылығы, ҚХА кеңесі, ҚХА ғылыми-сараптамалық кеңесі).*

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ (2020 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ) ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ – (ор. *Концепция развития Ассамблеи народа Казахстана* (*до 2020 года*), ағыл. *the concept of development the Assembly of People of Kazakhstan (till 2020))* мемлекеттік этносаясатты жүзеге асыруға, ұлттық бірлікті қалыптастыруға, қоғамдық келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз етуге, этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік және азаматтық институттардың өзара іс-қимылын жандандыруға және осы өзара іс-қимылдың тетіктерін жетілдіруге, ең алдымен, Ассамблея институты арқылы қол жеткізуге бағытталған негізгі бағдарлар жүйесінің жиынтығы.

Негізгі қағидаттары: адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының басымдығы; халық пен мемлекет мүдделерінің басымдығы; Қазақстанның ұлттық бірлігі, егемендігі мен тұтастығы; нәсіліне, ұлтына, тіліне, дініне, наным-сеніміне немесе басқа да жағдайларға қарамастан адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының теңдігі; Ассамблея мүшелерінің оның құрамындағы тең құқылығы және өз қызметі үшін жеке жауапкершілігі; транспаренттік. **Мақсаты –** Ассамблея институтын бұдан әрі дамыту және оның елдің тәуелсіздігі мен мемлекеттігін нығайтудағы рөлін арттыру, патриотизм, қазақ халқы мен мемлекеттік тілдің топтастырушы рөлін арқау ете отырып, жалпы құндылықтар негізінде қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті қамтамасыз ету.

Негізгі міндеттері: 1) «Қазақстан - 2050» стратегиясын іске асырудың, күшті мемлекет, дамыған экономика және Жалпыға Ортақ Еңбек мүмкіндіктері негізінде берекелі Қоғам қалыптастырудың тиімді ресурсы ретінде этносаралық қатынастарды үйлестіру және қоғамдық келісімді нығайту; 2) этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының өзара тиімді іс-қимылын қамтамасыз ету арқылы ұлттық бірлікті қалыптастыру, этносаралық келісім мен қоғамдағы толеранттылықты нығайту үшін қолайлы жағдай жасау; 3) этностық мәдениеттерді, тілдер мен Қазақстан халқының дәстүрлерін одан әрі дамыту негізінде қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікке қол жеткізу үшін этномәдени және басқа да қоғамдық бірлестіктердің күш-жігерін біріктіру; 4) тарихи тәжірибеге және демократиялық нормаларға сүйенетін қазақстандық қоғамның негізгі құндылықтар жүйесін қалыптастыру, азаматтардың саяси-құқықтық, әлеуметтік-адамгершілік мәдениетін дамыту; 5) этностық мәдениеттерді, тілдер мен Қазақстан халқының дәстүрлерін дамыту; 6) шет елдерде тұратын қазақ ұлтының өкілдеріне ана тілі, мәдениеті мен ұлттық

дәстүрлерін сақтау және дамыту, тарихи Отанымен байланысты нығайту мәселелеріне қатысты қолдау көрсету; 7) халықаралық ұйымдар және шет елдердің азаматтық қоғам институттарымен интеграциялық байланыстарды кеңейту.

Осы міндеттерді іске асыру «Қазақстан-2050» стратегиясы, Президенттің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдаулары негізінде жүзеге асырылады.

Тұжырымдама Қазақстан халқы Ассамблеясының XX Сессиясында 2013 жылы қабылданды *(Қазақстан халқы Ассамблеясы)*.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ ЖАНЫНДАҒЫ ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӨНІНДЕГІ ЖЕТЕКШІ ЖУРНАЛИСТЕР МЕН САРАПШЫЛАР КЛУБЫ (мұнан ары - Клуб). (ор. *Клуб ведущих журналистов и экспертов по вопросам мэжэтнических отношений при Ассамблее народа Казахстана;* ағыл. *The club of leading journalists and experts on interethnic relations under the Assembly of People of Kazakhstan)* – Қазақстан халқы Ассамблеясы (мұнан былай - Ассамблея) жанында тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-сараптамалық және ақпараттық орган.

Клубтың негізгі міндеттері: 1) толеранттылықтың нығаюына, мемлекеттегі этносаралық және конфессияаралық келісімнің, азаматтық бірліктің, патриотизм мен рухани-мәдени ортақтықтың сақталуына жәрдемдесу; 2) этносаралық және конфессияаралық тақырыптағы мәселелерді жариялау ісіне журналистік этика қағидатын енгізу, ұстану және дамыту, сондай-ақ журналистер қоғамдастығында осы іске деген жауапкершілікті қалыптастыру; 3) БАҚ-та азаматтық сәйкестілік, патриотизм, этносаралық және конфессияаралық толеранттылық туралы материалдарды жариялау ауқымын кеңейту; 4) рухани-адамгершілік құндылықтар мен жалпыұлттық мұраттарды насихаттайтын және қоғамдық санада бекітетін жағымды ақпараттық өнімдерді (телехабар, шоу, фильмдер, роликтер, т.б. жарияланымдар) шығаруға ықпал ету; 5) журналистердің кәсіби шеберлігін арттыру, журналистердің кәсіби конкурстарын өткізуге қатысу, сондай-ақ Клуб мүшелерінің шетелдік және қазақстандық кәсіби конкурстарға қатысуын қамтамасыз ету; 6) этностық тақырыптарға қатысты ұғымдар мен терминдердің БАҚ-та қолданылуын реттеуге жәрдемдесу; 7) Клуб мүшелерінің бастамаларын, Клубтың өзінің және оның жекелеген мүшелерінің ақпараттық іс-шараларын қолдау (қар. *Қазақстан халқы Ассамблеясы*).

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ-САРАПШЫЛЫҚ КЕҢЕС (ҚХА ҒСК) (ор. *Научно-экспертный совет Ассамблеи народа Казахстана* (НЭС АНК), ағыл. *Scientific Expert Council under the Assembly of People of Kazakhstan)* – төрағадан, оның орынбасарларынан және (келісім бойынша) депутаттардан, ғалымдардан, тәуелсіз сарапшылардан, түрлі салалардың мамандарынан, этномәдени бірлестік-

тердің өкілдерінен және басқалардан тұратын, ҚХА құрылымында үнемі жұмыс істейтін консультациялық-талдау органы. Хатшылық – ҚХА ҒСК-нің ҒСК құзыретіндегі мәселелерді жедел шешу үшін құрылған жұмыс органы.

ҒСК өз қызметінде Конституцияны, ҚР «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңын, ҚР заңдары мен ҚР Президентінің актілерін, Ассамблея Хатшылығы туралы Ережесін, сонымен бірге 2009 жылдың 29-қаңтарындағы Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Ғылыми-сараптамалық кеңес туралы №1 Ережені басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 7 қыркүйектегі №149 Жарлығына сәйкес Ассамблея қызметін ғылыммен сүйемелдеу үшін Ғылыми-сараптамалық кеңес құрылды.

Ғылыми-сараптамалық кеңестің негізгі міндеттері:

1) Қазақстан Республикасындағы этносаяси, әлеуметтік-экономикалық және конфессиялық даму үрдісін кешенді сараптамалық бағалау, аталған үдерістердің елдегі және әлемдегі дамуына болжам жасау;

2) Ассамблея қызметін этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік этносаясаттың өзекті бағыттары бойынша ғылыми сараптамалық тұрғыдан сүйемелдеу;

3) этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру;

4) Ассамблеяның демократияны дамытуда, қазақстандық қоғамның тұтастығын нығайтуда, жалпыұлттық келісімге қол жеткізуде саяси және азаматтық институт ретіндегі рөлін күшейтуге жәрдемдесу.

Ғылыми-сараптамалық кеңес төрағадан, оның орынбасарларынан және Ғылыми-сараптамалық кеңес мүшелерінен тұрады.

Ғылыми-сараптамалық кеңестің төрағасы мен оның орынбасарлары Ғылыми-сараптамалық кеңес отырысында сайланады.

Ғылыми-сараптамалық кеңестің құрамына келісім бойынша Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, этномәдени бірлестіктердің, ғылыми және білім беру ұйымдарының өкілдері, сондай-ақ ғалымдар, тәуелсіз сарапшылар мен мамандар кіре алады.

Ғылыми-сараптамалық кеңес өз қызметіне, шетелдіктерді қоса алғанда, Ғылыми-сараптамалық кеңес мүшесі болып табылмайтын сарапшыларды тарта алады.

Ғылыми-сараптамалық кеңес төрағасының, оның орынбасарларының және Ғылыми-сараптамалық кеңес мүшелерінің міндетін атқару қоғамдық негізде жүзеге асырылады.

Ассамблеяның заңнамалық актілерді және басқа да бағдарламалық құжаттарды әзірлеуге, ақпараттық-насихаттық, сондай-ақ басқа да іс-шараларға қатысуын қамтамасыз ету мақсатында ақпараттық-насихаттық, сараптамалық, басқа да жұмыс топтары құрылуы мүмкін.

Ғылыми-сараптамалық кеңестің, комиссиялар мен жұмыс топтарының қызметін үйлестіру жұмыстарын ҚХА Хатшылығы жүзеге асырады. ҒСК жұмыс органы – ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерттеу жөніндегі орталығы (қар. *Этносаралық қатынастар саласындағы заңнама, ҚХА қызметі*).

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ КАФЕДРАЛАРЫ (ор. *кафедры Ассамблеи народа Казахстана*, ағыл. *Departments of the Assembly of People of Kazakhstan*) – Республиканың жоғарғы оқу орындарындағы ғылыми және білім беретін орталықтар. ҚХА-ның алғашқы кафедрасы 2013 жылы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ашылды. Кафедраның мақсаты – этносаясат саласымен байланысты пәндерді теориялық, әдіснамалық жағынан қамтамасыз ету, сондай-ақ этносаяси зерттеулердің әдіснамасын дамыту. Ал міндеттері – этносаясат менеджменті жүйесіндегі мемлекет институты мен мемлекеттік органдардың рөлін түсінуді қалыптастыру; оқу үдерісі шегінде этносаралық қатынастың мәдениеті мен әдебін қалыптастыру; этносаралық келісім мен толеранттылықтың функционалды қоғамдық құндылығын түсінуге сеп болу; этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісінің қағидаттарын іске қосу.

Кафедра жұмысының бағыттары – іргелі және қолданбалы зерттеулерді, оқу процесін әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету**.**

Пәндер мен нысандары: Қазақстан Республикасы қарекетінің маңызды қағидаты ретіндегі қоғамдық келісім, Қазақстан Республикасы қарекетінің маңызды қағидаты ретіндегі саяси тұрақтылық; Қазақстан Республикасындағы этносаяси менеджмент; құқықтық және институционалдық аспектілері, Қазақстандағы этносаралық және конфессияаралық қатынастарға ықпал ететін ішкі және сыртқы факторлар, этносаралық қақтығыстар және оларды реттеу амалдары, Қазақстандағы көпэтностық: тарих және қазіргі заман, Қазақстан Республикасы өмірінің конституциялық қағидаты ретіндегі қазақстандық патриотизм, толеранттылыққа тәрбиелеу жөніндегі интерактивтік білім беру бағдарламасы, мәдениетаралық коммуникация мен тілдесімнің психологиясы, Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі дін (қар. *Қазақстан халқы Ассамблеясы).*

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ (ор. - *Председатель Ассамблеи народа Казахстан,* ағыл. *Chairman of the Assembly of the People of Kazakhstan*) – Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы, Ассамблея кеңесін басқаратын және Ассамблеяның жұмысына жалпы басшылық жасайтын тұлға. Бұл лауазым тағайындалғаннан бері, оны Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев атқарып келеді, оған Ассамблеяға ғұмыр бойы басшылық жасау құқығы тиесілі. Төрағаның лауазымдық міндетіне Ассамблеяның бағдарламалық құжаттарын бекіту мен

олардың орындалуына тапсырмалар беру, бұқаралық ақпарат құралдары мен халықаралық ұйымдарда Ассамблея атынан үндеу мен мәлімдемелер жасау міндеттері жатады. Төрағаның үш орынбасары бар (олардың екеуі - этномәдени бірлестіктерден, 2008 жылдан бері алмастырмалық негізде сайланып отырады), төраға оларға өз өкілеттігінің бір бөлігінің құқығын бере алады.

«Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Қазақстан Республикасының 20.10.2008 күнгі №70-4 Заңында ҚХА Төрағасының өкілеттігі Қазақстан халқы Ассамблеясының мәртебесін, оның мемлекеттің ұлттық саясатын жүзеге асыруға, Қазақстан Республикасында қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге және этносаралық қатынастар саласында қоғамның мемлекеттік және азаматтық институттарының ықпалдастығының тиімділігін арттыруға бағытталған жұмысын ұйымдастыру мен қалыптастырудың ретін белгілейтін өкілеттік ретінде тағайындалған.

Төрағаның орынбасарлары төрағаның айрықша құзыретіне жатпайтын мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады: Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдар мен халықаралық ұйымдарда Ассамблея атынан әрекет етеді, сондай-ақ Ассамблея Төрағасының тапсырмасымен Қазақстан Республикасының мемлекттік органдар мен халықаралық ұйымдарда Ассамблея өкілі болады; қажетіне қарай Ассамблея Төрағасына істің жайы мен Ассамблеяның бағдарламалық құжаттарын іске асыру барысы туралы мағлұмат беріп тұрады (қар. *ҚР Тұңғыш Президенті, Қазақстан халқы Ассамблеясы, ҚХА Кеңесі).*

ҚАЗАҚСТАН ЭТНОСАЯСАТЫНЫҢ ҚАҒИДАТТАРЫ (ор. *Принципы казахстанской этнополитики*, ағыл. *Principles of Kazakhstan ethnopolitics) –* этносаралық келісімнің қазақстандық үлгісі жаңа әлеуметтік-экономикалық шарттар мен ақпараттық және коммуникативтік технологиялардың ықпалымен сәйкестіктің дүдәмалдануына қарсы әрекет болды.

ҚХА-ның 14-сессиясында (2008 ж.) Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев мемлекеттік саясаттың негізгі деген бес қағидатын жария етті, олар: этностық, діни, мәдени, тілдік әралуандық – біздің баға жетпес байлығымыз; Қазақстан этностарының мәдениеті мен тілін дамыту үшін мемлекет мақсатты түрде барлық жағдайды жасайды; ұлтымыздың маңызды құндылықтары – толеранттылық пен жауапкершілік; қазақ этносының ұйыстырушылық ролі; Қазақстан халқының бірлігі.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылдың 18 сәуіріндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының (2020 жылға дейінгі) даму Тұжырымдамасын бекіту туралы №552 Жарлығына сәйкес Тұжырымдама стратегиялық қатынаста сонымен бірге қазақстандық қоғамның әлеуметтік жаңаруының мақсаттарына – нақты айтқанда, қоғамды жаңа индустриалды-инновациялық экономика мен Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамы өміріне дайындау; Қазақстанның жеделдетілген экономикалық дамуы мен қоғам игіліктерін ауқымды

қамтамасыз ету арасында үйлесімді теңгерім табу; құқық, әділдік және әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарына негізделген әлеуметтік қатынастарды нығайту мақсаттарына – жауап береді.

Тұжырымдама мынадай қағидаттарға сүйенеді: 1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандығының басымдығы; 2) халық пен мемлекет мүдделерінің басымдығы; 3) Қазақстанның ұлттық бірлігі, егемендігі мен тұтастығы; 4) адам мен азаматтың нәсіліне, ұлтына, тіліне, дініне, наным-сеніміне немесе басқа да кез келген жағдайына қарамастан құқықтары мен бостандығының тең болуы; 5) Ассамблея мүшелерінің оның құрамындағы әрекеттерге келгенде тең құқылы және жеке жауапкершілікте болуы; 6) ашықтық (қар. *Қазақстан халқы Ассамблеясының (2020 жылға дейінгі) даму Тұжырымдамасы, Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі, Қазақстанның этносаралық қатынас саласындағы заңнамасы*).

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ (ор. *Уполномоченый по правам человека в РК*, ағыл. *Ombudsman of the Republic of Kazakhstan)* – мемлекет атынан адам құқықтарын қорғау қызметін атқаратын лауазымды тұлға (жалпы қолданыстағы синонимі – «омбудсмен»).

А.Қ.У. лауазымы ҚР Президентінің 2002 жылғы 19 қыркүйектегі №3947 Жарлығымен тағайындалған.

Қазақстанда А.Қ.У. адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына мониторинг жүргізетін, өзіне берілген құзырет шегінде адам мен азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдайтын лауазымды тұлға болып есептеледі. Өз қызметі арқылы А.Қ.У. адамның және азаматтың бостандығы мен құқықтарының қолданыстағы тәсілдерін толықтырады. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамаларына сәйкес, А.Қ.У. қызметі адам құқығын қорғайтын басқа мемлекеттік органдардың құзыретін шектемейді.

Осы лауазымға тағайындау мен босатудың тәртібі, қызметті жүзеге асырудың құзыреті мен тәртібі, белгілі бір жайтқа араласу әрекеттері, оның атына түскен өтініштерді қарау тәртібі Қазақстан Республикасындағы А.Қ.У. туралы ережемен ретке салынған.

А.Қ.У. жұмысын ақпараттық-талдау, ұйымдық-құқықтық т.б. жағынан қамтамасыз ету Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталыққа жүктелген. Бұл Орталық туралы ережені ҚР А.Қ.У. ұсынысымен ҚР Президенті бекітеді, ал Орталықтың басшысын қызметке ҚР А.Қ.У. тағайындайды және босатады (қар. *Адам құқықтарының декларациясы*).

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІНІҢ МӘЖІЛІСІ (ор. *Мажилис Парламента Республики Казахстан*, ағыл. *Mazhilis of the Parliament*

of the Republic of Kazakhstan) – Қазақстан Республикасы Парламентінің екі палатасының бірі («төменгі палата» деп те жиі айтылады).

Жүз жеті депутаттан құралады. Тоқсан сегіз депутат жалпыға ортақ, тең және тікелей сайлау құқығы негізінде, пропорционалды жүйе бойынша (партиялық тізім бойынша) жасырын дауыс беру жолымен сайланады. Ал тоғыз депутат ҚХА-дан сайланады. Жиырма бес жасқа жеткен адам Қ.Р.П.М. депутаты бола алады.

Қ.Р.П.М. Парламенттің өкілеттік, заң шығарушылық және бақылау қызметтерін жүзеге асыруда маңызы зор. Сайлаушылардың тікелей қалауымен Қ.Р.П.М. (тұтастай алғанда, Парламентте) партиялық көпшілік қалыптасады. Бұл көпшілік Үкіметпен бірге билік тармақтарына ортақ қарекеттердің бағдарламасын әзірлеп, жүзеге асыруға жауап береді. Сөйтіп, биліктің заң шығарушы және атқарушы тармақтарының арасында жұмыс жөнінде келісілген ортақ стратегия ретке салынады, қабылданған шешімдер үшін ортақ жауапкершілік орын алады.

Жалпыұлттық өкілдік палатасы ретінде Қ.Р.П.М. Республика Президентінің елдің Премьер-Министрін тағайындауына қатысу, Парламентке енгізілген заңдарды қабылдау, бұл жобаларды қарау, Үкіметке сенімсіздік білдіру, Палаталардың бірлескен мәжілісін ұйымдастыру т.с.с. ерекше өкілеттіліктер берілген.

Ұлттар арасындағы қатынастарға байланысты мүдделерді демократиялық жолмен айқындаудың ықпалды жолы ҚХА тікелей тоғыз депутат сайлауы болып есептеледі. Сайлау «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» конституциялық заңға сәйкес өткізіледі.

Жұмысты жүйеге келтіру үшін 21 Мәжіліс депутатынан тұратын ҚХА депутаттық тобы құрылған, топтың тірегі – ҚХА сайланған 9 депутат. Бұл депутаттық топтың жұмысы Мәжілістегі саяси партиялардың фракцияларымен, ҚХА Хатшылығымен, өңірлік ассамблеялармен тығыз байланыста жүргізіледі.

Депутаттар мынадай аса маңызды тұжырымдамалық құжаттарды даярлау үшін нақты жұмыстар жүргізді: Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігінің жиырма жылдығы декларациясы; Ұлттық бірлік доктринасы (2010 ж.); орта мерзімді болашақтаға 2020 жылғы дейін ҚХА дамуының стратегиясын онан ары жетілдірудің мемлекеттік бағдарламасы, Этномәдени білім беру тұжырымдамасының жаңа редакциясы; Достық үйлерінің тұжырымдамасы және басқа актілер. Заң шығаруға бастамашылық ету конституциялық құқығын пайдаланып Ассамблеядан сайланған депутаттар ҚХА туралы Заңды т.б. бірқатар заң жобаларын әзірлеу мәселесін іске қосты, 373 заң жобасын талқылау мен жетілдіруге жұмыс тобының мүшелері ретінде тікелей қатысты, көптеген заң жобаларына қатысты жұмыс топтарын басқарды.

IV шақырылымдағы Мәжілістің жұмыс кезеңінде ҚХА қалаулылары 185 депутаттық сұрау жолдады, өңірлерде 900-ден аса кездесу өткізіп оған 60 мыңнан аса адам қатысты. Аталмыш депутаттық топ Республиканың Премьер-Министріне 884 хат жолдап, бірқатар маңызды мәселелердің шешімін табудың орайын келтірді.

Депутаттық топ түрлі жосықтағы басқа да әр түрлі іс-шаралар – ғылыми-тәжірибелік конференциялар, дөңгелек үстелдер, өңірлерге барып өткізілген семинарлар – өткізіп отырады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІНІҢ СЕНАТЫ (ор. *Сенат Парламента Республики Казахстан,* ағыл. *Senate of the Parliament of the Republic of Kazakhstan)* – Қазақстан Республикасы Парламентіндегі екі палатаның бірі («жоғарғы палата» деп те жиі аталады). Сенаттың Парламенттің өкілдік, заң шығарушы және бақылау қызметтерін жүзеге асыратын айрықша маңызды рөлі бар.

Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатын әр облыстан, республикалық маңыздағы қаладан және Қазақстан астанасынан екі адамнан конституциялық заңмен бекітілген депутаттар құрайды. Олар дауыс берушілер алқасының жиналысында сайланады және дауыс берушілерге тиісті облыстардағы (республикалық маңыздағы қала мен астанадағы) барлық мәслихаттардың депутаттары жатады. Сенаторлар аймақтар мен мәслихаттардың өкілі, ал жалпы Сенат территориялық өкілдік палатасы болып табылады.

ҚР П.С. он бес депутатын Сенатты қоғамның ұлттық-мәдени және басқа да маңызды мүдделерін қорғайтын өкілеттікпен қамтамасыз ету қажеттігін ескере отырып Республика Президенті тағайындайды. Мұның өзі мемлекеттік ұлттық саясатты жүзеге асырудың бір тәсілі ретінде қабылданады.

ҚР Конституциясына сәйкес жасы отызға толған, жоғары білімі және кем дегенде бес жыл еңбек өтілі бар, тиісті облыс, республикалық маңызды қаланың тұрақты тұрғыны немесе астанада кемінде үш жыл тұрған тұлға Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты бола алады. Сенатта саяси партиялар фракциясы құрылмайды.

Мәжілісті тарату кезеңінде заңдарды қабылдайтынын қоса алғандағы конституциялық-құқықтық мәртебесі, өкілеттігінің ерекшеліктері, сондай-ақ депутат-сенаторлардың әлеуметтік және кәсіптік құрамы ҚР П.С. Парламенттің мәслихаттармен және аумақтармен байланысы жөніндегі, Парламенттің саясиландырылған шешімдерді шұғыл түрде қабылдауын ескерту жөніндегі, сондай-ақ заң шығару жұмысының сапасын жоғарылату жөніндегі миссияны тиімді орындауына мүмкіндік береді.

Тұтастай алғанда осы және басқа да объективті факторлар ҚР П.С., жалпы алғанда қоспалаталы Парламенттің, құрылуының біртұтас көпұлтты және көпконфессиялы Қазақстанның мақсатына сай екендігін көрсетеді.

ҚР Президенті Әкімшілігі ҚХА ХАТШЫЛЫҒЫ (ор. *Секретариат Ассамблея народа Казахстана Администрации Президента РК,* ағыл. *the secretariat of the APK*) – Ассамблеяның Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі құрамына енетін, қызметі Қазақстан Республикасының заңнамаларымен реттелетін жұмыс органы. Хатшылық меңгерушісі әрі Ассамблея төрағасының орынбасары болып та саналады. 2008 жылдың 20 қазандағы №70-IV Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» заңына сәйкес Ассамблея Аппараты (Хатшылық):

1. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құрамына кіретін, қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен регламенттелетін Ассамблеяның жұмыс органы болып табылады.

Аппаратты (Хатшылықты) сонымен бір мезгілде Ассамблея Төрағасының орынбасары болып табылатын Аппарат (Хатшылық) меңгерушісі басқарады.

3. Сессияның, Кеңестің шешімдері және Ассамблея Төрағасының тапсырмалары Аппараттың (Хатшылықтың) орындауы үшін міндетті болып табылады.

4. Аппараттың (Хатшылықтың) негізгі функциялары:

1) Ассамблеяның қызметін ұйымдастыру және қамтамасыз ету, оның ішінде Ассамблеяның қызметін сараптамалық-талдамалық және ақпараттық тұрғыдан қолдау;

2) елдегі этносаралық келісімге ықпал ететін халықаралық, республикалық және облыстық ғылыми-практикалық конференциялар, басқа да іс-шаралар мен акциялар өткізу;

3) мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, қоғамдық бірлестіктермен және шет елдердің осыған ұқсас құрылымдарымен, сондай-ақ халықаралық ұйымдармен Қазақстанның орнықты дамуын қамтамасыз етуге және Ассамблеяға жүктелген міндеттерді іске асыруға бағытталған өзара іс-қимыл жасау болып табылады.

Қазақстан Республикасының 2011 жылдың 7 қыркүйегіндегі №149 «Қазақстан халқы Ассамблеясы жөніндегі ереже туралы» Жарлығы Хатшылықтың мәртебесі мен өкілеттігін күшейтті.

Ереженің жаңа редакциясы бойынша Хатшылықтың міндеттері:

1) Ассамблеяның, оның Төрағасының және Кеңесінің қызметін қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің этносаралық қатынастар саласындағы өкілеттіктерін жүзеге асыруды қамтамасыз ету.

Хатшылықтың Қазақстан Республикасы Президентінің, сондай-ақ Ассамблеяның этносаралық қатынастар саласындағы өкілеттіктерін іске асыруды қамтамасыз ету бойынша өкілеттігі Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің ішкі актілерімен айқындалады.

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ассамблеялары өз қызметін жүзеге асыру кезінде Ассамблеяның алдында есеп береді және жауапты болады.

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ассамблеяларының құрылу тәртібі мен құқықтық мәртебесі «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен айқындалады.

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ассамблеяларының жұмыс органы әкім аппаратының құрылымына дербес құрылымдық бөлімше ретінде кіретін облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) ассамблеясының хатшылығы болып табылады.

Облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) ассамблеясы хатшылығын меңгеруші басқарады. Облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) ассамблеясы хатшылығының меңгерушісін тиісті әкім ҚР Президенті Әкімшілігінің ҚХА Хатшылығының келісімімен қызметке тағайындайды және қызметінен босатады.

Ассамблеяның міндеттері мен функцияларын іске асыруды қаматамыз ету мақсатында Хатшылық қажет болған жағдайда комиссия, оның ішінде басқа мемлекетік органдармен және ұйымдармен бірлесе отырып, құруы мүмкін (қар. *Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық моделі, Этносаралық қатынастар саласындағы Қазақстан заңнамалары, Қазақстандағы этносаясат принциптері, Қазақстан халқы Ассамблеясы, ҚХА Төрағасы, ҚХА Кеңесі, ҚХА-ның ғылыми-сараптамалық кеңесі*).

ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ (ор. *Послание Президента РК народу Казахстана,* ағыл. *Address of the President of the Republic of Kazakhstan to the nation of Kazakhstan)* – жалпы халық сайлаған Мемлекет басшысының мемлекеттік биліктің жалғыз бастауы халықпен тікелей тілдесуінің ҚР Конституциясында қарастырылған маңызды ұйымдық-құқықтық формасы. ҚР Негізгі Заңының 44-бабының 1- тармақшасына сәйкес, Республика Президенті «Қазақстан халқына елдегі жағдай мен Республиканың ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы жыл сайын жолдау арнайды». Жолдау ауызша я жазбаша пішімделуі мүмкін. Егер жолдау Парламент сессиясында жария етілсе, ол талқыланбайды, сұрақ та қойылмайды.

ҚР.П.Қ.Х.Ж. біріктіруші сипат болады, берілген тапсырмаларды орындау, мақсаттарға жету үшін биліктің қай тармағында екеніне қарамай мемлекеттік органдардың бәрі, азаматтық қоғам институттары түгелдей күш қосады.

ҚР Конституциясы күшіне енгеннен бері Ел Президенті Қазақстан халқына он сегіз рет жыл сайынғы жолдауын жыл сайын таратты.

Әр жолдаудың ерекше маңызын айтпағанда, елдің дәуірлік өзгерістерінен айрықша орын алатын екі жолдаудың қағидаттық маңызы бар.

«Қазақстан-2030». Барлық қазақстандықтың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» (1997 ж., қазан) Жолдауында Қазақстанның өзіндік жолы сызылып, стратегиялық мақсаттар мен міндеттердің болашағы ай-

қындалды. Бұл Жолдау халық пен биліктің күш-қайратын қосудың жоғары саяси жолының және осыған ұйымдастыратын бастаулардың маңызды құралы, дүниетанымдық темірқазығы болды. «Қазақстан - 2030» стратегиясын жүзеге асыру Қазақстан Республикасында үш түрлі заманауи жаңартуға қол жеткізді: мемлекет құру мен нарықтық экономикаға өту; әлеуметтік мемлекеттің негіздерін қалыптастыру және қоғамдық санадағы серпін.

«Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы 2012 жылы 14 желтоқсанда жарияланды. Жолдауда «Қазақстан - 2030» стратегиясының орындалған көрсеткіштерін жаңа кезеңде үйлесімді дамыту жолдары ұсынылып, ұлттың 2050 жылға дейінгі жаңа саяси бағыттары түйінделді. Мұндай дәуірлік Жолдауды жүзеге асыру 2050 жылға қарай басты мақсатқа жетуді, Қазақстанның әлемнің ең озық 30 елінің қатарына кіруін қамтамасыз етуге арналады.

Стратегиялардағы шешуші меже – мемлекеттің ұлттық саясатының бағыттарын анықтайтын қағидалар. 2012 жылғы Жолдауда осы тұрғыдағы қағидалар «Қазақстан - 2050» Стратегиясы – тез өзгеретін тарихи жағдайлардағы жаңа саяси бағыт» деген атпен III бөлімге енгізілген. Бұл бөлімнің жетінші тармағы «Жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыздың табысының негізі» деп аталады да, басқа тақырыптармен қоса мынадай тақырыптарды қамтиды: «1. Жаңа қазақстандық патриотизм», «2. Барлық этнос азаматтарының тең құқықтылығы», «3. Қазақ тілі және тілдердің үштұғырлығы», «4. Мәдениет, дәстүр және дербестік», «5. Ұлттық зиялы қауымның рөлі», «6. XXI ғасырдағы Қазақстандағы дін».

ҚР П. Қ.Х.Ж. қағидалары мемлекеттік жоспарлау жүйесінің, соның қатарында алдағы жоспарлы кезеңге бюджет қалыптастырудың құжаттарын әзірлеу мен түзетулер жасауға негіз болады (қар. *Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Ұлт Көшбасшысы*).

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ МЕН ҚОЛДАНУДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ (ор. *Государственная программа развития и функционирования языков в Республике Казахстан*, ағыл. *The government program of development and functioning of languages in the Republic of Kazakhstan)* – елімізде тілдердің қолданылуы мен дамуын мақсатқа сай және жоспарлы түрде жүзеге асыру үшін мемлекеттің қабылдаған құжаты. Мысалы, Қазақстан Республикасында осындай үш бағдарлама қабылданды: «Қазақстан Республикасында Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» (5 қазан 1998 ж.); «2001-2010 жж. Қазақстан Республикасында Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» (17 ақпан 2001 ж.); «2011-2020 жж. Қазақстан Республикасында Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» (29 маусым 2011 ж.);

«2001-2010 жж. Қазақстан Республикасында Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» он жылға бағытталған ұзақ мерзімді

бағдарлама болған, онда тіл құрылысының ұзақ мерзімді келешегінің стратегиялық мақсаттары мен міндеттері айқындалып, сондай-ақ оларды іске асырудың басты бағыттары мен тетіктері белгіленген, нақты әрекеттер қысқа мерзімді екі жылдық іс-шаралар жоспары түрінде әзірленген болатын: а) *Мемлекеттік тілдің* мемлекетті басқару тілі ретінде қолданылуын қамтамасыз ету (нормативтік құқықтық базасын жетілдіру; мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік тілді қызметтік міндеттерін орындауға қажетті деңгейде меңгеру үшін шаралар қолдану, барлық мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында мемлекеттік тілдің іс жүргізудегі негізгі тіл ретінде қолданылуын қамтамасыз ету; сот ісін жүргізуді, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс жүргізуді заңнамаларға сәйкес қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, сондай-ақ әскери және әскерилендірілген құрамдардың барлық түрінде мемлекеттік тілді қолдану шараларын қамтамасыз ету; іс жүргізуді мемлекеттік тілге көшірудің кестесін (нақты мерзімдер мен іс-шараларды көрсете отырып) белгілеу арқылы барлық мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында іс жүргізудің негізгі тілі ретінде мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету; халықаралық қызметте мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету; ә) Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік тілді меңгеруі үшін жағдай жасау; б) ғылыми-лингвистикалық зерттеулер мен олардың нәтижелерін нақты іске асыруды жеделдетуді жүзеге асыру жолымен қазіргі қазақ әдеби тілінің нормаларын бірыңғайлауды қамтамасыз ету (қазіргі қазақ әдеби тілінің сөзжасам үдерістерінің, оның ішінде терминжасам принциптерін ғылыми негізде жүйеге келтіру, қазақ тілінің толыққанды терминологиялық жүйесін енгізу; қазіргі қазақ тілінің тілге ортақ әдеби нормаларын жүйеге келтіру; қазақ тілінің фонологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ әліпбиі мен орфографиясын жетілдіру жөнінде шаралар қолдану; ономастика мәселелерін ғылыми тұрғыдан қамтамасыз ету); в) мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдары саласында мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету (кино және бейнеөнімдерді, оның ішінде анимациялық фильмдерді /аударма жұмыстарын қоса алғанда/ мемлекеттік тілде шығару мен тарату (телеарналардан көрсету) шараларының жүйесін ұйымдастыру; мәдениет, ғылым, көркем әдебиет пен өнердің әртүрлі саласында мемлекеттік тілде баспа өнімдерін шығаруды қамтамасыз ету; мәдени-көпшілік шараларды мемлекеттік тілде ұйымдастыру; мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған жұмысқа ақпараттық-насихаттық қолдау жасау; бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету және т.б.)

Үшінші «Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-ші және 93-баптарына; «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997

жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына; Қазақстан Республикасының тіл саясатына арналған тұжырымдамасына; мемлекет Елбасының Қазақстан халқына арналған «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауына сәйкес әзірленді. Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуы он жылға есептелген, мемлекеттік тілдің толық іске асырылу жағдайларын қамтамасыз ету жөніндегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттердің талабына сәйкес әзірленген, сондықтан бағдарламада елімізде жүргізіліп жатқан тіл құрылысының едәуір ықпалына түскен және тұрғындардың этнотілдік құрылымының елеулі шамада ілгерілеткен, қалыптасқан Тілдік ахуал жағдайы ескеріледі. Мемлекеттік бағдарлама тілдерді қолдану мен дамыту мәселелерін шешуді, мемлекеттік тілді еліміздегі саяси, экономикалық және мәдени өмірді шоғырландырушы және Қазақстан Республикасының мемлекеттік тұтастығы мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды элемент ретінде түсінуге негізделген қағидаттарды жүзеге асыруға жағдай жасауды ұйымдастыратын негіз болып табылады.

«Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілдерін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайтудың аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің кең ауқымды қолданысын қамтамасыз ететін үйлесімді тіл саясатын мақсат етеді.

2011-2020 жж. арналған Тілдерді қолдану және дамыту бағдарламасының мақсаты – «Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілдерін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайтудың аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің кең ауқымды қолданысын қамтамасыз ететін үйлесімді тіл саясаты», ол бағдарламада төрт мақсат түрінде көрініс тапқан:

1. Мемлекеттік тіл – ұлт бірлігінің басты факторы. 2. Мемлекеттік тілді көпшіліктің кеңінен қолдануына қол жеткізу. 3. Дамыған тіл мәдениеті – зиялы ұлттың әлеуеті. 4. Қазақстандықтардың лингвистикалық дәулетін арттыру.

Тіл саясаты табыстылығының өлшеуішінің *мақсаттық индикаторлары* бірінші рет аталды, олар: мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін меңгергендердің үлесі, БАҚ-та қазақтілді контенттің болуы, терминологиялық және ономастикалық қорлардың ретке келуі. Мемлекеттік бағдарламадағы белгіленген мақсаттар мен міндеттер әр үш кезеңге арнап мемлекеттік өкілетті орган әзірлеп, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен іс-шаралардың нақты Жоспары арқылы жүзеге асады. Тіл саясатының басты міндеттеріне сәйкес Мемлекеттік бағдарламада қарастырылған барлық іс-шаралар азаматтардың этнотілдік және мәдени мұқтаждары мен талаптарын толық қанағаттандыруға, елімізде ұлтаралық азаматтық келісімнің нығаюына ықпал етуге бағытталған. Жаңа мемлекеттік бағдарламаның басты бағыты – қоғамдық өмірдің барлық салаларында мемлекеттік тілдің қол-

данылуының тиімділігін арттыру. Бұл бағыт еліміздегі ықпалдастық (интеграциялық) үдерістердің дамуының негіздері ретінде мемлекеттік тілдің толық қолданылуын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды стратегиялық тұрғыдан әзірлеу мен жоспарлы түрде басқару арқылы жүзеге аса алады. Осылардың ішінде қазақ тілінің кодификаттануына ерекше басымдық беріледі, бұл іс жүйе мен узусты (тілдік дағдыны) нормалаумен, салалық терминдер жүйесін бірегейлендірумен, ономастикалық кеңістікті реттеу және кодификаттаумен, көрнекі ақпарат пен жарнама құралдарының ортологиясымен қамтамасыз етіледі (қар. *Қазақстан тілдері, Тілдік саясат, Тілді жоспарлау)*.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ – Елбасы (ор. *Первый Президент Республики Казахстан – Лидер нации,* ағыл. *The First President of the Republic of Kazakhstan- Leader of the Nation)* – Қ.Р.Т.П. - Ұ.К. қазақстандықтар алдында сіңірген тарихи еңбегіне деген құрметтің белгісі ретінде 2000 жылғы 20 шілдедегі №83-II «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы туралы» конституциялық заңмен Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа берілген халықтық құрметті лауазымдық атақ**.**

ҚР бұл конституциялық Заңында Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарының, әлеуметтік-экономикалық және демократиялық жаңарулардың сабақтастығын сақтау мақсатында елде жаңа тәуелсіз мемлекеттің негізін салушы, ұлттың бірлігін, Конституциялық қорғауды, адамның және азаматтың құқығы мен бостандығын қамтамасыз еткен Елбасы ретінде ҚР Тұңғыш Президентінің саяси және құқықтық мәртебесі белгіленген.

2000 жылы енгізілген «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті» 2010 жылы «Елбасы» деген айқындауыш сөзбен толықтырылды.

Конституциялық кеңестің 2000 жылы 3 шілдеде Мемлекет басшысының жүгінісі бойынша қабылданған № №16/2 «Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы» конституциялық Заңының Конституцияға сәйкестігі туралы» қаулысында бұл Заң ҚР Конституциясының талаптарына сәйкес деп танылды.

Жаңа мемлекеттер құрудың шетелдік тәжірибесімен, сондай-ақ дамыған демократиялық елдердің тәжірибесімен толық сәйкес келетін бұл шешім құрметтің ерекше белгісіне, жас елдер үшін анағұрлым күрделі кезеңдегі мемлекет басшысы лауазымындағы тұлғаларға саяси және әлеуметтік кепілдік беруге бағытталған конституцияшылдық үрдістерді нығайта түседі. Мемлекеттердің, бірінші болып басшыларының құрметіне мемориал-кесенелер салынған, мемлекеттік мерекелер арналған, елдердің ресми атауларына, валюталарға есімдері берілген, есімдері конституцияларға енгізілген тәжірибелер баршылық.

Құрметті атақтың «Елбасы» деген екінші бөлігінде объективті жайт нышандалған, бұл ұғым Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқын Біртұтас Ұлтқа бірте-бірте айналдыру жолында біріктіруге сіңірген нақты да орасан еңбегін көрсетеді. Бүгінге дейінгі бағыттар мен нақты әрекеттердің көбі Мемлекет басшысының мәртебесі мен функцияларының көпшілік-құқықтық негізінің, мемлекеттік хаттаманың шегінен тым тысқары тұр, ал мұндай мүмкіндік Республиканың Тұңғыш Президентінің ізбасарларына ешқашан осындай көлемде бұйырмайды.

Осы тұрғыдан қарағанда, Конституциялық кеңестің 2000 жылы 3 шілдедегі аталмыш №16/2 қаулысында алғаш рет қолданылған «Қазақстан халқының елбасы» деген тіркес көрнекті үлгі болып саналады (қар. *Конституция, ҚХА*).

ҚОҒАМДЫҚ ПІКІР (ор. *мнение общественное,* ағыл. *public opinion)* – 1. Болмыстағы нақты бір әлеуметтік я әлеуметтік-саяси ахуалдың проблемаларына, оқиғалары мен айғақтарына әлеуметтік қоғамдастықтардың, топтардың және жеке адамдардың жасырын не ашық, түрде, сөзбен я сөзсіз білдіретін қатынасы түйінделетін пікір. 2. Халықтың елеулі бөлігінің қандай да бір әлеуметтік проблема туралы пікірі. 3. Түрлі әлеуметтік топтардың өзекті әлеуметтік проблемалар туралы бұқаралық коммуникация құралдары арқылы білдіретін таласты пікірі.

Қ.п. негізгі ерекшелігі – адамдардың барлық пікірін емес, тек қарастырылатын жағдаймен байланысты пікірлерін ғана қамтуында. Бір жағдайдың нақты мәселелері бойынша Қ.п. басқа жағдайдағы Қ.п. түбегейлі өзгеше болуы мүмкін. Көпшілікке жарияланған пікір ғана қоғамдық бола алады, ал олай болмаған жағдайда ол тек жеке адамдардың жеке көзқарасы ғана болып қалады. Қ.п. анық болуы керек және белгілі бір уақыт кезеңінде сақталуы тиіс. Әлеуметтік бақылаушы ретінде Қ.п. үкімет шешімдерінің жүзеге асуына мүмкіндік жасап немесе оны тежеп, олардың қабылдану мен орындалуын қадағалап, оған жылдам ықпал ете алады. Сонымен қатар Қ.п. бір маңызды қызметі – экспрессивті қызметі, нақтылай айтқанда, қоғам өмірінің фактілері мен құбылыстарына қатысты қоғамның белгілі бір позициясын білдіруі. Өркениетті елдердің тәжірибесінде Қ.п. консультативтік қызметі кеңінен қолданылады, бұл жағдайда халық арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері қоғам мақұлдайтын қандай да бір проблемаларды шешудің әдістерін таңдау барысында пайдаланылады.

ҚОҒАМДЫҚ САНА (ор. *общественное сознание*, ағыл. *social conscience)* Г.В.Осиповтың айтуынша, түрлі әлеуметтік топтар, таптар, ұлттардың, тұтастай қоғамның мүдделерінің, түсініктерінің адамдардың рухани қарекетіндегі көрінісі. Кез келген социум өзінің шамасына, тұрақты беріктігіне және ықпалдастық дәрежесіне қарамастан қандай да Қ.с. иесі болады. Тарихи бол-

мыс адам ақылында көрініс беретіндіктен қоғамда көңіл-күй, идеология, әлеуметтік психология, ұлттық мінез т.б. тудырады. Ал бұлар өз кезегінде болмысқа ықпал етеді. Қ.с. мәдени қарекеттің негізі ретінде қызмет етеді де, социумға жататын әр адамның дара психологиясына әсер етеді. Қ.с. жекелеген адамдардың саналарының негізінен құралады, бірақ Қ.с. жай ғана жиынтық болмайды. Әрбір дара сана өзінше дербес, әрбір дара адам нақ осы дара сананың мазмұнына қарай бір-бірінен түбірлі түрде өзгеше болады. Сондықтан Қ.с. дара саналардың механикалық қосылысы бола аламайды, әрдайым сапасы жаңа құбылыс ретінде көрінеді, өйткені дара саналарды қамти алған көзқарастар мен сезімдер, идеялардың синтезі болып табылады. Қ.с. ішкі күрделі құрылымы бар, осы құрылымнан түрлі формалар, яғни болмысты зердемен және рухни игерудің тәсілдері айқындалып шығады, олар – саясат, құқық, мораль, философия, өнер, ғылым т.б. Адам зерделеп түсінетін әлеуметтік үдерістер қандай алуан түрлі болса, Қ.с. формалары да сондай әралуан болады.

ҚОС АЗАМАТТЫҒЫ БАРЛАР (ор. *бипатриды,* ағыл. *Bipatrides)* – Қ.А.Б. – бір мезгілде екі және одан да артық елдің (көп азаматтылық) азаматтығын алып жүрген адамдар. Азаматтығы жоқ адамдарды апатридтер деп атайды.

ҚР Конституциясының 10-бабының 3-тармағы бойынша, Республика азаматының басқа мемлекеттің азаматтығында болуы танылмайды.

ҚР Конституциялық кеңесінің 2003 жылғы 1 желтоқсандағы №12 «Қазақстан Республикасы Конституциясының 10-ыншы және 12-баптарын ресми түрде түсіндіру туралы» қаулысына сәйкес, ҚР Конституциясы 10-бабының 3-тармағындағы «Республика азаматының басқа мемлекеттің азаматтығында болуы танылмайды» деген норманы Қазақстанда көпазаматтық, соның қатарында қосазаматтық та қабылданбайды деп түсінген жөн. Бұл – шетелдік азамат бір мезгілде Қазақстан Республикасының азаматы бола алмайды деген сөз. «Республика азаматының басқа мемлекеттің азаматтығында болуы танылмайды» деген конституциялық қағида ҚР Конституциясы 10-бабының 3-тармағының мәнісінен келіп шығатын мынадай тетік арқылы қамтамасыз етіледі: егер Қазақстан Республикасының азаматы басқа мемлекеттің азаматтығын алса, онда оның Қазақстан Республикасындағы азаматтығы осы сәттен бастап сақталмайды; егер шетелдік адам басқа мемлекеттің азаматтығынан шықпай Қазақстанның азаматтығын алуы жарамсыз болып есепетеледі.

1991 жылғы 20 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының № 1017-XII «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңы 21-бабының 5) тармақшасында Қазақстан азаматтығын жоғалтуға негіздемелер қатарында басқа мемлекеттің азаматтығын қабылдау қарастырылған.

ҚОСТІЛДІЛІК (ор. *Двуязычие,* ағыл. *Bilingualism)* – осымен бірдей: *Билингвизм*; индивидтің/қоғамның екі не одан да көп тілдерді игеруі/ пайда-

лануы. Қостілділіктің бірнеше көрінісі бар: дара қостілділік – белгілі бір *Этностың* жеке мүшелерінің екі тілді білуі мен қолдануы және бұқаралық қостілділік – этнос көпшілігінің екі тілді білуі мен қолдануы; өңірлік қостілділік – елдің белгілі бір ауданының тұрғындарының екі тілді білуі мен қолдануы және ұлттық қостілділік – ел этносының екі тілді білуі мен қолдануы; табиғи қостілділік – осы тіл иелерінің тікелей өзара әрекеттесуі нәтижесінде екі тілді білуі мен қолдануы және жасанды қостілділік – екінші тілді үйрену үшін арнайы және әдейі жасалған жағдайлардың т.б. салдарынан екі тілді білуі мен қолдануы. Сонымен бірге Қ. мынадай түрлерге де ажыратылады: билингвте екі тіл жеке жүйе ретінде болған жағдайда үйлестірілген қостілділік (Ч.Осгуд, У.Вайнрайх, С.Эрвин және т.б.) немесе таза қостілділік (Л.В.Щерба); екі тіл бір жүйеге кіргендегі аралас қостілділік; субординативті (бағыныстық) қостілділік (У.Вайнрайх) – екінші тілді ерте кезеңде меңгеру, мұндайда оның бірліктері өзінің семантикалық базасымен қатынасқа түспей бірінші тілдің бірліктерімен өзара қатынаста болады. Қ. сондай-ақ қосымша қостілділік (билингв екінші тілді қолданғанда, бірінші тілге қатысты тілдік құзыретін жоғалтпайды) және орнын басатын қостілділік (билингв екінші тілді меңгерген сайын бірінші тілдің құзыретін жоғалта бастайды); функционалды (мәдени) қостілділік пен этностық қостілділік болып та жіктеледі. Жер бетіндегі бүкіл жұрттың шамамен жартысы қостілді екені анықталған. Кейбір елдер үшін қостілділік – сирек құбылыс (АҚШ, Франция, Ұлыбритания және т.б.), басқалары үшін бұл – норма (Үндістан, Батыс Африка, Таиланд, Папуа Жаңа Гвинея, Камерун және т.б.) (қар. *Автохтондық тіл, Ассимиляция, Мемлекеттік тіл, Конфликт, Жергілікті тіл, Ресми тіл, Тіл ассимиляциясы, Тілдік саясат, Тілдік ахуал, Тілді жоспарлау*).

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ КЕҢЕСІ (ор. *Совет АНК*, ағыл. *The Council of the Assembly of people of Kazakhstan)* сессиялар аралығындағы кезеңде Ассамблеяны басқаруды Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» заңына сәйкес Ассамблея Кеңесі жүзеге асырады және Кеңестің отырыстарын Кеңестің Төрағасы немесе Ассамблея Төрағасымен келісім бойынша Төраға орынбасарлары, Ассамблея Төрағасы шақырады.

Кеңестің жұмысына оның мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, ол заңды болып есептеледі. Кеңестің шешімі, егер отырысқа қатысып отырған Кеңес мүшелерінің кемінде үштен екісі оны жақтап дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

ҚХА Кеңесінің құзыреттілігіне мыналар кіреді: Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына Ассамблея сайлайтын кандидаттарды ұсыну; Ассамблея мүшелігіне кандидатураларды қарау; Қазақстан Республикасының Президентіне кезекті Сессияны шақыру және оның күн тәртібі туралы ұсыныстар енгізу; Ассамблея Аппаратының (Хатшылығы-

ның) жұмыс жоспарына ұсыныстар енгізу; сессияның ерекше құзыретіне жатпайтын өзге де шешімдер қабылдау.

Кеңес ҚХА-ның болашақтағы жұмысымен байланысты этносаралық қатынастар саласындағы өзекті мәселелерді қарастырады және оларды сессияда қарастыруға ұсыныс жасайды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысының қатысуымен өтеді және Кеңестің отырыстарын Кеңестің Төрағасы немесе Ассамблея Төрағасымен келісім бойынша Ассамблея Төрағасының орынбасарлары қажеттілігіне қарай, бірақ жарты жылдықта кемінде бір рет шақырады. Кеңестің этностық құрамы: әртүрлі этнос өкілдерінен 64 мүшесінен 24 мүше сайланады (қар. *Этносаралық қатынастар саласындағы Қазақстан заңнамалары, Қазақстандағы этносаясат принциптері, Қазақстан халқы Ассамблеясы, ҚХА Төрағасы, ҚХА Хатшылығы*).

Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы ҚР Заңы (ор. *Закон РК об ҚХА***,** ағыл. *the Law of RK «on APK»)*– 2008 жылы 20 қазанда қабылданған №70-IV «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» ҚР Заңы. Бұл Заңның қабылдануы ҚХА дамуы жаңа кезеңге қадам басқанын жария етті. Бұған жол ашқан – конституциялық реформа жасалған 2007 жылғы 21 мамырдағы «Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңда ҚХА-ға конституциялық мәртебе беріліп, ол 44-баптың 20-тармақшасында атап көрсетілді, ҚР Парламенті Мәжілісіне тоғыз депутат сайлау туралы ереже белгіленді.

1995-2008 жылдары ҚХА-ның ұйымдық және қызметтік мәселелерінің көбі Мемлекет басшысының жарлықтарымен бекітіліп әрі реттеліп отыратын.

ҚХА туралы ҚР Заңы, оның кіріспесінде жазылғандай, Ассамблеяның мәртебесін, қалыптастыру мен ұйымдық жұмысының тәртібін белгілейді; ҚХА қызметін мемлекеттік ұлттық саясатты жүргізуге, елдегі қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтауға, этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік және азаматтық институттардың әрекеттестігінің тиімділігін арттыруға бағыттайды.

Қ.Х.А.З. жиырма баптан құралатын үш тараудан тұрады («Жалпы ережелер», «Ассамблеяның құрылымы мен басқару органдары» және «Қызметті қаржыландыру»). Бұл Заңның маңызы ҚХА-ның институционалдық аспектілерін реттеумен ғана шектелмейді. ҚР Конституциясын дамыту үшін қабылданған бұл Заңның жалпы ережелері елде жүргізіліп отырған мемлекеттік ұлттық саясаттың негіздерін көрсетеді әрі бекітеді.

Мыс., 3-бапта: «Ассамблеяның мақсаты қазақ халқының топтастырушы рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде қазақстандық азаматтық бірдейлікті және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде Қа-

зақстан Республикасында этносаралық келісімді қамтамасыз ету болып табылады», - деп көрсетілген.

ҚХА негізгі міндеттеріне: этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, қоғамда этносаралық келісімді және толеранттықты одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдайлар жасау; халық бірлігін нығайту, қазақстандық қоғамның негіз қалаушы құндылықтары бойынша қоғамдық келісімді қолдау және дамыту; қоғамдағы экстремизмнің және радикализмнің көріністері мен адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына қысым жасауға бағытталған әрекеттерге қарсы тұруда мемлекеттік органдарға жәрдемдесу; азаматтардың демократиялық нормаларға сүйенетін саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыру; Ассамблеяның мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу үшін этномәдени және өзге де қоғамдық бірлестіктердің күш-жігерін біріктіруді қамтамасыз ету; Қазақстан халқының ұлттық мәдениетін, тілдері мен дәстүрлерін өркендету, сақтау және дамыту енгізілген (4-бап).

ҚХА қызметінің принциптеріне мыналар жатады: адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының басымдылығы; халық пен мемлекет мүдделерінің басымдылығы; нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге қатыстылығына, нанымдарына немесе кез келген өзге де жағдайларына қарамастан, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының теңдігі; Ассамблея мүшелерінің тең құқылығы және оның құрамындағы қызметі үшін дербес жауапкершілігі; жариялылық (5-бап).

ҚХА туралы Заңның қағидалары мен нормаларын дамыту, ҚХА міндеттерін орындау мен мақсаттарына жету үшін ҚР Президентінің 2011 жылғы 7 қыркүйектегі Жарлығымен ҚХА туралы жаңа Ереже, ал 2013 жылғы 18 сәуірдегі №552 Жарлығымен ҚХА дамуының (2020 жылға дейінгі) тұжырымдамасы бекітілді.

- Л -

ЛАҢКЕСТІК (лат. *terror – қорқыныш, үрей*, ор. *терроризм*, ағыл. *terrorism)* – лаңкестер мүддесі үшін әлдеқандай шешім қабылдауға немесе одан бас тартуға тікелей немесе жанама түрде ықпал ету мақсатында халықты немесе әлеуметтік топтарды үрейлендіруге бағытталған, ашық түрде жасалатын жалпыға бірдей қауіпті әрекеттер немесе осындай әрекеттер жасау қатері. Л. – *Экстремизмнің* шектен шыққан көрінісі, жекелеген адамға немесе адамдар тобына зақым келтіру үшін ұйымдасып зорлық-зомбылық жасау, қатер төндіру немесе күш пайдаланудың бір түрі. Лаңкестер, әдетте, алдарына әлдебір саяси немесе өзге мақсаттарын орындатуды көздейтін, адамдардың жақсы ұйымдасқан тобы болады. Л. көбінесе саяси мақсаттар үшін пайдаланылады.

Қылмыстық Л. те бар: билік орындарынан белгілі бір жеңілдіктерге қол жеткізу, билікті, халықты қорқыту т.б. мақсатында да қылмыстық элементтердің терроризм актілерін жасауы да кездеседі.

Л. саяси уәж жоғары, ал бұқараның қатысу деңгейі төмен болады. Л. әрекет жасауға бұқарадан қол үзген адамдардың шағын тобы қатысады (бұл – Л. ұлт-азаттық қозғалыстан, революциядан және басқа да бұқаралық саяси қозғалыстардан айырмашылығы).

Л. әрекеттер, әдетте, жай халыққа қарсы жұмсалады. Лаңкестер үшін «кінәсіз» деген ұғым болмайды. Террорлық күрес тұжырымдамасының меңзеуі бойынша, белгілі бір қоғамға, белгілі бір ұлтқа, дінге және т.б. қатыстылығына байланысты барша адам жаппай кінәлі бола алады. Л. акцияда құрбанға тікелей зақым келтіріп қана қоймайды, адамдардың қалың тобына қатер төндіріп, үрей туғызып ықпал ету көзделеді (қар. *Экстремизм, Радикализм)*.

ЛИНГВОНИМ (ор. *лингвоним,* лат. *lingua* - тіл + *onim* – атау, ағыл. *linguonym)* – Белгілі бір *Этностық қауымдастыққа, Этносқа, Халыққа*, әлеуметтік топқа т.с.с. қызмет көрсететін нақты *Тілдің, Этностық тілдің, Диаспора тілінің,* диалектінің, социолектінің атауы. Тарихи Л. (тілдің тарихтың әр кезеңіндегі атауы, мыс., көне орыс тілі, орта орыс тілі, қазіргі орыс тілі); жергілікті Л. (әр түрлі аймақтардағы тілдің атауы) болып екіге бөлінеді. Сонымен бірге Л. мынадай тармақтары да бар: а) тілдер тобы және макротілдер тобы атаулары (мыс., алтай тілдерінің тобы, нострат тілдері); б) тілдердің генетикалық немесе типологиялық топтарының атаулары (мыс., түркі тілдері, агглютинативті тілдер); в) креол тілдерінің, пиджиндердің, жасанды тілдердің және т.б. атауы (мыс., эсперанто, трасянка); г) шын мәніндегі тілдердің, диалектілердің және өзге тілдердің атаулары (қар. *Этноним, Тілдік қауымдастық*).

Л.Н.ГУМИЛЕВ ат. ЕҰУ-дың ЭТНОСТЫҚ ЖӘНЕ ДІНИ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ БОЙЫНША ЮНЕСКО КАФЕДРАСЫ (ор. *Кафедра ЮНЕСКО по этнической и религиозной толерантности ЕНУ им. Л.Н.Гумилева*, ағыл. *UNESCO department of ethnic and religious tolerance of ENU n.a. L.N.Gumilev*)– БҰҰ-ның Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі комитеті мен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті арасындағы Келісім негізінде 2013 жылы құрылды. Кафедраның мақсаты – этностық және діни толеранттылық саласындағы зерттеулердің, оқытудың, ақпараттандыру мен құжаттаудың кешенді жүйесін ұсыну. Бұл жоғары білікті, халықаралық деңгейде танылған зерттеушілер мен университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының, Қазақстанның және Еуропа мен Азия-Тынық мұхит өңірінің, дүние жүзінің басқа өңірлерінің осы сияқты мекемелерінің әріптестік жасауына жол ашады (қар. *Қазақстан халқы Ассамблеясы*).

- М -

МӘДЕНИ АССИМИЛЯЦИЯ (ор. *ассимиляция культурная*, ағыл. *cultural assimilation*)– әр түрлі мәдениетке жататын адамдардың ұзақ мерзімге мүше болған қоғамдастыққа (елге, ұйымға, қауымға, әлеуметтік топқа және т.с.с.) тән мәдениетті жаңа мәдениет ретінде игеруі (қар. *Ассимиляция*). Басқа мәдениеттермен байланыстың нәтижесінде мәдениеттің өзгерісін білдіретін *Аккультурацияға* қарағанда, М.а. мәдени ерекшеліктерді толығымен тоғыстырады. М.а. жалпы мәдени дәстүрлердің өзгерісімен қатар, адамдардың тұрмыс салты мен кәсіби іс-әрекетіне қатысты басқа да барлық білімдерін өзгертуді көздейді. Тиімді М.а. мәдениеттердің өзара кірігуінің екі жақты үдерісін көздейді және мәдени факторлармен бірге белгілі бір әлеуметтік-мәдени өзгерістерді де қамтиды. М.а. қоғамды жаңарту жағдайында, қоғамның қарқыны мен формасын қамтамасыз ете отырып М.а. қоғамның заманауилануы жағдайында үлкен мәнге ие болады.

МӘДЕНИ СӘЙКЕСТЕНДІРУ (ор. *идентификация культурная,* ағыл. *cultural identification)* – дара адамның өзін белгілі бір мәдениеттің өкілі екенін санамен сезіну үдерісі, ол мәдениеттің құндылықтарын өзінің өмірлік жолына енгізуі, соған тиесілік сезімін бастан кешіріп отыруы (қар. *Сәйкестендіру*). М.с. сипаты дара адамның өзін-өзі теңестіруден, яғни өзін мәдени құрылымның қандай да бір типологиялық формаларымен, ең алдымен, мәдени дәстүрмен, теңестіруден көрінеді. Қазіргі заманда М.с. үлкен өзгерістер болып жатыр. М.с. сипаты мен формасын ғасырлар бойы жазмыш етіп келе жатқан адамның тумысы бұл күнде индивид үшін міндет-парыз жүктеуден қалды. Белгілі бір отбасының мүшесі ретінде дүниеге келуіне, нақты бір мәдени-тарихи дәстүрде тәрбие алуына қарамастан адамның таңдайтын мәдени сәйкестену жолы жаһандану үдерісінің күшеюіне байланысты анағұрлым кеңейіп, көбейіп барады. Бүгінде субмәдени түзілімдер ретінде қолданылатын жаңа М.с. топтарының пайда болуы жаппай нормаға айналуда. Әлеуметтік даму қарқынының үдеуі М.с. үдерісіне елеулі түрде әсер етіп отыр. М.с. формаларының адамның алдағы өміріне тұғыр болу дәрежесі анағұрлым азайып, күннен-күнге мерзімі қысқарып, түрі өзгеріп, жағдайға икемделуі күшейіп барады. Анағұрлым гетерогенді және айырымды қоғамға ауысқан кезде осының салдарынан сәйкестендіудің алуан түрлі болуының көбейе түсуін күтуге тура келеді. Алайда, М.с. қандай нақты формаларға ие болуына, бір әлеуметтік топтардың мәдениетінің шектері қандай негіздермен ажырауына қарамастан, М.с. қағидатының өзі экзистенциалдық қажеттікті қанағаттандыратын әрекет ретінде сақталып қалады.

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ (ор. *национальная идея «Мәңгілік ел»*, ағыл. *national idea «Mangilik el»*). 2014 жылдың қаңтар айында Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан жолы-2050:

Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын ұсынды: «Біздер, қазақстандықтар – бір халықпыз! Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы.

Егеменді дамудың 22 жылында барша қазақстандықтарды біріктіретін, ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтар жасалды.

Олар көктен түскен жоқ. Бұл құндылықтар – уақыт сынынан өткен Қазақстандық жол тәжірибесі».

Ұлттық идеяның негізіне Қазақстанның басты жеті құндылығы алынған. «Біріншіден, бұл – Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы. Екіншіден, бұл – қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім. Үшіншіден, бұл – зайырлы қоғам және жоғары руханият. Төртіншіден, бұл – индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім. Бесіншіден, бұл – Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы. Алтыншыдан, бұл – тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы. Жетіншіден, бұл – еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы. Осы құндылықтар арқасында біз әрдайым жеңіске жеттік, елімізді нығайттық, ұлы жетістіктерімізді еселедік. Жаңа Қазақстандық Патриотизмнің идеялық негізі осы мемлекет құраушы, жалпыұлттық құндылықтарда жатыр».

МЕМЛЕКЕТ (ор. *Государство***,** ағыл. *State)* **–** 1) саяси жүйенің конституциялық құндылығы, жалпыға ортақтығы, әмбебаптығы, аумағы, ресмилігі, құқық субъектілігі, функционалдығы, ұйымдасуы, институционалды күрделілігі, жариялылығы жағынан айрықша субъектісі; 2) заманауи қоғамдағы саяси жүйенің негізгі институты және сол қоғам ұйымдасуының маңызды формасы; 3) нақты бір елдегі мемлекеттік органдар жүйесі, жиынтығы; 4) кеңірек мағынасында алғанда, қоғамы, аумағы, табиғи ресурстары, мемлекеттік басқару жүйесі, мәдениеті, салт-дәстүрі және инфрақұрылымы бар ел дегенді білдіреді. Мұнан басқа да анықтамалары көп.

Нақты М. сипаттары басқару түрінен (М-тің тікелей бөлігі болып саналатын жоғарғы мемлекеттік органдар жүйесінен), саяси-аумақтық құрылысының түрінен (М-тің көлбеу бөлігі болып саналатын аумақтық түзілісінен), сондай-ақ саяси, мемлекеттік режимінен (мемлекеттік билікті жүзеге асыру тәсілдерінен) көрінеді. Мұнан басқа да критерийлері бар.

Ұлттық құрамы мен құрылу тарихы жағынан М-тің екі түрлі сипаты болады: 1. өмір салтының өзіне тән ерекшеліктері бар бір ұлттың (этностың немесе өзара жуықтас этностардың) тарихи мекенінде құрылған ұлттық (national state) М. болуы мүмкін, бұл – ұлт (этнос) пен М-тің шек-межелерінің бірігіп кетуінің шарты (мысалы, латынамерикалық елдер, Германия Федеративтік Республикасы, Франция, Польша және басқа елдер); түрлі этностардың тарихи мекені болған бір ортақ аумақта құрылған көпұлтты М. (multinational

State) болуы мүмкін, мұндай мемлекет сол этностардың ортақ таңдауымен, қалауымен құрылады (Ресей Федерациясы, Қытай, Австрия, Үндістан, Ұлыбритания және т.б.).

Саяси-аумақтық ұйымдасуы, яғни орталықсыздандыру дәрежесі жағынан М., жалпы ереже бойынша, унитарлы (біршама орталықтандырылған және біршама орталықсыздандырылған) және федеративті болып бөлінеді. Унитарлы М-тің аумағы біртұтас болады, негізгі ішкі бөлімдер - әкімшілік-аумақтық бірліктер, Мемлекет үшін ортақ азаматтық, бір Конституция, бірыңғай құқықтық жүйе, бюджет, сыртқы қатынастарды жүзеге асыратын мемлекеттік жоғарғы органдары да ортақ болады. Мұның ішінде біршама орталықтандырылған М-терде орталық биліктің ұстанымдарын орталық тарапынан арнайы тағайындалған (жекелеген жағдайларда сайланатын) лауазымды тұлғалар (Франция, Германия, Польша және т.б.) жергілікті жерде жүзеге асырады, ал біршама орталықсыздандырылған М-терде тікелей басқаруы (вертикаль) болмайды, кей елдерде сонымен қатар автономиялы құрылым да (Ұлыбритания, АҚШ-тағы штаттар және т.б.) болады; аумақтық автономияның (ұлттық-аумақтық) болуы унитарлы мемлекеттердің қарапайым және күрделі болып бөлінуіне негіз болады.

Федеративті М-тер сипаты – мемлекеттік биліктің мемлекеттің орталығы мен жекелеген бөліктері, яғни Мемлекет белгілеріне ие федерация субъектілері (ұлттық-аумақтық немесе аумақтық-мемлекеттік) арасындағы орталықсыздандырудың жоғары деңгейде болуы: ел аумағы федерация субъектілерінің аумағынан тұрады, бірыңғай азаматтық белгіленеді, соған орай федерация субъектілерінің азаматтары федерацияның да азаматы болып саналады, федеративті конституциямен қатар конституциялар немесе федерация субъектісінің арнайы мәртебесі ықпал етеді, федерация субъектілерінде өзіндік ерекшеліктері бар құқықтық жүйе, бюджеттер, құқық қорғау қызметтері, ішкі қатынастар құқығына дейін тиісті өкілдіктерге бөлінген мемлекеттік жоғары органдар жұмыс жасайды. Федерацияны жекелеген түрлерге ұлттық белгіге негізделген этностық сипатына қарай және құрылу негізінде басқа себептердің болуына қарай жіктеледі, мәселен, құрылу тәсілі жағынан – шарттық және конституциялық, құрамы жағынан бірыңғай реттегі субъектілерден, тек қана М. және түрлі субъектілерден, яғни мемлекеттерден, автономиялық бірліктер мен аумақтық бірліктерден тұратын, федерация мен оның субъектілері арасындағы құзыретті бөлісетін және дербестікке берілетін кепілдіктердің шамасына қарай құрылатын т.с.с. М-тер болады.

Субъектілерде елеулі ерекшеліктердің болуы аралас түрлердің пайда болуына әкеледі, мысалы, өңірлік мемлекеттер унитарлы мемлекеттерге өтеді, бұлардың аумағы қатаң түрде орталықтандырылған мемлекеттік биліктегі автономиялық аумақтан ғана немесе «унитарлы федерациялардан» тұрады.

М. билігін жүзеге асыруда қолданылатын әдістер бойынша, мемлекеттер демократиялық, авторитарлық немесе тоталитарлық болуы мүмкін. Мұн-

дайда конституционализм, адам мен азамат құқығының және бостандығының шынайылығы, саяси партиялардың, бұқаралық ақпарат құралдарының жұмыс істеуі, мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқарудың сайлауға негізделуі, оппозициялық институттардың болуы және наразылық қатынастарды жүзеге асыру мүмкіндіктерінің болуы басты критерийлер боп саналады. М-тердің аталған бірнеше түрі ынталандыру (мадақтау), рұқсат, қорғау, талап және тыйым сияқты формалар мен әдістерді қолдану арқылы бірдейлестірілуі мүмкін. Биліктің ортақтығы мен бірнешеге бөліну қағидатын, оның заң шығарушы және атқарушы тармақтары арасындағы теңгерімді, Президент, Парламент және үкімет, конституциялық бақылау институты мен соттар, прокуратура органдары мен жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару мен А.Қ.Ө. (президенттік, парламенттік, министрлік, полициялық, дуалистік және т.с.с.) рөлін қоса алғанда саяси режимнің мемлекеттік режимге дейін, яғни М-тің өз шегіне дейін, тарылуы да мүмкін.

М-тер дінге қатысы жағынан төмендегіше бөлінеді:

- зайырлы М. (secular State), М. дін мен діни бірлестіктерден бөлек болады, діни бірлестіктер мен азаматтар дінге деген қатынасына қарамастан заң алдында тең саналады, ешқандай дін мемлекеттік немесе міндетті болып бекітіле алмайды, білім мен тәрбие беру жүйесі діннен және діни бірлестіктерден бөлек болады және зайырлы сипат иеленеді, жеке тұлғалардың азаматтық құқығының дінге байланысты бұзылуына немесе олардың діни сезімдерінің кемсітілуіне, қандай да бір дінді ұстанушылар құрмет тұтатын заттарды, ғимараттар мен орындарды қорлауға жол берілмейді, әркім діни немесе басқа да нанымдарды ұстануға, діни бірлестіктер өткізетін шараларға қатысуға және миссионерлік қызметпен айналысуға құқылы болады, өзінің діни нанымына бола жалпыазаматтық міндеттерді орындаудан бас тартуға ешкімнің құқығы болмайды;

- шіркеулік М. (church State), нақты бір діни (конфессия) наным ресми түрде мемлекеттік деп танылады, мемлекет басшысы мемлекеттік дінді ұстанатын тұлға болуы мүмкін болса да, діннің құқықтық мәртебесі мен шынайы рөлі дінді формалды түрде мемлекеттік деп қана мойындаудан басқаша болуы мүмкін. М-тің өзі шіркеуге материалдық жағынан қолдау жасап отырады, жоғарғы діни лауазымдарды мемлекет басшысы тағайындайды;

- теократиялық мемлекеттерде, шын мәнінде, кейде, тіпті, заңды түрде мемлекеттік билік шіркеулік иерархияға тиесілі болады немесе конституция (бар болған жағдайда), ағымдағы заңнама және басқа да заң шығарушы орындарымен қоса толықтай соның бақылауында болады. Заң шығаруға нақты салалар мен қатынастарды діни ұйғарымдар қамти алмайтындықтан ғана жол беріледі.

Құқық пен адам мүддесі құндылықтарының маңыздылығы тұрғысынан М-тер құқықтық (legal State) және әлеуметтік (social State) болып бөлінеді. Құқықтық М-те шынайы конституционализм, адам құқықтары мен бостан-

дықтары, демократиялық жолмен қабылданған құқықтың үстемдігі, сондай-ақ тәуелсіз әрі жауапты әділ сот болады. Әлеуметтік М. қызметі өз азаматтарының лайықты өмір сүруіне және тұлғаның еркін дамуына, М-тің шамасы келетін мүмкіндіктеріне қарай жағдай туғызу арқылы әлеуметтік теңсіздікті жұмсартуға, әлеуметтік бағыттағы экономика мен әлеуметтік серіктестік арқылы әлеуметтік әділдікті, азаматтардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталады.

ҚР Конституциясындағы 1-баптың 1-тармағына сәйкес, «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары». ҚР Конституциялық Кеңесінің пікірінше, бұл нормада қолданылған «өзін ... орнықтырады» деген оралым Қазақстанның санамаланған сипаттарға орай қарыштап дамушы Мемлекет екенін айрықшалай түседі және бұл сипаттарды толымды мазмұнмен толықтыру үдерісіне шегінбейтін бағыттылық сипатын үстейді.

Қазақстан Республикасы президенттік басқару түрі бар унитарлы Мемлекет болып табылады (ҚР Конституциясы 2-бабының 1-тармағы). Мемлекеттіліктің даму стратегиясы президенттік басқару түрінде Парламент рөлін жоғарылату және жергілікті өзін-өзі басқаруды кеңейту арқылы біртіндеп орталықсыздандыруды және шоғырланбаулықты көздейді.

МЕМЛЕКЕТТІЛІК (ор. *Государственность,* ағыл. *statehood)* – 1) өз мемлекетін құрған халықтың (ұлттың) өзін-өзі билеу хақысын жүзеге асыру деңгейі; 2) қоғамның мемлекет болудан үміттеніп ұйымдасуына лайық келетін критерийлердің жиынтығы.

Қазақ мемлекеттілігінің тарихы Қазақстан аумағында алғашқы мемлекеттердің болған кезінен басталады. Б.д.д. алғашқы мыңжылдықтардан бастап Қазақстан аумағында алғашқы мемлекеттік түзілімдер (үйсін, қаңлы, ғұн) пайда болды. Орта ғасырдың ерте кезеңінде Түркі қағанаты (552-651 жж.), Түргеш қағанаты (704-756 жж.) құрылған. 1227 жылы Дешті Қыпшақ аумағында Алтын Орда құрамында түпқазақтық мемлекет Ақ Орда (Еженнің Ұлыс Ордасы) бой көтерген. Қазақ хандығы Жәнібек пен Керей сұлтандардың бастауымен 1465 жылы тарих сахнасына шықты.

Мемлекеттік тәуелсіздік кезеңінде Қазақстан Республикасы шектес елдермен мемлекеттік шекарасын халықаралық нормалар негізінде бекіткен өз аумағы бар; көпұлтты халқы, қазақстандық азаматтары бар; Конституциясы мен қолданыстағы құқықтық жүйесі бар; жоғарғы және жергілікті мемлекеттік органдары бар; өз валютасы теңгені қоса алғанда, қаржылық жүйесі мен банкілік мекемелері бар; құқық қорғау органдары мен қарулы күштері, дипломатиялық қызметі бар мемлекет ретінде қалыптасты. Меншіктің алуан түрлілігі мен саяси плюрализмге негізделген қазіргі нарықтық-экономикалық

және демократиялық саяси жүйелері қалыптасып шықты. Әлемдік қауымдастық Қазақстан Республикасын құқық субъектісі ретінде таныды, ал елдің көпбағытты бейбіт әрі жауапты саясаты мен халықаралық бастамаларын әлем мойындайды, осының арқасында Қазақстан БҰҰ алдында құрмет пен сенімге ие болған.

«Қазақстан-2050» Стратегиясында Республика Президентінің қазір Қазақстан Республикасы қалыптасқан, заманауи, қуатты да табысты мемлекет болып табылатыны туралы қорытындыға келуі әбден негізді.

МЕМЛЕКЕТТІҢ АУМАҚТЫҚ ТҰТАСТЫҒЫ ҚАҒИДАТЫ (ор. *Принцип территориальной целостности государства,* ағыл. *Principle of territorial integrity of the state*) – бейбітшілік пен халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық құқықтың негізгі қағидаттарының бірі.

1945 жылы БҰҰ Жарғысында, БҰҰ-ның 1970 жылғы Жарғысына сәйкес мемлекеттер арасындағы достық қарым-қатынас пен әріптестікке қатысты Халықаралық құқық қағидаттары туралы декларацияда және 1975 жылы Еуропадағы қауіпсіздік пен әріптестік жөніндегі кеңестің Қорытынды актісінде, сондай-ақ БҰҰ, ЕҚЫҰ-ның басқа құжаттарында, конвенциялар мен келісімдерде жарияланған.

Бұл қағидат кез келген озбырлықтан мемлекеттердің аумағының қорғалатынына кепілдік береді, БҰҰ Жарғысының мақсаттары мен қағидаттарына қайшы келетін мемлекеттің аумақтық тұстастығына, саяси тәуелсіздігі немесе мемлекеттік тұтастығына қарсы бағытталған кез келген әрекеттен мемлекеттердің бой тартуын міндеттейді. Аумаққа қол сұқпау заңдылығы табиғат ресурстарына да байланысты, оларды шетелдік компаниялар мен мемлекеттер егеменді мемлекеттің келісімімен ғана игере алады.

М.А.Т.Қ. ұстанымын басшылыққа алған Қазақстан Республикасы халықаралық құқық нормаларына сәйкестіріп Қытаймен (1998 жылы), Қырғызстан, Түркіменстан, Өзбекстанмен (2001 жылы) және Ресеймен (2005 жылы) келісім бойынша мемлекеттік шекарасын айқындап, бекітіп алды. Бұл – қазіргі тәуелсіз мемлекеттің мемлекеттік егемендігінің негізгі де міндетті белгісі.

Халықаралық тәжірибеде сецессия мысалдары бар – мұндайда мемлекет аумағының бір бөлігінің (мемлекеттен әкімшілік-аумақтық бірліктің немесе федерация субъектісінің) жұрттың шешімімен немесе осы аумақтағы мемлекеттік органның шешімімен бөлініп шығады (мысалы 1965 жылы Малайзия құрамынан Сингапур бөлініп шығып қала-мемлекет болды, 1971 жылы Пәкістаннан – Бангладеш мемлекеті, 1993 жылы Эфиопиядан – Эритрея мемлекеті, 2011 жылы біртұтас Суданнан кейін Оңтүстік Судан республикасын құрған автономиялы құрылым бөлініп шыққан). Сондай-ақ бұған мысал ретінде жартылай танылған Косово Республикасын (2008 ж.), Абхазия

республикасын (1992 ж.), Оүтүстік Осетия республикасын (2008 ж.), Қырым республикасын (2014 ж.) т.б. жатқызуға болады.

Қазіргі конституциялық құқық, әдеттегідей, шартпен келісу арқылы болмаса, федерация субъектілерінің сецессиясын танымайды, мұны конституциялық бақылау органдары да теріске шығарады. Көптеген жағдайда сецессияның салдарлары ауыр болып келеді: тарихи сабақтастық үзіледі, жаппай құрбандықтар көп болады (қар. *Мемлекеттілік, ҚР Конституциясы*).

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР (ӘНҰРАН, ЕЛТАҢБА, ТУ) (ор. *Символика государства (гимн, герб, флаг),* ағыл. *state symbols (anthem, emblem, flag)*) –мемлекет егемендігінің атрибуттары, шабытты да асқақ түрде мемлекет негізіне салынған қасиетті маңыздылықтар туралы түсінік беретін мемлекеттік нышандар. М.Р. осымен байланысты қадірлеу қажет. Жалпы көпшіліктің мойындауынша, М.Р. мемлекеттік әнұран, елтаңба мен ту жатқызылады, олар туралы қағидалық ережелер конституциялардың мәтініне енгізіледі, олар мемлекеттің егеменді өкілеттігімен белгіленеді.

ҚР Конституциясының 9-бабында «Қазақстан Республикасының Туы, Елтаңбасы мен Гимні бар. Олардың сипаттамасы және ресми пайдаланылу тәртібі конституциялық заңмен белгіленетіндігі» бекітілген. Мұндай конституциялық заң – 2007 жылы 4 маусымда қабылданған №258 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» ҚР Заңы.

ҚР Мемлекеттік туы – ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың сабының тұсында тік жолақ түрінде ұлттық өрнек нақышталған. Күн, оның шұғыласы, қыран және ұлттық өрнек бейнесі алтын түстес. Тудың ені мен ұзындығының арақатынасы – 1:2. ҚР Мемлекеттік елтаңбасы шеңбер пішіндес, ортаңғы бөлігінде – көгілдір түс аясындағы шаңырақ (киіз үйдің жоғарғы күмбез тәрізді бөлігі) бейнесі. Шаңырақты айнала күн сәулесі секілді тараған уықтар шаншылған. Шаңырақтың оң жағы мен сол жағына аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылған. Жоғарғы бөлігінде – көлемді бес бұрышты жұлдыз, ал төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазу бар. Жұлдыздың, шаңырақтың, уықтардың, аңыздардағы қанатты пырақтардың бейнесі, сондай-ақ «Қазақстан» деген жазу – алтын түстес.

ҚР Мемлекеттік әнұраны – музыкалық-поэзиялық туынды.

ҚР Мемлекеттік туының, ҚР Мемлекеттік елтаңбасының бейнелері, сондай-ақ ҚР Мемлекеттік әнұранының музыкалық редакциясы мен мәтіні (музыкасының авторы: Шәмші Қалдаяқов, мәтінінің авторлары: Жұмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев) аталмыш Конституциялық заңның 3-бабымен бекітіліп, заңның қосымшасында ресімделген.

ҚР Мемлекеттік туы мен ҚР Мемлекеттік елтаңбасының эталоны ҚР Президентінің Резиденциясында сақталады.

Бұл Конституциялық заңда ҚР Мемлекеттік рәміздеріне деген құрметті қалыптастыру жөніндегі мемлекеттік органдардың құзыреті, т.б. шаралар белгіленген.

Қазақстандықтар, сондай-ақ Республика аумағында болғандар ҚР М.Р. құрметтеуге міндетті (ҚР Конституциясы, 34-бап, 2-тармақ).

Азаматкерлік пен патриотизмге, Отанға, Қазақстан Республикасына, деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, ҚР М.Р. деген құрметті қалыптастыру, М.Р. мән-мағынасын түсінідіру үшін білім беру ұйымдарының жалпы білім беретін негізгі бағдарламаларына М.Р. оқытып-үйрету енгізілген. Білім беру ұйымдарында арнайы бөлінген орынға Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Елтаңба я оның кескіні, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Әнұранының мемлекеттік тілдегі мәтіні орналастырылады.

М.Р. тиісті лицензиялар арқылы ғана дайындалып шығарылады, ал оларды дайындап шығару мен пайдалану заңнамасын бұзу заңдық жауапкершілікке тартылады.

Біртұтас мемлекет ретіндегі Қазақстанда әкімшілік-аумақтық құрылымдардың да өз нышандары болуы мүмкін, бірақ олар жалпыұлттық, мемлекеттік қызметтерді атқара алмайды. Этностық, азаматтық, әкімшілік-аумақтық қоғамдастықтардың өз сәйкестендіру рөлін өзіндік этностық және жергілікті С. атқарады (қар. *Мемлекет, Титулды этнос*).

МЕМЛЕКЕТТІК СӘЙКЕСТІЛІК (лат. *Identicus* – тең, ор. – Государственная *идентичность*, ағыл. – *identity*) – жеке адамның бір мемлекетке, этноска, тілге, мәдениетке, дінге, әлеуметке, жынысқа, жас ерекшелігіне, кәсіпке, тапқа т.с.с. өзін-өзі бірдейлестіруі, теңестіруі, сәйкестендіруі, өзін соған тән етуі, соны санамен ұғынуы) – азаматтардың мемлекетпен арақатыстылығы.

Бірдейлесу динамикалық өзгермелі сипатта болады: адам мұны анықтауға әрқашан қабілетті бола бермейді («маргиналдық сәйкестілік» болуы мүмкін); бір сәйкестілік екінші сәйкестілікпен ауысып жатады (ССРО азаматы болды – Қазақстан азаматы болып шықты; христианин болды – мұсылман болып шықты); оның үстіне, саяси және басқа мақсаттар үшін сәйкестілікпен (мыс., этностық жұмылғыштық кезінде, азаматтық қоғамның бірігуі кезінде) айлашарғы жасауға, жаңа сәйкестіліктер жасауға, тіпті, «сатуға» да т.с.с. болады.

Сәйкестілік – жиынтық ұғым, сәйкестіліктің бәрі адам санасында жиынтық сәйкестіліктердің мынадай жиынтығын түзеді (мұны сәйкестілік матрицасы деп те атайды): азаматтық сәйкестілік, мемлекеттік сәйкестілік, этностық сәйкестілік, тілдік сәйкестілік т.б.

Жиынтық сәйкестілік құрылымында тірек болар жетекші сәйкестіліктер болады (бұған көбінесе тілдік, этностық, жыныстық, отбасылық, жас ерекшелігіне байланысты, әлеуметтік, кәсіби, азаматтық сәйкестіліктер жатқызы-

лады). Бұлар өзін «басқалармен» салыстыру межелерін белгілеуге тірек болады. Қандай да бір сәйкестіліктің жиынтық сәйкестілік құрылымындағы орны жағдайға қарай өзгеріп тұрады, сондықтан негізгі тірек бірде бір сәйкестілік, екіншіде басқа сәйкестілік болуы мүмкін. Сәйкестілік пен өзін бірдейлестіру арасында үйлеспеушілік бола береді. Мұндайда қалыптасып шыққан сәйкестіліктер бір-бірімен қарама-қайшы және тұрақсыз болады. Бұрынырақта сәйкестілік тілден тыс мәлімет ретіндегі және тілден тысқары тіркелетін ретіндегі санат деп қарастырылатын, ал қазір сәйкестілік тіл практикасы барысында, дискурста кейпін өзгертеді және құралады деп түсіндіріледі. Қазіргі уақытта әлеуметтік топ (тап, ұжым, тұтастай қоғам т.б.) ішінде қатынастар тұрақталған сайын, оның мүшелерінің сәйкестілігі дербессіздене (деперсонизация) береді, дара қасиеттердің ортақ топтық белгілерден гөрі маңызы арта түседі.

Мемлекеттік сәйкестілік ұлт құраудың іргелі негіздері ретінде саяси тұрғыдан, мәселен Қазақстанда, мынадай көптеген қарекеттерден құралады: этномәдени плюрализмнің ұлттық идеологиясы мен тиімді саясатының өзегін іздеу; «алуан түрліліктегі бірлік» қағидатын одан ары институционалдау; шиеленіс-қақтығыстарды мәмілелестіру; қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу; мәдениетаралық үнқатыс пен этносаралық қатынастың толерантты мәдениетін қалыптастыру; біріктіруші фактор болып табылатын мемлекеттік тілді елдің азаматтарының бәрінің міндетті түрде меңгеруі; этностардың дамуының тарихи ерекшеліктерін білу және ескеру; қоғамдық келісім мен бірігудің қағидаттарын жасап шығару; ынтымақ пен жауапкершілік қағидаттарын қоғамдық қатынастар жүйесіне енгізу.

Сонымен қатар мемлекеттілік дегеніміз мемлекетті құру, дамыту мен қорғау жолындағы теориялық және практикалық қарекетті көздейтін ерекше саяси құндылық пен идеологияны, қоғамдық және мәдени бағдарды да білдіреді. «Ұлттық мемлекеттілік» терминінің құрамында (мемлекеттік биліктің ұлт егемендігін белгілі бір формада іске асыру мен қорғау қабілеті мағынасында) қолданылып, этностың шоғырлануының және көпұлтты қоғамдағы бірлікті нығайтудың факторы ретінде айқындалады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2012 жылдың желтоқсанындағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Интеллигенция менің пайымдауымдағы Қазақстан-2050 Жаңа саяси бағыты негізінде ел болашағының менталды, дүниетанымдық үлгісін жобалауда негізгі рөлді қолға ала алады және алуға тиіс. Біз ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз керек. Бүкілқазақстандық бірегейлік біздің халқымыздың тарихи санасының өзегіне айналуға тиіс» екендігін айрықша атап көрсеткен болатын (қар. *Мемлекет, Мемлекеттілік*).

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ (ор. *Государственный язык*, ағыл. *official, state language*) – 1. Конституцияда, Тіл туралы Заңда бекітілген ең жоғары саяси-құқықтық (заңды) мәртебесі бар Тіл, оны тарату мен қолдау мемлекеттің міндеті болып саналады («Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл және барлық басқа тілдер мемлекеттің қорғауында болады. Мемлекеттік органдар бұл тілдердің қолданылуы мен дамуына қажетті жағдай жасайды». «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңның 23-бабынан). 2. Мемлекеттіліктің Ту, Елтаңба, Әнұранмен бірдей рәмізі әрі мемлекетпен бірдейлестіктің рәмізі болып саналатын тіл. 3. Қоғамның саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени өмірінде біріктірушілік қызмет атқаратын тіл. 4. «Мемлекеттік және қоғамдық өмірде анағұрлым маңызды қызмет» атқаратын, қоғамға – мемлекеттік басқаруға, заң шығаруға, сот ісін жүргізуге және дипломатиялық өкілдікке (мемлекеттің аумағында және одан тыс жерде) барынша қызмет ететін тіл («Қазақстан Республикасының тіл саясаты Тұжырымдамасы»); мемлекет ішіндегі әкімшілік-саяси және әлеуметтік-экономикалық әрекеттестіктің тілі; мемлекеттің этностық құрамының қандай екеніне қарамай оқытудың барлық сатысында білім беру тілі; бұқаралық ақпараттар құралының және жаңа ақпараттық технологиялардың тілі.

Ұғымдық ауқымы жағынан М.т. *Ресми тілмен* бірдей, бірақ құқықтық жағдайы жағынан кейбір елдерде бұларды ажырата қарайды.

Қазақстанда М.т. – қазақ тілі. Оның мәртебесі бірқатар құжаттармен: Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабына сәйкес; 1989 жылдың 22 қыркүйегіндегі «Қазақ КСО тілдер туралы» заңымен; Қазақстан Республикасының 1997 жылы 11 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңымен; 1996 жылдың 4 қарашасындағы «Тіл саясаты Тұжырымдамасымен» анықталып, бекітілген. Қазақстанда мемлекеттік тілдің қолданылуы мен таралуы 1998-2000; 2001-2010; 2011-2020 жылдарға арналған «Қазақстан Республикасындағы тілдердің қолданылуы мен дамуының мемлекеттік бағдарламаларымен» реттеледі. Бұл бағдарламаларда тұжырымдалған басым бағыт – қазақ тілінің қоғамдық маңызды салаларда М.т. мәртебесіне орай ұйғарылған қызметтерін атқаруы үшін оған саналы да мақсатты түрде қолайлы жағдай жасау. Мәртебесіне сәйкес қазақ тілі – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі, сондықтан «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы». (1997 жылғы «Қазақстан Республикасының Тіл туралы» Заңының 4-бабы). Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, федеративтік мемлекеттерде екі не одан да көп М.т. (немесе ресми тілдер) болуы мүмкін, мысалы: Швейцарияда – төрт М.т. (неміс, француз, итальян, ретороман); Бельгияда – екі (француз және фламанд) т.б. Ресей Федерациясында

83 теңқұқықты субъект бар (21 республика, 9 өлке, 46 облыс, федералды 2 қала, 1 автономиялық облыс және 4 автономиялық округ), бүгінгі күнге дейін Ресей Федерациясының бүкіл аумағында М.т. орыс тілі (Ресей Федерациясы Конституциясының 68-бабы) мен Ресей Федерациясы субъектілерінің *Титулдық тілдері* арасындағы қатынас әлі реттелген жоқ (қар. *Автохтондық тіл, Мемлекеттік сәйкестік, Жергілікті тіл, Миноритарлық тіл, Ұлтаралық қатынас тілі, Қазақстан тілдері, Тілдік саясат*).

МИГРАНТ (лат. *migratio – қоныс аудару*, ор. *мигрант,* ағыл. *migrant)* – тұрғылықты мекенін өзгерту мақсатында мемлекеттік шекараларды кесіп өтетін тұлға (қар. *Көші-қон, Этностық көші-қон*). Адамдардың аумақтарда орын ауыстыру үдерісіне қосылып кетуіне мәжбүрлейтін я түрткі болатын себептер әр түрлі. Мұндай себептер ретінде түрлі құбылыстар мен факторлар ықпал етуі мүмкін. Әдетте, миграцияның негізгі себептері: әлеуметтік-экономикалық (жұмыс орындарын, өзін іске асыру мүмкіндіктері, білім алу, некеге отыру және т.с.с.); саяси (саяси себептермен қуғынға ұшырау, саяси наразылық, өз саяси көзқарастары мен ұстанымдарын таратуға талпыну); этностық (этнос араздығы, этностық белгілеріне қарай қысым көру және қуғынға ұшырау, этносына қайта қосылуға ұмтылу); діни (діни төзбеушілік пен алауыздық, діни тәуап ету); әскери (белгілі бір аумақтағы әскери әрекеттер және адамдардың сол әрекет салдарларынан құтылу ниеті); экологиялық (өңірдің жайсыз табиғи жағдайлары, экологиялық апаттар және т.с.с.) себептер (қар. *Иммиграция, Миграция*).

МИГРАНТОФОБИЯ (лат. *migratio – қоныс аудару* + грек. *φόβοσ – қорқыныш*, ор. *мигрантофобия,* ағыл. *migrant-phobia*) – Мигранттардан қорқу немесе оларды жек көру, оларды бөтен және түсініксіз адамдар, сондықтан қауіпті және дұшпан деп қабылдау (қар. *Миграция, Этностық миграция, Мигрант*). *Этностық сәйкестену* теориясы бойынша, әлеуметтік құбылыс ретінде М. индивидтердің бір этностық топқа қатысты болуға ұмтылуының нәтижесінен пайда болады, өйткені индивид өзін сол топпен теңдестіреді, сол топтың арқасында соның өкілі ретінде өзін әлеуметтік, экономикалық және психологиялық жағынан қорғай алатынын біледі. М. пайда болуында терең психологиялық негіз бар: М. адам санасында *Мигрантқа* қатысты интолерантты толқыныстар мен реакциялар тудырады, өйткені индивидтер мұндайда бейбіт өмірге қауіп төнетінін, ортаны игеруге қабілетсіздігін ойлайды, сондай-ақ қалаған мақсатына я көкейтесті қажеттілігіне жетер жолда еңсерілмес кедергіге тап болғандай күйзелісті (фрустрация) бастан кешеді. М. этносаралық шиеленістің, этностық төзімсіздік пен даулардың өршуіне себеп болады. М. жағымсыз салдары тек жайсыздық, қауіп пен үрейдің жасырын сезімдерін сезетін жергілікті тұрғындар арасында ғана емес, М. жағдайында дұрыстап бейімделе алмайтын және әлеуметтік маңызды, толық-

қанды азаматтар бола алмайтын *Мигранттардың* арасында да болады. Сондықтан М.-ның қалыптасуы мен көрінуіне әсер ететін факторларды төмендетудің этносаралық қатынастарды тұрақтандыру үшін, жалпы қоғам үшін маңызы зор (қар. *Көші-қон /Миграция/).*

МИНОРИТАРЛЫҚ ТІЛ (ор. *миноритарный язык*, ағыл. *minority language*)– 1. Әлемдегі этностық, саяси немесе демографиялық азшылықтың тілі. 2. Мемлекеттің уақыты мен кеңістігінде орналасқан, сол бір аумақта *Титулды этноспен* қатар өмір сүретін нақты бір *Этностың Титулды этносқа* қарағанда пайдаланушыларының саны аз тілі. Еуропалық М.т. мәртебесі Өңірлік тілдер немесе азшылықтың тілдерінің еуропалық хартиясымен (*Eurepean Charter for Regional or Minority Languages*) белгіленген. М.т. дүние жүзіндегі тілдерде сөйлейтіндердің саны 100-ден аз 7%-ын және пайдаланушылары санауға келмейтін тілдердің 18%-ын жатқызуға болады. М.т. жойылуы өркениеттің тарауы мен жаһандану үдерісінің жылдамдауымен байланысты жиілеп келеді, алайда бұл үрдіске өркендеп келе жатқан этностық және тілдік өздік сана т.с.с. қарсы тұруда (қар. *Тұрғылықты тіл, Саны аз халықтар, Тілдің ауысуы, Тілдік құқық*).

МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ /ЖАҢҒЫРТУ, ЖАҢАЛАУ, ЖЕТІЛДІРУ/ («ҚАЗАҚСТАН-2050 СТРАТЕГИЯСЫ» ТҰРҒЫСЫНДА) (фр. сөзінен - *moderne* – заманауи, *modernisation*; ор. - *модернизация*, ағыл. - *modernization*) – заманға сай етіп жаңғырту, не нәрсені болсын жетілдіруді, соның қатарында технологияны жетілдіруді енгізу.

Саясатты жаңғыртудың қазіргі теоретиктері мұны екі типке бөліп қарайды:

1) XVI-XVIII ғасырларда Батыс Еуропа мен Солтүстік Америка елдерінде өткен алғашқы саяси жаңғырту. Ол Еуропада Шіркеу реформациясынан (XVI ғ.) басталып, Ағарту дәуірінде (XVII-XVIII ғасырларда) нығайды. Реформация мен Ағарту дәуірлері дін саласын қайта құрды, кейін экономика мен әлеуметтік салалар түрленді; нәтижесінде өзіне сәйкес келетін саяси жүйесі құрылған азаматтық қоғам қалыптасты. Осы түрлендірулердің нәтижесінде пайда болған қоғамның қазіргі түрінің (еуроамерикандық) сипаттары – ұтымды ұйымдастыру; негізгі институттардың мемлекет меншігіне өтуі; тұлғаны дербестендіру мен оны инструменталдық құндылықтарға (технологиялар, нақты ғылымдар, тұтыну, прогресс) бағдарлау; әлеуметтік ұтқырлықтың күштілігі мен адамдардың белсенділігі; адамдарға емес, заңға бағыну; биліктің демократиялық формаларға ұмтылуы.

2) Екінші қайталанған («қуып жетуші») саяси жаңғырту (қандай да бір жағынан) бұрынғы дамуы төмен болған елдер мен Латын Америкасының, Азияның, Африканың, Ресейдің аймақтарында болып отыр.

«Қуып жетуші» жаңғыртудың күрделілігі сонда, батыс саяси институттарының пісіп жетілуінің «табиғи» логикасын ұстануға мүмкіндік болмады:

бұған енді уақыт та жоқ, ал саяси «заманауиланған» елдердің көршілес болуы және олардың ықпалының артуы, дамуы төмен елдердің саяси жаңғыру үдерісін одан сайын үдете түсуге мәжбүр етеді. Осы арада дамуы артта қалған «дәстүрлі» елдерде бір элементтер саяси өмірдің жаңа стандарттарын меңгеруге толық дайын болады да, ал басқалары тек енді ғана құрылып жатады, үшінші бірі мүлдем болмауы да мүмкін.

XX ғ.-дың аяғында батыстың бірқатар саясаттанушылары «дәстүрлі» қоғамдарды саяси реформалау шарттарының өзгешелігі сонда, бұл реформа жергілікті ерекшелікті ескеруді керек етеді деген қорытындыға келді. «Дәстүрлі» институттар мен құндылықтарды жаңартылған саяси құрылымдарға «кірістіруге» болады. «Әмбебап» емес, «ішінара жаңғыртуды» жүргізуге болады. Сайып келгенде, «қуып жетуші» жаңғырту жеңіліске ұшырауы әбден мүмкін, өйткені жаңғыртудың «кері кететін» және тіпті «тұйыққа апаратын» түрлері болуы да ықтимал.

Саяси жаңғыртудың тарихи жағынан бастапқысы батыстық үлгі болды, ол бойынша алғашқы кезеңде билік беделін ұтымды ету (17-18 ғасырлар), саяси функциялар мен институттарды ажырату (19 ғасыр) және саясаттың үлесін ұлғайту (20 ғасыр) жүзеге асырылды.

«Қазақстан-2030» Стратегиясында ел Президентінің үш бірдей жаңғырту туралы ойы алғаш рет жарияланды, олар: мемлекет іргесін құрып нарықтық экономикада серпіліс жасау, әлеуметтік мемлекеттің негіздерін қалау, қоғамдық сананы қайта өзгерту.

ҚР Президенті 2012 жылдың 10 шілдесіндегі «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай жиырма қадам» атты бағдарламалық мақаласында қажеттігін қадап айтқан әлеуметтік жаңғырту бүгінде ықтимал сынақтар мен тәуекелдер туралы анық түсінік болуын талап етеді. Дағдарыстан алған сабақтар жаңғырту императивтерінің әлемнің барлық елдеріне ортақ болатынын тағы да бір көрсетті. Бұл адам капиталының дамуына баса назар аударуға міндеттейді. Әлеуметтік жаңғырту билік пен қоғамның өзара әрекеттестігін, секторлар аралық ынтымақтастықты нығайтудың сарқылмас мүмкіндіктерін ашады.

Қоғам санасын өзгертпей, өзі, елі үшін халықтың жауапкершілік сезімін қалыптастырмай, елі үшін мақтанышсыз, көз бояушылық емес, шынайы, әсерлі патриотизмсіз, сонымен бірге қоғамдық дамудың жаңа қорларынсыз жаңғырту мүмкін болмайды.

Жаңғыртудың жаңа тұжырымдары «Қазақстан-2050» Стратегиясында берілген. Құрылымы жағынан Жолдау 3 бөлімнен тұрады: бірінші бөлімде Қазақстанның негізгі жетістіктерімен бірге «Қазақстан-2030» Стратегиясын жүзеге асыру қорытындылары айтылады; екінші бөлімде халықаралық қоғамдастықтың мүшесі ретінде еліміз бетпе-бет келетін 10 сын-қатер келтірілген; үшінші бөлімде жаңа саяси бағыттың 7 бағдары берілген.

Бұл жерде бастысы – мұнан бұрын жарияланған «Қазақстан-2030» Стратегиясының орындалуына дейін жаңа Стратегияның мерзімінен бұрын ұсынылуы. Мұны уәждейтін үлкен үш дәлел бар:

1. «Қазақстан-2030» Стратегиясы мерзімінен бұрын орындалды, мұны әлемнің негізгі рейтингілеріндегі Қазақстанның алып отырған орны растай түседі;

2. Болжау және жоспарлау парадигмасы өзгерді. Болжам жасаудың көкжиегі кеңейді. Жетекші агенттіктер мен сараптамалық құрылымдар болжамдардың шегін 20 жыл алға жылжытты. Осылайша, болжамдар 2050 жылға дейінгі кезеңді қамтиды;

3. Осы заманғы әлемде болжамдар тек ғылымға ғана қызмет етпей, басқарылатын модельдеудің құралы ретінде саясатқа да қызмет ете бастады.

«Қазақстан-2030» Стратегиясынан бастап, әр Жолдау сияқты, «Қазақстан-2050» Стратегиясы да жаңа саяси терминдер түзді. Бұл – жалпы әлемдік үрдіс, әр он жыл сайын немесе одан да жиірек мерзімде дискурс-парадигма өзгеріп отырады. Бұл, әсіресе, бірінші жаһандық дағдарыс деп сипатталған 2008-2009 жылдардағы оқиғалардан кейін халықаралық қаржы-экономикалық жүйеден айқын көрінді.

Тұтастай алғанда, «Қазақстан-2050» Стратегиясын сарапшылар ұзақ өтпелі кезеңді еңсеріп тұрақты кезеңге қалыптасқан мемлекет ретінде өткен елдің дамуындағы маңызды меже деп бағалайды.

Президент өз Жолдауында мемлекет саясатын жаңғыртудың негізгі басымдықтарын айқын көрсетіп берді. Олар: әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіру, жаңғырту серпілісі, XXI ғасырдағы «мүмкіндіктер көзі», халық өмірінің түбегейлі жаңа сапасы, кадрлық саясатқа меритократияның принциптерін енгізу.

Әлеуметтік жаңғыртудың бірінші кезектегі міндеттерінің ішінен Президент мыналарды нақты айқындады: ұлттық білім берудің барлық бөлімдерінің сапасын жақсарту; денсаулық сақтаудың басты басымдығы мемлекеттің, жұмыс берушілердің және қызметкердің денсаулық үшін ортақ жауапкершілігі; жалпықазақстандық мәдениетті дамытуға жаңаша серпін беру; білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау қызметкерлерінің әлеуметтік пакеттерін қайта қарастыру жобалануда; мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу; мемлекеттік басқару мен мемлекеттік қызмет саласында – сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегияны іске асыру.

«Қазақстан-2050» Стратегиясын іске асырудағы басты құндылықтар мен принциптер – Қазақстандық жол тәжірибесі белгіленді: жаңа қазақстандық патриотизмнің идеялық негізі ретінде, жалпы қазақстандық ортақ шаңырақтың ұлттық идеясы ретінде «Мәңгілік Ел» идеясы ұсынылды.

Негіз салар қағидаттардың ішінде қабылданатын барлық шешімнің прагматизмдігі мен эволюциялылығы; өзара тиімді ашықтық; қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру; бүкілхалықтық қолдау сияқты қағидалар бар. Стратегиядағы қазақстандық қоғамның басты құндылықтарына Қазақстанның

тәуелсіздігі және Астанасы; қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім; зайырлы қоғам және жоғары руханият; индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім; Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы; тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы; еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы жатады (қар. *«Қазақстан – 2050» Стратегиясы, Ел бірлігі доктринасы, ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы*).

- Н -

НӘСІЛШІЛДІК (ор. *расизм*, ағыл. *racism*) – физикалық және психикалық жағынан адамзат нәсілдері тең емес, «жоғарғы» нәсілдердің «төменгі» нәсілдерге үстемдік етуіне болады немесе солай ету қажет деген түсінік пен идеяларға сүйенетін психология, идеология және әлеуметтік тәжірибе. Нәсілшілдіктің саяси тәжірибесі халықтардың нәсілдік белгілеріне қарай бөлу, бір жағдайларға байланысты әлсіз дамып және толық құқықты болмай қалғандарды тікелей тұқырту әрі қысым жасау мақсатын ұстанады. Нәсілдік кемсіту қарапайым азаматтық құқықтарын шектеу және тұлғалардың белгілі бір нәсілге жататындығын желеу етіп қысым жасаудан келіп шығады.

Н. бағынышты нәсілдік топтар мен индивидтерге қысым көрсету сияқты жекелеген актілер түрінде ашық әрі нақты, сонымен қатар әлеуметтік топтар арасындағы бағыныштылықтың құрылымдық қатынасын тұспалдайтын жасырын институционалды болуы мүмкін. Ашық индивидтік нәсілшілдік тәжірибесі әдейі жасалатын әрекеттерге қатысты болса, институционалды нәсілшілдік алдын ала ниеттенбей-ақ нәсілдік теңсіздіктің өзінен туған салдарларымен байланысты.

Н. нәсілге негізделген әлеуметтік теңсіздікті теориялық түрлі жол арқылы түсіндіруге және ақтауға тырысады. Нәсілдік тұжырымдамалар алғаш рет XVIII ғасыр соңында пайда болған. Отаршылдық саясат жасаған ол тұжырымдамалар өзге аумақтарды басып алуда, Африка, Азия, Америка, Австралия және Океаниядағы миллиондаған адамды бағындыруда, қанау мен тонауда еуропалық державалардың идеологиялық негіздемесіне айналды. Ашық кертартпа идеология ретінде нәсілшілдік әсіресе XIX ғасырда белең алды. Бұл идеология сондай-ақ АҚШ-тағы құлдықты ақтау үшін пайдаланылды. Нәсілшілдік теориясы Еуропада да пайда болды. Осы орайда француз графы Жозеф Гобиноның «Адам нәсілдерінің тең еместігі жөніндегі тәжірибе» деген атаумен 1853 жылы жарық көрген даулы кітабының рөлі ерекше. Автор бұл еңбегінде адамзат нәсілдері өзара «сұлулығы» мен дене бітіміндегі түрлі белгілерімен ғана емес, сонымен қатар даму және басқа бір халықтың мәдениетін меңгеру қабілетінен көрінетін психикалық сапасы жағынан да ажыратылады деп түйеді. Гобино тек ақ нәсілділер ғана өркениетке қабілетті әрі

өзгелерден озық деп есептеген. Сол замандағы кейбір ірі биологтар (А.Геккель, Ф.Гальтонидр) тарапынан жанама қолдау тапқан бұл теория еуропалық отарлаушылардың Африка мен Азия елдеріндегі әрекеттерін ақтайтын аса ыңғайлы құрал болып шыға келді және сонысына қарай еуропалық қанаушылар арасына кең тарады.

Аталған нәсілшілдік идеологиясы XX ғасырда да онан әрі жетілдіріліп, іс жүзінде қолданылатын болды. Гитлерлік Германияда нәсілшілдік фашизмнің ресми идеологиясы, саяси тәжірибесі болды. «Германиялық жоғары нәсіл теориясымен» қаруланып, Екінші дүниежүзілік соғыс барысында бар әлемге үстемдік орнатуға тырысқан фашизм «кемшілігі бар халықтарды» жоюда алдына жан салмады. Гитлерлік нәсілшілдер орыс, украин, белорус, поляк, еврей, серб, чех және өзге де ұлттардың миллиондаған адамын құртып жіберді.

Бионәсілшілдіктің кей постулатынан сөз жүзінде ғана бас тартқан нәсілшіл идеологтер қазіргі жағдайда психонәсілшілдік тұжырымдамасын насихаттауда, яғни, олардың ұйғарымынша, дамуда артта қалған халықтар өздігінен дамуға психологиялық тұрғыдан дайын емес. Осыдан барып аталған тұжырымдаманы нәсілдік кемсіту мен бөлектеуге желеу етіп әлі күнге әдеттегідей пайдаланып келеді.

Иммигранттардың африкалық елдерден шыққандардың, Латын Америкасынан шыққандардың Батыс Еуропа мен АҚШ-қа ағылуымен байланысты соңғы жылдары нәсілшілдік көрінеу құбылысқа айналып келеді. Дегенмен бұл үдерістің көрінеуліктен гөрі көмескі сипаты басым.

Әлем қоғамдастығы нәсілшілдік тәжірибесін ресми түрде айыптап отыр. 1965 жылы Нәсілдік кемсітудің барлық түрін тоқтату жөнінде халықаралық конвенция қабылданып, онда нәсілдік артықшылық немесе жек көруге негізделген идеяларды тарату және жүзеге асырудың кез келген түрі заңмен жазаланатын қылмыс деп жарияланды. Сондай-ақ нәсілдік кемсітуге арандату, зорлық-зомбылық әрекеттері немесе кез келген нәсіл не этностық жағынан өзге адамдар тобына қарсы бағытталған әрекеттерге арандатудың барлық түрі, нәсілшілдік әрекет жасауға қандай да бір көмек көрсету, оны қаржылай қолдау қылмыс деп танылатын болды (қар. *Кемсітушілік, Ұлттық антагонизм, Рухани отарлау, Сегрегация, Этностық стереотиптер, Радикализм, Экстремизм*).

- О -

ОРАЛМАН (ор. *оралман («возвращенец»),* ағыл. *oralman*) – Қазақстан егемендік алған кезде елден тысқары жерде тұрақты тірлік еткен, егемендік алған соң Қазақстанға тұрақты мекен ету үшін келген, қазақ ұлтының Қазақстан азаматтығы жоқ немесе шетелдік өкілі (қар. *Репатриант, Мигрант,*

Эмигрант, Этностық көші-қон). Қазақтарды таяу я алыс шет елдерден өзінің *Тарихи отанына* оралту Қазақстан Республикасының көші-қон саясатының басты басымдықтарының бірі болып саналады. О. қазақстандық қоғамның әлеуметтік ортасына тарту мен қосу ұлттық *Бірдейлестікті* сақтауды, сондай-ақ тарихи әділет орнатып, оларды өз халқымен қайта қосуды, ұлттық мәдениет пен тілді сақтауды мақсат етеді. «Оралманды жасайтын» таза этноұлттық сипаттағы себептердің (уәждердің) қатарының алғашқы бірінші тобына «Отанды сарғая сағыну» факторы, кең мағынасында алғанда, этноұлттық ділді сағыну факторы жатады. Екінші тобына институционалдық-саяси сипаттағы себептер – бұрынғы О. саяси және құқықтық мәртебесі, олардың діни сенімі, әскери оқиғалар мен қауіпсіздік т.б., басқаша айтқанда, «азаматтық факторы» аталатын фактор жатады. Үшінші тобына таза әлеуметтік-экономикалық сипаттағы себептерді – шаруашылық жүргізу мен кәсіпкерлік қызметтің шарт-жағдайлары, табыс пен әл-ауқаттың деңгейі, білім алудың, денсаулық сақтаудың және әлеуметтік сақтандырудың қол жетімділігін, басқаша айтқанда, «әлеуметтік-экономикалық жағдай факторын» жатқызуға болады. Ал төртінші тобына өзін Отанында кәдеге жарату уәждемесі, басқаша айтқанда, «патриотизм факторы» себеп болады (қар. *Диаспора, Ирридента, Көші-қон).*

ОТАН (ор. *родина*, ағыл. *motherland*) – 1. Адамның туған және өзі азаматы болып жүрген елі, ата мекені. 2. Бір нәрсенің туған, шыққан, пайда болған жері. 3. Г.В.Осипов бойынша, О. – белгілі бір халыққа мемлекет аумағының табиғатымен, халқымен, тарихи, тілдік, мәдени, тұрмыстық және әдет-ғұрып дамуының ерекшелігімен де тарихи тән болуы. О. туралы түсінікті жеке тұлғаның жеке әлеуметтік мінез-құлқы анықтайды және этностық, гендерлік және кәсіби қатыстылығына қарамастан оның рухани өмірінің бір белгісі болып табылады. Мұндайда О. бейнесінің ділдік құрамдас бөлігі аймақтың ерекшелігіне тікелей тәуелді, яғни ол нақты елдің тарихымен, мәдениетімен, сондай-ақ әлеуметтік практикасымен өзектес. О. бейнесі қоғамды нығайтуға немесе саяси амал жасау үшін қажетті «әлеуметтік тапсырыстың» нәтижесі болуы мүмкін (қар. *Тарихи отан, Кіші отан, Патриотизм, Жаңа қазақстандық патриотизм*).

ОТАНДАСТАР (ор. *соотечественники,* ағыл. *compatriots*) – бір мемлекетте туған, ұлтына, тіліне, дініне, мәдени мұрасына, салт-дәстүрлеріне қарамастан бір мемлекетте тұратын немесе тұрған азаматтар. Мемлекеттердің О. қатысты ішкі және сыртқы саясаты, негізінен, олардың азаматтық, саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени және басқа да құықтары мен еркіндіктерін және мекен ететін мемлекеттеріндегі заңды мүдделерін халықаралық құқықтың жалпы мақұлданған принциптері мен нормаларына сәйкес қамтамасыз ететін құқықтық, дипломатиялық, әлеуметтік, экономикалық, ұйымдас-

тырушылық, ақпарат, білім беру, мәдениет салаларындағы шаралардың жиынтығынан тұрады (қар. *Оралман, Репатриант*).

Мемлекеттік Е.– мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатты анықтау мен атқарудағы тұтастығы, ұлықтылығы, дербестігі мен тәуелсіздігі.

Е. халықтық егемендіктен, яғни халық қалауымен пайда болады; осыған орай мемлекеттік биліктің өзіне тән құралдары аясындағы барлық тармағы, әрбір мемлекеттік қызметкер қатаң түрде белгілі бір ортақ мақсатқа (баршаға ортақ) қол жеткізуге жұмыс істейді; елдің барлық аумағына және халықаралық қатынастарға, барлық азаматқа таралады; оған қандай да бір партия немесе басқа да қоғамдық бірлестік, әлде шетелдік мемлекет шешімімен шектеу қойылмайды; ортақ келісім бойынша конституциялық рәсімдерді сақтай отырып, кей мемлекеттік органдардың жекелеген құқықтық өкілеттіктері ұлттықтан жоғарғы институттар шешіміне берілуі мүмкін.

Ұлттық Е. 1) «ұлт» және «мемлекет» терминдерін бірдей деп қарауға болатын болғандықтан, «мемлекеттік егемендік» «ұлттық мемлекет» деген мағынада «егеменді мемлекет» дегенмен тең қолданыла алады; 2) дербес мемлекет құру жолымен немесе ұлттық-территориялық әлде ұлттық-мәдени автономия құру арқылы ұлттың (этностың) өзін-өзі саяси билеуі. *Ұлттық мемлекет* бір ұлттың өзін-өзі саяси басқаруының тарихи түрі болып табылады. *Көпұлтты мемлекет* сол мемлекетті құраушы, *Мемлекетке* өз атауын берген ұлттың сол аумақта тұратын және өз тағдырын байырғы ұлтпен әрі *Мемлекетпен* (барлық этностардың ортақ қалауымен құрылған) байланыстырған өзге ұлттардың (этностық топтардың) өзін-өзі билеуімен бірлесіп өзін-өзі саяси билеудің түрі болып табылады. Осындай тәртіппен құрылған Қазақстан Республикасының *Мемлекеті* мемлекетті құраушы қазақ ұлтының мүдделерін елді мекендейтін өзге этностардың барлығының мүдделерімен байланыстыруға және жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан қазақ ұлтының әлемдік қоғамдастық мойындаған жалғыз мемлекеттік кейпі болып табылады және сонысына қарай қазақтарды біріктіріп нығайтудың, халық тарихын тереңдете және түгел қамти зерттеудің, қазақ тілін, ұлт тұрмысы мен салт-дәстүрін, көрнекті мәдени мұрасын сақтаудың және дамытудың тірегі болатын арнайы қызметін атқарып келеді; қазақтардың тарихи Отанына оралуына жәрдемдесу саясатын қалыптастырып жүргізіп келеді; шетелдердегі қазақ диаспораларына қажетті қолдау көрсетеді т.б.

Қандай ұлтқа жататындығына қарамастан бүкіл азаматтарының өзін-өзі билеуінің нәтижесіне айналған Қазақстан Республикасы сонымен қатар ұлттық немесе діни белгілеріне қарай кемсітуге жол бермей, барлық азаматтарының тең құқықтылығын, ұлттық-мәдени орталықтар мен ҚХА арқылы этностық топтардың ерекше мүдделерінің орындалуын қамтамасыз етеді.

Қазақ ұлтының мемлекет құрудағы біріншілік парызы мен орнын сақтай отырып, Қазақстанда мемлекеттік бірдейлестік пен қазақстандық патриотизмнің маңызды тарихи міндеті, «біртұтас қазақстандық ұлт» қалыптастыру, бірте-бірте жүзеге асып келе жатыр. Басқа да артықшылықтармен қатар осы міндеттен мемлекеттік құрылыс атаулы үшін әмбебап сипат болып табылатын «бір мемлекет – бір ұлт» ыңғайы да орын табады (қар. *Мемлекеттілік, Титулды этнос, Мемлекеттік тіл*).

ОТАРСЫЗДАНДЫРУ (лат. *colonia* «қоныс», ор. *деколонизация* ағыл. *decolonization)* – 1. Отар елдер мен халықтарға тәуелсіздік пен толық егемендік беру. 2. Отар және тәуелді территорияларды еркін және тәуелсіз мемлекеттерге айналдыру.

Отарлық империяларды жою саясаты 1941 жылғы Атлант хартиясында жарияланды. 1945 жылдан бастап БҰҰ құрылғаннан бері бұрын халқы отарлық басқаруда болған 80-нен астам елдер әлемдік Ұйымының құрамына егеменді еркін мемлекеттер ретінде кірді. Сонымен бірге, көптеген басқа да аумақтар саяси бірлесудің немесе тәуелсіз мемлекеттермен бірігудің арқасында өзін-өзі билеуге қол жеткізді. Осы тарихи өзгерістерде БҰҰ тәуелді халықтардың армандарын орындауға және олардың тәуелсіздікке жетуін жылдамдатқан мақсаттар мен нормаларды анықтауға жәрдемдесіп шешуші роль атқарды. Үндістанның тәуелсіздік алуы (1947 жылы) және африкалық иеліктердің басым бөлігінің тәуелсіздік алуы (1960 жылы) отарлық жүйені құлатудағы шешуші оқиғалар болды. Отарлық тәуелділіктен босаған елдер Үшінші дүние елдері деген атауға ие болды.

Қазіргі кезде О. жөніндегі арнайы комитет өзін-өзі басқармайтын 16 аумақтағы ахуалды зерттеуді жалғастырып жатыр, алған нәтижелерінің негізінде бұл комитет БҰҰ-ның Бас Ассамблеясына шара қабылдау үшін ұсыныстар даярлауда. БҰҰ-ның О-ға күш салуына оның Жарғысындағы «халықтардың тең құқықтығы мен өзін-өзі билеуі» ұстанымы, сонымен бірге Жарғыдағы тәуелді халықтардың мүдделеріне арналған нақты үш тарау (XI, XII, XIII) тірек болып отыр. 1960 жылдан бастап БҰҰ Бас Ассамблея қабылдаған «Отар елдер мен халықтарға тәуелсіздік беру туралы декларациясын» (Отарсыздандыру туралы декларация) басшылыққа алады. Бұл Декларацияда мүше мемлекеттер отарлықтан жылдам құтылу қажеттігін мәлімдеген.

БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 2011-2020 жылдарды отаршылдықты жоюдың үшінші Халықаралық онжылдығы кезеңі деп жариялады (2011ж.).

- П -

ПАССИОНАРЛЫҚ (фр. *passioner* – әуестену, құмарлықты ояту, лаулату, ор. *пассионарность*, ағыл. *passionarity*) – этногенез үдерісін түсіндіру үшін

Л.Н.Гумилев қолданған термин. Пассионарлық қасиетке нақты бір этноска тиесілі жекелеген адамдар да, тұтас этностар да ие бола алады. Этногенездің пассионарлығы – Лев Гумилевтің тарихи үдерісті дамушы этностардың орналасқан ландшафтымен және басқа этностармен әрекеттесу ретінде сипаттайтын тарихи-этнологиялық теориясының негізі.

«Евразийская мудрость от А до Я» атты түсіндірме сөздікте пассионарлық ұғымы латынның «құмарлық» сөзімен түсіндіріледі: адамдардың өз мұратын шындыққа айналдыруға деген ырық бермейтін ұмтылысын сипаттауға арналған термин. Пассионарлық, Гумилев бойынша, тарихта ізі қалатын кез келген әрекеттің негізінде жатады.

Пассионарлық – өндіруге, қарекет етуге ішкі ұмтылыс, жеңістік бермейтін ұмтылыс. Ол өмір ағынын, кво-мәртебені, айналадағы жағдайды өзгертуге бағытталады. Пассионар адам үшін бұл қарекет өзінің өмірінен гөрі, тайпаластарының бақыты мен өмірінен гөрі маңыздырақ болып саналады. Гумилев тұжырымдамасында пассионарлық – этикаға жатпайды, ол бірдей шамада қылмыс пен ерлік, қирату мен жасампаздық, зұлымдық пен игілік жасайды.

Пассионарлықтың базалық жіктемесінде әр түрлі деңгейлер болады. Пассионарлық тұжырымдамасының авторы Лев Гумилев пассионарлықты қабылданған нормадан жоғары тұратын құбылыс деп есептейді: тар мағынасында алғанда, пассионарлық іскерлілік, жігерлілік, таңдаған идеалы үшін құрбандыққа баруға дайындық түрінде әлемді, ландшафтыны өзгертуге ниеттілігі мен қабілеті түрінде көрінеді. Жоғарғы пассионарлық – рецессивті белгі (қаны араласқандардың бірінші ұрпағында болмайтын белгі); ал нормадағы пассионарлық – жарасымды жай-күйдің үлгісі. Бұл үлгіге сай адам қоршаған әлеммен жарастықта және тепе-теңдікте болады; белгіленген нормадан төмен пассионарлық – субпассионарлықтың көрінісі, бұл дегеніміз – жалқаулық, масылдық, жайбарақаттық, сатқындық деген сөз.

Лев Гумилев өзінің еңбектерінде пассионарлық жеке тұлға қабілетімен ешқашан түйісе алмайтынына үнемі назар аударып отырады. Пассионарларды ол ерік-жігері ұзаққа баратын адамдар деп санаған. Пассионарлық сондай-ақ темпераментті де анықтай алмайды. Психотиптің мұндай маңызды түрі сыртқы жағдайлардың ықпалына байланысты анықталады, ал пассионарлық темперамент үшін реакция нормасын жасай алады (қар. *Этногенез фазалары, Ұлттың қайта жаңғыруы, Ұлт-азаттық қозғалыс*).

ПАТРИОТИЗМ (грек. patriótes – *жерлес, отандас*, patris – *отан, туған ел*, ор. *патриотизм,* ағыл. *patriotism*) – азаматтың (патриоттың) адамгершілік және саяси ұстанымы, әлеуметтік-саяси сезімі, бұл – отанға сүйіспеншілік пен шын берілгендіктен, оның өткені мен бүгінін мақтан ету, өзінің жеке мүддесі мен топтық мүддесін елдің ортақ мүддесіне бағындыру, отан алдындағы парызын саналы сезінуден, ол парызын өтеуге отанға қызмет ету және оны қорғау арқылы, елдің дамуына, әлемдегі беделінің артуына сеп болатын істер

мен әрекеттер жасау арқылы ұмтылудан көрінеді. Ұлттың құралуы мен қалыптасуы, ұлттық мемлекеттердің құрылуы кезінде, ұлттық және ұлт-азаттық қозғалыстардың дамуы кезінде П. қоғамдық сананың ажырамас бөлігіне айналып, саяси мәнге ие болады. Жаңа мыңжылдық табалдырығында интернационалдандыру, ғаламдасу, мемлекетаралық өңірлік интеграциямен байланысты, мемлекеттік және ұлттық егемендіктің рөлі мен маңызы артумен байланысты П. проблемасы да шиеленісе түседі.

Патриотизм – жалпы адамзаттық, таптық және ұлттық аспектілері бар, тарихи сипатқа ие құбылыс. Өз ғаламшарының игілігі үшін жауапты да жасампаз сезімді білдіретін планетарлық П. кейде П. жоғарғы формасы деп есептейді. Шынайы П. ұлтшылдықпен, нәсілшілдікпен және жікшілдікпен ешқандай қатысы болмайды. Бір жағынан, жаһандану, интернационалану, екінші жағынан, мемлекеттік және ұлттық егемендікті нығайту кезінде патриотизм проблемасы өткірлене түседі.

Қазақстан Республикасы Конституциясына (1-баптың 2-тармағы) сәйкес, П. Республика қызметінің негізі болатын қағидат болып табылады да, мыналарды қамтиды: қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігі үшін экономиканы дамыту, қазақстандық патриотизм, мемлекеттік өмірдің анағұрлым маңызды мәселелерін демократиялық әдіспен шешу (қар. *Мемлекет, Ел бірлігі доктринасы*).

ПОПУЛЯЦИЯ (лат.populus – жұрт, халық**,** ор. *популяция*, ағыл. *population***)** – белгілі бір аумақты қоныстанған, бір-бірімен туыстық тығыз қатынастағы адамдардың тобы; иммигранттардың елеусіз қосылуынсыз-ақ бірнеше ұрпақ бойы сақталуға қабілетті топталым; бұл көбінесе биологиялық (генетикалық) ұғымда қолданылады, сондықтан да адамдардың әлеуметтік қауымдастығы ретіндегі *Этностан* айырмашылығы бар *(*қар. *Қауымдастық, Этнос, Иммиграция, Этностық топтар).*

- Р -

РАДИКАЛИЗМ (лат. *radix* – түбір, ор. *радикализм*, ағыл. *radicalism*) – 1. Шешуші шараға, соңғы шешімге ұмтылыс, бейімділік. 2. Қандай да бір жік пен топтың өмір сүруіне, дәстүрлеріне қатер төнген дүдәмал тарихи өтпелі кезеңдерде сол кездегі институттарды үзілді-кесілді өзгертуге бағытталған әлеуметтік-саяси идеялар мен әрекеттер (қар. *Экстремизм, Лаңкестік, Сепаратизм*). Радикализмнің өзара шарттас екі қыры бар: радикалды идеология және радикалды әрекет. Радикализм қолданыстағы саяси, әлеуметтік және экономикалық құрылысты қоғамдық-саяси бағыт ретінде түбегейлі өзгертуге бағытталады. Радикализмді ұстанушылардың басты мақсаты төң-

керіс жасауға келіп тіреледі. Сондықтан радикализм деген түсінік қандай да бір біртұтас тұжырымдама емес, күрес әдістерімен анықталады. Радикалдар дүниенің орналасу қалыбын да, реформалық баяу эволюциялық жолды да қабылдамайды. Әдетте, олардың ұстанымы ымырасыздығымен, ал кейде тоталитарлық ұйым реңкімен де ерекшеленеді. Радикалдар үшін барлық әрекет бірыңғай мақсатқа бағынады, ал мақсат тәсілді ақтап шығады. Радикализмге күрделі мәселелерді шешудің оңай тәсілдерін іздеу, өзгерісті шешімді түрде жоспарлап қоюға ұмтылу, рационалды басқару мүмкіндіктерін абсолюттендіру, саяси әрекеттің тәсілдері мен мақсаттарының арасының ажырауына соқтырып оқиғаны жеделдетуге талпыну (мақсаттар игілікті, жүзеге асыру тәсілдері абыройсыз болуы мүмкін) тән; төтенше саяси әрекеттерді қолдануға табанды түрде ұмтылу, мұның соңы зорлық-зомбылыққа, қандай да бір саяси мәселені осылай тиімді шешуге болады деген сенімге әкеледі; құқықты елемеу, мұнысын өздері бостандық көрінісі ретінде қарастырады және т.с.с. (қар. *Экстремизм, Лаңкестік*).

РЕПАТРИАНТ (лат. *repatriate – қайтамын*, ор. *репатриант*, ағыл. *Repatriate*) – әр түрлі жағдайларға байланысты басқа ел аумағында қалып қойған тұлғалардың тұрақты мекені немесе шығу тегі, азаматтығы тиесілі өз еліне қайтуы. Р. қайтуы халықаралық шарттардың (мысалы, Р.-әскери тұтқындар) негізінде жүзеге асады, алайда кейде шарттан тыс та жағдайлар болуы мүмкін, мұндайда оны жүзеге асыру мүмкіндігі бұған мүдделі мемлекеттің немесе мемлекеттердің заңдары негізінде алдын ала қарастырылуы керек. Әскери тұтқындарды атамекеніне қайтару міндеттілігі 1949 жылғы Соғыста құрбан болғандарды қорғау туралы Женева конвенциясында қарастырылған. Р. құқықтық жағдайы халықаралық шарттармен, сондай-ақ мемлекетшілік актілермен реттеледі. Мәжбүрлі түрде басқа елде болған жылдары «этностық жадын» сақтау тәжірибесі болса да, олар *Отанына* қайтқанда, *Отаны* да қанша дегенмен бөгде мәдени орта болып табылатындықтан, кейбір қиындықтар туады, осыған байланысты олар толыққанды әлеуметтік тіршілік қарекетіне кірісуге септесетін бейімделу іс-шараларын жүргізуді керек етеді (қар. *Босқын, Мигрант, Этностық көші-қон, Оралман*).

РЕСМИ ТІЛ (ор. *официальный язык*, ағыл. *official language*) – 1. Мемлекетте ерекше мәртебесі бар *Тіл*. 2. Халықаралық ұйымдарда, конференцияларда, саммиттерде т.с.с. жұмыс тілі ретінде қабылданған тіл. Ұғымдық көлемі жағынан Р.т. *Мемлекеттік тілмен* бірдей, алайда, құқықтық жағдайы жағынан кейбір елдерде өзгеше қабылданады. Соған орай, кейде Р.т. мен *Мемлекеттік тілдің* мынадай айырмашылығы көрсетіледі: Р.т. – мемлекеттік басқару, заң шығару, сот жүргізу т.с.с. тілі, ал *Мемлекеттік тіл* – саяси, әлеуметтік, мәдени салаларда пайдаланылып, символикалық және интеграциялық функциялар атқаратын тіл (қар. *Автохтондық тіл, Мемлекеттік бірегейлік,*

Жергілікті тіл, Миноритарлық тіл, Ұлтаралық қатынас тілі, Қазақстан тілдері, Тілдік саясат).

РУХАНИ ОТАРШЫЛДЫҚ (ор. духовный *колониализм*, ағыл. *spiritual colonialism*) – Азия, Африка, Латын Америкасы халықтарының әлемдік шаруашылықтағы теңдіксіз, тәуелді, қаналушы жағдайын негіздеу, ақтау және бекіту мақсатында бұқаралық санасы мен әлеуметтік психологиясына идеологиялық әсер ету жүйесі. Рухани отаршылдық басқыншылық дәуірінде-ақ нәсілдің, яғни «жоғары» нәсілдің, басқа «төмен» нәсілдерден басымдылығы жөніндегі нәсілшілдік теориялар негізінде пайда болды. Рухани отаршылдықтың басты мүддесі сол, мұнда дамыған Батыс мәдениеті «мешеу Шығыстың» немесе «Оңтүстіктің» мәдениетінен артықшылығы жөніндегі концепция бірінші орынға қойылады.

Отаршылдық жүйенің құлауы мен ондаған жас мемлекеттердің қалыптасуы заманында негізгі мақсаты батыстық даму жолының тарихи заңдылығы мен қажеттілігі жөніндегі идеяны әлем халықтарының бұқаралық санасына сіңдіру болған жаңа отаршылдықты идеологиялық тұрғыдан негіздеу және насихаттауды қамтамасыз ету рухани отаршылдықтың негізгі міндетіне айналды. Бұл үшін «ақпараттық империализмнің» интернет, телехабар, радио және тағы басқа ақпараттық ықпалдың көптеген құралдары қолданылады.

Рухани отаршылдыққа қарсы күресті азаттық алған халықтар ғана емес, сонымен бірге осы идеологиядан мәдени зиян шеккен дамушы елдер мен үшінші әлем мемлекеттері белсенді жүргізуде. Олар адамдарды рухани азат ету үшін ұлттық мәдениетті жандандырып, оның элементтерін бүкіләлемдік мәдени ортаға жеткізу қажет деп есептейді. Бірақ, батыс мәдениетінің идеологиялық тұжырымдарының бет қаратпас қысымының себебінен болар, бірқатар азаттық алған елдерде дәстүрлі рухани құндылықтардың, оның ішінде діни құндылықтардың жандануы ұлттық өзгешелік пен тұйықтық негізінде батыс мәдениетінің қандай жетістігін болсын теріске шығару арқылы жүргізілуде. Мысалы, африкалық халықтардың эндогендік даму тұжырымдамасы – негритюд және этноконфессионалдық шығу тегі бөлек басқа мәдениетке қатысты діни фундаменталистік экстремизм – осы себепті пайда болған. Керісінше, дамушы елдердегі халықтардың сан ғасырлық мәдениеті батыс мәдениетіне қарсы қойылмаса, ондағы ұлттық сонылықтың қалыптасуы, ұлттық сананың оянуы мен дамуы табысты болады. Бұл елдер батыстың бұқаралық ақпарат құралдарының озбырлығын тоқтату үшін жаңа халықаралық ақпараттық тәртіп орнатуды талап етеді, өздерінің ақпараттық агенттіктері мен халықаралық бірлестіктерін құрады. Олар халықтардың рухани даму құралы ретінде халықаралық мәдени байланыстардың жан-жақты дамуын қолдайды (қар. *Отарсыздандыру, Жихад, Еуропацентризм, Ұлттық қауіпсіздік, Ұлттық тәуелсіздік, Ұлт-азаттық қозғалыс, Ішкі істерге қол сұқпау принципі).*

- С -

САНЫ АЗ ХАЛЫҚТАР (ор. *малочисленные народы*, ағыл. *minority people*) – Өкілдерінің аздығымен ерекшеленетін, бірақ белгілі бір шамада өздерінің *Этностық бірдейлестігін*, *Тілін, Тілдік бірдейлестігін*, өзіндік *Мәдениетін*, *Дәстүрлері мен салттарын*, дәстүрлі шаруашылығының формасын, дінін сақтап қалған *Халықтар, Этностар, Этностық топтар*. Мұндай халықтардың қатары жер шарында жаһанданудың, *Ассимиляцияның, Этностық фузияның* және т.б. таралуына байланысты көбейіп келеді. Ресей Федерациясының тұрғылықты С.а.х. соңғы Бірыңғай тізіміне (2010) абазин, алютор, вепс, долган, ижор, ительмен, манси, нанай, нганасан, негидал, ненец, нивх, орок, ороч, селькуп, тазы, ханты, чуван, чукча, эвенк, эвен, юкагир және т.б. кіреді. Ресейдің осы аталған және өзге де тұрғылықты С.а.х. Қазақстан Республикасында да С.а.х. қатарында (қар. *Автохтон, Ассимиляция, Тұрғылықты этнос, Тұрғылықты тіл, Диаспора тілі, Тілдік ассимиляция*).

СӘЙКЕСТЕНДІРУ (лат. *identifi-co – теңестіремін*, ор. *идентификация,* ағыл. *identification*) – 1. Бір белгілердің негізінде нысандардың теңдестігін анықтау. 2. Дара адамның бір нысанмен, адамдармен я топпен оларға тән қасиеттерді, стандарттарды, құндылықтарды, әлеуметтік бағдарларды игеру арқылы бірдейлестіру үдерісі. С. үдерісі әлеуметтендіру қызметін де, бейімдеу қызметін де атқаруға арналған. Бірдейлестік матрицасынан «түсіп қалуы» адамның әлеуметтік өміріндегі мінез-құлығын өзгертеді, өйткені ол содан былай бөтен ретінде, дұшпан ретінде санала бастайды.

С. құрылымынан, әдетте, үш негізгі компонент ажыратылады, олар – когнитивтік (өз тобының ерекшеліктері жөніндегі білетіндері, түсініктері, белгілі бір сипаттарға сүйеніп өзін сол топтың мүшесі деп санамен сезіну), аффективтік (өз тобының сапаларын бағалау, ол топтың мүшелігіне қалай қарайтындығы, осы мүшеліктің маңыздылығы) және қылықтық (белгілі бір топтың мүшесі екендігін санамен сезінудің ғана емес, сол топтың мүшесі екендігін көрсетудің нақты механизмі, түрлі ауыс-түйістер кезіндегі әрекеттер мен қарым-қатынастар жүйесін құру) компоненттер (қар. *Этностық сәйкестендіру, Тілдік сәйкестендіру, Діни сәйкестендіру, Мәдени сәйкестендіру*).

СЕГРЕГАТТАУ (соңғы лат. *Segregatio* – бөліну, ор. *сегрегация*, ағыл. *segregation*) – жұрттың қандай да бір тобын немесе бірнеше тобын мәжбүрлеп бөлу саясаты. Әдетте, діни және нәсілдік кемсітушіліктің бір түрі ретінде ескеріледі (нәсілдік немесе этностық белгілеріне қарай топтың бөлінуі). С. заңмен және фактіге қарай бөлу болып бөлінеді. Заңды немесе әкімшілік жолмен сегрегаттау Орта ғасырларда және Жаңа заманда герман және англосаксондық елдерде, сондай-ақ олардың отарларында (Германия, АҚШ, Бри-

тан империясы, ОАР, Ирландия, Прибалтика және т.б.) өте кең тараған. С. бұл түрі нәсілдік және этностық ашылықтарды арнайы бөлінген жерлерге (резервацияларға, геттоларға, бантустандарға және т.б.) мәжбүрлі түрде орналастырған және оларды еріксіз оқшаулап, жүріп-тұру бостандығын, мамандық таңдауын, мүліктік құқығын шектеген, әртүрлі нәсілдік және этностық топтарды оқыту мен қызмет көрсету бөлек жүрген. С. тұрақты түрде жүргізу тәжірибесі ОАР мен гитлерлік Германияда байқалды. С. бұл түрлері XX ғасырдың екінші жартысында адам құқығын қорғау қозғалысы жетістікке жеткеннен соң, іс жүзінде жойылды. Қазір өте сирек кездеседі.

Алайда бір уақыттарда заңды түрде болған көп елдерде С. осы күнге дейін факт ретінде орын алуы мүмкін. С. фактісі көпұлтты қауымдастықта спонтанды түрде пайда болатын әртүрлі нәсілдік және этностық топтар өкілдерін бөлек орналастыру, белгілі бір кәсіби бағыт бойынша тиісті мамандыққа оқыту деп ұғынылады. Қазір С., ең алдымен, ірі қалалар мен қалалық шоғырланған жерлерде көрініп жүр. Батыс елдерінде мигранттарды шағын этностық анклавтарға орналастыру кең таралған, бұлар мемлекеттік басқару тарапынан бақылаудан шығып барады.

Сарапшылар қоғамдастығы, этносаяси үдерістерді зерттеушілер С. негізгі үш түрін атап жүр: бірінші деңгейі, шағын сегрегаттау – қоғамдық және жұрт баратын жерлерді бөлу; екінші деңгей, мезосегрегаттау – ақ түстілерді және басқа да халықтарды тұратын аудандары бойынша бөлу; үшінші деңгей, макросегрегациялау – тұтас бір халықты белгілі бір аумақтарға (бантустандарға, резервацияларға және т.б.) оқшаулауды білдіреді.

Сегрегаттап кемсітушіліктің қалдықтары әлі де сақталғанымен, сегрегацияға қарсы белсенді және заңды түрде күресушілердің ресегрегация және интеграция (бірігу) әрекеттері күш алып келеді.

Соңғы жылдары гиперсегрегаттау сияқты жаңа сегрегаттық феномен пайда болды. Кейбір ұлы державалардың ұлттық-мемлекеттік деңгейде, тіптен, планетаның өңірлері көлемінде сегрегаттау жүргізуінің кесірінен этностар ұлттық-мәдени дәстүрлерін, саяси бағдарларын, экономикалық мүдделерін белсеніп қорғау мүмкіндігінен айырылуда. Бөлгендерге белгілі бір тыйымдар салынады (қызыл сызық практикасы), бұл тыйымдарды бұзу санкциялар мен басқа да жазаларға әкеп соқтырады (қар. *Кемсітушілік, Апартеид, Мигрантофобия, Бөлінген халықтар, Этностық стереотиптер*).

СЕПАРАТИЗМ /ЖІКШІЛДІК/ (лат. *separatio* – бөліну, ор. *сепаратизм*, ағыл. *Separatism*) – 1. Бөлінуге, оңашалануға ұмтылу. 2. Кейбір топтардың, ұйымдардың үлкен ассоциациядан бөлініп, дербестік алуға ұмтылған қозғалысы. С. себептері биліктегі элитаның шовинистік саясатына, этностық көпшіліктің саяси қысымына, көрші мемлекеттің агрессиялық-ирредентализм саясатына қарсылық көрсетуінен болуы мүмкін (қар. *Ирредента*). С. конфес-

сиялық, лингвистикалық, әлеуметтік-экономикалық тағы басқа да себептері болады.

Белгілі бір этносаяси қарама-қайшылықтар жиынтығы мен тарихи алғышарттары жағынан жікшілдік қозғалыстар бір-бірінен едәуір өзгеше болады. Алайда, оларды бірыңғай құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін елеулі ұқсастықтары да бар: ол – *Радикализм*, яғни этностық көпшілік пен азшылықтың арасындағы қарым-қатынастың саяси үйлесімсіздігіне қарсы радикалдық әдіспен күресу, талап қоюдағы ымырасыздық, саяси күресте қарулы әдісті қолдану. Саяси мінез-құлықтың түрі ретінде С. этностық топ тарихи қалыптасқан шындықпен, қатар өмір сүретін қауымдастықпен, топпен санаспай, өздері әсірелей түсінетін мүдделері мен қажеттіліктерін қанағаттандыруды мақсат етеді. С. агрессияшылдығы өзінің ерекше екендігін жұртқа таныту, басқа этностық, ұлттық топтарға тәкаппарлықпен қараудан көрінеді (қар. *Ұлттық-аумақтық автономия*).

СУПЕРЭТНОС (лат. *super* – жоғары + грек. *Ethnos* – халық, ор. *суперэтнос* ағыл. *Superethnos*) – бірнеше этностан тұратын, әдетте, көпэтносты мемлекет шекараларында немесе бір өңірде тарихи тағдыры, үстем мәдениеті, өмір салты, қалыптасқан дәстүрлері жағынан мәдени-тарихи тұтастық негізінде пайда болған этностық жүйе. С. терминін Л.Н.Гумилев енгізді, оған дейін бұл тектес тұтастықтар «өркениет», «мәдениет» немесе «әлем» деген сияқты әр түрлі сөздермен сипатталды. Мысалы: «Ислам әлемі», «Византия мәдениеті», «Қытай өркениеті». С. бірлігі көбінесе әралуан этностарды шоғырландыратын ортақ ділдің болуынан көрінеді. Сондықтан С. идеялық-адамгершілік және мәдени тұтастықты кейіптейді. Мұның мәнісі мұнан гөрі тереңде жатыр, өйткені мәселе С. ішіндегі экономикалық, саяси және идеологиялық байланыстарды қамтиды.

Бір өңірде пайда болған және этностық доминантаның маңына топтасқан этностардың тобы С. негіз болады. Мәселен, араб С. VI ғасырда ислам негізінде құрылса, Византияда біріктіруші тірек православие христиандығы болды. Осылайша бірігуден соң қалыптасып қалған С. басқа текті халықтар да қосылуы мүмкін. Мысалы, Ресей С. Сібірде өз бетімен дербес түрде пайда болған этностар қосылып кетті.

С. бірнеше этностарға бөліне алады. С. идеялық-мәдени дәстүрлері одан ары да сақтала беруі мүмкін, басқа жаңаша формаларды қабылдауы да мүмкін. Мысалы, Византия мәдениеті құлдырауға тірелгенде православиелік Ресейге көшті. С. мысалына «американдық халық», «үнді халқы» сияқты қауымдастықтарды, сондай-ақ «совет халқы» т.с.с. түзілістерді жатқызуға болады.

С. славяндар, түркілер немесе ирантілдес халықтар, Латын Америкасы халықтары т.б. сол сияқты метаэтностық қауымдастықтармен шатастырмаған жөн (қар. *Ұлттық бірлік, Мемлекеттік бірдейлестік, Еуропалық одақ, Еуразиялық идея).*

- Т -

ТАРИХИ ОТАН (ор. *историческая родина,* ағыл. *historical homeland*) – 1. Нақты бір адамның туған жері, яғни аумағында ол туған мемлекет (қар. *Отан, Кіші отан*). 2. Қай жерде туғанына қарамастан, сол адам тумысынан титулды ұлтына жататын мемлекет. 3. Адамның өзі азаматы болып саналатын мемлекетпен байланысы.

Т.о. маңызды сипаты – оны жанымен ұғыну немесе қасиеттеу, яғни Т.о. аумағын киелі деп санау. Т.о. психологиялық субстраты – мінсіз Отан-Ананың архетипі, этностық топтың *Қоғамдық санасында* сақталатын сезім. *Отанға* деген сезім болса ғана, яғни, елге ынтықтық, оның аумағын туған жерім деп шын беріле жақын тартса ғана, оның мәдениеті, дәстүрі мен тілін қабылдаса ғана *Мемлекетке* Т.о. ретінде қарауға болады (қар. *Отан*).

ТИТУЛДЫ ТІЛ (ор. *титульный язык*, ағыл. *title language*) – сол мемлекет я ұлттық-мемлекеттік (ұлттық-аумақтық т.с.с.) құрылым соның атымен аталатын *Этностың* тілі. Т.т. терминінің мағынасында бірқатар эмоционалдық коннотациялар бар, солай бола тұра мына сияқты себептерге байланысты қолданылады: а) *Тұрғылықты тіл* ұғымының көлемімен сәйкес келмейді; ә) *(Халықтың* немесе *Этностың* емес*) Этностық топтың* тілін белгілеу үшін жиі қолданылатын *Этностық тіл* терминімен шендестіріледі; б) ТМД елдеріндегі тілдік ахуалды талдайтын қазіргі еңбектерде кеңінен қолданылады (қар. *Автохтондық тіл, Мемлекеттік тіл, Тұрғылықты этнос, Жергілікті тіл, Миноритарлық тіл, Ресми тіл, Титулды этнос*).

ТИТУЛДЫ ЭТНОС (ор. *титульный этнос,* ағыл. *title ethnos*) – ғылыми, этносаяси айналымға «тұрғылықты этнос» терминінің баламасы ретінде енгізілген термин, айырмашылығы сол мемлекеттік құрылымға аты берілген этносты белгілейтіндігінде. Мыс., Қазақстан Республикасында қазақтар Т.э. болып саналады. Солай бола тұра, Қазақстан сияқты көпмәдениетті мемлекетте оның аумағында тұратын этностық топтардың барлық құқығы, оның ішінде тілдік құқықтары да, сақталады (қар. *ҚР Конституциясы, Тілдердің дамуы мен қолданылуының мемлекеттік бағдарламасы, Этностық топтар, Қазақстан тілдері, Тілді жоспарлау, Тілдік ахуал).*

ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ (лат. *tolerantia* деген сөзінен – төзімділік, ор. *толерантность*, ағыл. *tolerance*) – бөтен өмір салтына, тілге, мәдениетке, тәртіпке, әдеп-ғұрыпқа, сезімдерге, пікірлерге, идеяларға, сенімдерге төзімділік. Әлдебір нәрсеге төзу, оны хош көру. Т. – саяси плюрализм қағидаты.

Т. термині латын тілінен шыққан, бірақ мұның мағынасы латындық негізге ұйытқы болған семантикалық мағынамен шектелмейді. Т. – демокра-

тиялық мемлекеттерде мемлекеттік саясатты құрайтын маңызды құрамдас бөлік ретінде танылған. ЮНЕСКО Бас конференциясы 1995 жылғы 16 қарашада бекіткен Т. қағидаттарының декларациясы БҰҰ Жарғысына және Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына, сондай-ақ жеке адамның азаматтық және саяси құқықтарын қуаттайтын басқа да негізгі халықаралық құжаттарға енгізілген өзгеше бір саяси толықтыру болып саналады. Декларацияда тұжырымдалған Т. ұғымында «Т., бұл, ең алдымен, адамның әмбебап құқықтары мен негізгі бостандықтарын тану негізінде тұжырымдалатын белсенді көзқарас» деп көрсетілуі кездейсоқ жайт емес.

Т. – төзімділік, басқа пікірді, сенімді, тәртіпті және мәдени басымдықтарды құрметтеу. Керісінше, әлдеқандай бір мәдени стандарттар мен құндылықтарды күшпен таңу интолеранттылықтың көрінісі болып табылады. Бұл орайда Т. әлеуметтік әділетсіздікке төзіммен қарау ретінде немесе өзінің наным-сенімінен бас тарту және бөтен біреулерге мойын ұсыну ретінде пайымдала алмайды. Толеранттылық көзқарас басқалардың тату-тәтті өмір сүру және өздерінің жеке-даралығын сақтау құқықтарын мойындауды білдіреді. Т. дегеніміз – күрделі қоғамдастықтарды ұйымдастырудың аса маңызды қағидаты. Осы қағидатпен халықтың әртүрлі этностық, нәсілдік, діни топтары қатар өмір сүрмек, осы ұстаным бойынша, бейбітшілік пен әлеуметтік ортаның көп өлшемді болып табылатынын түсіну, демек, бұл дүниеге көзқарастар да әртүрлі екенін және бұл көзқарастар бірыңғайлыққа немесе әлдебіреудің пайдасына келіп сайымауға тиіс екенін түсіну қоғамдық өмірдің тиісті нормасы болуға тиіс.

Т. әртүрлі этностық топтар арасындағы қатынастарда орныққан жауапкершілік, сондықтан мұның 140-тан астам ұлыстардың өкілдері тұратын Қазақстан үшін де ерекше терең мәні бар. Аумағында әртүрлі ұлыстардың ұзақ уақыт бойы бірлесіп тұруы кезінде қалыптасқан толеранттылық туралы Қазақстанда өзіндік түсінік түзіліп шықты. Қазақстан үшін «толеранттылық», ең алдымен, халық санасының жазылмаған нормасы, этностық қатынастардың аксиомасы және қоғамның адамгершілік тұтқасы болып табылады; толеранттылық, ең алдымен, сенім, өзара құрмет, ынтымақ және мәдениет аралық диалог арқылы ашылады. Оның түп негізінде құндылықтардың ортақтығы, мүмкіндіктердің теңдігі және дәстүрлер мен патриотизм, жаңару, жарыстастық пен жеңістің синтезіне негізделген ұлттық рух жатыр.

Қазақстанша толеранттылық – тату көршілік, достық, өзара түсіністік, өзге пікірді қабылдау. Солтүстік Каролина университетінің (АҚШ) журналистика және бұқаралық коммуникация саласындағы философия докторы, Назарбаев Университетінің доценті, жазушы және публицист 2013 жылдың қараша айында Астана қаласында өткен «Толеранттылық және БАҚ» Медиа-форумына қатысқан Хел Фостердің айтуынша, қазақстандық толеранттылық дүниежүзілік қоғамдастық үшін жұмбақ болған күйінде қалуда. Әртүрлі ұлыстар мен діндердің өкілдері бір аумақта тату-тәтті тұрумен қатар өз халқының дербестігі мен мәдениетін сақтап қалуына Қазақстан қалай қол жеткізген (қар.

Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық моделі, қазақстандық этносаясаттың қағидаттары).

ТІЛ (ор. *язык,* ағыл. *language*) - 1. Адами қарым-қатынастың (коммуникацияның) халықтың ойлауымен, ділімен, *Мәдениетімен* ажырағысыз байланыста болатын маңызды да әлеуметтік шартты құралы. Т. - адамдар арасындағы әлеуметтік, тілдік, саналы әрекеттесудің негізі, олардың мінез-құлықтарын реттеудің, қоғам мен оның құрылымдық элементтерін басқарудың маңызды құралы. 2. Шартты, бірақ құрылымдық жағынан негізделген мәні бар таңбалар мен нышандардың жүйесі (қар. *Автохтондық тіл, Мемлекеттік тіл, Тұрғылықты тіл, Халықаралық тіл, Жергілікті тіл, Миноритарлық тіл, Әлемдік тілдер, Ресми тіл, Ана тілі, Титулдық тіл, Этностық тіл, Білім тілі, Қазақстан тілдері, Ұлтаралық қатынас тілі, Әлем тілдері, Тілдік қауымдастық*).

ТІЛДІК АССИМИЛЯЦИЯ (ор. *языковая ассимиляция,* ағыл. *Assimilation,* лат. *assimilation* ұқсастыру) – 1. Әсері жағынан (*Этностық ассимиляциямен, Аккультурациямен* қатар) *Ассимиляция* түрлерінің бірі. 2. Бір *Этнос* өкілдерінің басқа *Этнос* тілін меңгеру және Ана тілінен басқа тілге ауысу үдерісі мен соның нәтижесі. 3. Көптілділік саясатының түрі, мұндайда жекелеген этностар басқа басым тілдің және/немесе *Мәдениеттің* пайдасы үшін өз тілінен және/немесе *Мәдениетінен* ерікті я мәжбүрлі түрде бас тартады. Тіл тілдік шовинизмнің, сегрегацияның, рухани-мәдени және *Тілдік экспансияның* қысымымен ерікті немесе мәжбүрлі түрде ассимиляциялануы мүмкін, бұл, әрине, шиеленіссіз (*Конфликт*) болмайды. Т.а., әдеттегідей, *Билингвизмнің* ұзақ кезеңінен кейін болады, салдарынан *Этностық бірегейліктің* жоғалуы (ауысуы), *Тілдің ауысуы, Тілдің өлуі* мүмкін (қар. *Саны аз халықтар, Тұрғылықты этнос, Этностық фузия, Этнотілдік ахуал, Тілдік идеология, Тілдік саясат, Тілдік ахуал, Тілдік құқық*).

ТІЛДІК АХУАЛ (лат. *situacio* положение, ор. *языковая ситуация,* ағыл. *language situation*) - қоғамда тілді/тілдерді шынайы пайдаланатын ортаның жағдайы; белгілі бір тарихи кезеңде сол бір әкімшілік-аумақтық бірлестікте (этностық қауымдастықта) қолданылатын тілдердің жиынтығы, тілдің, аумақтық және әлеуметтік диалектілердің, койненің, жаргондардың тірлігінің формасы. Т.а. бірнеше шендес түрлерге бөлінеді: эндоглостық (бір тілдің ішкі жүйесінің жиынтығына тән) және экзоглостық (әр түрлі тілдердің жиынтығына тән), теңдестірілген (коммуникативтік қуаты бірдей, жұмсалымдық мәні әр түрлі тілдердің/тіл нұсқаларының жиынтығына тән) және теңдестірілмеген (коммуникативтік қуаты әр түрлі, жұмсалымдық жағынан беделді және беделсіз тілдер мен олардың нұсқаларының жиынтығына тән), демографиялық жағынан теңдес (демографиялық қуаты бірдей тілдердің жиынтығына

тән) және демографиялық жағынан тең емес (демографиялық қуаты әр түрлі тілдердің жиынтығына тән), диглосты және диглостық емес Т.а. Мыс., Венгриядағы Т.а. эндоглосты, теңдестірілмеген және диглосты болып саналады (мажар тілінде жұрттың 99,4%-ы сөйлейді, 8 диалектісі және кодификатталған әдеби тілі бар) (қар. *Автохтондар, Тіл саясаты, Қазақстандағы тілдік ахуал, Тілдік заңнама, Тілді жоспарлау, Тілді реттеу*).

ТІЛДІҢ АУЫСУЫ (ор. *смена языка*, ағыл. *language shift*) – *Этностық қоғамдастықтың Ана тілінен, Этностық тілінен* басқа, беделділеу немесе басымырақ тілге көшуі. Т.а. дара түрде (егер белгілі бір тілдің нақты бір иесі ана тілін басқа тілге ауыстырса) және ұжымдық түрде (егер белгілі бір *Тілдік қоғамдастық* этностық тілін басқа тілмен ауыстырса) болуы мүмкін. Т.а. жол бастайтын негізгі шарт – бұқаралық *Қостілділік*. Т.а. үдерісінің еркін түрде жүруі өте сирек кездеседі, бұл көбінесе саяси, экономикалық, мәдени т.с.с. қысымдардың салдарынан болады. Т.а. себептері: тілді пайдалану аясының (әуелі қалада, сонан соң ауылда) тарылуы мен жоғалуы; тілдердің түйісуінің қарқындылығы; біртілді адамдардың азаюы/жойылуы және қостілділер (әсіресе, балалар арасында) санының молаюы; *Этностық миграция*, жаһандану, индустрияландыру, урбандану, демографиялық өзгерістер, білім саласындағы *Тілдік саясат* т.б. Мәселен, Цин әулеті биліктен тайған соң (1911 ж.), қытайлықтардың Манчжурияға жаппай көшуі мәнжүрлердің ана тілін ханзу тіліне ауыстыруына алып келді; прусс тілінің (батыс Балтық тобына жатады) иелері XVIII ғасырдың басына қарай неміс тіліне көшті. 1989 ж. халық санағының мәліметтері бойынша, Т.а. жоғары пайызы еврейлерден (86,62%), ителмендерден (81,26%), нивхылардан (80,32%) байқалды. Орыс тіліне көшу қазіргі уақытта Қазақстан және ТМД корейлерінде байқалады (қар. *Аккультурация, Ассимиляция, Демография, Этностық фузия, Тілдік ассимиляция, Тілдік экспансия, Тілді жоспарлау*).

ТІЛДІ ЖОСПАРЛАУ (фр. *planer* біртегістеу, ор. *языковое планирование,* ағыл. *language planning*) - осымен бірдей: *Тілдік құрылыс*; Т.ж. белгілі бір субъектілерінің тіл иелерінің (*Т.ж. нысандарының*) тілдік іс-әрекеттеріне ықпал етуі үшін жасалатын саналы да нақты іс-шаралар (талпыныстар). Мұндағы мақсаттар – тіл қолданысын өзгерту (*Тілді мәртебе тұрғысынан жоспарлау*), тіл құрылымын реттеу (*Тілді корпустық жоспарлау*), тілді игеруге жағдай туғызу (*Тілді игеруді жоспарлау*) және/немесе саяси, біліми, экономикалық, қоғамдық, лингвистикалық институттар арқылы тілді мемлекет ішінде және мемлекеттік шекарадан тыс жерлерге тарату (*Тілді таратуды жоспарлау*). Т.ж. мынадай істерді қамтиды: *Тіл* мен *Тілдің дамуына* осы үшін құрылған, осыған орай өкілеттігі бар саяси, біліми, лингвистикалық және басқа ұйымдар жоспарлаған өзгерістерді саналы түрде енгізу (Мыс., КСРО-дағы 20-30-жылдардағы Алфавит комитеттері); тиісті *Тілдік қауымдастықтың* мүдделері,

орынды әлеуметтік, экономикалық, саяси, демографиялық және психологиялық өзгермелі шамаларды ескеріп тілді қарастыру және реформалау. Т.ж. мынадай жолмен жүзеге асады: а) қабылданған тиісті саяси шешімдерді қоса отырып *Тілдік идеология* мен *Тілдік саясатты* қалыптастыру; ә) іс-әрекеттің егжей-тегжейлі бағдарламасын түзу (*Тілді қолдану салаларын* ұлғайту, *Әліпби* реформасы, еміле реформасы, *Тілді нормалау, Тілді кодификаттау, Тілді стандарттау* т.с. сияқты нақты істерді қамтиды); б) белгіленген бағдарламалардың тиімділігін бағалау, аралық және аяққы кезеңдерде істер мен мақсаттарға түзету жасау (қар. *Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, Кириллица, Тілді кодификаттау, Тілдік реформа, Тілдік ахуал, Тілдік заңнама*).

ТІЛ ЖӘНЕ ДІН (ор. *язык и религия*, ағыл. *language and religion*) –«адам феноменінің» өзіндегі психология мен мәдениеттің ықпалды механизмдері ретіндегі тіл мен діннің үлкен рөлімен байланысты қазіргі тіл білімінің негізгі проблемаларының бірі. Тіл мен дін, семиотика тұрғысынан қарағанда, өзіндік мазмұны және осы мазмұнды жеткізетін тәсілдері бар таңбалық екі бөлек жүйе; философиялық тұрғыдан, қоғамдық сананың екі түрлі формасы (тіл – қарым-қатынастың әмбебап құралы, техникасы, ал дін – қарым-қатынас үстінде жеткізілетін әмбебап мәністер, адам мен қоғам үшін ең маңызды да көкейтесті мәністер). Бұл тұрғыдан келгенде діни салт жораларын жүргізу барысында қолданылатын (мысалы, мұсылман мешітінде – араб тілі, православие шіркеуінде – көне славян (шіркеулік славян) тілі) *дін тілі* және *діни тіл* термин тіркестері қарастырылады (қар. *Тіл, Қазақстан тілдері*).

ТІЛ ЖӘНЕ ЖАЗУ (ор. *язык и письменность*, ағыл. *language and written language*) – таңбалық жүйе ретіндегі жазу адам *Тілінің* тірлік формаларының бірі болып табылады. Жазу сөздік ақпаратты, мәністік басқа да элементтерді пішіндеу мен тіркеуге және тілдік пішініне қарамастан қашықтықтан жеткізуге арналған. Қазіргі жазу қалыптасудың ұзақ кезеңінен өтті, соған орай мынадай маңызды белгілері орныққан: ұзақ уақыттық сипат; тұрақты шартты таңбаларды пайдаланатындығы; *Мәтіндерді* тіркейтіндігі, көрнекілігі (қабылдаудың терімен (тактильдік) сезіну арқылы қабылданатын Брайль әліппесін т.с.с. есептемегенде). Жазу дамуының бірнеше кезеңі бар, олар – пиктографиялық жазу, идеографиялық жазу, буындық жазу, әріптік-дыбыстық жазу кезеңдері. Жазу туралы ғылым грамматология деп аталады. Қай тілдің болсын дамуындағы маңызды кезең жазба тілдің шығуымен байланысты, яғни, жазуы бар, жазба дәстүрі бар *Тіл* дамыған тіл болып саналады. Жазба тіл *Тілдің* сөз бен оралымдарының жазба тілге тән арнайы ерекшеліктері бар түрі. Жазба тіл мемлекет дамуының белгілі бір кезеңінде пайда болады да ресми функция түгелдей соған көшеді. Мыс., Орта ғасырлардың ерте кезеңінде латын сызбалық таңбаларының арқасында уақыт пен кеңістікке бел-

гіленіп, қашықтықтан ақпар жеткізу үшін роман тілдері атаулыға жазба тіл қызметін атқарды. XI ғасырдан бастап славян халықтары үшін ескі славян тілі шығып, кең таралады да көне славяндар үшін жазбы тіл қызметін атқарады. 1917 жылдан бастап КСРО аумағында бұрынғы *Жазусыз тіл* болған 50 тіл жазба тілге айналды (қар. *Тіл, Тілді жоспарлау, Қазақстан тілдері*).

ТІЛ ЖӘНЕ ЗАҢ (ор. *язык и закон;* ағыл. *language and law*) - қар. *Тілдік заңнама*.

ТІЛДІК ЗАҢНАМА (ор. *языковое законодательство*, ағыл. *language legislation*) - тіл саясатын білдіретін заңдық форма; жеке бір мемлекет шегінде тілдің/тілдердің/тіл нұсқаларының қолданылуын реттейтін заңдар, конституциялардың жекелеген баптары т.с.с. Конституциялар белгілі бір тілдің қолданылуына кепілдіктер мен жалпы нұсқаулар берсе, заңнамалық кесімдер /актілер/ бұларды егежей-тегежейлеп жүзеге асыруға ықпал етеді. Парламенттер мен үкіметтердің жанынан арнаулы комиссиялар құрылып Т.з. жүзеге асуына қызмет етеді, мыс., Түрік тіл қоғамы, Индия парламентінің жанындағы ресми тіл мәселелері бойынша комиссия, ГФР сыртқы істер министрлігі жанындағы неміс тілі мәселелері бойынша жұмыс тобы, Франциядағы француз тілі мәселелері бойынша жоғарғы комитет, Ресей Федерациясы Президенті жанындағы орыс тілі жөніндегі кеңес т.б. Т.з. деструктивті түрі (бір тілден басқасын қолдануға тыйым салу, мыс., Францияда Ұлы революция кезінде «ұлт бірілігі» үшін өңірлік тілдер мен диалектілерді толықтай жою идеясы болған) және сындарлы түрі (тілдердің қатар өмір сүруін қамтамассыз ету) болады. Қазақстанда заң жолымен (Конституция, Тіл саясаты туралы тұжырымдама, Тіл туралы заңдар т.б.) мемлекеттік тіл қазақ тілінің қолданылу аясын кеңітетін жаңа тілдік ахуал жасалуда, сонымен қатар тілді нормалау мен заманауиландыру шаралары жүргізілуде. Қазақстанның тіл туралы және тіл саясатын реттейтін заңдарының және басқа мемлекеттік құжаттарының ұстанымдық ерекшелігі көпсубъектілі сипатында: бұл заңдарда титулды ұлттың тілінің ғана емес, орыс тілінің, Қазақстанның басқа тілдерінің жағдайын реттеудің тәртібі белгіленген. Елде қолданыста жүрген «Қазақстан Республикасы тілдік саясатының тұжырымдамасы» (1996 ж., 4 қараша) және соған сәйкес Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламалары Республикадағы лингвистикалық өрісті қалыптастырудың функционалдық қағидаттарына сәйкес әзірленіп, тілді жоспарлауды жүзге асырудың мынадай стратегиялық үш бағытын көздеген: а) мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметтерінің аясын кеңейту және нығайту; ә) орыс тілінің жалпымәдени функцияларын сақтау; б) Қазақстанның басқа этностарының тілдерін дамыту. Сонымен бірге Қазақстан заңнамасында Тіл туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту жайы да қарастырылған: «Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңының бұзылуына кінәлі мемлекеттік орган-

дардың бірінші басшылары не жауапты хатшылары немесе Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын өзге де лауазымды адамдары, кез келген меншік нысанындағы ұйымдардың бірінші басшылары, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады. Лауазымды адамның мемлекеттік тілді білмеу желеуімен азаматтардың өтініштерін қабылдаудан бас тартуы, сондай-ақ мемлекеттік тілде және басқа тілдерде қызмет атқарылатын салада олардың қолданылуына кез келген кедергі келтіру Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеліп соғады» (Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңы, 24-бап) (қар. *Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, Тіл саясаты, Тілдік ахуал, Тілді реттеу)*.

ТІЛДІК ИДЕОЛОГИЯ (грек. *idea* ұғым + *logos* ілім, ғылым, ор. *языковая идеология*, ағыл. *language ideology*) – әлеуметтік топтың тілге деген қатынасын, тіл мен қоғам, ұлт, этностың арасындағы, ұлт пен мемлекеттің арасындағы қатынастарды анықтайтын көзқарастар мен идеялардың жүйесі, тілді сақтау я тілдік ахуалды өзгерту мақсаттарынан тұратын жүйе. *Вернакулизация,* орыстандыру идеологиясы Т.и. үлгісі бола алады (қар. *Вернакулизация, Идеология, Тіл және дін, Тілдік саясат, Тілді жоспарлау, Тілдік конфликт*).

ТІЛДІҢ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРЫЛУЫ (ор. *возрождение языка*, ағыл. *Language revival*) – мемлекеттің, *Тілдік саясат* субъектілерінің, жұртшылықтың өміршеңдігін күшейтуге мұқтаж өлі, жоғалып бара жатқан тілді я тілдерді қалпына келтіруге бағытталған шараларының жиынтығы. Т.қ.ж-дың ең белгілі мысалдарына бұрынғы өлі иврит (Израиль), мэн және корн (Ұлыбритания); жоғалып бара жатқан окситан және гаскон (Франция) тілдері жатады. Қандай да бір *Тіл* қоғамдық-саяси өмірдің, ғылым, техника, өнер және өзгенің тілі бола алмайды, өйткені оның жеткілікті түрде сөздігі және грамматикалық құрылымы жоқ деген пікір «лингвистикалық ырымшылдық» (Т.Скутнабб-Кангас) болып саналады. «Тілдің ішкі құрылымы оның функционалдық мүмкіндігін анықтамайды, керісінше, функциясының кеңеюі тілдік құрылымның күрделенуіне әсер етеді. Бұрын қолданыста болмаған салаларда қолданысы пайда бола бастаған қандай да бір тілде осы салаға қажет сөздер пайда бола бастайды, грамматикалық құрылымы күрделене түседі (қар. *Тілдің ауысуы, Тілдік саясат, Тілді жоспарлау*).

ТІЛДІК ҚАУЫМДАСТЫҚ (ор. *языковая общность*, ағыл. *language community*) – 1. Тілдік ортақ белгілеріне қарай бірлескен адамдардың тұрақты жиынтығы. Т.қ. мынадай белгілерге ие тұлғалардың санына қарай өзгешеленеді, мыс., Тіл иелерінің Т.қ., Диаспора тілі, *Этностық тіл* т.с.с. болып бөлінеді. 2. Өздерін Тіл иесіміз, Диаспора тілінің иесіміз, *Этностық тіл* иесіміз т.с.с. деп санайтын адамдардың тұрақты жиынтығы (қар. *Этностық сәйкестілік, Этностық қауымдастық, Тілдік бірдейлестік*).

ТІЛДІК ҚҰҚЫҚ (ор. *языковое право*, ағыл. *language right*)- жеке өмірде және қоғамдық өмірде белгілі бір тілді/тіл нұсқасын таңдау, үйрену және пайдалану құқығы. Т.қ. әзірлеуге адам құқығы туралы халықаралық құжаттар тірек болады. Ол құжаттарда Т.қ. БҰҰ Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясында (1948 ж.), Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде (1966 ж. Пактіде «әр адам туған тілін пайдалануға құқылы» екендігі көрсетілген /27-бап/), «Баршаға білім беру жөніндегі бүкіләлемдік декларацияда» (1990 ж.), «Ұлттық азшылықты қорғау туралы шектік конвенцияда» (1996 ж.), «Адамның тілдік құқығының жалпыға ортақ декларациясында» (1992 ж.) т.б. мазмұндалған қағидалардың табиғи дамуы ретінде қарастырылады. Өңірлік тілдер мен азшылықтың тілдері жөніндегі еуропалық Хартияда (1992 ж.) кейбірінің біржола жоғалу қаупі бар өңірлік тілдер мен миноритарлық тілдерді қорғау Еуропаның мәдени байлығы мен дәстүрлерін сақтап, дамытуға септесетіні атап көрсетілген. Т.қ. жөніндегі соңғы құжаттардың бірі – Ұлттық және этностық, діни және тілдік азшылыққа жататын адамдардың құқығы туралы декларация (1992 ж.). Мұның 1-бабында «тиісті аумақтарда ұлттық не этностық, мәдени, діни және тілдік азшылықтың тіршілік етуі мен дербестігін мемлекет қорғайды және осы дербестіктің дамуына жағдай туғызуға ынталандырады» деген нұсқау бар (қар. *Автохтондар, Мемлекеттік тіл, Ұлттық азшылық, Ана тілі, Адам құқықтары, Тілдік ахуал, Тілдік заңнама, Тілдік конфликт*).

ТІЛДІК ҚҰРЫЛЫС (ор. *языковое строительство,* ағыл. *language construction*) – *Тілді жоспарлаумен* бірдей (қар. *Тілдік ахуал, Тілдік заңнама, Тілді жоспарлау*).

ТІЛ ЖӘНЕ ҚОҒАМ (ор. *язык и общество,* ағыл. *languge and society* - қазіргі тіл білімінің негізгі проблемаларының бірі. Тілдің шығуының, дамуының, қолданылуының қоғаммен себептестігін, тілдің әлеуметтік стратификациясын, қоғам мен қоғамдық институттардың тілдің құрылымы мен функциясына т.б. саналы ықпалын зерттеумен байланысты проблемалардың шешімі ізделеді (қар. *Билингвизм, Мультилингвизм, Әлеуметтену, Тілді жоспарлау, Тілді реттеу*).

ТІЛ САЯСАТЫ (грек. *politike* мемлекет басқару өнері, ор. *языковая политика,* ағыл. *language policy, language politics*) - мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі; тілді жоспарлаудың белгілі бір субъектілерінің (мемлекеттік билік, әлеуметтік топтар, элиталар, халықаралық ұйымдар, партиялар, таптар т.б.) тіл қызметіне, тіл дамуына саналы әрі мақсатты түрде ықпал етуінің теориясы мен тәжірибесі; қолданыстағы тілдердің қызмет етуіне мақсатты және ғылыми негізде басшылық ету және тілдік қатынас құралдарының жаңа түрлерін жасау және жетілдіру. Т.с. елдегі тілдік ахуалдың дамуындағы стра-

тегиялық бағытты белгілейді, жүзеге асатын тілдік жоспарларды реттейді, тілдік заңнамада және тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламарында бекітіледі. Т.с. көмескі болуы да (мыс., АҚШ-тағыдай, жарияланатын құжаттарсыз, акцияларсыз және іс жүзінде көрсетілмей), заңдармен, кесімдермен, мемлекеттік бағдарламалармен бекіп көрінеу жүргізілуі де мүмкін. Канадада «мәдени және тілдік мозаика» саясаты бар, ол бойынша орталықтандырылған Т.с. (Оттаваның федералды үкіметі тарапынан) және тілдік федерализмнің өңірлік Т.с. (провинциялық үкімет, соның ішінде Квебек үкіметі тарапынан) қатар жүргізіледі. Вестерндік тіл саясаты еуропалық тілдердің қолданылу аясын кеңейтуге бағдарланады (мыс., әліпбиді латыннандырып, бір кездерде сөздік құрамның 90%-ына дейін жеткен араб пен парсы сөздерінен тазартылған түрік тілдік үлгісі). «Истерндік» тіл саясаты Ирандағы «Ұлы дәстүрден» толық байқалады, онда араб тілі мен жазуы киелі болып саналады, батыс өркениетінің жетістіктері қабылданбайды, мұны Орта Азияның кейбір мұсылман елдерінен де байқауға болады, олар араб жазуын оқытады, халықаралық сөздер мен терминдерді араб және парсы баламаларымен ауыстырады т.с.с. Демократиялық тіл саясаты тіл мәртебесіне қарамай тілдердің бәрінің құқығын қорғайды.

Қазақстандағы Т.с. мемлекеттің тілдік тірліктің мәселелеріне деген қатынасының шоғырланған көрінісі болып табылады. Қазақстандағы Т.с. сипаттарын былайша бағалауға болады: орталықтандырылған (өйткені бұл саясатты мемлекет жүргізеді және міндетті іс-шаралардың жүйесін қарастырады), келешекті (өйткені Қазақстандағы қазіргі тілдік ахуалдың өзгеруіне бағытталған), демократиялық (өйткені қалың бұқараның мүддесін ескереді), интернационалдық (өйткені негізгі стратегиялық бағыт ретінде қазақ тілін, орыс тілін және басқа этностық топтардың тілдерін дамыту таңдалған), сындарлы (өйткені тіл қызметінің аясын кеңейтуге, қазақ тілінің қолданылу аясын, әлеуметтік-коммуникативтік рөлін және өміршеңдігін молайтуға, орыс тілінің, сондай-ақ басқа тілдердің қолданылуы мен дамуын қолдауға бағытталған) (қар. *Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, Мемлекеттік тіл, Тілдік заңнама, Тілді жоспарлау*).

ТІЛДІК СӘЙКЕСТЕНДІРУ (ор. *идентификация языковая,* ағыл. *language identification*) – индивидтің өзін белгілі бір тілдің иесі екенін анықтауының үдерісі (қар. *Сәйкестендіру*). Тіл өзінің иелерінің ұлттық сипатының ерекшеліктерін белгілей отырып, ойлау мен қабылдаудың түрлі тәсілдерін қалыптастыратындықтан Т.с. *Этностық сәйкестендірудің* құрамдас бөлігі болып саналады. Т.с. тілдесім тілі, тілдік сана және нақты лингвомәдени ортақтықтың көрініу белгілері арқылы танылады. Тіл бір мезгілде әрі этносты ажырататын, әрі этносты біріктіретін фактор болып табылады. Бұған тілдің құрылысының (фонетика, лексика, грамматика және синтаксис) өзі де, сондай-ақ осы этностық қауымдастыққа тән мәдени құбылыстардың тілдегі көріністері де сеп болады.

ТІЛДІК СӘЙКЕСТІЛІК (БІРДЕЙЛЕСТІК, БІРЕГЕЙЛІК) *(*ор. *языковая идентичность*, ағыл. *language identity,* лат. *identicus* теңдес) – жеке тұлғаның өзінің бір тілге тиесілігін ұғынуы (өзін-өзі сол тілмен бірдейлеуі, теңдестіруі, белгілеуі)*;* индивидтің немесе топтың тілді/тілдерді білу мен қолданудан келіп құралатын тілдік сипаттамаларының жиынтығы (қар. *Мемлекеттік сәйкестілік, Еуразиялық сәйкестілік, Ана тілі, Этностық сәйкестілік, Тіл*).

ТІЛДІҢ СІҢУІ /АССИМИЛЯЦИЯ/ (ор. *ассимиляция языковая*, ағыл. *assimilation*) – *Этностық ассимиляцияның* кезеңі, басқа тілдік ортада қандай да бір этностың тілдесу құралы ретінде, сонымен қатар этнос ішіндегі коммуникация саласында, өз ана тілінен айырылу үдерісі және ана тілін басқа тілмен ауыстырып, соңғысын ана тілі ретінде мойындау (қар. *Ассимиляция*). Т.с. бір халықтың басқа халықты жаулап алғанында, отарлау кезінде және басқа да жағдайларда болады. Айтарлықтай ұзақ қостілділік кезеңінен кейін, сырттан келгендердің тілі осы аумақта жеңіліп, жоғалған ұлттық тілдің әсерінен азды-көпті өзгерістерге ұшырағанымен, жалпыға бірдей және жалғыз тіл болып қалады. Т.с. тілдік шовинизммен жан-жақты байланысты және басқа халықты *Мәдени* және *Этностық ассимиляциялаудың* тиімді құралының бірі болып саналады. Сырттан келгендердің тілі немесе діни-мәдени экспансияның тілі ассимиляцияға ұшырайтын халықтың тілдесіміне сауда, әкімшілік коммуникация, құжаттама, білім және басқа арналар арқылы енеді, сонымен қатар сол бір ауданда белгілі бір тілді талап ету немесе саяси элитаның қыспағы арқылы Т.с. мәжбүрлі түрде жүруі мүмкін.

ТІЛДІК РЕТТЕУ (лат. *regula* норма, ереже, ор. *языковое регулирование*, ағыл. *language regulation*) – тілдік қауымдастықта тілдердің теңгерімін сақтау, тіл иелерінің қалауына орай тілдің дамуын қамтамасыз ету үдерісі. Т.р. *Тіл саясатының* ерекшеліктерімен тікелей үйлесімде жүреді. Т.р. плюралды болуы да (*Миноритарлық тілдерді* дамыту мен қолдауға септесу арқылы), тілдерді қайта жаңғырту үдерістерімен қабысуы да, *Тілді жоспарлау* ісінің бөлігіне айналуы да мүмкін. Мәселен, «Ресей Федерациясы халықтарының тілдері туралы» Заңда Ресей Федерациясы халықтарының тілдері түгелдей «Ресей мемлекетінің ұлттық игілігі» ретінде белгіленген, осы Заңның 3-бабында «Ресей Федерациясы халықтарының барлық тілдерінің тең құқықтығы» туралы тұжырым қолданылады, демек, тілге құқық субъектісі құқығы берілу мүмкіндігі көрсетілген. Ал «Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңының» 6-бабында «Қазақстан Республикасының әр азаматының ана тілін қолдануына, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдауына құқығы бар» екендігі айтылады. Осы заңның «Тілдердің қолданылуына кедергі келтіруге жол бермеу» деп аталатын 7-бабында: «Қазақстан Республикасында тілдік белгісі бойынша азаматтардың құқықтарын кемсітуге жол

берілмейді. Қазақстанда мемлекеттік тілдің және басқа да тілдердің қолданылуына және оларды үйренуге кедергі келтіретін лауазымды адамдардың іс-әрекеттері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соқтыратындығы» ескертіледі (қар. *Ана тілі, Тілдік идеология, Тіл саясаты, Тілдік заңнама, Тілді жоспарлау, Тілдік құқық*).

ТІЛДІК РЕФОРМА (ор. *языковая реформа*, ағыл. *language reform,* лат. *reformare* өзгерту, қайта құру) - тілді жетілдіру мен дамыту жолындағы мақсатпен әлеуметтік-тілдік шаралар жасау (жаңалықтар енгізу), мыс., емлені реформалау, жазуды реформалау т.с.с. (қар. Тіл саясаты, *Тілді жоспарлау, Тілдік ахуал*).

ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ТІЛ (ор. *коренной язык*, ағыл. *native language*) – дәстүрлі тұрғылықты аумағымен мызғымас тарихи байланысы бар, өсіп келе жатқан ұрпақ үшін *Мәдениетін, Салт-дәстүрін, Тілін* сақтап қалуға, дамытуға, қалдыруға талпынатын Тұрғылықты этностың тілі. Т.т. – *Тұрғылықты этностардың* этностық бірдейлестігі мен Тілдік бірдейлестігінің негізгі белгісі болып табылатын, Халық санағында негізгі тіл ретінде көрсетілетін тіл. Т.т. ұғымы *Титулды этнос* тілі ұғымынан гөрі танымал. Финляндияда фин және швед тілдері – *Ресми тілдер*, ал саам (3000 сөйлеушісі бар), цыган тілдері (10000 сөйлеуші бар), сонымен бірге ым тілі (керең адамдардың тілі, 10000 адам) Т.т. болып жарияланған, бірақ орыс тілі (31000 адам) мұндай мәртебе алған жоқ (А.Мустайоки). Т.т. құқықтарын тұрғылықты халықтікі сияқты Тұрғылықты халықтардың құқықтары туралы декларация, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт және т.б., қорғайды (қар. *Автохтонды тіл, Жергілікті тіл, Халық, Этностық тіл, Тіл, Диаспора тілі, Қазақстан тілдері, Тілдік құқық*).

«ТІЛДЕРДІҢ ҮШТҰҒЫРЛЫЛЫҒЫ» МӘДЕНИ ЖОБАСЫ (ор. *Культурный проект* «*Триединство языков*», ағыл. *cultural project «trinity of languages»)*– Қазақстан Республикасының ішкі саясаты бағыттарының бірі, оның негізі үш тілдің басымдылықпен даму идеясынан тұрады: қазақ тілі – *Мемлекеттік тіл*, орыс тілі – *Әлем тілдерінің* бірі және ұлтаралық қатынас тілі, ағылшын тілі – әлем тілдерінің бірі және жаһанданған экономикаға ойдағыдай қосатын тіл. Т.ү.м.ж. идеясы мынадай қысқаша тұжырымнан келіп шыққан: «мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін меңгереміз». Тілдер мен мәдениеттердің алуан түрлілігі жағдайында өзге тілдер мен мәдениетке қысымшылық жасамай және қоғамдық келісімді күшейте отырып, Т.ү.м.ж. барлық Қазақстан халықтарының *Тілдік құқығын* сақтауын, қарым-қатынас, оқу және өнер тілін еркін таңдауды қамтамасыз етеді. Елімізде жексенбілік мектептер мен этноағартушылық орталықтардың ауқымды торабы құрылып, табысты қызмет етіп жатыр.

Қазақстан азаматтарының үш тілді меңгеруі – аса маңызды қажеттілік әрі елдің бәсекеге қабілеттелігін растайтын жетістік. Алғаш рет Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында, кейін «Жаңа Қазақстан жаңа әлемде» (2007) Жолдауында жарияланған Т.ұ.м.ж. идеясы кезең-кезеңмен жүзеге аса бастады және Қазақстан Республикасының тілдерді қолдау және дамытудың жаңа мемлекеттік бағдарламасына ажырамас бөлік ретінде енгізілді (қар. *Қазақстан тілдері, Тілдік идеология, Тілдік саясат, Тілдік құқық*).

ТІЛДІК ЭКСПАНСИЯ (лат. *expansio* кеңейту, тарату, ор. *языковая экспансия*, ағыл. *language expansion*) - *Тілдің мәртебесін өзгерту* жолымен бір *Тілді* басқа *Тілдік қауымдастыққа* тарату. Мыс., орыс тілінің экспансиясы Кеңес Одағында мақсатты және дәйекті түрде жүзеге асырылды (Т.э., әсіресе, КСРО ұлттық тілдерінің ортақ лексикалық қорын жасау идеясынан айқын көрінді), бұл экспансияның идеологиялық негіздемесі мемлекеттік және тілдік *Бірдейлестік* болды. Диахрониялық әлеуметтік тілтануда Т.э. субстраттардың түзілуіне әкеп тірейтін үдерістер ретінде ұғындырылады, мыс. Еуропаға Рим империясының тілі латынды тарату – осының бір көрінісі (қар. *Мемлекеттік тіл, Этнос, Тілдік саясат, Тілді жоспарлау*).

ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЭТНОС (ор. *коренной этнос*, ағыл. *native, indigenous ethnos*) – осымен бірдей: дәстүрлі жолмен қоныстанған аумақта мекен ететін (қазіргі мемлекеттік шекараның қалыптасуына дейін) және сол жермен ажырағысыз тарихи байланыстағы тұрғылықты *Халық*, *Этнос*, жұрт. Т.э. түсінігінің бұлдырлығы сонда, «дәстүрлі қоныстанудың» хронологиялық шек-межелерін әр жағдайға орайластырып анықтайтын мүмкіндік жоқ. Бұрынғы КСРО-да Т.э-қа көбінесе *Титулды этностар* жатқызылды. Т.э., тұрғылықты халық, *Тұрғылықты тіл* ұғымдарынан гөрі БҰҰ мен басқа халықаралық ұйымдардың құжаттарында *Автохтон, Автохтонды тіл, Миноритарлық тіл* деген терминдер қолданылады *(*қар. *Ассимиляция, Диаспора, Конфликт, Халық, Титулды этнос, Этностық топ, Этностық фузия, Тілдік ассимиляция).*

- Ұ -

ҰЛТТЫҚ АЗШЫЛЫҚ немесе «этностық азшылық», (ор. *национальные (этнические) меньшинства*, ағыл. *ethnic minorities*) – халықаралық тәжірибеде қолданылатын термин Қазақстанда ресми түрде қолданылмайды. 1. Қандай да бір мемлекеттің аумағында тұратын, бірақ жергілікті ұлтқа жатпайтын және өздерін ұлттық қауымдастық деп танитын этностық топтардың өкілдері; 2. Бөтен ұлт ортасында өзінің негізгі мекенінен бөлек тұратын, бірақ өз этносымен туыстығын және атауы, тілі, мәдениеті мен этностық ерекшеліктерінің

кейбір басқа да сипаттары жағынан байланысын сезетін этностың бір бөлігі. Ұлттық азшылықтың құқықтары туралы БҰҰ Декларациясының (1992 жыл) 1-бабында Ұ.а. өзіндік ұлттық немесе этностық, мәдени, діни және тілдік топтар ретінде сипатталып, оларды қорғау жауапкершілігі мемлекетке жүктелетіні көрсетілген. Ұ.а. болуы – фактілік жағдай, оның объективті (этностық, тілдік немесе діни қауымдастықтың болуы) және субъективті (индивидтердің өздерін бірдейлестіруі) факторлары бар.

Қай топтың Ұ.а.-ға жататынын анықтайтын халықаралық деңгейде келісілген анықтама жоқ. Әдетте, азшылық деп азаматтардың елдің басқа халқымен салыстырғанда саны жағынан аз және басым орны жоқ кез келген тобын атайды. Егер мемлекеттегі/өңірдегі саны жағынан басым топтың саяси немесе мәдени құқықтарына қысым жасалса, олар да азшылық жағдайына душар болуы мүмкін, яғни «азшылық» ұғымының статистикалық та, саяси да мағынасы бар. Азшылыққа жатқызудың критерийлері: азшылықтың саны, объективті айырықша белгілері, қоғамдағы орны басым емес екендігі, топтық айырмашылығын сақтауға ұмтылуы және тиісті елдің азаматтығының болуы. Алайда ұсынылған белгілердің негізінде Ұ.а. топтарын анықтауда да жетіспеушіліктер бар: Ұ.а. әлеуметтік санатына түрлі мағынада түсіндірме берілуі мүмкін. Дегенмен Ұ.а. бетпе-бет келетін проблемаларының ішінде теңсіздік пен кемсітушілік және өзіндік ерекшелігін сақтау құқығын жүзеге асыру негізгі проблемалар болып саналады. Ұ.а. топтарының көбі мәдени (этностық, нәсілдік, діни) азшылықтарға жатады. Халықаралық құқықта Ұ.а. құқықтарын қорғау жүйесі Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін қызмет еткен Ұлттар лигасы аясында пайда болды, ал 1948 жылы БҰҰ Геноцид қылмысының алдын алу және ол үшін жазалау туралы конвенциясын қабылдағанда рәсімделді. Конвенция, бірінші кезекте «ұлттық, этностық, нәсілдік немесе діни топтардың» болу құқығын қамтамасыз етуге бағытталды. Кейін Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық пактіге Ұ.а. туралы ерекше бап енгізілді. Кейінгі жылдары Ұ.а. проблемасы бірқатар халықаралық құқықтық құжаттардан көрініс тапты. Олардың ішіндегі ең маңыздысы – 1994 жылы қабылданған Ұлттық азшылықтарды қорғау жөніндегі еуропалық шекті конвенция (қар. *Ұлттық азшылықтар істері жөніндегі жоғарғы комиссар, Ұлттық азшылықтардың құқықтары*).

ҰЛТТЫҚ АЗШЫЛЫҚ ІСТЕРІ БОЙЫНША ЖОҒАРҒЫ КОМИССАР (ор. *Верховный комиссар по делам национальных меньшинств,* ағыл. *OSCE Supreme Commissioner for National Minorities*) – ЕҚЫҰ-ның лауазымды тұлғасы, 1992 ж. Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық кеңесінің (СБСЕ) Хельсинки саммитінде бекітілген.

Аз ұлттар істері бойынша жоғарғы комиссар қызметінің негізгі бағыттарына мыналар жатады: этносаралық себептен туындайтын шиеленістерді

ескерту және резолюция әзірлеу, шиеленістердің алдын алу үшін білімнің ықпалын арттыру, аз ұлттар мен үлкен этностар тілінің қатар өмір сүруіне септесу, аз ұлттардың қоғамдық өмірге етене араласуына қолдау жасау, олардың БАҚ-пен өзара ықпалдастығын кеңейту, көпэтносты қоғамдағы қоғамдық тәртіпті полициямен қорғау, мемлекетішілік қатынастарда аз ұлттардың белсенділігін арттыру, сондай-ақ аз ұлттарды қоғаммен ықпалдастыру.

Аз ұлттар істері бойынша жоғарғы комиссардың кеңсесі – шиеленістерден мүмкіндігінше ертерек сақтану үшін әзірленудің және олардың алдын алуға қатысты шұғыл әрекет етудің құралы. Оның мандатына ЕҚЫҰ өңірлеріндегі аз ұлттарды тартуға қатысты шиеленісті мониторингілеу, сондай-ақ жағдайдың одан әрі ушығып, шиеленіске ұласуы мүмкін жерде ертерек ескертуді және жылдам әрекет етуді ұйымдастыру кіреді. Жоғарғы комиссар құпия түрде және орын алған жайтқа қатысы бар тараптарға тәуелсіз әрекет етеді. Оның ұйымдасқан лаңкестік актілер сияқты дербес оқиғалармен және жағдайлармен ісі болмайды және лаңкестік, зорлықпен айналысатын немесе соған ашықтан-ашық жол беретін адамдармен немесе ұйымдармен бірлесіп әрекет етпейді.

Аз ұлттар істері бойынша жоғарғы комиссариат басқармасы Гаагада орналасқан.

ҰЛТТЫҚ (ЭТНОСТЫҚ) АККУЛЬТУРАЦИЯ (лат. *ac + cultura – өңдеу*, ор.– *аккультурация национальная*, ағыл. – *acculturation*) – мәдени бейімделу, адамның, әлеуметтік топтың немесе этностың басқа мәдени ортаға сол мәдениеттің кейбір ерекшеліктерін (нормаларын, құндылықтары мен дәстүрлерін) алу арқылы бейімделу үдерісі мен нәтижесі; этностық мәдениеттер мен тілдердің бірінің (әдетте азырақ дамығанының) басқа мәдениет элементтерін қабылдау кезіндегі өзара ықпалдасуынан болатын үдеріс пен шығатын нәтиже; саяси құндылықтардың байланысатын жүйелерінің өзара әрекеттестігі мен сіңісуі (диффузия).

Сонымен бірге бірінші мәдениет өз мәдени моделін сақтап қалады, бірақ онымен қоса, әдетте кеңірек таралған және анағұрлым дамыған басқа мәдениеттің нормаларын да азды-көпті меңгеріп алады.

Алғаш рет терминді XIX ғасырдың аяғында У.Хоумз қолданған, 1936 жылы Р.Редфилд, М.Херсковиц және Р.Линтон түрлі мәдениеттер арасындағы байланыс түрлерінің бірін көрсету үшін диффузия мен ассимиляция ұғымдарына қарама-қарсы қою мақсатында ғылыми қолданысқа енгізген. Бір мәдениеттің басқа мәдениетпен (мәдениеттермен) байланысы нәтижесінде мәдениетте болатын өзгерістерді аккультурация деп атай бастаған, мысалы, жаңа елдің жағдайларына эмигранттардың аккультурациясы.

Ассимиляциямен салыстырғанда аккультурация адамның, әлеуметтік топтың немесе этностың дәстүрлі мәдениетін толығымен жоғалтуына әкеліп

соқтырмайды, алайда қос мәдени-тілдік сананың қалыптасуын тудыруы, қос тілділік, бикультурализмның дамуына жағдай жасауы мүмкін.

Сонымен қатар аккультурация мемлекеттің бағытталған саясатының нәтижесі деп те түсіндіріледі, осы саясатқа сай азаматтық алу үшін мемлекеттік тілді немесе халықтың басым бөлігі сөйлейтін тілді меңгеру, қоғамның мінез-құлық нормалары мен мәдени стереотиптерін қабылдау қажет.

Этностың тұрмысына, қандай да бір жаңалығына кірісу, яғни инновацияның дәстүрге айналуы бірден жүрмейді. Этностар арасындағы мәдени ақпарат алмасу мен оларды тұрмысқа енгізу формалары алуан түрлі болады. Мәдени үдеріс нәсілдік, тілдік және этностық тәнділігі мен әлеуметтік-экономикалық деңгейіне қарамастан ғаламшарымыздың барлық халықтарын қандай да бір дәрежеде қамтып жатады. Әсіресе бұл үдеріс Азия, Африка, Океания, Латын Америкасы халықтарында қарқынды жүріп жатыр. Қолда бар ғылыми зерттеулердің негізінде этнографтар даму жағынан артта қалған халықтар мен резервация тұрғындарының еуропалық мәдениетті меңгеруін жеңілдету бағдарламаларын жасап жатыр.

Аккультурация – мәдени құбылыстардың кең таралуына жағдай жасайтын мәдениеттер арасындағы байланыстардың салдары. Әдетте жартылай немесе толық ассимиляцияға әкеледі (қар. *Аккультурация, Инкультурация, Этностық ассимиляция, Мультикультурализм*).

ҰЛТТЫҚ (ЭТНОСТЫҚ) АНТАГОНИЗМ (ор. *антагонизм национальный (этнический),* ағыл. *national (ethnic) antagonism*) – ұлттардың, этностық қоғамдар мен топтардың арасындағы бітіспес күреспен, өшпенділікпен сипатталатын қарым-қатынас күйі. Мұндай күй әдетте тарихи, әлеуметтік-экономикалық, діни, геосаяси және басқа да факторлар себепші болатын ұлттық (этностық) мүдделердің қарама-қарсылығынан пайда болады.

Ұлттық антагонизм (*әрі қарай – Ұ.А.*) басқа этностың мәдениетіне, тіліне, дәстүрлеріне, дініне деген өшпенділік, басқа ұлттың өкілдерімен қарым-қатынасты шектеу немесе толығымен тыю түрінде нақты көрініс табады. Ұ.А.-нің төтенше бастырмалатылған формасы – қандай да бір бөтен халыққа жүргізілетін геноцид. Басқа халыққа деген теріс көзқарасты идеологиялық тұрғыдан негіздеу мақсатында осы этностың бұрмаланған, жағымсыз бейнесін қалыптастыратын мифтер, этностық стереотиптер, нұсқаулар жүйелері жасалады. Нәсілшілдік және ұлтшылдық «теорияларының» негізінде басқа этноска немесе оның өкілдеріне жүргізілетін Ұ.А.-ның «негіздемесі» болып табылатын осындай ұғымдар (мыс., нәсілшілдік, антисемитизм, русофобия және басқалар) жатыр.

Ұлттар арасындағы өшпенділік ахуалын тудыруға Ұ.А.-ды өз саяси немесе экономикалық мақсаттарында пайдалануға ұмтылатын белгілі бір әлеуметтік күштер мүдделі болады. Ұлттық-этностық ырымшылдық, теріс ұғымдар аса тұрақтылығымен ерекшеленеді. Ұлтаралық, этносаралық қай-

шылықтар кезінде «бөтен» этносқа өшпенділікті күшейту мақсатында белсенді түрде өршітіледі. Осылайша, Карабах қақтығысы шиеленіскен кезде Әзірбайжан мен Арменияда антиармяндық және антиәзірбайжандық насихаттар күрт күшейді. Әр тарап басқа тарапты «қас жау» бейнесінде көрсетуге барын салды. Грузин-абхаз, осетин-ингуш, Украинадағы және басқа да жақын және алыс шетелдердегі қақтығыстар кезінде дәл осындай жағдайлар болды. Ұ.А. жиі түрлі көлемдегі ұлтаралық қанды қақтығыстарға ұласатын өшпенділік пен жек көрініштің ашық, төтенше формасында байқалуы мүмкін. Соңғы онжылдықтар ішінде қан төгілген ұлтаралық қақтығыстар саны артты. Сөйтіп, соғыстан кейінгі 250 әскери қақтығыстардың шамамен жартысын қандай да бір этностық астары бар соғыстар құрайды. Оған қоса «қырғи қабақ» соғыс түрінде жасырын формадағы Ұ.А. жиірек болады. Ол тұрғылықты емес ұлт өкілдерін елден аластау, олардың азаматтық және саяси құқықтарына қысым жасау, мәдениеті мен ана тілін қыспаққа алу, ұлттық намысын қорлау сипатында көрініс табады. «Туа біткен», мәңгілік Ұ.А. болмайтынын атап айтқан жөн. Ертеректе жауласқан елдер уақыт өте келе мәмілеге келіп, жақындасып, тіпті олардың арасында достық қарым-қатынастар орныққаны туралы тарихта мысалдар аз емес. Мәселен, немістер мен ресейліктер XX ғасырда бір-біріне қарама-қарсы екі рет соғысқа қатысқан. Алайда олардың арасында осы күнге дейін ұлттық-дұшпандық қарым-қатынастар сақталды деп айтуға негіз жоқ (қар. *Антисемитизм, Дискриминация, Ксенофобия, Ұлтаралық қақтығыстар, Нәсілшілдік, Этностық стереотиптер*).

ҰЛТТЫҚ-АУМАҚТЫҚ АВТОНОМИЯ (ор. *Национально-территориальная автономия,* ағыл. *national and territorial autonomy)* – Ұ-АА – бір жерде жинақы тұратын ұлттың (этностық топтың) өз бетінше ұйымдасу формасы, мұнда жекелеген ұлттық топтардың өзіндік мүдделері ескерілу үшін ұлттық мемлекеттер, ұлттық-мемлекеттік құрылымдар немесе ұлттық әкімшілік-аумақтық бірліктер құрылады.

Мыс., Ресейде осыған сәйкес автономиялы республикалар, автономиялы облыстар немесе округтер, сондай-ақ ұлттық аудандар, уездер т.б. бар. Бұлардың арасындағы шегара тым шартты болғанмен, оларға мемлекеттік биліктің көлеміне қарай саяси (заң шығарушы) немесе әкімшілік автономия беріледі.

Билікті орталықсыздандырудың түрі болумен қатар автономия ұлттық ерекшеліктің ғана емес, географиялық, тарихи және басқа ерекшеліктердің де нәтижесі ретінде қалыптасуы мүмкін.

Саяси автономия Солтүстік Ирландияда (Ұлыбритания), Корсикада (Франция), Аланд аралдарында (Финляндия), Азор аралдарында (Португалия), Гренландияда және Фарер аралдарында (Дания) бар, Күрдістанда (Ирак), Филиппинде, Шри-Ланкада және кейбір басқа елдерде жарияланған.

Облыстық саяси автономия Италияда бар, бұл бір жағынан, жекелеген өңірлердің (Сицилия, Сардиния) дәстүрлі тірлігіндегі тарихи ерекшеліктен болса, екіншіден, аумақтардағы (Трентино-Альто-Адидже, Фриули-Венция-Джулия) жұрттың ұлттық құрамына орай қалыптасқан. Испания конституциясында ұлттық-аумақтық принцип бойынша автономиялар құру құқығы көрсетілген. Соған орай ол елде төрт «ұлттық провинция» құрылған: Андалусия мен Галиция, Каталония, Баскілер елі, бұларға 13 «тарихи» аумақтық облысқа қарағанда көп құқық берілген.

Жалпымемлекеттік заң негізінде әрі конституциядағы тікелей ұйғарымдарға сүйеніп бұл елде автономияны жүргізу нысандары белгіленеді, жергілікті өкіметті жасақтайтын жергілікті парламент сайланады. Орталық биліктің өкілі сол билік тағайындаған губернатор (немесе басқа лауазымды тұлға) болады, ол жергілікті мемлекеттік органдардың қызметін қадағалайды, оның жергілікті парламент қабылдаған заңдарға тыйым салуға құқы болады. Елдердің қайсысында болмасын оның ортақ сипаттарымен қатар әлеуметтік-экономикалық даму һәм өзін-өзі басқару жүйесінің тиімділігі деңгейіне байланысты өзіндік ерекшеліктері бар және бұлар ескеріледі.

Әкімшілік автономия саяси автономиядан гөрі сирек кездеседі. Әкімшілік автономияға Қытайда кең орын берілген. Онда жинақы тұратын аз ұлттар (ұйғырлар, тибеттіктер, чжуандар т.б.) ұлттық аудандық автономия туралы 1984 жылғы 31 мамырдағы заңға сәйкес автономиялы құрылымның үш түрін құрған: автономиялы аудан, автономиялы округ, автономиялы уезд. Автономиялық құрылымдарда әдепкі әкімшілік-аумақтық құрылымдарда болатын органдар қызмет етеді, сонымен қатар бұларға қосымша өкілеттіктер берілген.

Постсоветтік кеңістікте Ресейден басқа Молдовада, Әзірбайжанда, Грузияда, Тәжікстан мен Өзбекстанда автономияның түрлі формалары бар.

Ұ-АА ұлттық қатынастар саласындағы қайшылықтарды шешудің, жағымды үрдістерді ынталандырудың бірден-бір тәсілі болып саналмайды. Жекелеген елдерде бұл жікшілдікке ұласып, автономиялы құрылымдардың жаңа мемлекет болып бөлініп шығуына дейін жеткізіп отыр (мыс., Испаниядан Каталония мен Баскілер елінің, Ұлыбританиядан Солтүстік Ирландия мен Шотландияның жіктелуі, т.б.).

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясының 2-бабына сәйкес, «Қазақстан Республикасы – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет». 1996 жылдың мамыр айында ҚР Президенті мақұлдаған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бірегейлігін қалыптастыру тұжырымдамасында: «Біртұтас мемлекеттің сипаттарының бастысы – оның ішінде ұлттық-мемлекеттік және автономиялы құрылымдар болмайтындығы», - деп жазылған.

Қазақстанда ұлттық-мемлекеттік және автономды құрылымдардың болуына жол бермеудің принципті маңызы бар. Біріншіден, тәуелсіздік алған-

нан бергі уақытта этностардың тіл, дәстүр, тұрмыс, білім мен мәдениет, БАҚ салаларындағы ерекше мүдделерін барынша қанағаттандыруға бағытталған саясат жүргізіліп келеді; екіншіден, ұлттық топтардың ұжымдық және жеке мүдделерін институционалдау ҚХА, өңірлік ассамблеялар мен ұлттық-мәдени орталықтар арқылы жүзеге асырылып келеді; үшіншіден, Қазақстанның барлық этностық топтары өздерінің стратегиясы ретінде бірегей азаматтық социумға – ортақ тарихи тағдыр, ортақ құндылықтар, мақсаттар мен нысаналар біріктірген Қазақстан халқына – бірігуді таңдады; ал бұл қоғамдық келісім мен ұлттық бірліктің қазақстандық моделін қалыптастырудың алғышарты болды.

ҰЛТТЫҚ БІРЛІК (ор. *национальное единство*, ағыл. *national unity*) – этностық қауымдастықтардың ұлт құрамындағы тірлігінің тұтастығын білдіретін ұғым мен қарекет. Ұлттық бірлік табиғи, әлеуметтік, ішкі және сыртқы факторлармен шарттас, этностық субъектілердің экономика, техника, ғылым, саясат, өнер, спорт, дін т.с.с. түрлі салаларда әрекеттес болуымен байланысты. Дара бір адам деңгейінен қарағанда, ұлттық бірлікке ұлттық сезімдер, психология, адамдардың бірлесіп өмір сүруі мен еңбек етуі себепші болады (қар. *Этнос, Ұлт, ҚХА*).

ҰЛТТЫҚ ЖАНДАНУ (ор. *национальное возрождение*, ағыл. *national renaissance*) – ұлттың жаңғыруы, оның қазіргі өмір реалиялары жүйесіндегі, жалпы адамзаттық өркениеттің үдемелі қозғалысындағы жаңаруы. Ұлттық жандану өткен тарихтың жай ғана жаңаруы емес; ескіге, шаруашылық пен мәдениеттің, саяси және басқа да құрылымдардың ескі формаларына жай ғана қайтып оралу емес; ұлттық жандану дегеніміз - өткен мен қазіргінің қосылуының көп қырлы үдерісі. Бұл – тарихи даму үшін халықтың, оның институттары мен құндылықтарының жасампаздық мүмкіндіктерін ашу үдерісі. Зиялылар, әсіресе ұлттық өзіндік сананың тасымалдаушысы ретіндегі гуманитарлық арнадағы зиялылар, ұлттық жандану үдерісінде айырықша орын алады. Ұлттық жандану үдерісі кезінде мәдени орталық ретінде қалалардың рөлі артады.

Қазір, бір жағынан, этностардың жақындасу үдерісі жүріп жатса, екінші жағынан, ұлтының ешкімге ұқсамайтын дербестігін, ерекшелігін саналап тану үдерісі жүріп жатыр, «этностық парадоксты» мәні де осында. Мұны белгілі бір шамада ғаламдастыруға қарсы әрекет ететін, қоғам өмірінің сыртқы айналасын жайлы ететін үрдіс деп түсінген жөн.

Ұлттық және әлеуметтік азаттық үшін күресіп жатқан қоғамның саяси істері ұлттық жандануды мақсат тұтады. Бұл – ұлттарды бірыңғайлауды көздейтін тоталитарлық саясатқа, яғни әкімшілік әдістермен «ұлттарды жақындастыру» үрдісін жеделдету әрекеттеріне қарсы реакция (қар. *Этнос, Этностық топ, Этноағарту мектептері*).

ҰЛТТЫҚ КЕЛІСІМ (ор. *национальное согласие*, ағыл. *national accord*) – 1. Өзара түсіністікке, сыйластыққа, төзімділікке, жауапкершілікке негізделген қоғамдық және мемлекеттік құрылыс қағидаты; 2. Қоғамда туындайтын тартысты жағдайларды, қарама-қайшылықтарды, проблемаларды реттеу. 3. Дауды шешу барысында қол жеткен белгілі бір нәтиже.

Ұ.к. Конституция қағидаларының, азаматтар құқықтарының теңдігін қамтамасыз етудің мүмкіндіктер теңдігінің негізінде қалыптасады. Қазақстанда қоғамдық келісім қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың конституциялық қағидаты ретінде бекітілген.

Ұ.к. қол жеткізу үшін қоғамдағы түрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін, ұмтылыстарын, талаптарын түсінудің жалпы ыңғайларын қолданудың күрделі үдерісінен өтіп, өзара қанағаттандыратын нәтижеге жету қажет. Мемлекеттік құрылымдардың, түрлі қоғамдық, ұлттық, саяси ұйымдардың, қозғалыстардың өкілдерінің, бастамашылардың қатысуымен, түгелдей қоғам консенсусына сүйеніп Ұ.к. қол жеткізуге болады. Әлеуметтік, саяси, экономикалық, ұлттық және басқа да айырмашылықтар айқын көрінетін демократиялық қоғамда, ашық типті қоғамда, Ұ.к. түрлі қоғамдар, қауымдастықтар, сонымен қатар этностық топтардың да арасындағы қарым-қатынасты реттеуге арналған құрал болып табылады. Ұ.к. қоғамда шиеленіскен қайшылықтардың бүлдіргіш (деструктивті), күйреткіш дауларға ұласып кетуінің алдын алуды қарастырады. Кез келген әркелкі жүйенің табиғи факторы болғандықтан әлеуметтік қақтығыстар мүдделердің тоғысуының жоқтығына немесе бұзылуына байланысты шығады. Ұ.к. осындай әркелкіліктерді үйлестірудің, мүдделерді ықпалдастырудың әдісі ретінде әлеуметтік тұрғыдан түзету қызметін атқарады. Ұ.к. сындарлы келіссөздер, үнқатысу арқылы қол жеткізуге болады. Ұ.к. ұлтаралық қатынастар тәжірибесі ретінде де, қоғамдық сананың қағидаты ретінде де қарастырылады (қар. *ҚХА, Этносаралық келіссөздер*).

ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК (ор. *национальная безопасность*, ағыл. *national Security*) – елдің еркіндігін, тәуелсіздігін, тұтастығын, ұлттық мүдделерін қамтамасыз ететін және ішкі тұрақсыздық пен сыртқы шабуыл қаупін болдырмайтын, адамның, қоғамның және мемлекеттің тірліктің түрлі салаларындағы өмірлік маңызы бар мүдделерін сыртқы және ішкі қауіп-қатерлерден қорғауды, елдің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін елдегі ішкі ахуал мен халықаралық жағдай. Тағы бір анықтама бойынша, бұл – қолда бар ресурстар мен мүмкіндіктерді ескеріп, саяси, экономикалық, әлеуметтік, соғыс, техногенді, экологиялық, ақпараттық және басқа да сипаттағы ішкі және сыртқы қауіп-қатерлерден адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттар мен мемлекеттік стратегия ретінде ресми түрде қабылданған пікірлердің жиынтығы.

Ұлттық қауіпсіздіктің нысандары: тұлға, оның құқықтары мен еркіндіктері; қоғам, ондағы материалдық және рухани құндылықтар; мемлекет, оның конституциялық құрылымы, егемендігі мен аумақтық тұтастығы.

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі принциптері: заңдылық, тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің өмірлік маңызы бар мүдделерінің теңгерілімін сақтау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін тұлғаның қоғам мен мемлекеттің өзара жауапкершілігі, қауіпсіздіктің халықаралық жүйелерімен ықпалдасу.

Ұлттық қауіпсіздіктің түрлері: қоғамдық, әскери, саяси, экономикалық, ақпараттық, экологиялық қауіпсіздік. Қазақстанда 2012 жылғы 6 қаңтарда №527-IV «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, онда қауіпсіздіктің принциптері, қауіп-қатерлер, қызметтері, оны қамтамасыз ету жүйелері, мемлекеттік органдардың өкілеттіктері т.б. көрсетілген (қар. *Мемлекет, Қазақстан халқы Ассамблеясы, ҚР Конституциясы*).

ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ АВТОНОМИЯ (ор. *Автономия национально-культурная,* ағыл. *Autonomy national and cultural*) – ұлттың өз өмірін өзі ұйымдастыру формасы, мұнда тұрмыс, дәстүр, мәдениет, тіл, білім т.б. мәселелерін этнос өзі дербес әрі ұлттық-аумақтық бірліктер (автономиялық құрылымдар) құрмай-ақ шешеді.

Өзін-өзі басқару және тіл ортақтығы негізінде этностық топ өз мектебін, газетін, радиохабарларын, қоғамдық бірлестіктерін т.б. ұйымдастырады. Финляндияда, Швецияда және Норвегияда саамдардың парламенттері бар, сондай-ақ үш елдің – Норвегия, Швеция және Финляндия саамдарының скандинавтық кеңесі жұмыс істейді. Түрлі аз ұлттардың кеңестері Австрия мен Венгрия үкіметтерінің жанында да бар. Македонияда парламенттің жұмыс органы Ұлтаралық қатынастар жөніндегі кеңес болып табылады, оған македондықтардан, албандықтардан, түріктерден, влахтардан, сығандардан екі-екі өкілден кіреді. Кеңесті парламент төрағасы басқарады.

Кей жағдайда бытыраңқы аз этностар үшін парламенттерде өкілдік етудің бекітілген нормалары белгіленуі, мемлекеттік басқа да органдардан алар орындардың үлесі сақталуы, ал мұндай аудандарда жұмыс істейтін мемлекеттік қызметшілер жергілікті жұрттың тілін білуге міндетті.

Ұ-МА тұрпатын өзгертіп бірте-бірте ұлттық-аумақтық автономияға айналатын немесе бірегей мемлекеттік құрылысты федеративтік құрылысқа ауыстыратын (мысалы, Бельгия, Судан – бұл елде 2011 жылы жаңа тәуелсіз Оңтүстік Судан мемлекеті бөлініп шықты) жайттар аз емес.

Қазақстан Республикасындағы ұлттық қатынастардың ұйымдастырылуы Ұ-МА-мен жекелеген ұқсастықтары (мыс., аумақтық негіздің болмауы) бола тұра одан едәуір өзгеше, ең алдымен, Қазақстанда этностың өз ішіндегі және

этносаралық қатынастардың институционалдық деңгейінің, бағытының, жүйелілігі мен көлемділігінің жөні бөлек.

Қазақстандық қоғамды біріктіретін және шоғырландыратын, тұтастай Қазақстанның көпэтносты халқының жалпысына ортақ құндылықтар мен жекелеген әрбір этностық топтың өзіне тән мәдени-тілдік мүдделері жөніндегі жеке құндылықтар арасындағы айқын теңгерім табылып, белгіленген және бұл барынша сақталады. Бұл жерде жалпы мен жеке ажырағысыз байланыста және бірін-бірі өзара толықтырып, байытып отырады. Мемлекеттік саясатқа сондай-ақ этносаралық қатынастарды үйлестіру, қауіптер мен қатерлерді залалсыздандыру және алдын алу шараларының кешені кіреді. Бүкіл мемлекеттік аппараттың осынау тұрақты да алуан түрлі жұмысы Қазақстан Республикасының 1995 жылы қабылданған қазіргі Конституциясына және заңнамалық актілеріне негізделіп, мемлекеттің басты қызметіне айналған. Бұл осы тақырыпқа байланысты барлық ықтимал саяси пайдакүнемдік атаулыны болдырмайтын этносаралық қатынастарды принципті түрде саясатсыздандыру. Бұл – 1995 жылы «төменнен көтерілген бастама бойынша» конституциялық мәртебесі бар бірегей арнаулы институт Қазақстан халқы ассамблеясының құрылуы. ҚХА-дан ҚР Парламент Мәжілісіне сайланған депутаттардың белсенділігінің, ҚХА құрамына өңірлік ассамблеяларды басқаратын әкімдерді, барлық салалық министрліктер мен ведомстволардың басшыларын біріктірудің арқасында да мемлекеттік және қоғамдық негіздердің жалпыұлттық үнқатысу алаңы тұрпатындағы өзара әрекеттестігі нығайды.

Осы айтылған және басқа да факторлар жинақтала келе кез келген автономияға тән этностар мен этностық топтардың өз этнокеңістіктерінде этномәдени және тілдік ерекшелену, өз ерекшеліктерін абсолюттеу сияқты құбылыстардың көп жағдайда сепаратизм мен экстремизмге айналу үрдісіне Қазақстанда жол бермеудің кепілі болып табылады.

ҰЛТТЫҚ МИФОЛОГИЯ (грек. *rnythos* – аңыз, әфсана, logos – ілім, ор. *мифология национальная*, ағыл. *ethnic mythology*) – болмыстың бұрмаланған, жалған, қияли бейнесі. Қазіргі саяси лексиконда этноұлттық аядағы көрінеу жалған пайымдау, тұжырым мен түсініктерді ақтауға арналған дәлелдер мен қағидалар жүйесі. Бұл жерде мифологияның терминдік мағынасын әдеби формаға келіп тоғысатын аңыздар, хикаялар, әфсана мен эпостардан айыра қарау керек.

Рәміздік мифтерге қарағанда, әрекетке шақыратын әлеуметтік мифтерді әйтеуір миф деп сөзбе-сөз түсіну адамды тікелей шатастырады. Мифтің күштілігі сонда, сезімдік түсініктердің сипаты мол болады, адамның жергілікті түсініктерін саяси өмірге араластырады. Ұлттық мифология қасиетті құпияны қолданып, асыл арманды іске асыратын ғажаптығымен тартымды болады, сондықтан да мифологияның ұлттық мәдениетте тамыры тереңге жайылған.

Түрлі тақырыпты қамтитын мифтер көп, солардың негізгісі тілегеніңді тірлікке көшіруді көздейді. Фашизм теорияшыларының «үшінші рейхтің мыңжылдық патшалығы» туралы постулаттарының, нәсілшілдік туралы «жиырмасыншы ғасыр мифі», яғни неміс халқының орны туралы нәсілшілдік мифтің т.с.с. осындай сипаты бар.

Ұлттық өмірде болмыстан алшақ я оған жақындатылған басқа да мифтер көп: мәселен, «жоғарғы» және «төменгі» нәсіл туралы, халықтар мен мемлекеттер тағыдырында ұлттық сипаттың ықпалының мүлтіксіз болатыны туралы, американдық ұлттың айрықшылығы туралы, «батыс өркениетінің» ерекше рөлі, еврей халқының «құдай таңдаған» халық екендігі туралы, мешеулік тұтастай бір халықтың пешенесіне жазылатындығы туралы мифтер бар. Ұлттық ділге сүйеніп бұқара санасын бұлдыратындардың ұлттың қандай да бір сезімін саудаға салып ұлтшылдық ауандарды отқа салып адамдарды орынсыз әрекеттер жасауға арандататын кездері аз болмайды (қар. *Этностың ділділігі, Қоғамдық сана, Этностық стереотиптер, Идеология).*

ҰЛТТАР ТЕОРИЯСЫ – (ор. *теория наций*, лат. «natio» – тұқым, тек, тайпа, шығу тегі, тумысы, ағыл. *theory of nations*). Цицерон сөздерінде «natio» қияндағы және «варвар» халықтар деген ұғымда қолданылған. Бұл сөз ортағасырлық университеттерде кеңінен қолданылған екен. Париж университетінде 1220 жылдың өзінде-ақ «Франция ұлты», «Пикардия ұлты», «Нормандия ұлты» деген «ұлттар» болған.

Ұлттар проблемасы бойынша теориялар көп. Оларды негізгі деген бірнеше бағыттарға ажыратуға болады. Ал жалпы алғанда, қазіргі Ұ.т. идеалистік және тарихи-материалистік деп екі жікке бөлуге болады.

Ұ.т. идеалистік маңызды бастауын «халық рухы» ұғымынан бажайлауға болады. Бұл ұғымды әзірлеген алдымен Гегель, сонан соң И.Г.Гердер болатын. Гегельдің түсіндіруінше, әр ұлт халық рухы дамуының ерекше сатысында тұрады. Ал «халық рухының» өзі бар болғаны «әлемдік рухтың» көрінісі ғана. Халық, ұлт рухани индивид ретінде «бір тұтастық» мемлекетке бірігеді де, халық рухының жалпыға ортақтығы мемлекетте өзінің болмысы мен пәрменділігіне ие болады.

Этностың болуы ұлттың шығуының қажетті алғышарты болып табылады. Этнолог ғалым Михаил Тиводар ұлт – этнос дамуының мемлекеттілік, ұлттық-мемлекеттік атрибуттар, ұлттық сана мен мәдениетті жасаумен байланысты айрықша жағдайы, ұлт – саясиланған этностық деп түсіндіреді. Мұның пікірінше, Н.А.Бердяев ұлтты тарихи тағдыр бірлігі деп берген анықтамасы – басқаларына қарағанда анағұрлым айқын анықтама.

Ұлттар туралы объективті теория деп аталатын теориялардың арасынан ұлт, ең алдымен, мәдениет ортақтығы, бұл ортақтық анағұрлым кең немесе анағұрлым тар ауқымды сипатта болуы мүмкін дейтін көзқарас кең тараған. Мұндай ұғымның негізін салушы деп Ф.И.Нейманды айтуға болады. Ол «Ұлт

41 халық» (1888 ж.) атты еңбегінде ұлтқа ел-жұрттың мәдени жетістіктер нәтижесінде ортақ өзіндік табиғатқа ие болатын үлкен топ ретінде анықтама береді.

Мысалы, Армстронг: «Миф, рәміз, қатысым тәсілі мен мінез-құлық нормаларының белгілі бір жиыны материалдық факторлардан гөрі едәуір өміршең факторлар болып табылады», - деп жазады. Тілтанушылар мен антропологтардың еңбектеріне сүйенсек этностық топтың шекаралары «айрықшалау» немесе қарама-қарсы қою ұстанымы бойынша анықталады. Этностық топ өз шекараларын, ішкі өзара байланыстарын өздерінің ішкі қасиеттеріне сүйеніп қана емес, қайта, айрықшалау, «біз» жалпыланған бейнесін «біз емес», «басқалар», «олар» деген бейнемен қарама-қарсы қою әдісі арқылы анықтауға ұмтылады.

Армстронг ұлттардың заманауилығын абсолюттендіруді теріске шығарады. Қазіргі ұлттардың жасақталу үдерісін этностық эволюцияның едәуір ұзақ үдерісін толайым білу арқылы ғана түсінуге болады, бұл үдерісте этностардың, этностық топтардың пайда болуы, құлауы мен қайта көтерілуі сияқты өткелектер мол. Бұл тұста ол этностықты (этностық сәйкестікті) қоғамдық ұйымның өзегі дегеннен гөрі, түрлі әрекеттестіктердің жиынтығы деп санауға болатынын атап көрсетеді. Этностық сәйкестік, өзіндік сана-сезім құрамының көбі өзгеруі мүмкін, ал миф пен рәміз-нышандар өзімен-өзі болып қала береді де, нақ осылар кейін ұлттық бірдейлестік пен ұлттың қалыптасуына себепші болады. Солай бола тұра, этностық эволюцияны қоғамның басқа факторларынан оқшау үдеріс ретінде қарауға болмайтыны - айқын жайт.

Оның пікірінше, элиталық топтарда ғана таптық және тиісті этностық кедергілерді заңдастыруға қажетті коммуникативтік және іскерлік сапалар болады. Мәселен, өткен дәуірде үстем элита ғана тұтастай қоғамға ортақ мифтер мен рәміздерді қалыптастыруға әрі қорғауға қабілетті болған, бекзаттардың (элитаның) христиандық және мұсылмандық өркениеттегі қызметі осындай болды.

Ұлттардың этнологиялық үш теориясын Энтони Смит пішімдеді. Ол ұлттың мынадай белгілерін ажыратады: «өзім» мен «бөтенді» айыруға мүмкіндік беретін ерекше мәдени сипаттар; тарихи мұра болып қалған ортақ аумақтың болуы; салыстырмалы түрде алғанда, жұрт санының көп болуы; басқа қоғамдастықтармен сыртқы саяси қатынастардың болуы; ортақ ұжымдық сезімнің болуы; түрлі азаматтық құқығы бар топқа барлығының тікелеймүше болуы; еңбек бөлінісінің ортақ жүйесі бар тік экономикалық ықпалдастықтың болуы.

Ұлттар жөніндегі қазіргі теориялардағы белгілі бір шамадағы өзгерістер жоғарыда көрсетілген тұғырлар мен көзқарастардың шеңберінен алшақ кетпейді (қар. *Ұлт, Этнос, Ұлттық мемлекеттілік*).

ҰЛТШЫЛДЫҚ (фр. *nathionalifime*. лат. тілінен *natio*, ор. *национализм*, ағыл. *nationalism*). – түп бастауында адамдардың өз ұлтының (этносының) құндылықтарына берілгендігін, өз этносының мүдделерінің басқа этнос мүдделерінен бірінші тұратындығы туралы түсінікті тірек ететін идеология мен топтық мінез-құлықты білдіретін ұғым. Ұлтшылдықтың психологиялық негізін этноцентризм құрайды.

Негізінде, ұлтшылдық өз ұлтына берілу мен адалдықты, саяси тәуелсіздік пен өз халқының игілігіне қызмет етуді, мәдени және рухани дамуды, ұлттың өмір сүру жағдайын, мекен ететін аумағын, экономикалық қорлары мен рухани құндылықтарын іс жүзінде қорғау үшін ұлттық сананы біріктіруді насихаттайды. Ол патриотизм тектес ұлттық сезімге сүйенеді. Бұл идеология қоғамның түрлі топтарын біріктіруге ұмтылып, топтық қарама-қайшы мүдделерге қарамастан экономиканың, саясаттың, мәдениеттің қазіргі заманғы формаларына өту кезеңінде ортақ саяси мақсаттар үшін түрлі этностардан тұратын халықты жұмылдыра алды.

«Ұлтшылдық» термині Франциядағы Ұлы революция дәуірінде өз ұлтына қатыстылық сезімін білдіру үшін пайда болды. Алғашқыда Ұ. идеологиясы ұлтты біріктіріп нығайтуға бағытталғандықтан, ұнамды мәнге ие болған. XIX ғасырда Еуропада Ұ. өркендеуінен Италия мен Германия сияқты ұлт-мемлекеттер пайда болды. Бұл елдердің халқын итальяндық не немістер деп бөліп қарамай, қандай да бір патшаның, монархтың құзырындағы халық деп қараған көнбейінше бұлардың бірігуі де мүмкін емес еді. Оның үстіне, мемлекеттердің саяси заңдылығын ұлтшылдық «отандастар» іске асыратын өзін-өзі басқарумен ғана байланыстырды.

Бірақ XIX ғасырдың аяғында-ақ көптеген теоретиктер Ұ. құлдырауға бет алып келе жатқанын және оның орнына интернационализм мен космополитизм идеологияларының келетіндігі туралы айтқан болатын. Бұл болжамдарды Ұ. қағидатына сай жүргізілген бірінші дүниежүзілік соғыс жоққа шығарды. Нәтижесінде Ұ. үшінші әлем елдерінің өзін-өзі билеуі жолында күресетін антиимпериалистік қозғалысқа қосылды.

Ұ. тәуелсіздік үшін, өз мемлекеті жоқ халықтың ұлттық өзін-өзі басқаруы үшін күрес барысында немесе халықты мемлекетінен айыру, оны жаулап алуға қауіп төндірген сыртқы жаумен күрес барысында дамиды. Осы себептен ұлттық идеялар мен сезімдер ұнамды рөл атқарып, алда тұрған міндеттерді шешуге қоғамдық күштерді жұмылдыратын патриотизмнің бір түрі ретінде ықпал ететіндіктен, тарих мұны ақтап шығады.

Өзінің этностық қасиеттерін «ең үздік», «күмәнсіз артықшылық» деп тану – сол ұлттанмын дейтіндердің санасындағы ауытқушылық. Жеке тұлғалар арасындағы және топ деңгейіндегі Ұ. этностық ұнатушылық пен жаратпаушылық, артық көрушілік ұлттық психологияның басқа көріністерінен байқалады. Саяси доктрина ретіндегі Ұ. идеологтары қоғамдық байланыстардың басты түрі – ұлттық байланыстар, ал тарихтың басты субъектісі адамдардың

тірлік үшін бір-бірімен айқасатын я бірлесе қимылдайтын ұлттық (этностық) қауымдастықтары деп санайды.

Ұ. стихиялы түрде пайда болады, сондай-ақ белгілі бір мақсатқа жету үшін қоғамдық санамен «ойнаушылардың» әрекетінің арқасында әдейі болуы да мүмкін. Ұ. белгілі бір ұлт өкілдерінің әлеуметтік басымдықты тартып алуға, басқа ұлттық топтардан артықшылығын нықтауға ұмтылған қозғалысқа ұласуға бейім болып келеді. Бірақ қандай жағдайда болсын ол иррационалды психикалық үдерістердің себебінен келіп шығады, ал мұндай үдерістерге өзінің этностық қауымдастығын сынамай күмәнсіз қабылдау тән екендігі белгілі.

Мұндайда Ұ. сол қоғамның жетекші идеясы ұлттық идея деп танып, осы идеяның нақты мазмұнына қарай кейде шовинизм мен нәсілшілдікке ұласып кетеді. Радикалды қозғалыстардың көбі өзінің ұлттық бейнесін алға тарта беруі себепті Ұ. көбінесе этностық, мәдени және діни төзімсіздікпен немесе басқа ұлттарды жек көрудің кез келген көрінісімен астасып кетеді.

Қандай да бір қоғамдастықта бірыңғай тұрса да этностардың шовинистік және нәсілшілдік көзқарастарды сөзсіз қолдауы – іс жүзінде сирек болатын жағдай. Алайда мұның бәрі нақты саяси ахуалдың әуеніне қарай болады. Мұндай төзімсіздік Ұ. ұстамды ағымды жақтаушылар тарапынан көбінесе айыпталып жатады.

XX ғасырдың екінші жартысында дүние жүзі елдерінің көбінде Ұ. пайда болды. Әрине, бәрі бірдей болған жоқ, алуан түрлі сипатта болды. Бір жағдайда, Батыс Еуропадағы сияқты, интеграциялық үдерістерге, мемлекеттер арасындағы шекараларды өшіруге қарсылық ретінде пайда болды; өйткені өңірлердегі халықтардың ұлттық дербестігінің, мәдениетінің, дәстүрлерінің сақталуына қауіп төнуінен қорғанды.

Теріс мазмұндағы ұлтшылдық өзінің ұлттық өзгешелігін басқа ұлттардың ерекшелігімен субъективті түрді қарама-қарсы қою мен жасанды түрде ұлғайтудан басталады. Мұндайда, әдетте, өз ұлтына тарихи ерекше артықшылық таңылады, жұртты осындай өзгеше қасиет үшін қызмет етуге шақырады, басқа ұлттың мүдделері бұл жерде еленбейді, оларды, тіпті, түрлі жолмен кемсітуге дейін жол беріледі. Басқыншы Ұ. ұлттық дүрдараздықты қоздырудан, бір ел ішіндегі ұлттар арасына дұшпандық енгізуден, бір елдің халқын келесі бір елдің халқымен арандатудан көрінеді. Және әдеттегідей, біреулердің ұлтшылдығы екінші біреулердің ұлтшылдығын оятады. Мұндайда Ұ. қарсы жауап ретіндегі әрекет болады, мұндай әрекет «сақтану» ұлтшылдығы немесе «қорғанысты» ұлтшылдық деп аталады.

БАҚ-та көбінесе этноұлтшылдықты, әсіресе бір ұлттың басқа ұлттан артықшылығына ден қоятын шектен тыс түрлерін (шовинизм, ксенофобия т.б.), «ұлтшылдық» деп атап жүр. Барып тұрған Ұ. көптеген көріністері, ұлтаралық дүрдараздықты қоздыру мен этностық кемсітушілік халықаралық құқықты бұзғандық болып есептеледі.

Ұ. отанға деген, отандастарға деген сүйіспеншілік патриотизмді шатыстыруға болмайды. Кімде-кім өз елін сүйсе, бұл міндетті түрде оны Тәңірге балап, мемлекет басшылары мен билеуші элитаға табыну деген сөз емес. Азамат басқа елді, басқа халықты жек көруге, тіпті елемеуге тиісті емес. Ол, ұлтшылдықта талап етілетіндей, ұлтты «ең жоғарғы құндылық» деп санауға тіптен міндетті емес (қар. *Қақтығыс, Ксенофобия, Патриотизм, Нәсілшілдік, Шовинизм).*

ҰЛТТЫҚ ЭГОИЗМ (ор. *национальный эгоизм*, ағыл. *ethnical egoism*)– басқа ұлттардың (халықтардың) мүдделерін елемей өз ұлтының мүддесін бәрінен бұрын қанағаттандыруды ақтау, негіздеу. Бұл сөз неміс көсемсөзшісі әрі сыншысы Карл Людвиг Берненің есімімен байланысты, бұл сөзді 1845 жылы ол алғашқы болып қолданған.

Әдебиеттерде мұны ұлттық айырықшылықтың бұқара санасындағы деңгейі және ұлттық қатыныстардың іс жүзінде шектеулілігі көрінісінің бір формасын білдіретін құбылыс ретінде де, әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан алғанда, жершілдік, этноцентризм түрінде көрінетін құбылыс ретінде тұжырымдайтын анықтамалар кездеседі.

- Ф -

ФЕДЕРАЛИЗМ (ор. *федерализм,* ағыл. *federalism*) – 1) мемлекеттің саяси-аумақтық ұйымының құрылу қағидатының бірі, бұл жеке бір мемлекеттің ішінде елеулі дәрежеде саяси дербестігі бар аумақтық түзілістердің болуынан көрінеді; 2) мемлекеттің ішкі құрылымының сипаты, аумақтың орталығы мен бөлігінің өзара қарым-қатынасы.

Нақты дербестіктің федерация субъектілері органдарының өкілеттіліктерінің кешенді сипаты болып табылатын деңгейі саяси-құқықтық, құқықтық, бюджеттік-қаражаттық, ұйымдық және басқа кепілдіктерден көрінеді. Бұл кепілдіктердің іске асуына қарай мемлекеттің құрылысын федеративті деп санауға болады.

Бірегей мемлекеттегі Ф. саясаты билікті қайта бөлу, елді басқаруда аумақтық (өңірлік) түзілістердің мүмкіндіктерін оларға өз конституциясын қабылдауға, мемлекеттік органдар жасақтауға, өз азаматтығын, федерацияның басқа да атрибуттарын тағайындауға дейін кеңейтуге бағытталады. Федеративті мемлекеттегі Ф. саясаты федерация субъектілерінің құқығын оларға сыртқы қатынастарын дербес жасауға мүмкіндік және сецессияға (федерация құрамынан шығып тәуелсіз мемлекет құруға) құқық беруге дейін құқықтарын кеңейтуге ұмтылыс жасаудан көрінеді.

Орталықсыздандыру дәрежесі жағынан Ф. саясаты автономия саясатынан өзгеше болады, жекелеген елдердің мысалы етіп бұлардың арасынан айқын шегара сызу тым қиын.

- Х -

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТІЛ (ор. *международный язык*, ағыл. *international language*) – әр басқа мемлекеттің *Халықтарының* өкілдері үшін қарым-қатынас құралы қызметін атқаратын *Тіл*. Х.т. екі түрге бөлуге болады: табиғи Х.т. – бір мезгілде белгілі бір халықтың қарым-қатынас құралы қызметін және халықтар арасында қарым-қатынас құралы қызметін атқарады; жасанды Х.т. – халықтар арасында қарым-қатынас үшін арнайы жасалған тіл, табиғи тілдің орнына жүреді, мыс., волапюк, идо, эсперанто (қар. *Мемлекеттік тіл, Ұлтаралық қатынас тілі, Әлем тілдері, Ресми тіл, Тіл*).

ХАЛЫҚ САНАҒЫ (этностық құрамы, динамикасы) (ор. *перепись населения*, ағыл. *population census*) – елдің ұлттық статистикалық жүйесінің бөлінбес бөлігі; жұрт пен оның тұрғын жағдайлары туралы мәліметтердің негізгі көзі, демографиялық, әлеуметтік және экономикалық мәселелер бойынша өңірлік, ұлттық және халықаралық деңгейде статистикалық мәліметтерді пайдаланушылардың ақпараттық сұранысын қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Х.с. – арнайы ұйымдастырылатын іс-шара, мақсаты – саны мен орналасуы, белгілі бір сипаттардың барлығы я жоқтығы, ол сипаттардың көрінуі мен даму шамасы жөнінде демографиялық мағлұмат алу үшін ел тұрғындарының баршасы туралы мәліметтер жинау. Х.с. дұрыс парықталса, инсандардың (индивидумдардың) *Тілдік өзіндік санасы* туралы пайымдауға мүмкіндік береді. Х.с. ретті түрде шамамен он жылда бер рет, ел тұрғындарын түгелдей сауалдау жолымен және белгіленген мерзім ішінде өткізіледі және Біріккен Ұлттар Ұйымының кеңестеріне сәйкес дүниежүзілік санақтың кезекті уақытына орайластырылады. Қазақстан Республикасында тәуелсіз мемлекеттің халық санағы бірінші рет 1999 жылы өткізілді.

Қазақстан Республикасындағы 2009 жылғы ұлттық санақтың қорытындылары ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің сайтына орналастырылған, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының 2009 жылғы халық санағы. Қысқаша қорытындылар» атты статистикалық жинақ жарияланды. Онда санақ жүргізілген жылдар бойынша (1959, 1970, 1979, 1999, 2009 жылдар) Қазақстан Республикасындағы тұрақты жұрттың санындағы өзгерістер туралы мәліметтер берілген. Х.с. тұрақты жұрттың саны Қазақстан аумағының бәрін қамти беріледі: өңірлерді қалалық және ауылдық жұртқа қарай, жынысына қарай жіктеп көрсетеді; 1999 жылғы санақ пен 2009 жылғы санақ арасындағы кезең бойынша жекелеген этностық топтарға жататын жұрттың саны туралы ақпарат беріледі; ана тілі туралы, жұрттың жекелеген тілдерді меңгеру дәрежесі туралы мәліметтер келтіріледі; жұрттың діни сенімі туралы мағлұматтар жария етіледі. 2009 жылғы санақ қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы халқының саны 16.004,8 мың адам болды, адам саны 1999 жылғы санақпен салыстырғанда 1.022,9 мыңға (6,8 %-ға) өскен. Бұл санақ Қазақстан

тұрғындары санының төмендеуден көтеріліп, өсуге бет алғанын көрсетіп берді. Мұның себептері – еуропалық этностар эмиграциясының азаюы; қазақтардың санының өсуі (1989ж. – 1999 ж. +22,9 %-дан 1999ж. – 2009 ж. +26,2 %-ға дейін), мұның ішінде оралман қазақтардың есебінен өсу де бар; орыстардың (-15,3 % 1999 – 2009 жж.) және немістердің (-49,6 %) елден кетуінің азаюы. Бұрынғыдай, елдегі саны ең көп ұлттар – қазақтар (10,1 млн.) мен орыстар (3,8 млн.). Ел халқының ішіндегі қазақтардың үлесі – 63,1% (1999 жылы 53,4 %), орыстардың үлесі – 23,7 %, (1999 жылы 30,0%), өзбектердің үлесі – 2,8% (1999 жылы 2,5%), украиндардың үлесі – 2,1 % (1999 жылы 3,6 %), ұйғырлардың үлесі — 1,4 % (1999 жылы 1,4 %), татарлардың үлесі — 1,3 % (1999 жылы 1,7 %), немістердің үлесі — 1,1 % (1999 жылы 2,4 %), басқа этностар — 4,5 % (1999 жылы 5,0 %) *(*қар. *Демография, Қазақстан тілдері, миграция, Тілдік ахуал, Тілді жоспарлау).*

ХАЛЫҚТАР МЕН ҰЛТТАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БИЛЕУ ҚАҒИДАТЫ (ор. *Принцип самоопределения народов и наций,* ағыл. *Principle of self-determination of the people, ethnoses and nations*) – халықаралық әріптестік және адам, халық пен ұлттардың құқығын қорғау саласындағы халықаралық құқықтың негізгі қағидаттарының бірі.

БҰҰ-ның 1945 ж. Жарғысында, БҰҰ-ның 1970 ж. Жарғысына сәйкес мемлекеттер арасындағы достық қарым-қатынас пен әріптестікке қатысты халықаралық құқық қағидаттары туралы Декларацияда, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде (1966 ж.), 1966 ж. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіде, 1975 ж. Еуропадағы қауіпсіздік пен әріптестік жөніндегі кеңестің Қорытынды актісінде, 1992 ж. Ұлттық немесе этностық, діни және тілдік азшылыққа жататын адамдардың құқықтары туралы Декларацияда жарияланған, сондай-ақ БҰҰ, ЕҚЫҰ-ның өзге де құжаттарында, конвенциялар мен келісімдерде көрініс береді.

Барлық халықтар мен ұлттар өзін-өзі еркін билеуге құқылы, яғни ішкі саяси ұйымдасуын сырттан ешкімнің араласуынсыз белгілеуге және өзінің экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуын жүзеге асыруға, болашақта өзінің ұлттық, діни, мәдени және басқа да ерекшеліктері мен дәстүрлеріне барынша сәйкес келетін жолды таңдап алуына мүмкіндігі бар.

Әр мемлекет өзінің басқа мемлекеттермен қарым-қатынасын барлық халық тең құқылы деген талап негізінде құруға міндетті және өз тағдырына өзінше өкім жүргізу жөнінде табиғи құқығы олардың әрбіреуіне әу бастан-ақ тиесілі.

Соншалық маңызды бола тұра этностардың өзін-өзі билеуге ұжымдық құқықтылығы мемлекетішілік өлшем тұрғысынан абсолютті және шексіз болуы мүмкін емес. Оны жүзеге асыру кезінде тарихи факторларды, өзге ұлттар мен этностық топтардың құқықтарын біртұтас қоғамды құрап тұрған

тұтас халық пен мемлекеттің мүддесі ретінде ескеру қажет. Керісінше болған жағдайда оның сепаратизмге айналып кетуі, яғни жергілікті саяси немесе ұлттық элитаның белгілі бір топтарының өз мүддесіне деген ынтасы мен әрекеті аумақтық автономия құру немесе мемлекеттен аумақтың (федерация субъектісі) бір бөлігін бөліп алу арқылы мемлекеттің аумақтық тұтастығын бұзуға дейін апаруы және мемлекеттік жаңа құрылымның пайда болуына соқтыруы мүмкін. Сепаратизм өзін-өзі билеу құқығын теріс пайдалану болып табылады.

Өзін-өзі билеуде халықтар құқығын бұзудың келесі бір түрі – жекелеген мемлекеттер (мемлекеттер тобы) немесе халықаралық ұйымдар өткізетін, яғни егеменді ұлттар қауымдастығында өркениетті қатынас болуының бірден-бір тетігі саналатын тұтас халықаралық құқыққа айтарлықтай нұқсан келтіретін қос стандартты саясат. Қос стандарт – егеменді мемлекеттердің қоғамына қабылданбайтын өмір үлгілерін таңуға талпыну немесе нақты бір үкіметке субъективті түрде артықшылық беріп, әр түрлі елдегі бірдей оқиғалар мен құбылыстарға берілетін оң немесе теріс баға немесе өз мемлекетіне басқа мемлекеттер үшін жол берілмейтін әрекеттерді істеуге құқық беріп, халықаралық құқықтық нормалардың т.с.с. талаптарына қарсы келу.

ҚР Конституциясы халықаралық құқық қағидаттары мен нормаларына құрметпен қарауды жария ете отырып олардың жоғары заңды күшін және Республиканың бүкіл аумағына тікелей ықпал ететінін заңдастырған. ҚР Конституциялық Кеңесінің бірқатар шешімдерінде халықаралық қатынастар саласында да Негізгі Заңның үстемдігі бекітілген. Бұл – Қазақстан Республикасында қазақстандық Конституцияға қайшы келетін халықаралық келісімшарттардың, халықаралық ұйымдардың актілері қолданылмайтынын және олардың заңды күші жоқ екендігін көрсетеді.

- І -

ІШКІ ІСКЕ АРАЛАСПАУ ҚАҒИДАТЫ (ор. *Принцип невмешательства во внутренние дела*, ағыл. *Principle of non-intervention in domestic affairs*) – мемлекеттердің халықаралық әріптестігі саласындағы халықаралық құқықтың негізгі қағидатының бірі.

Бұл қағидат 1945 жылы БҰҰ Жарғысында жарияланған, БҰҰ-ның 1970 жылғы Жарғысына сәйкес мемлекеттер арасындағы достық қарым-қатынас пен әріптестікке қатысты Халықаралық құқық қағидаттары туралы декларацияда және 1975 жылы Еуропадағы қауіпсіздік пен әріптестік жөніндегі кеңестің Қорытынды актісінде, сондай-ақ БҰҰ, ЕҚЫҰ-ның басқа құжаттарында, конвенциялар мен келісімдерде жарияланған.

Ешбір мемлекеттің я мемлекеттер тобының тікелей я болмаса жанама түрде күштеу арқылы басқа мемлекеттің өзінің ішкі немесе сыртқы істерін жүр-

гізуге қысым жасауға; сондай-ақ қандай да бір мемлекеттің конституциялық құрылысын күшпен өзгертуге бағытталған қарулы, лаңкестік, бүлдіру қарекеттерін қоздыру мен қолдауға, қаржыландыруға, ықпал етуге; ішкі саяси күреске араласуға құқығы жоқ.

Қазақстан Республикасы ҚР Конституциясының 8-бабына сәйкес, халықаралық құқықтың қағидаты мен нормаларын, мемлекеттердің теңдігін құрметтейді, мемлекеттер арасындағы әріптестік пен тату көршілік қатынастар, бірбірінің ішкі істеріне араласпау саясатын жүргізеді.

Ұлттық құқықтық жүйелердің дамуындағы қазіргі үрдістердің бірі – оларға халықаралық ережелер мен нормалардың, ең алдымен, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары саласындағы қағидалар мен нормалардың енгізілуі. Алайда жекелеген саяси сыртқы ойыншылар тарапынан халықаралық кесімдерді реттейтін жайттарының шегін жасанды түрде кеңітуге, оларға субъективті түсіндірме беруге ұмтылу оқиғалары аз кездеспейді. Мұның өзі егемен мемлекеттің ішкі істеріне араласпау қағидатын бұзуға әкеп соқтырмай қоймайды.

Мұндай әрекеттерге жауап ретінде мемлекеттер конституциялық бақылау органдарының шешімдеріне, ұлттық Негізгі Заңдарының үстемдігіне сүйеніп егемендігін қорғайды.

- Э -

ЭКСТРЕМИЗМ (лат. *extremus – шектен шыққан*, ор. *экстремизм*, ағыл. *extremism*) - саясат пен идеяларда шектен шыққан көзқарастар мен әрекеттерді жақтау). Э. түпнегізінде, әдетте, белгілі бір идеология жатады. Э. сипатында әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік тиесілігіне қарай я дінге қатысына қарай адамның ерекшелігін, басымдығын немесе кемшілігін мақұлдатуға негізделген идеология, сондай-ақ әлдебір әлеуметтік топқа қатысты саяси және идеологиялық, нәсілдік және ұлттық немесе діни өшпенділікке я жек көрушілікке негізделген идеялар болады. Э. әлеуметтік те, биологиялық та табиғаты бар, бұл адамның (топтың) жалпы жұрт қабылдаған нормалар шегінен шығып кетуінен білінеді. Э. адамның өмір қарекетінің әртүрлі салаларынан байқалады. Оны этностық, саяси, діни, экономикалық, жыныстық, жеке адамаралық Э. деп және жеке адам, топ, мемлекет (қоғам) деңгейінде байқалуы мүмкін өзге де түрлерге бөледі. Қазіргі замандағы діни Э. қоғам үшін дәстүрлі діни құндылықтар мен догматикалық қалыптар жүйесін теріске шығарады, сондай-ақ оларға қайшы келетін идеяларды агрессивті түрде насихаттайды (қар. *Радикализм, Лаңкестік).*

ЭМИГРАНТ (лат. *emigrans, emigrantis – қоныс аударған*, ор. *эмигрант*, ағыл. *emigrant*) - өзінің азаматтығы тіркелген елді немесе тұрақты тұратын

елін тастап, басқа мемлекетке тұрақтап тұруға көшіп кеткен адам. 1966 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактісінде өз елін қоса алғанда кез келген елді тастап кету жөніндегі әрбір адамның құқығы (яғни, *Эмиграцияға* құқығын) қарастырылады.

Эмигранттардың жаңа әлеуметтік, мәдени ортада қалыптасуының, бейімделу барысының негізгі кезеңдері мынадай: а) эйфориялық, б) туристік, в) бағдарлаушылық, г) депрессиялық, д) іскерлік кезеңдер. Осы кезеңдердің әрқайсысы жеке адамның ерекшеліктеріне (типология, әлеуметтік мәртебе, білім деңгейі мен сипаты, біліктілігі, мамандығы, туыстық байланыстары, сана-сезімінің ерекшеліктері) орайлас болады. Э. жеке санасы жеке адамның жағдайы мен өзіндік санасын айқындайтын объективті факторлардың (*Эмиграция* елі, тіл, экономикалық және құқықтық қорғалу деңгейі, мәдениет сипаты, эмигранттық ортаның этностық құрамы, жергілікті халықтың көзқарасы сияқты) белгілі бір жиынтығынан көрінетін әлеуметтік жағдайларға байланысты қалыптасады. Бұл объективті факторлар біркелкі әрі өзінен-өзі (автоматты түрде) әсер ете бермейді. Бұл әсер субъективті факторлардың әсер ету дәрежесіне байланысты болады, ондай факторлар қатарына мыналар кіреді: Э. жаңа ортаға қосылу ниеті, осы үдерістің белсенділік дәрежесі, жаңа мәдени феномендерді игеру, ақпараттық оқшауланудан шығу, жаңа ортамен коммуникативтік байланыстар орнатуға ұмтылу және маргиналдық күйді еңсеру (қар. *Көші-қон, Мигрант, Этностық көші-қон, Оралман, Репатриант).*

ЭМИГРАЦИЯ (лат. *emigro - қоныс аударамын*, ор. *эмиграция*, ағыл. *emigration*) - әртүрлі себептерге (экономикалық, саяси, діни және басқалар) байланысты халықтың тұрақты тұратын елден басқа елдерге өз еркімен немесе күшпен қоныс аударуы. Э. қоныс аударып отырған елге байланысты көрсетіледі. Э. күшпен қоныс аударудан – елден шығарудан немесе *Депортациядан* айырмашылығы сол – мұнда адам немесе отбасы қоныс аудару туралы дербес шешім қабылдайды. Аудан ішіндегі немесе ел аудандары арасындағы *қоныс аударудан* айырмашылығы сол – Э. елден кетумен байланысты, яғни ел шекарасыннан сыртқы кетуді білдіреді. Сондай-ақ жеке және іскерлік мақсаттар мен қысқа мерзімді сапарларға шығудан немесе туристік саяхаттардан өзгешелігі – Э. тұрақты тұрғылықты жерін ауыстырумен міндетті түрде байланысты болады. Қалай іске асатынына қарай Э. мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың ұйымдық-экономикалық жағынан қолдауымен жүзеге асырылса, қоғамдық тұрғыдан ұйымдастырылған Э. деп, ал сырттан материалдық және ұйымдық қолдау болмай эмигранттардың өз күшімен тікелей өздерінің есебінен іске асырылса, ұйымдастырылмаған Э. болып бөлінеді.

Э. салдарлары әртүрлі тұрғыдан бағаланады. Мәселен, бір жағынан, жұмыс орындары босайды, мұның қазіргі жұмыссыздық жағдайында тигізер пайдасы бар. Солай бола тұра Э. залалы да бар, өйткені эмигранттар өздерінің

жасампаздық әлеуетін шетелде іске асырады, оның үстіне, демографиялық жосықтағы проблемалар туындайды (қар. *Иммиграция, Миграция, Мигрант, Этностық көші-қон, Репатриант, Оралман, Эмигрант).*

ЭТНОС (грек. *ethnos* халық, тайпа, ор. *этнос,* ағыл. *ethnos*) – ортақ сипаттары бар, *Мәдениеті, Тілі, Өзіндік сана-сезімі,* тарихының тұрақты ерекшеліктері ортақ адамдардың белгілі бір аумақта тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдастығы.

Осы уақытқа дейін «этнос» терминінің бір мағыналы ұғымы әлі жоқ. Дегенмен, жалпылай келгенде этнос топтық мәдени ұқсастық құбылысы ретінде, мәдени қауымдастыққа тиесілікке негізделген сезімдер кешені ретінде, ортақ сәйкестілік қалыптасу нәтижесіндегі ұжымдық түйсік ретінде қарастырылады. Сана-сезім (сәйкестілік) саласынан тыс этностық деп аталатын қауымдастықтарға тән бірқатар сипаттамалар бар. Оларға жататындар: ортақ тарихи тегіне байланысты топ мүшелері мойындайтын ұғымдар, бір тіл, материалдық және рухани мәдениеттің ортақ қырлары; отан және ерекше институттар ретінде саяси ресімделген ұғымдар, мысалы, «халық» ұғымына кіретін мемлекеттілік; ерекшелік сезімі, яғни, топ мүшелерінің сол топқа қатыстылығын сезіну және осыған негізделген ынтымақтастық түрлері мен бірлескен іс-әрекеттер.

Э. негізгі және қосымша белгілері: тіл, халықтық өнер, әдет-ғұрып, дәстүр, рәсімдер, мінез-құлық нормалары, әдеттер, дін, нәсілдік жақындық, генезис, яғни, мәдениеттің ұрпақтан ұрпаққа жетіп этностық мәдениет дегенді жасайтын және сабақтасатын сипаттары (қар. *Этностық топ, Этностық сәйкестілік, Этностық сана-сезім, Этнос, Этноәлеуметтану, Тіл, Тілдік бірдейлестік*).

ЭТНО-АҒАРТУШЫЛЫҚ КЕШЕНДЕР (жексенбілік мектептер**)** (ор. *этно-просветительские комплексы,* ағыл. *ethnic elucidative complexes*) – негізгі міндеті балаларға тіл арқылы өз этносының тарихын, әдет-ғұрпын және мәдениетін оқытып-үйрету болып табылатын ерікті ұйым. Қазақстанда жүзеге асып отырған этносаралық келісімнің бірегей үлгісінің арқасында этностардың өкілдері туған тілі мен мәдениетін оқып-үйрену арқылы өз дербестігін сақтап отыр. Бұған Қазақстан халқы Ассамблеясына кіретін этномәдени бірлестіктер ықпал етеді. Ассамблея қызметінің, сондай-ақ жексенбілік мектептер қызметінің басым жағы – өсіп келе жатқан ұрпақты толеранттық пен этносаралық келісім рухында тәрбиелеу. Қазақстанда әзірбайжан, армян, корей, поляк, неміс, татар-башқұрт, қырғыз, тәжік, украин, шешен-ұңғыш жексенбілік мектептері жұмыс істейді (қар. *ҚХА, Тілді жоспарлау, Тілдік ахуал, Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы).*

ЭТНОӘЛЕУМЕТТАНУ (грек. *ethnos* халық, тайпа + *societas* қоғам + *logos* ғылым, ілім, ор. *этносоциология*, ағыл. *ethnosociology*) - *Әлеуметтанудың* этносаралық қатынастарды (бұған тіл де жатады), этностардың дамуының жалпы заңдылықтарын, генезисін, мәнін, функцияларын зерттейтін саласы. Э. әлеуметтанудың, этнография мен тарихтың түйісуінен қалыптасқандықтан мынадай күрделі кешенді мәселелерді нысан етеді: ұлттық факторлардың әлеуметтік жұмылыс пен көші-қонға әсері; этностық тиесілікті ескере отырып еңбек ресурстарын тиімді пайдалану және ұтымды бөлу проблемалары; халықтардың тілі мен мәдениеттеріндегі өзгерістердің әлеуметтікпен шарттастығы; ұлттық сана-сезімнің, ұлтаралық қатынастардың (бұған тілдік шиеленістер де кіреді) әлеуметтік тұрғыдан анықталуы; *Әлеуметтік топтардағы* құндылық бағдарларының, мінез-құлықтың қасаң қалыптарының, мәдени мүдделер мен қажеттіліктердің ұлттық ерекшеліктері; этнотілдік үдерістердің әлеуметтік қырлары т.б. (қар. *Көші-қон (Миграция), Этнография, Этнолингвистика, Этнология, Стереотиптер, Конфликт (тілдік)*).

ЭТНОГРАФИЯ (грек. *ethnos* тайпа, халық + *grapho* жазамын, ор. *этнография,* ағыл. *ethnography*) - 1. Осымен бірдей: *Этнология*; халықтардың тұрмыстық және мәдени ерекшеліктерін, олардың шығу тегін, қоныстануын, өзара мәдени-тарихи қарым-қатынасын зерттейтін ғылым. Э. – Этностар туралы кешенді ғылым: археология, тарих, демография, тілтану және басқа ғылымдармен тығыз байланыста қаралады. Э. білу әлеуметтік қызметтердің жұмысының тиімділігін арттырады, әсіресе, *Этностық топтармен* әлеуметтік-тілтанулық жұмыстар жүргізгенде пайдасы мол. 2. Белгілі бір қоғамдастықтың немесе *Әлеуметтік топтың* көзқарастары мен тәжірибесін (мұның ішінде тілдік көзқарас пен тәжірибе де бар) жүйелі түрде зерттеу. Бұл мәнінде Э. *Әдістану* ретінде танылады, өйткені: а) топтарды табиғи жағдаят үстінде ұзақ уақыт зерттеу нұсқалады; ә) талдау санаттарын алдын ала белгілеп қоюға болмайды, олар талдау барысында пайда болады; б) зерттеуші ахуалды оқиғаларға қатысушылардың көзімен іштен көруге талпынады; в) түрлі дереккөздердің (құжаттар, тарихи және статистикалық мағлұматтар т.б.) мәліметтері пайдаланылады; г) міндетті түрде *Қосыла бақылау* жүргізіледі. Әлеуметтік тілтануда Э. көбінесе солайымен емес, кейбір этнографиялық әдістер мен амалдарды пайдаланылып әдістанулық ыңғай ретінде қолданылады (қар. *Этностық топ, Этноним, Этнос*).

ЭТНОДЕМОГРАФИЯ (грек. *etnos demos* - халық және *grapho – жазып жатырмын*, ор. *этнодемография*, ағыл. *ethnodemography*) – этностардың құрылымын, санының өзгеруін, қоныстануын және қоныс аударуын зерттейтін пәнаралық ғылыми бағыт. Э. экономикалық, әлеуметтік, биологиялық және географиялық факторлардың негізінде халықтың құрылымында,

орналасуында, орын ауыстыруында және өсіп көбеюінде болып жататын үдерістер мен құбылыстардың заңдылығын зерттейді. Э. әртүрлі қоғамдық ғылымдармен, ең алдымен әлеуметтанумен тығыз байланысты, екеуінің де нысанасы қоғам болып табылады. Әлеуметтануда да Э. бастапқы бірлік адам болып табылады. Олардың арасындағы айырмашылық сонда, әлеуметтану адамды индивид, жеке тұлға, даралық (адамның үш белгісі) және қоғам мүшесі ретінде қарастырады, ал Э. адамды қауымдастық элементі, әлеуметтік «дененің» – халықтың молекуласы ретінде қарайды. Кез келген басқа ғылым секілді, Э. тәсілдердің белгілі бір кешенін пайдаланады. Бұған Э. әдістері, онымен шектес кейбір ғылымдардың жалпы ғылыми (талдау, саралау, салыстыру, жинақтау және басқалар) әдістері де, арнайы әдістер де кіреді. Негізінен, этностық статистика, яғни этностық тегін (ұлтын) ескеретін халық санағы мен жаппай зерттеулердің материалдарын, сондай-ақ әртүрлі этностық топтардың демографиялық тәртібінің ерекшеліктерін түсіндіретін басқа да материалдар пайдаланылады (қар. *Демография*, *Этноәлеуметтану, Халық санағы)*.

ЭТНОКОНФЕССИЯЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚ (нем. тілінен *Ethnokonfessionalle Gemeinschaft*, ор. *этноконфессиональная общность*, ағыл. *ethno confessional unity*) – этностың немесе оның жеке бөліктерінің дінмен тығыз байланысынан түзілетін құрылым. Этнос пен діннің септесуінің негізгі екі түрі бар: 1) этностың кейбір бөлігінің қандай да бір конфессиямен бірігуі және сол бірігудің нәтижесінде этноста ерекше мәдени қасиеттердің пайда болуы (субэтноконфессиялық топ); 2) мәдениеті жағынан жақын және ықшам қоныстанған бірнеше этностардың бір конфессиямен қосылуы және сол этностарда ортақ сананың пайда болуы (метаэтноконфессиялық топ).

Субэтноконфессиялық топты этностың ішіндегі қарапайым конфессиялық топпен бірдей деп санауға болмайды. Мысалы, лютеран-немістерді, реформатор-немістерді және католик-немістерді неміс этносының субэтноконфессиялық топтары деп санауға болмайды, өйткені конфессиялық айырмашылықтар бар демесеңіз, бұл топтарда оларды бір-бірінен ажыратарлықтай бір өзгеше мәдени сипаттар пайда болған жоқ. Орыс баптистерін де ерекше субэтноконфессиялық топ деп атауға болмайды. Алайда православ болгарлардан тек дін жағынан ғана емес, мәдениетінің көптеген ерекше сипаттарымен де өзгешеленетін мұсылман болгарларды ешқандай күмәнсіз субэтноконфессиялық топ деп атауға болады. Сонымен қатар, субэтноконфессиялық топтарға Латвиядағы латгалдар, Италиядағы вальденстер, Ирактағы араб-мандейлер, Ирактағы, Түркиядағы, Ирандағы және Сириядағы курд-йезидтер (йазидтер), Ирандағы гебрлер (парсы-зороастрийлер), Индиядағы панджаб-сикхтер мен малаяли-христиандар, Бирмадағы аракандар, Мысырдағы араб-коптар, АҚШ-дағы меннониттер мен мормондар, орыс ескі дәстүршілері және басқалар жатады.

Этноконфессиялық топтар құрылғанда конфессиялық және этностық ерекшеліктер тығыз байланысып жатады. Ұзақ уақыт өзара әрекеттескен соң этностық құбылыстар мен қасиеттер діни құндылықтармен астасып кетеді, яғни «конфессияланады» және керісінше, құндылықтар кешенінің жекелеген құрамдас бөліктері этностық құбылыстар сипатын қабылдайды, этностық өң алып «этностанады». Метаэтноконфессиялық топтардың анағұрлым айқын мысалы ретінде Филиппин халықтарының діни жағынан айырмашылығы бар үш тобын алуға болады: христиан халықтары (тагалдар, илоктар, пангасинандар, пампангандар, биколдар және басқалар); мұсылман халықтары, әдеттегі атауы – моро (магинданаолар, маранаолар, сулулар және басқалар); негізінен тайпалық діндер ұстанатын тау халықтары (канканаилар, ифугаолар және басқалар).

Этноконфессиялық топтар уақыт өте келе дербес этностарға айналып кетуі мүмкін, осындай жағдай кезінде бір тілде сөйлеген, бірақ түрлі конфессияларды ұстанатын оңтүстік славян халықтарында – сербтер, хорваттар және мұсылман славяндар да – болған. Дербес этностарға айналудың айқын үрдісін осы күні аракандықтардан, йезидтер мен кейбір басқа да этноконфессиялық топтардан байқауға болады.

Қазақстанда толық дербес этноконфессиялық топқа қытай тілді мұсылмандар – дүнгендерді жатқызуға болады. РФ-ның Челябі облысында тұратын шоқынған татарлар тобы – нағайбақтар дербес этносқа айналды деуге болады. 1989 жылы жүргізілген санақ кезінде бұл қауымдастықтың түгелге дерлік өкілдері өздерін татар емес, нағайбақ деп атаған (қар. *Этностық топ, Саны аз халықтар, Бөлінген халықтар, Субэтнос.)*

ЭТНОЛОГИЯ (грек. *ethnos* халық, тайпа + *logos* ғылым, ілім, ор. *этнология*, ағыл. *ethnology*) – осымен бірдей: *Этнография.* Батыстың қазіргі әдебиеттерінде Э. термині «этнография» терминімен қатар қолданылады (қар. *Этностық топ, Этностық сана-сезім*).

ЭТНОМӘДЕНИ БІРЛЕСТІКТЕР - (ethnos деген грек сөзі – *халық, тайпа,* ор. *этнокультурные объединения*, ағыл. *ethnic groups*) – этностық мәдениетті, тілді дамытуға, этностық топтардың солардың тұратын елдерінде салт-дәстүрлерін сақтауға бағытталған қоғамдық бірлестіктер түріндегі ұйымдар.

Әрбір елде «этномәдени бірлестіктер» мазмұнын «этнос» сөзінің мәніне байланысты заңнамалық тұрғыдан толықтырудың өзіндік ерекшеліктері бар. Мәселен, посткеңестік ғылыми дәстүрде «этнос» бір тіл, бір аумақ, бірегей мәдени дәстүрлер мен психологиялық мінез біріктіретін, сол себепті өздерінің тұтастығын және басқа мәдени қоғамдастықтардан өзгешелігін сезінетін адамдар қауымдастығы ретінде түсіндіріледі. Этнос объективті шындық, биологиялық табиғаты да, әлеуметтік табиғаты да бар өзінше бір «ұжымдық

дене» деп есептеліп келді. Шетелдік ғылым «этнос» терминін қолданбайды, Батыстың әлеуметтік мәдени антропологиясы этностарды емес, мәдениеттерді зерттеумен айналысады.

Э.б. Қазақстанда алғаш рет 1989-1990 жылдары құрылды. Қазақстан халқы Ассамблеясының, сондай-ақ өңірлерде Ассамблеялардың құрылуы Э.б. қызметін және әртүрлі этностардың рухани-мәдени дамуын жандандыруға, саяси-мәдениетті қалыптастыруға игі ықпал етті. Бүгінгі таңда Қазақстанда 800-ден астам Э.б. жұмыс істейді және бұл үдеріс серпінді түрде дамып келеді.

Ассамблеяның басты ерекшеліктерінің бірі ең жоғарғы заң шығару органында – ел Парламентінде Э.б.-дің кепілді өкілдік алып этностық топтар мүдделеріне өкілдік ету болып табылады.

Этностық қатынастар бойынша заңнамалық нормалар Қазақстан Республикасының бірқатар заңнамалық актілерінен, оның ішінде қоғамдық бірлестіктер, сайлау заңнамасы туралы актілерден, саяси партиялар туралы заңнамадан орын алған.

Дүниежүзілік тәжірибеде «ұлттық азшылықтар» термині кеңінен пайдаланылады. Негізгі қоныстанған жерінде я тиісті әкімшілік-аумақтық шегаралар айналасындағы өзге этностық жұрттан саны едәуір аз бір этносқа жататын адамдардың тобы осылай аталады.

Қазақстанда «ұлттық азшылық» терминінің орнына «этностық топ» термині пайдаланылады. Ұлттық азшылықтарға өздері қоныстанған негізгі аудандардағы эмигранттар топтары да жатқызылуы мүмкін.

Өздерінің айтарлықтай аз болуы және билік органдарында өкілдікке ие болмауы салдарынан ұлттық азшылықтар мәжбүрлі түрде сіңіп кетуге (ассимиляцияға) ұшырауы мүмкін, сондықтан халықаралық құқықта олардың этностық, тілдік, мәдени өзіндік ерекшелігін сақтау жөніндегі мүдделерін қорғау көзделген.

ЕҚЫҰ Ұлттық азшылық істері жөніндегі Жоғарғы комиссарының бастамасымен Лунд ұсыныстары әзірленді, бұл ұсыныстарда ұлттық азшылықтардың қоғамдық-саяси өмірге тиімді қатысуы қарастырылды. Мұның «Лунд ұсыныстары» деп аталуы, Швецияны осы аттас қаласында ұсыныс-кеңестердің түпкілікті мәтініне келісу үшін сарапшылардың қорытынды кездесуі өткен. Құжатта қоғамдық саяси өмірге, шешімдер қабылдауға, сайлауға, кеңестік және консультативтік органдарға, өзін-өзі басқаруға ұлттық азшылықтардың қатысуының ортақ қағидаттары бойынша, сондай-ақ конституциялық және құқықтық кепілдіктер туралы ұсыныстар қамтылады (қар. *ҚХА, Қазақстан этносаяси қағидаттары, Этносаралық қатынастар саласындағы заңнама*).

ЭТНОНИМ (грек. *ethnos* халық, тайпа + *onima* атау, ор. *этноним*, ағыл. *ethnonym*) — этностық қауымдастық түрлерінің (*Этностардың, Этностық топтардың*, рулардың, тайпалардың, халықтардың, ұлыстардың, *Ұлттардың* т.с.с.) атауы, мыс.: қазақ, ағылшын, грек, карел, өзбек. Э. этностардың бірдей-

лесуіне қызмет етеді. Э-дер эндоэтнонимдер (автоэтнонимдер, этностардың өзіндік атауы) және экзоэтнонимдер (аллоэтнонимдер, бір этноска басқа этнос берген атаулар) болып бөлінеді (қар. *Титулды этнос, этнография, Этнос*).

ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАТЫНАС ТІЛІ (ор. *язык межэтнического общения*, ағыл. *language of interethnic communication*) – дәнекер тіл*;* көпұлтты бір мемлекет шегіндегі түрлі этностық топтардың өкілдерінің қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланылатын тіл. Э.қ.т. халықаралық немесе әлемдік тілден айырмашылығы – оның бір мемлекет ішінде қолданылуында. Ағылшын тілі АҚШ-та, неміс тілі Германияда, орыс тілі Ресей Федерациясы мен ТМД аумағында Э.қ.т. болып саналады. Кейбір елдерде, мыс. Әзірбайжанда, Тәжікстанда, Түркіменстанда, Э.қ.т. мәртебесі заңнамамен бекітілген (қар. *Автохтондық тіл, Мемлекеттік тіл, Тіл, Тілді жоспарлау*).

ЭТНОСАЯСАТТАНУ (ор. *этнополитология*, ағыл. *ethnopolitics*) – этносаясаттанудың пәндік ауқымы атаудың өзінен келіп шығады: этностану мен саясаттанудың түйісінен түзіледі де, осы ғылымдарға тән әдістерді, әсіресе талдау әдістерін, пайдаланатын шекаралық ғылым болып саналады.

Э. – этностық құбылыстар мен үдерістердің саяси шарт-жағдайларын зерттейтін пән. Этносаясаттанудың негізгі санаттарының бірі этнос пен этностық болып табылады. Ал негізгі проблемалары билік туралы, этностық элиталардың билікке ұмтылысы туралы мәселеден құрылады. Зерттейтін нәрсесі мен нысаны бір арнаулы өзіндік ерекшелігі бар сала болып саналады. Осыдан келіп, Э. дегеніміз саясаттанудың пәндік саласы болып шығады: саласы болғанда да, елдің жұртын құрайтын этностар мен этностық топтардың мүдделері мен құқықтарын қамтамасыз ету жолындағы мемлекеттік саясатты зерттеумен, жұрттың этносаяси бағдарларынан, ұлттық ұйымдар мен қозғалыстардың, саяси партиялар мен жекелеген саясаткерлердің іс-әрекетінен көрінетін этностық өңірлік, халықаралық деңгейлердегі үдерістердегі рөлін зерттеумен байланысты саласы болып шығады.

Э. пәні ұлттық саясатты қалыптастырудың дереккөздерін, қозғаушы уәждері мен заңдылықтарын, осы саясатты жүзеге асырудың тетіктерін, ұлттық қозғалыстардың идеологиясы мен тәжірибесін, жұрттың этносаяси бағдарлары мен олардың іс жүзіндегі көріністерін, этностыққа деген теориялық көзқарастар мен олардың саясатпен байланысын қамтиды.

Әлеуметтік-саяси үдерістер, институттар жүйесіндегі этностық, этносаралық, этномәдени қатынастардың генезисі, этностық және этноұлттық факторлардың саяси билікке, идеяларға, саяси-құқықтық нормаларға, билік қатынасына ықпалы, этноұлттық қатынастар саласындағы саяси мекемелер, партиялар мен қозғалыстардың жұмысына ықпалы да Э. пәніне жатады.

Э. зерттеудің мынадай әдістерін пайдаланады: этнологиялық, этнографиялық, әлеуметтанулық, нормативтік-құндылық, функционалдық, жүйелік әдіс-

тер, анализ бен синтезді сабақтастыру, тарихи және логикалық модельдеу әдістері т.с.с.

Э. философиялық, жалпы әлеуметтанулық, біріккен және таза этносаясаттанулық санаттарға (категорияларға) сүйенеді. Ондай санаттарға этнос; этнос ретіндегі ұлт және мемлекет ретіндегі ұлт; этностық үдерістер; этнократия; этноұлттық институттар мен этносаяси мекемелер; этноұлттық саясат; қоғамның, мемлекеттің көпэтностығы; этностардың, халықтардың құқығы; саны аз ұлттар; ұлттық азшылық; ұлттардың өзін-өзі билеуі; жеке тұлғаның, этностың өзін-өзі билеуінің этносаяси және этномәдени формалары т.б. жатады (қар. *Мемлекет, Сәйкестілік, Демократия, Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімінің қазақстандық үлгісі*).

ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР (ор. *межэтнические отношения*, ағыл. *Interethnic relations*) – қоғамдық қатынастардың бір түрі, этностардың өзара қарым-қатынастары барысында, сондай-ақ көпэтносты мемлекет ішінде этностар өкілдерінің арасында жеке адамдық деңгейде қалыптасады. Э.А.Қ. достық, бейтарап және даулы сипатта болуы мүмкін. Э.А.Қ. сипаты мен мазмұны саяси режим мен әлеуметтік-экономикалық жағдайларға орайлас болады, өйткені бұл қатынастар да саяси режим мен әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты дамиды. Солай бола тұра, Э.А.Қ. салыстырмалы түрде дербестік болады, ол дербестік бұл қатынастардың өзіндік ерекшеліктерінен келіп шығады. Жалпы Э.А.Қ. кешенді сипаты бар, ол экономикалық, әлеуметтік-саяси, рухани және мәдени қатынастарды қамтиды. Көпэтносты қоғамдағы жалпы саяси ахуал Э.А.Қ. күйіне байланысты болады. Этностар арасында татулық пен бейбітшілік жағдайында көпэтносты қоғамдағы саяси ахуал тұрақты болады. Ал Э.А.Қ. шиеленіскен немесе даулы болса, ол жалпы саяси ахуалды тікелей әлсіретеді, қоғамдық дамуды тұрақсыздандырады. Көпэтносты мемлекетте Э.А.Қ. шиеленісі барлық қоғамдық-саяси ахуалды айқындайтындықтан көбінесе бірінші орынға қойылады.

Бұған қатысты жағымды бір іс – соңғы жылдары этностар арасындағы және конфессиялар арасындағы қатынастар академиялық, жоғары оқу орындары ғылымдарының: философтардың, саясаттанушылардың, тарихшылардың, құқықтанушылардың, филологтар мен басқа да шектес мамандықтағы зерттеушілердің зерттеу нысанына айналды. Бұл қадамның зерттеудің тақырыбын анықтаудың, оны ұйымдастыру мен жүргізудің кешенді тәсілдеріне қойылатын талаптарға лайық болып отырғанын айта кеткен жөн. Мұндай ғылыми ізденістердің кейбірі ҚХА Ғылыми-сараптау кеңесінің (әрі қарай – ҒСК) қамқорлығымен жүргізіледі, олардың нәтижелері ғылыми айналымға енгізіліп, өңірлердегі зерттеушілердің назарына ілігіп келеді. Бұл мемлекеттік этносаясатта қабылданған императивтер негізінде бірыңғай әдістер жасауға, ұсынылатын зерттеушілік қызметтер үшін мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттыруға, ғылыми әрекеттестікті кеңейтуге жағдай жасайды. Сонымен бірге бұл

іс теорияның даму үдерісіне талдау әдістемесін меңгеру үдерісіне этносаралық, конфессияаралық, мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды зерттейтін практиктердің жалпы қорытындыларын қосуға және мемлекеттік этносаясаттың тиімділігін арттыруға, бағытын айқындауға көмектеседі.

Қоғамда басқа адамдармен бірге өмір сүргенде әр адам мен барлық әлеуметтік топ басқа адамдардың мүдделерін, құқықтар мен еркіндіктерін ескеруі және қоғамдық адамгершілікті құрметтеуі керек. Бұл конституциялық норма заңнамада жазылған құқықтар мен еркіндіктерді жүзеге асыру барысында адамгершіліктің қажет екендігіне бағдар береді, құқық пен адамгершіліктің түпкі байланысын бекітеді. Әлеуметтік қарым-қатынастардың басты нормативтік реттеушісі ретіндегі қоғамдық адамгершілік құқықтық салаға, әсіресе заңнамада жазылған құқықтарды, еркіндіктер мен міндеттерді жүзеге асыруға бағыт беруі тиіс. Конституцияның бұл нормасы – заң қайшылықтарын шешуде және нормативтік құқықтық актілерді қолдану үдерісінде таптырмайтын құрал. Ол мемлекеттік органдардың заң шығару және заң қолдану қызметтерінде, сонымен бірге заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді дайындау, шығару және қолдану кездерінде ұстанатын бағдарлардың бірі болуы керек.

Қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық үдерістерді заманауиландыру кезеңінде, «жаңаша жаңғырту» тұжырымдамалары пайда болған кезеңде этностық және этносаралық қатынастарды тиісті ғылыми-теориялық негізде этноұлттық саясатты жаңаша жаңғырту үдерістері аясында оң тәжірибені қолданып, сабақтастық пен дамуды сақтай отырып, заңды түрде қарастырған жөн. Сонда ғана қоғамның нақты салаларын реформалау саясатының тәсілдерін, принциптерін, мақсаттары мен міндеттерін анықтауға болады. Тек осылай ғана этносаралық дамудың күрделі құбылыстары мен үдерістерінің шынайы көрінісін көруге болады. Мұндайда адам мен қауымдастықтар, этностар мен қоғам, ұлт ретіндегі этностар мен азаматтық қауымдастық ретіндегі ұлт-мемлекеттер туралы білімдер сабақтастырылады.

Қазақстанда этносаралық қатынастар принципті түрде саясатсыздандырылған. Қазақстан Республикасының «Саяси партиялар туралы» заңының 5-бабына сәйкес, мақсаттары немесе іс-әрекеттері әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты тұтатуға бағытталған саяси партияларды құруға, олардың қызметіне тыйым салынады. Нәсілдік, этностық және діни белгілері бойынша партиялар құруға жол берілмейді.

Қазақстанда этносаралық қатынастарды Қазақстан Республикасы Конституциясынан басқа Қазақстан Республикасының мынадай нормативтік құқықтық актілері мен заңдары реттейді: «Қоғамдық бірлестіктер туралы», «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы», «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Медиация туралы» және т.б.

Қазақстан халқы Ассамблеясының даму тұжырымдамасын (2020 жылға дейінгі) бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 18 сәуірдегі №552 Жарлығында этносаралық қатынастардың ахуалына ықпал

ететін мынадай сыртқы факторлар көрсетілген: Орталық Азия өңіріндегі жетекші халықаралық субъектілердің геосаяси мүдделері; өңірде, оның ішінде Қазақстан шекарасына тікелей жақын жерлерде, әскери-саяси және этностық тұрақсыздық факторларының болуы; діни идеяларды жамылған экстремистік, лаңкестік және радикалды топтардың құқықбұзушылық әрекеттерінің өрістеуі; әлемнің әр түкпірінде дәстүрлі құндылықтар жүйелері мен өскелең ұлттық және мәдени-тарихи қауымдастықтар арасындағы жанжалды жағдайдың өршуі; көшіп-қонушыларға деген төзімділік шегінің және бұқаралық сана-сезім толеранттылығының төмендеуі; қазақстандық идеалдар мен құндылықтарға, дүниетанымға, ділге ықпал ете алатын шетелдік ақпараттық ағымдардың өсуі; елдің заңнамасын сақтамайтын діни бірлестіктер мен ағымдардың қызметі; шет мемлекеттердің диаспоралық саясаты; трансұлттық қылмыстың өсуі; конфессиялар мен этносқа бағытталған ұйымдардың саясилануы.

Аталмыш факторлар Қазақстан Республикасындағы этносаралық қатынастардың жай-күйіне, этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімге, ұлттық бірлікті қалыптастыру үдерісіне ықпалын тигізуі мүмкін (қар. *Ұлттық келісім, Этностық үдерістер, Этносаясат қағидаттары, Этностық қақтығыс, Адам құқығының жалпыға ортақ декларациясы*).

ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМА (ор. *Законодательство в сфере межэтнических отношений,* ағыл. *The legislation in the sphere of the interethnic relations*). Э.Қ.С.З. – Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы №213 «Нормативті құқықтық актілер туралы» Заңында белгіленген тәртіппен (осы Заңның 3-4-баптары) қабылданған және этносаралық саладағы қатынастарды реттейтін нормативті құқықтық актілердің жиынтығы. Осы заңнаманың қатарына ҚР Конституциясы да кіреді. Онда елдің конституциялық құрылысының, адам мен азаматтың құқықтық жағдайының, мемлекеттік органдарды қалыптастыру реті мен жүйесінің тіректік негіздері, тұтастай алғанда, мемлекеттік ұлттық саясаттың бастау негіздері орын алған (кіріспе, 1-10-, 12-14-, 19-, 20-, 22-, 23-, 26-, 30-, 33-, 34-, 36-39- және басқа баптар).

Осы саланың ережелері мен нормалары ҚР конституциялық заңдарынан – 1995 жылғы 28 қыркүйектегі №2464 «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы», 2007 жылғы 4 маусымдағы №258 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» заңдарынан, сондай-ақ 2008 жылғы 20 қазандағы № 70-IV «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы», 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», 1999 жылғы 23 шілдедегі №451-I «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы», 1996 жылғы 31 мамырдағы №3 «Қоғамдық бірлестіктер туралы», 2011 жылғы 22 шілдедегі №477-IV «Көші-қон туралы», 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» т.б. заңдарынан орын алған.

Ұлттық қатынастар саласындағы құқықтық ұйғарымдарды бұзғаны үшін жауаптылық ҚР Конституциясында, ҚР Қылмыстық кодексінде және ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген.

Заңдармен қатар ҚР Президентінің, ҚР Үкіметінің, атқарушы биліктің басқа да орталық және жергілікті органдарының, сондай-ақ мәслихаттардың актілері қолданылады. Бұлар арқылы мемлекеттік ұлттық саясатты іс жүзіне асыруға бағытталған тиісті мемлекеттік стратегиялар, тұжырымдамалар мен бағдарламалар, басқа да нормативті құқықтық кесімдер бекітіліп, жүзеге асырылады.

Мұндай құжаттардың қатарында ерекше орын 2013 жылғы 18 сәуірде ҚР Президентінің №552 Жарлығымен бекітілген Қазақстан халқының бірлігі президенттік доктринасына (2010 жыл), ҚХА дамуының тұжырымдамасына (2020 жылға дейін), «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасына т.б. тиесілі.

ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІ (ор. *культура межэтнического общения*, ағыл. *culture of interethnical communication*) – этносаралық қатынастар аясында өзара түсінушілік, келісім, тұрақтылық, ынтымақтастықты қамтамасыз ететін жеке идеялық және моральдық бағдар, әлеуметтік-өнегелі құндылықтар, нормалар мен талаптар, ережелер, білім, әрекет, әдеттер жиынтығы. Э.қ.м. – қоғамның рухани өмірі мен адами қарым-қатынас мәдениетінің бөлінбестей табиғи негізгі бөлігі. Э.қ.м. мазмұны әр түрлі *Этностық қоғамдастық* өкілдерінің қарым-қатынасын реттейтін халықаралық деңгейдегі нормалар мен ережелерді білуден ғана емес, сонымен бірге осы нормалар мен ережелерді сақтай білуден, басқа *Этностар* мен *Этностық топ* өкілдерінің әдет-ғұрыптарының ерекшеліктеріне лайықты реакциясынан, тәжірибеде қақтығыссыз өзара түсінушілік пен ынтымақтастықтың келісілген принциптерін бекітуден, ұлттық өресіздік пен тұйықтыққа, ұлттық ағат пікірлілік пен алауыздыққа, ұлттық сенбеушілік пен жатсынушылыққа, ұлттық өзімшілдік пен *Этноцентризмге* қарама-қарсы тұрудан құралады (қар. *Тіл, Ұлтаралық қатынас тілі, Тіл құқығы*).

ЭТНОСАРАЛЫҚ НЕКЕ (ор. *межэтнический брак,* ағыл. *interethnic marriage*) – әр түрлі этностық топтарға жататын ер адам мен әйел адамның арасындағы тарихи негізді, әлеуметтік, ал кейде заңмен расталған одақ (қар. *Ассимиляция*, *Аккультурация*). Адам қоғамының дамуымен бірге Ұ.н. саны да артады. Алайда бірқатар әлеуметтік жағдайлармен шектелген Ұ.н. моноұлттық некелерге қарағанда анағұрлым аз болады. Бұл түрлі себептермен осылай қалыптасқан әрі жалғасып келеді. Ұ.н. санын азайтатын объективті факторлар – этностардың орын тебу ерекшеліктері, олардың белгілі бір тілде сөйлеуі және белгілі бір кәсіпке бейімділігі, әр халықтың өмір салты мен ойлау ерекшеліктері, мәдени, діни және әлеуметтік заңдары мен ұйғарымдарының айырмашылығы, салт-дәстүрлері, тарихи өткені мен басқа да бірқатар

жағдайлар. Этностар жағынан аралас отбасылардың құрылуы халықтың этностық құрамын өзгерту үдерісінде маңызды рөл атқарады. Ұлтаралық неке әлеуметтік әрекеттестіктің күрделі жүйесіне жатады, оның динамикасы көптеген әлеуметтік шарттарға тәуелді. Ұлтаралық некелердің оң динамикасы этносаралық қатынастың тұрақтылығын, оның қолайлы ахуалда дамып келе жатқанын растайды, сонымен қатар жалпы әлеуметтік-экономикалық ахуалдың тұрақтылығының оң көрсеткіші болып табылады.

ЭТНОСАРАЛЫҚ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ ПЕН ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМНІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҮЛГІСІ (ор. – *казахстанская модель межэтнической толерантности и общественного согласия*, ағыл. – *Kazakhstan's model of interethnical tolerance and social harmony*) – Қазақстанның көпэтносты қоғамындағы этностар арасындағы қатынастардың дамуының теориялық тұрғыдан негізделген, тәжірибемен қорытындыланған Қазақстан Республикасы саясатында жүзеге асқан үлгісі (моделі).

Әлемдік тәжірибеде этносаясаттың бірнеше үлгісі бар. Ассимиляция – этностық топ мүшелері басқа этностық я ұлттық қоғамдастықтың мәдени және құрылымдық сипаттарын қабылдап алады. Соның салдарынан өздерінің ұлттық я этностық сәйкестігін ауыстырады. Әдет-әдеп, құндылық пен арман-тілектері басқа этноска ұқсап шыға келеді, рәміздер мен әлеуметтік кедергілердің теңгерімі ортаға бағытталады. «Балқыту қазаны» «түрлі халықтар мен олардың ұлттық мәдениеттері тоғысады, осындай тоғысудың нәтижесінде тұтас американдық ұлт қалыптасты. Бұл аталым алуан түрлі парадигмалар сақталатын «ыдыс» мағынасында қолданылады). «Мәдени бостандық» тұжырымдамасы (жеңілдіктер мен санкциялардың арқасында иммигранттардың қабылдаған қоғамдастықпен бірігіп кетуі). Этностық иерархия, «басым этнотоп» - саяси я мәдени/онтологиялық жақтан басым этностық топ. Сондай-ақ, саяси я мәдени жақтардан ғана емес, экономикалық жақтан да басымдық болатын жайттар болады. Кең таралған әрі даулы үлгілердің бірі көпмәдениеттілік (мультикультурализм) тұжырымдамасы («тарихи эпизод», «қысқа мерзімді «кері толқынның» көрінісі» сияқты түрлерге жіктеледі).

Қазақстан Президенті алғашқылардың бірі болып этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің үлгісін жасаудың қажеттігіне алғашқылардың бірі болып назар аударды: қазіргі проблемаларды әділдікпен көрсете отырып, түрлі этностар мен конфессиялардың өзара ықпалдасуы жолындағы қазақстандық тәжірибені ашық әйгіледі. Қазақстан халқы Ассамблеясының (мұнан ары - ҚХА) 2003 жылдың желтоқсан айындағы X сессиясында Президент аталмыш модельдің құрамы мен мәнінің, оны түсінудің ыңғайларын белгілеп берді.

ҚХА Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылдың 1 наурызындағы Жарлығымен құрылды, оны Мемлекет басшысы басқарады. ҚХА этно-

саралық қатынастар мен қоғамдық келісімді жарастыратын институт, мемлекеттің ұлттық саясатын жүзеге асырудың шешуші құралы болып табылады.

Бұл үлгіге Қазақстанды мекен ететін барлық этнос өкілдерінің өзара түсіністігі мен толеранттылығын, патриотизм мен ел тағдыры үшін азаматтық жауапкершілігін қалыптастыратын бес негізгі ұстаным тірек, негіз болып отыр.

Әлемдік тәжірибеде жұрттың 95%-нан кем емес бөлігі бір этностық дәстүрдің өкілінен құралатын мемлекет моноэтносты деп танылады. Ондай мемлекеттер бірнешеу ғана: Исландия, Норвегия, Португалия, Албания, Армения, Мальта, Ямайка, Йемен, Венгрия т.б.

Қазақстан үлгісін кейде Азия үлгісімен немесе Канада тәжірибесімен салыстырып жатады. Азиядағы басқа модельдер сияқты, Қытайға күшті мемлекетке сүйену, көрінеу идеология, ұстамды консерватизм мен азаматтық ұлтшылдықты сабақтастыру, титулсыз этностарға жалпыұлттық құндылықтарды телу тән. Ал Канадада Қазақстанмен ұқсас бірқатар географиялық және саяси сипаттар бар. Алайда Канада алуан түрлілікті бір тұтастыққа салуға ұмтылса, Қазақстан көп түрлі бола отырып бірігу саясатын ұстанып отыр.

Сонымен қатар қазақстандық үлгінің қағидаттық маңызы бар бірқатар ерекшеліктері бар.

Біріншісі. Ел басшыларының саяси ерік-жігерінің нәтижесінде қандай этнос пен қандай дінге қатыстылығына қарамастан азаматтардың тең құқылығын жүзеге асырудың ықпалды тетіктері жасалып, жетілдірілуде. ҚХА Төрағасы – ел Президенті, ал Президент – Конституция кепілі, осының өзі-ақ ҚХА мәртебесінің жоғарылығын білдіреді.

Екіншісі. Қазақстандық үлгі азаматтардың бастамасымен, азаматтық қоғам мен мемлекет институттарының сындарлы үнқатысудың, елдің тұтастай қоғамдық-саяси жүйесі қатыстырылған үнқатысудың нәтижесінде, «төменнен» қалыптасып шықты. Қоғам мен мемлекетті қатыстырған, бұл күнде осы екі институтты бірлестіруші алаңға айналған ҚХА болды.

Үшіншісі. Қазақстанның бірегей ерекшелігі сол, этностық топтар азаматтық-құқықтық және қоғамдық тұрғыдан бірдей, айрықша жоғары мәртебеге ие. Этнос өкілдері ұлттық азшылық өкілдері ретінде емес, Қазақстанның тұтас халқының азаматтары ретінде құқықтардың бәріне де толықтай ие бола алады. Ел Конституциясының он бір нормасы этносаралық қатынастар саласындағы стандарттарды белгілеген, ал «ұлттық азшылық» дейтін ұғым іс жүзінде қолданылмайды. Санының аз-көптігіне қарамастан Қазақстан халқының құрамындағы этностар тең құқықпен және мемлекеттің қорғауымен қамтамасыз етілген.

Төртіншісі. Қоғамдық келісім ең бір маңызды саяси-идеологиялық құндылық болып саналады. Негізгі Заңның бұл қағидаты Қазақстан Республикасы Конституциясының сарқылмас мүмкіндігін ашады. Онда қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты, азаматтардың қоғамдық-саяси өмірге толық араласу мүмкіндіктерінің бірдейлігін қамтамасыз етуде және шешімдер

қабылдауда мемлекет пен азаматтық қоғам институттарының атқаратын рөлі белгіленген.

Бесінші. ҚР Парламент Мәжілісінің ҚХА сайлаған 9 депутаты Парламентте барлық этностың кепілді өкілдігін қамтамасыз етеді. ҚР Парламент Мәжілісіндегі 107 депутаттың, ҚХА сайлаған 9 депутатты қоскқанда, 31 депутаты түрлі этностық топтардың өкілдері. Жалпы алғанда, ҚР Парламентіндегі түрлі этностарға жататын депутаттар саны – 41, этностық топтардың саны – 14. Мәжілістегі ҚХА депутаттық тобының форматы қоғамдық-саяси тұрғыдан жаңаша толықтырылды. Қазір ол топқа Парламенттегі үш партияның және Азаматтық альянстың өкілдері кіреді, мұның өзі заң шығаратын қосымша мүмкіндік туғызып отыр. Мемлекет басшысының ҚХА XIX сессиясында берген тапсырмасы бойынша ҚХА-мен партиялар арасындағы әрекеттестіктер өңірлік деңгейде де қолданылады.

Алтыншы. Мәдениеттің көпалуандығын сақтау мен ұлғайтуға мемлекеттің этностық тілдер мен мәдениеттерді қолдайтын өзгермес саясаты сеп болып отыр. Кез келген этнос құрмет пен сенімге ие, кез келген этностың заңнамада бекітілген ретпен өзінің жасампаз әлеуетін арттыруға мүмкіндігі бар.

Жетінші. Қазақстандағы этносаралық қатынастар саясатсыздандырылған және бұл заңмен бекітілген: ҚР Конституциясының 39-бабының 2-тармағы бойынша, «Ұлтаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады».

Сегізінші. Этносаралық қатынастар үлгісінде ҚХА шешуші орын алады. Ассамблеяға Қазақстанды мекендейтін барлық этностық топтардың 600-дей өкілі енеді. Оның жоғарғы органы – сессия, ҚХА Төрағасы ел Президентінің төрағалық етуімен өтеді. Сессия шешімдерін мемлекеттік органдар қарастыруға міндетті.

Тоғызыншы. Этносаралық толеранттылық пен конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету жолындағы Қазақстанның қарекеті еліміздің гуманитарлық өлшемдегі ең маңызды жетістіктерінің бірі ретінде әлемдік деңгейде мойындалып отыр.

Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі шеңберінде этносаясат ғылыми тұрғыдан талданып, сараптамамен қосталуда, этносаясатты халықаралық және отандық тәжірибе негізінде одан ары дамытудың стратегиялық ыңғайлары жасалуда (қар. *Қазақстанның ел бірлігі доктринасы, Толеранттылық, «Қазақстан 2050» Стратегиясы тұрғысынан заманауиландыру*).

ЭТНОСАЯСАТ ИНДИКАТОРЫ (ор. *индикатор этнополитики*, ағыл. *ethnopolitical indicator*)– этносаралық қатынастарды болжау мен ахуалды бағалау кезінде тиімді қолдану үшін пайдаланылатын әлеуметтік түрлендірме (вариация) ретінде бағаланады. Мұндайда Э.и. ахуалдар мен шындықтарды ескере отырып мақсатты түрде дами түсуінің маңызы зор.

Э.и. тілдік және этностық өзгерістердің бастапқы сатыларындағы белгілер немесе тіл мен этностың өзгермейтін сипаттары ретіндегі тұрақты вариативтіліктің белгілері жатады.

Этносаралық ахуалдың индикаторлары қоғамдағы этносаралық қатынастардың даму үрдісі мен жай-күйін анықтайтын айнымалы шамалардың жүйесі болып табылады. Этносаралық саланы бағалау үшін, сондай-ақ мемлекеттік органдардың қолдануына ыңғайлы болу қажет типтік индикаторлар ретінде мыналар қарастырылғаны жөн: этносаралық келісімді қамтамасыз ету ісіне жұрттың беретін бағасы; ҚХА-ның этноұлттық саясатты жүзеге асыру жолындағы іс-шараларына тартылған орталық және жергілікті атқарушы органдардың үлесі; этноұлттық саясат саласындағы іс-шараларына орталық және өңірлік деңгейде этномәдени бірлестіктердің қамтылуы; этносаралық қатынастар саласында Конституция нормаларына сәйкестігі сараптамадан өткізілген заң жобаларының үлесі; Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісін түсіндіру жөніндегі ақпараттық жұмыспен қамтылған жұрттың үлесі; этносаралық қатынастардың жайын оң бағалайтын жұрттың үлесі; қоғамның жалпы ұлттық құндылықтарды қолдау деңгейі; ұлттық-мемлекеттік бірегейлік белгілерімен өзін бірдейлестіретін жұрттың үлесі; мемлекеттік тілге оқытып-үйретудің барлық түрімен қамтылған этностардың және тілін, дәстүрі мен мәдениетін сақтау жолында жұмыс жүргізіп жатқан этностардың үлесі; этносаралық қатынас пен қоғамдық келісім мәселелері бойынша іргелі және қолданбалы зерттеулердің деңгейі; Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында оқыған тыңдаушылардың даярлық сапалық құрамы мен деңгейі.

Этносаралық қатынастардың түрлі деңгейлерге тән, көп бағытты және көп компонентті сипаттары мол. Сондықтан бағалау межелеуіштерінің ішінде мыналар ескерілуі қажет: әлеуметтік-экономикалық ахуал; әлеуметтік-саяси ахуал; тілдік ахуал; азаматтардың өзін-өзі сәйкестендіруі мәселелері; этностық қоғамдастықтар мен топтардың қоғамдық үдеріске қосылғандығы *(*қар. *Этноәлеуметтану, Этносаясаттану).*

ЭТНОССЫЗДАНДЫРУ /ДЕЭТНИЗАЦИЯ/ (ор. *деэтнизация*, ағыл. *deethnicization*) – этнос мәдениетінің, тілінің және тұрмысының ұлттық ерекшелігінің жоғалуы; қоғамдық өмірдің ұлттық формаларын тұқырту және ығыстыру.

Д. этностың жүйелі тұтастық ретінде жоғалуына әкеліп соқтырады, алайда осы этносты құраған адамдар басқа этностың құрамында солардың дәстүрлерін қабылдап тіршілік ете береді. Халықтың немесе оның жеке өкілдерінің өз этностық ерекшеліктерін жоғалту үдерісі ана тілінен айырылуынан басталады, кейін этностық сана-сезім мен этностық бірегейлік те жоғала береді. Д. этностық антижүйені жаңа мүшелермен толықтырудың міндетті шарты болып табылады. Д. бір этностың басқа этносты сіңісуге мәжбүрлеуінің (ал

табиғи ассимиляция этностық дәстүрлердің бірігуіне алып келеді) немесе абстрактілі түрде «адамның жаңа типін» немесе «жаңа адамдар қауымдастығын» жасау қажеттілігін талап ететін кейбір идеологиялық немесе философиялық тұжырымдаманы жүзеге асыру әрекеттерінің нәтижесі болуы мүмкін. Бірқатар жағдайларда дисфункциялы Д. үдерісі мен этностық дәстүрлерді модернизациялау үдерісін ажырата қараған жөн.

Бұл термин П.М.Корявцевтің «Антижүйелер философиясы» кітабы жарық көргеннен кейін (1994 ж.) кең таралды.

ЭТНОСТЫҚ АНКЛАВ (франц. *enklave* лат. *inklavare – құлыптау*, ор. *анклав этнический*, ағыл. *ethnic(al) enclave*)– басқа ұлт ортасында этностық топтың ықшам бөлігі мекен ететін территория. Э.а. визуалды және әлеуметтік-экономикалық сипаты жағынан қаладағы көршілес аудандардан өзгеше болады. Э.а. жұртына осы ауданның ерекшелігін айқындайтын қандай да бір этностың басым өкілі болуы (30%-дан кем емес) тән. Э.а.-қа тән сипаттар – тұйықтық, ішкі экономикасының болуы, этностық көсемдердің бақылау жасауы, өз этномәдени ерекшеліктерін жаңғыртуға талпынысы. Э.а. бірқатар себептерге байланысты пайда болады. Мұндай құрылымдар тұтас этностық қауымдастықтың *Миграциясы*, этностық топтың бөтен ортада ықшам қоныс тебуге ұмтылысы, белгілі бір халықтың мәжбүрлі түрде бір аумаққа шоғырландырылуы салдарынан пайда болады. Э.а. өздерінің дәстүрлі мәдени ортасына тән әлеуметтік жүйесін жаңғыртатын «буферлік ортаны» жасауға итермелейді. Бұл - дәстүрлері, мәдениеті, қалыптасқан мінез-құлық нормалары жергілікті халықтікінен айтарлықтай өзгеше этностық *Мигранттар* осындай қадамдарға жиі барады. Анклавтың ниеті, *Мигранттар* өзгеруге тиіс емес деп санайтын негізгі ұстанымдары өздерінің дәстүрлі мәдени құндылықтарына бағдарланса, іске асырыла бастайды. Мұндай жағдайда анклавты қабылдайтын орта көбінесе анклавтың мәдени дәстүрінің жайлы дамуының әлеуметтік-экономикалық ресурсы ретінде қарастырылады.

ЭТНОСТЫҚ АНТРОПОЛОГИЯ (грек. anthropos – адам + logos – ұғым, ілім, ор. *антропология этническая*, ағыл. *Ethnic anthropology*) – адам мен оның нәсілінің физикалық бітімінің пайда болуы мен эволюциясы туралы ғылым. Этнография (этнология) мен антропологияның түйісіндегі пән, негізінен, этностың пайда болу проблемасын нәсіл генезисі үдерісімен септестіре зерттеумен, нәсілдік белгілердің уақытқа байланысты өзгеруін, дүние жүзінің әр түрлі өңірлеріндегі алмасу - нәсіларалық метисацияны (будандасуды) зерттеумен айналысады. Этностық антропология (*мұнан былай – Э.А.*) сондай-ақ нәсілдік ырымдардың пайда болуы мен көріністерін нәсіларалық және этносаралық түйістердегі арнаулы құбылыстар ретінде де қарастырады.

Дербес ғылым ретінде XIX ғ. орта шенінде қалыптасып шықты. Антропологияның негізгі бөлімдері – антропогенез, адам морфологиясы (өсу заңдылықтары және дене құрылысының адамзат атаулыға ортақ өзгермелері туралы ілім), *Э.А.*, сонымен қатар нәсілтану. АҚШ пен Ұлыбританияда антропология кеңірек ұғымда қаралады: физикалық ұғыммен қоса пәні мен мазмұны жағынан этнологиямен теңесетін әлеуметтік және мәдени қырлары да қамтылады.

Антропологиялық белгілердің этностық межелерді ажыратуға белгілі бір ықпалы бар. Егер негізгі нәсілдерді айқындауда пайдаланылатын маңызды антропологиялық ерекшеліктерге сүйенсек, әлем халықтарының басым көпшілігінің өзі нәсілдік жағынан салыстырмалы түрде алғанда біртектес болып келеді. Үндіеуропа халықтарына жататын адамдардың 90%-дайы, Орал тілдік тобына жататын тілдерде сөйлейтіндердің 95%-ы еуропалық нәсілге тән сипатта, қытай-тибет тілдерінде сөйлейтіндердің 100%-ы моңғолдық нәсілге жатады. Негізгі нәсілдік типтердің әртүрлілігі африкалық немесе семит-хамит тілдерінде сөйлейтіндерден (70%-ы – еуропоидтер, 20%-ы моңғолоидтар, қалғандары – аралас нәсілдер) байқалады, алайда тілдердің бұл екі тобы жиынтығында адамзаттың 4%-ын ғана құрайды. Сондай-ақ дүние жүзі жұртының 30%-ы нәсілдік жағынан аралас және аралық топтарға жататынын да ескерген жөн. Мұның бәрі, әдетте, антропологиялық (нәсілдік) көрсеткіштерді бір этносты келесі бір этностан айрықшалайтын белгілер ретінде пайдалануға қиындық келтіреді. Этностардың елеулі бөлігі әр түрлі негізгі (үлкен) нәсілдерге тиесілі адамдардан тұратынын да ескермей болмайды (мысалы, латынамерикалық халықтардың көбі осындай). Сондықтан нәсілдік бірлік кез келген этностық қауымдастықтың, кез келген халықтың міндетті белгісі деп пайымдау тіптен дұрыс емес.

Ірі этностар, әдетте, түрлі антропологиялық типтердің немесе кіші нәсілдер деп аталатын типтердің өкілдерін қамтиды (мысалы, Италияның күнгейі мен теріскейі тұрғындарының арасында түрлі антропологиялық типтер басым). Бұл – адамзаттың нәсілге және этносқа қарай бөлінуінің сәйкеспейтінін растай түседі. Жоғарыда айтылғандарға орай, адамдарды тек сыртқы антропологиялық көрсеткіштеріне сүйеніп этносқа тиесілілігін анықтауға талпыныстардың күнделікті тәжірибесінің шындығынан гөрі оған жуықтап шамалауы тым көп. Бұл, әсіресе, көршілері басқа нәсілге жататын этностарға тән. Бұл сияқты типтік жайттардан алшақ жататын жағдай үлкен нәсілдердің негізгі ареалдарының шегараларында қалыпты жайт болып саналады. Мұнан да аз кездесетін жағдайлар, оқшауланудың нәтижесінде этнос түгелдей басқа нәсілдік типтегі халықтардың қоршауында қалғанда болады. Нәсілдік айырмашылықтар қашан да тұқым қуалайды: бірнеше ұрпақ жалғастығына созылып ата-анадан балаларға беріліп отырады.

Осы айырмашылықтарды зерттеуде тек туралы ғылым генетиканың, ең алдымен, адам генетикасы немесе атропогенетика мағлұматтарының маңызы

зор.Түрлі адамдардың я олардың тұтастай топтарының тегіндегі физикалық белгілер ұқсастығының көп болуы олардың шығу тегінің немесе генетикалық туыстығының ортақтығына салмақты дәлел болады. *Э.А*. зерттеулерінің негізгі бірліктері – нәсілдік белгілеріне қарай ажыратылатын адамдардың (популяцияның) ареалдық қауымдастығы. *Э.А*. геногеографиямен тығыз байланысты: тектері жақсы зерттелген белгілер популяциялардың және осылардың негізінде қалыптасқан нәсілдің будандасуы мен орналасуының, қалыптасуының тарихын көрсететін белгілер (маркерлер) ретінде көп қызмет етеді. Адамзат қоғамында популяциялар әлеуметтік қауымдастықтардағы, олардың бөліктері және полиэтностық топтарындағы адамдар үшін айрықша жүйемен септес болады. Этностар мен нәсілдердің әр түрлі елдегі және әр түрлі тарихи кезеңдердегі өзара қарым-қатынастарын талдау *Э.А*. мәліметтерін биологиялық тірлік иесі ретіндегі адам эволюциясының, популяциялық генетиканың, нәсіл түзілісінің, этногенездің көптеген проблемаларын және антропологиялық этнографияның, тарихи географияның басқа да маңызды мәселелерін алға тартуға мүмкіндік береді (қар. *Нәсілтану*).

ЭТНОСТЫҚ БЕЙІМДЕЛУ (лат. – *adaptare* бейімдеу, ор. – *адаптация*, ағыл. – *adaptation*) – адамның немесе әлеуметтік, этностық топтардың басқа бір әлеуметтік, мәдени, тілдік ортаға белсенді түрде бейімделу үдерісі.

Кең мағынасында алғанда, бейімделу адамның немесе топтың қоғамдық, тілдік, мәдени ортаның жаңа жағдайларына әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени-адамгершілік, психологиялық, лингвистикалық жағынан белсенді және үздіксіз бейімделуінің үдерісі мен нәтижесін білдіреді.

Кең мағынасында алғанда, өмірдің кез келген саласында әлеуметтік бейімделу мыналардан көрініс табады: а) дәстүрлер мен әлеуметтік нормаларға толығымен бағыну және оларды ұстану; ә) ортаны жаңарту, мұндайда тұлға немесе топ көпшілік мақұлдап қостайтын мақсаттарға жету үшін қалыпта жоқ, жақтырмайтын немесе бұған дейін белгісіз болған әдістерді қолданады; б) жеке адамның немесе топтың көпшілік мақұлдамайтын мақсаттарға жету үшін салт-дәстүрлерді қатаң ұстана отырып көпшілік мақұлдап қостайтын әдістерді қолдануы; в) көпшілік мақұлдайтын мақсаттардан бас тарту және дәстүрде жоқ тұрғыдан қимыл көрсетіп, алға жаңа мақсаттар қойып, оларға жетудің жаңа әдістерін қолдану (мысалы, көтеріліс жасау). Егер жеке адамның немесе топтың мақсаттары тұтас қоғамның мақсаттарымен үйлеспесе, сәтті бейімделу қиынға соғып, тіпті мүмкін болмауы ықтимал, бұл жалпы саяси үдеріске жағымсыз әсер тигізе алады.

Тар мағынасында алғанда, Э.б. – этностық мәдениет пен этностық тілді тасымалдаушының немесе оның ұжымының, әдетте, мекен ететін жерін өзгертуіне байланысты басқа әлеуметтік, этностық, мәдени және тілдік ортаға бейімделуі (тілдік бейімделу, мәдени бейімделу, әлеуметтік бейімделу).

Э.б. жаңа әлеуметтік-этностық ортаның нормалары мен құндылықтарын (мәдени-тілдік, шаруашылық-мәдени, саяси, адамгершілік, тұрмыстық және т.б.), этностар арасында қалыптасқан ықпалдастықты (ресми және бейресми қатынастар, мінез-құлық стилі, отбасылық және көршілермен қарым-қатынас және т.с.с.), сонымен қатар нақты іс-әрекет формаларын (мысалы, жұмыстар мен отбасылық міндеттерді кәсіби орындау әдістері) қабылдау болып табылады. Э.б.-дің екі формасы бар: белсенді, бұл түрінде этностық топ ортаны өзгерту мақсатында (сонымен бірге меңгеруі тиіс нормаларды, құндылықтарды, өзара қарым-қатынас және қызмет формаларын) оған ықпал етуге ұмтылады және пассивті, бұл түрінде ол ықпал етуге және өзгертуге ұмтылмайды. Сәтті Э.б.-дің көрсеткіштері – берілген ортаға сіңісіп кетудің жоғары деңгейі, оған қоса жалпы осы ортаға және берілген этностық топ үшін аса маңызды элементтеріне (мысалы, нәсілдік және ұлттық кемсітушіліктің болмауы, жұмысқа орналасуға тең мүмкіндіктер мен шарттар, оқу және қолдану тілін еркін таңдау және т.с.с.) психологиялық қанағаттылығы. Төмен Э.б.-дің көрсеткіші эмиграция, әлеуметтік-этностық ортаның құндылықтық-нормалық жүйесіндегі түрлі бұзушылықтар және басқалар.

Э.б.-дің дамуы кемсітушілік, бөлектеу (сегрегация) т.с.с. түріндегі ұлтшылдық және радикализмнің әсерінен қиындауы әрі тежелуі мүмкін. Э.б. тілдік-мәдени және шаруашылық-мәдени жағынан жақын этностар арасында жылдам өтеді. Әдетте бұған көп уақыт қажет, адам басқа этностық ортада ұзақ уақыт өмір сүріп, осы этностың салттарына, әдет-ғұрыптарына, дәстүрлеріне, өмір салтына бірте-бірте бейімделеді. Қандай да бір дәрежеде тілді, ұлттық мәдениетті меңгереді.

Э.б.-ді этностық ассимиляциядан ажырата қараған жөн (қар. *Аккультурация, Инкультурация, Этностың сіңуі*).

ЭТНОСТЫҚ ДИСПЕРСИЗАЦИЯ – (ор. *дисперсизация этническая*, ағыл. *ethnic dispersal*). Бастапқы этностан оған қарағанда шағын этностық топтардың бөлініп шығып, этнос мекен ететін аумағынан тыс қоныстануы. Бұл үрдістің негізгі факторы – көші-қон. Бұл санатқа бөтен аумаққа көшіп бармаған, бірақ өз этносының негізгі аумағынан тыс жерде ежелден тұратын ирредентализм топтар жатпайды.

Әр халық өз тарихында жер ауыстыруды бастан өткерген, мұның объективті және субъективті сипаттағы әртүрлі себептері болады. Бұл табиғи-климаттық жағдайдың нашарлауына, халықтың көптігі кезінде табиғи ресурстар мен нәтижелі шаруашылық жүргізуге мүмкіндіктердің жеткіліксіз болуы, ғаламшарда қоныстанатын бос аумақтардың пайда болуы, мемлекеттің тиімсіз басқаруы нәтижесінде өмір сүру жағдайының төмендеуі, экономикалық дағдарыс, жұмыссыздық, діни алауыздық, елдер арасындағы соғыс пен азаматтық қақтығыстар, ойрандау, кемсітушілік пен геноцид, өздерінікіне қарағанда дамыған елдерде табыс көзін іздеу болуы мүмкін және тізімді жалғастыра беруге болады.

Этносты бөлуші үдерістерде дисперсизацияны парциация мен сепарациядан айыра білу қажет. Этностық парциация кезінде бұрынғы бір этнос біршама тең бөліктерге бөлінеді, оның үстіне бөлініп шыққан жаңа этностардың ешқайсысы өздерін бұрынғы этноска жатқызбайды. Этностық сепарация дегеніміз – кез келген шағын халық құрамынан оның бір бөлігі бөлініп шығып (әдетте салыстырмалы түрде шағын), уақыт өте келе дербес этноска айналуы. Егер этностық парциация кезінде бастапқы этнос өмір сүруін тоқтатса, этностық сепарация кезінде ол сақталып қалады. Парциация мен сепарацияға қарағанда, этностық дисперсизация кезінде этнос емес, тек этностық топтарды құрайтын бөліктер бөлінеді.

Этностық дисперсизация әлем халықтарының көбіне тән. Бұл ретте еврейлердің екімыңжылдық көшіп-қонуын еске алса да жеткілікті. Олар – әлемде ең бытыраңқы орналасқан халықтардың бірі. 20 млн. еврейдің тек 5 млн. Израильде тұрады, ал бұл олардың ширегі ғана. Сондай-ақ еріксіз миграция мен күштеп көшіру нәтижесінде армяндардың жартысы тарихи отандарынан тысқары жердегі әртүрлі елдерде тұрады.

КСРО құлағаннан кейін бұрынғы Кеңес Одағының көптеген халықтары әртүрлі мемлекеттерге шашырап кетті. Олардың ішінде алдымен айта кететіні әзірбайжандықтар, грузиндер, молдавандар, украиндар, өзбектер, тәжіктер және т.б. 1991 жылы КСРО құлағаннан кейін орыстардың 18%-ы Ресейден тыс жерде қалды. Ресейлік халықтар ішінен ең дисперстік түрде тұратындар орыстар, татарлар, басқа Еділ бойы халықтары, шешендер, ұңғыштар және Дағыстанның кейбір халықтары.

Қазақстандағы жағдай біршама басқаша. Мұнда бірнеше жүз мың қазақтар қайтып келді. Ұжымдастыру жылдары олар жандарын сақтау үшін көптеген шетелдерге дисперстік түрде бытырап кетуге мәжбүр болды. Сонымен қатар, Қазақстанда жер аударылған кәрістердің, немістердің, күрділердің және басқа халықтардың үлкен топтары жайыла орналасқан (қар. *Бөлінген халықтар, Ұлттық-территориялық автономиялар, Этностық анклав, Босқындар, Депортация, Иммиграция, Мигрант, Ұлттық азшылық, Эмиграция).*

ЭТНОСТЫҢ ДІЛДІЛІГІ / МЕНТАЛДЫЛЫҒЫ / (фр. *mentalite,* лат. *Mentalis* – ақыл-ойға тән, рухани, ор. *ментальность этноса*, англ. *ethnic mentality*) – қандай да бір этностық тұтастыққа кіретін адамдардың психикалық бітімі мен дүниеге көзқарасының ерекшеліктері, тарихи дамуы барысында этностың ойлауы, сезімі мен дүниені түйсінуінің ғасырлар бойы жасалған, тарихи қалыптасқан бейнесі. Этностық дәстүрдің маңызды бөлігі болғандықтан этнос ділі әлем туралы идеялардың, көзқарастардың, түсініктердің, бағалаудың, талғамның, мәдени канондардың, ойды жеткізу тәсілдерінің иерархиясы түрінде көрінеді.

Әлемнің этностық суреті адамның әлем туралы белгілі бір мәдени-құндылықты басымдықтар негізінде қалыптасқан түсініктерімен жасалады. Бұл

түсініктердің кейбірі саналы, кейбірі санасыз түрде орныгады. Ділділік адам ұжымының (этностың) өзін қоршаған табиғи-әлеуметтік ортаға бейімделу барысында қалыптасатын кешенді қасиеттердің жиынтығы ретінде көрінеді. Және этностық мәдениетте негізгі механизмнің қызметін атқарады, осының арқасында адам психологиясы қоршаған ортаға бейімделеді.

Адамның әлемдегі әрекеттерінің сипаты әр этностық мәдениетте әр басқа, өзіндік арнайы ерекшеліктері болады. Осы өзіндік ерекшеліктің дәл өзі ғылыми ізденісте нақты бір этностың ділділігінің бейнесін жасауға сүйеніш болатын индикатор болып есептеледі. Мұндайда көршілес этностың немесе этностар тобының шаблондық қасаң, орташалындырылған бітімдерін тірек етеді.

Белгілі бір типтегі ділді түсіну үшін мәдени контексті бар мүмкіндігінше кең қамтып талдау қажет: бұған мәтіндер мен материалдық мәдениет дүниелері, әлеуметтік байланыстар мен қарым-қатынастар, тұрмыс пен тарих, күнделікті тірлік – бәрі де кіреді. Социум идеологиясын ұғыну онда болып жатқан үдерістердің бәрін дұрыс бағалауға, оның мүшелерінің мінез-құлықтарын лайықты қабылдауға және олар шығарған мәдени феномендерді тереңірек ұғуға көмектеседі, ал қоғам мен өркениеттің дамуының қазіргі кезеңінде мұның маңызы баға жеткісіз (қар. *Ұлттық идея, Ұлттық психология, Тарихи сана, Патриотизм, Этностық стереотиптер, Толеранттылық, Этностық сезімдер, Этнопсихология).*

ЭТНОСТЫҚ КӘСІПКЕРЛІК (ор. *Предпринимательство этническое,* ағыл. *ethnic enterprise*) – этностық қағидат негізінде кәсіпорын құрушы этностық Диаспоралардың өкілдері іске асыратын, бизнес жүргізудің ұлттық дәстүрлерін ұстанатын кәсіпкерлік қарекет (қар. *Этностық көші-қон*). Жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға түскенде этностық азшылық бұрын өзіне етене болмаған экономикалық орын табады да, тірлік етудің тіптен бөтен жолдарын меңгере бастайды. Этностық мигранттардың кәсіби ұтқырлығының соншалық жоғары болуы мен Э.к. дамуының басты себептерінің бірі – этностық азшылықтың әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан маргиналдығы. Этностық *Мигранттар* оқшау орта болып саналатын мейлінше берік қауым құрады, осы қауым жаңадан қосылғандарға қолдау жасап оқытады, тәжірибесі мен біліктілігін үйретеді. Уақыт өткен сайын бастапқы қажетті капитал қорланып, тіл меңгеріледі де экономикалық кеңістікке барлау жасалады, сөйтіп барып *Иммигрант* өз бизнесін ашады. Осылайша кешегі қоныскерлер жаңа жерде қажетті, еңбектің осы нарығына қажетті біліктілік пен кәсіп иесі болып шығады. Э.к. *Мигранттың* әлеуметтік-экономикалық жағынан бейімделуінің ажырамас бөлігі болып табылады (қар. *Диаспора, Мигранттар*).

ЭТНОСТЫҚ КӨШІ-ҚОН (лат. *migratio – қоныс аудару*, ор. *миграция этническая,* ағыл. *ethnic migration*) – түрлі себептермен қабылдаушы мемле-

кеттің аумағында уақытша жұмысқа орналасу немесе жаңа жерде орнығып қалу және азаматтық алу мақсатында өз мемлекетінен кетіп жатқан түрлі этностық қауымдастықтар өкілдерінің жер ауыстыруы (қар. *Көші-қон/Миграция, Мигрант*). Э.к. себебі халықтардың әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының біркелкі болмауы, ұлттық езгі немесе құқық теңсіздігі, жеке халықтардың арасындағы әскери қақтығыстар, діни қуғындар (егер дін этностық қатыстылықпен сай келсе) және басқалар болуы мүмкін. Э.к. жағымды әсерімен қатар, аймақтық қабылдаушы қоғамдарға қарама-қайшы әсері көбінесе этностық сипаттағы әлеуметтік жаңа проблемалардың алға тартылуымен байланысты болады. Бұл салада жаңа проблемалардың пайда болуынан көші-қон үдерістері мен олардың реттелу дәрежесін арттыру және басқаруды жақсартуға қатысты қоғамдық қажеттіліктер күшейе түседі. Э.к. басты проблемаларының бірі бейімделу мен *Мигранттардың Интеграциясы* болып табылады. Мұның шешімін әсіресе, шекаралық аймақтардың, мегаполистердің анклавтануын, осыдан туындайтын әлеуметтік-мәдени, саяси және қылмыстық тәуекелдерді барынша азайтудан (дұрысы – болдырмаудан) және *Мигранттардың* бейімделуімен айналысатын механизмдер мен құрылымдарды құрудан табуға болады (қар. *Көші-қон/Миграция, Иммиграция)*

ЭТНОСТЫҚ ҚАҚТЫҒЫС (ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАҚТЫҒЫС) (лат. *conflictus* – қақтығыс; ор. – *этнический* (межэтнический) *конфликт*; ағыл. *ethnic conflict*) – қарама-қарсы мүдделердің қақтығысы; қақтығыстағы тараптардың бірі я бірнешесі этностық негізде немесе этнос атынан ұйымдасып, әрекет етсе, мемлекет ішіндегі немесе мемлекетаралық деңгейдегі азаматтық қарсылық. Э.қ., әдетте, қоғамдағы әлеуметтік шиеленістің және шекаралық мәселелердің шешілмеуінің нәтижесінен шығады. Жергілікті элита өкілдерінің жауапкершіліксіз мәлімдемелері мен әрекеттерінің кесірінен, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарындағы, youtube, интернеттегі сөздердің кесірінен де жиі болады.

Э.қ. себептері әр түрлі болуы (саяси, аумақтық, әлеуметтік-экономикалық, ресурстық, тарихи-мәдени) және көмескі түрде де, зорлықты қақтығыс түрінде де өтіп жатуы мүмкін. Э.қ.-тың кең тараған түрлері – жікшілдік қақтығыстар. Мұндайда этностық азшылық өзі өмір сүретін мемлекеттен бөлініп, өз мемлекеттерін құруға әрекет етеді. Қақтығыстардың мұндай түрлерінен (топ мемлекетке қарсы тұратын) басқа тағы бір көрінісі – екі я одан көп этностық топтардың арасында болатын, көбінесе айналып келіп отырып озбырлыққа апарар, тым қатыгездікке айналатын түрі. Э.қ. трансформациясын болдырмаудың тәсілдері мен механизмдері этносаясаттанудың ішкі пәні деп санауға болатын қақтығыстанудың (конфликтологияның) негізін түзеді.

Этностық топтың санасында өзінің экономикалық және әлеуметтік амандығы үшін қауіптену, ұлттық құқықтарға келетін нұқсаннан, өзіндік, мәдениет пен тілдік қасиеттерден айрылудан қорқу тоғысса, Э.қ. этностықты ба-

рынша саясиландырудан туатын бейқұқықтық шиеленіс ахуалына айналады.

Қақтығыс алдындағы ахуал, әдетте, мынадай кезеңдерден өтеді: этностық топтың негізгі көпшілігін жұмылдыру, сонан соң саясиландыру. Э.қ. көбінесе форма жағынан ғана «ұлттық» болып шығады, шын мәнінде, оның негізінде түрлі «көсемдер» бас пайдасына немесе саяси мақсатына пайдаланатын шешілмеген экономикалық және әлеуметтік түйткілдер жатады.

Э.қ. «таза күйде» сирек болады. Әдетте, экономикалық, әлеуметтік-саяси, этностан тыс басқа да себептермен шығып, қақтығыс егер мәселе, әрине, түрлі ұлттық-мемлекеттік түзілімдердің қарсы тұруы немесе жұрттың түрлі этностық топтарының мемлекет ішіндегі қақтығыстары туралы болса, кейінгі сатыларында қақтығыс этностық сипат алады. Бұл дегеніміз адамдар топтарының арасындағы әлеуметтік, саяси, экономикалық қақтығыстарда олар бір-бірімен этностық белгілер бойынша бірегейленеді дегенді білдіреді.

Шамасы жағынан, әлеуметтік маңызы, тегі, «жасы», шиеленістілігі жақтарынан әр басқа болғанмен, Э.қ. этносты жұмылдыруға жәрдемдесетін «қорытынды табиғатына» келіп саяды. Мұның тамыры тереңде, қандай да бір ұлттың я этностық топтың құқығының, ұлтаралық қатынастағы әділет пен теңдіктің бұзылуында жатыр. Э.қ. көпұлтты, полиэтностық мемлекетте шеткері этностық топтардың құр мақрұм қалуының, «орталық» пен этноұлттық «шеткеріліктің» бірдей дамымауы мен бірдей заманауиланбауының нәтижесі де болуы мүмкін. Мұндай жағдайда түрлі этностық топтар арасында ұжымдық этноұлттық қысымшылық ретінде ұғынылатын экономикалық теңсіздік этностық ынтымақтың қалыптасуы мен бой көрсетуінің себебіне айналады.

Э.қ. өз динамикасы болады. Оған анағұрлым тән болып келетін тұстар:

Біріншіден, неғұрлым белсенді күштердің қосылуы, күрес тәжірибесінің жинала түсуі есебінен қақтығыстың бірте-бірте күшеюі;

Екіншіден, түйткілді ахуалдардың көбеюі мен бастапқы түйткілді ахуалдың тереңдеуі. Қақтығыстың күшейе түсуіне қарай жаңа талаптарды алға тарту, кінә қою да көбейеді, бастапқы проблема дәлел, айғақтармен күшейе түседі;

Үшіншіден, қатысушылардың белсенділігінің артуы, қақтығыстың сипатын қатайту, қақтығысқа жаңа адамдарды тарту;

Төртіншіден, қақтығыстағы әрекеттесумен қатар жүретін эмоционалдық ширығыстың үдей түсуі, бұл – қақтығысқа қатысушылардың мінез-құлығына жұмылдырғыш та, іріткіш те ықпал жасайды. Э.қ. күшейген сайын антипатия мен дұшпандық сезім күшейе түседі. Бұған сылтау мен себеп әрдайым табылады;

Бесіншіден, ымыра қарсыластың тізе бүгуі ретінде қабылданса, қақтығысқа қатысушы тараптардың әрқайсысы «жеңіске жетуге» ұмтылса, Э.қ. «сыртқы жаудың» тұрақты бейнесін жасау тән болып келеді.

Алтыншыдан, Э.қ., әдетте, интернационалдандыру, яғни қақтығысқа үшінші бір тарапты немесе халықаралық ұйымдарды тарту немесе олардың

қақтығысты реттеуі, тән болып келеді. Қақтығыстың көпқырлы сипатына байланысты оқиғаға ықпал етуге мүмкіндік беретін реттеудің құқықтық жолынан бастап әлеуметтік-психологиялық жолына дейінгі түрлі тәсілдер қолдану қажет болады. Алайда ең маңызды нәрсе қақтығыстың алдын алу, оның тұтануына, жасырын түрден ашық түрге ауысуына жол бермеу. Бұған қарамастан қақтығыс басталып кетсе, оны кең ауқымды сипат алып кетпей тұрған бастапқы кезінде өшіру оңай екенін дәйім есте ұстаған жөн. Егер қақтығыстың өршуіне жол берілсе, ол ұзақ кезеңге созылады да, шешім табу қиынға соғады, оңалмас салдарға тап қылады. Әлеуметтік-экономикалық кемелдіктің кез келген сатысында тұрған ел Э.қ. душар болуы мүмкін. Бұған Канада, Испания, Югославия, Ауғанстан, Шри Ланка, Руанда, Уганда және басқа елдердегі оқиғалар мысал бола алады. Сарапшылардың бірнеше рет жасаған болжамдары бойынша, Э.қ. бұдан ары да әлемдік тәртіп пен халықаралық қатынастарға ықпалы арта түспек. Этнологтардың мағлұматтары бойынша, дүние жүзінде өздерін өздері билеу мен өз мемлекеттерін құруды алға тартуы мүмкін 5 мыңнан астам этностық топ бар. Мұндай қозғалыстардың көбі жасырын түрде немесе зорлықпен жүріп жатыр. Ал 260 ұлттық азшылық белсенді түрде БҰҰ-дан тәуелсіздікті немесе бөлініп танылуды талап етіп отыр. Бұл ұлттық қақтығыстардың 70-90-дайы күш жұмсауға соқтырған. Мысалы, 1994 жылдан 1996 жылға шейін БҰҰ бітімгер әскерлері 17 ірі қақтығысқа қатысты.

Әлемдік тәртіпті зерттеушілердің мәліметтері бойынша, XIX ғасырдың ортасына дейінгі 286 соғыстың 8-і ғана, ал Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі 150 қарулы қақтығыстың 127-сі этностық себептен болған. 1990 жылдан бері қақтығыстардың, бәрінің десе болады, ұлттық сипаты бар. XXI ғасырда этносаралық қатынастарды тиімді басқара алатын, мекен ететін түрлі этностардың келісімі мен бейбітшілігін қамтамасыз еткен мемлекет қана табысқа жете алады (қар. *Кемсіту /Дискриминация/, Жихад, Этносішілік және этносаралық шоғырлану /консолидация/, Лаңкестік, Көпмәдениеттілік /Мультикуртурализм/, Ұлттық өзімшілдік, Радикализм, Нәсілшілдік, Саясатты этностандыру*).

ЭТНОСТЫҚ МӘДЕНИЕТ: ДӘСТҮРЛЕР МЕН ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАР (ор. *этническая культура: традиции и обычаи,* ағыл. *ethnic culture: traditions and customs*)– этностық арнайы ерекшеліктері бар, ажыратушылық қызмет атқаратын құрылымдардың мәдени элементтерінің жиынтығы. Этностық мәдениет адамзат мәдениетінің алуан түрлілігінің негізгі формасы болып табылады, тірліктің биологиялық формадан тыс алуан түрін, адамның қоршаған ортаға бейімделуге бағытталған қарекетін бейнелейді. Э.м. – этнос мәдениетінің ең маңызды сипаты, сол этносқа жекелеген өкілдері арқылы, орнықты топтары арқылы тән болып келетін мәдени игіліктің жиынтығы. Мұнда осы игіліктің құрылымының түрлі элементтерінің арнайы, этностық бояуы бар ма

немесе бұлар этностық тұрғыдан бейтарап болып келе ме, - ол ескерілмейді. Бұған Э.м. тыс өзгеэтностық және этносаралық элементтер де енеді. Э.м. этнос мәдениетіндегі салыстырмалы рөлі кеңістік пен уақыт жағынан динамикалы, сондай-ақ мәдениеттің басқа ішкі жүйелерінде өзгеше болып келеді.

Э.м. дәстүрлері мен әдеттері – кешенді мәселе, мұны тілтанушылар ғана емес, тарихшылар да, философтар да, психологтар да, этнографтар да, әдебиеттанушылар да қарастырады. Көбінесе тіл мен мәдениеттің өзара тәуелділігі (екіжақты өзара детерминизм) мақұлданады (қар. *Аккультурация, Мультикультурализм*). Дәстүрлер – (ғылымда) (лат. traditio – жеткізу, ауысу) – ғылыми және мәдени тәжірибені, адамның арнаулы нормалары мен құндылықтарын, мәселені қою мен шешу үлгілерін жинау, сақтау мен жеткізу механизмі. «Дәстүрлер» деген ұғым ғылым философиясында шыққан және дамыған ғылыми бағыттар мен контексті біріктіре қарау үшін, ғылым дамуын әлеуметтік-мәдени құндылықтардың тарихы ретінде жаңғырту үшін пайдаланылады. Әдет-ғұрып – мінез-құлықтың белгілі бір қоғамда (немесе мекенде) тарихи қалыптасқан ережесі, мемлекеттің қорғауындағы әрі оның мәжбүрлеу күшімен қамтамассыз етілген құбылыс (қар. *Аккультурация, Мультикультурализм*).

ЭТНОСТЫҚ РӘМІЗ (СИМВОЛИКА) (ор. *символика этническая,* ағыл. *ethnic symbolism*). Этносты айырып-танытушы ретінде, иелерінің этносқа жататындығын білдіріп айрықшалаушы белгі ретінде қызмет атқаратын материалдық және рухани мәдениеттің құбылыстары мен элементтерінің кешені. Мысалы, жапондықтардың киіміндегі этностық нышан – кимоно, өзбектерде – сырылған шапан, кавказдықтарда – папаха, т.б. Ресейдің рәміз-нышаны – Еділ мен қайың, Жапонияның рәмізі – сакура (шие ағашы), Монғолияның (монғолдардың) символы – дала т.б. Чукчалардың символдары морж сүйектеріне қашап, ойып, бояп жасалған ою-өрнектер, аң терісіне салынған кестелер, чумдар (күрке) және ярангілер болып саналады. Күнделікті үйреншікті өмірде «өзімдікі» және «бөтендікі» деп белгілейтін элементтер қатарына тамақтың кейбір түрлері де кіруі мүмкін (орыстарда – щи мен ботқа, украиндықтарда – борщ, палау өзбектердікі, гуляш венгрлердікі және т.б.).

Этностық символика халықтардың даму барысында өзгеріске түспей қоймайды немесе сол этностың барлық өкілдеріне бірдей міндетті болмауы мүмкін. Мысалы, Еуропа елдерінің қалалық тұрғындары киім киюде этностық жағынан тіптен ерекшеленбейді. Тамақтары да едәуір шамада бірыңғайланып жатыр. Жаңа дәуірде және қазіргі заманда алдымен индустриялдық, материалдық, сонан соң рухани мәдениеттің урбанизациялануы этностық символика аясын едәуір тарылтып барады. Қазіргі кездегі этностық рәміздің нышандары, негізінен, рухани мәдениетте, оның ішінде құндылығы бар автостереотиптерде, материалдық мәдениеттің жеке элементтерінде, мәдени-

ленген фольклорда, ұлттық-мемлекеттік және жергілікті геральдикада т.с.с. шоғырланған (қар. *Этностық топ, Ұлттық сезімдер, Патриотизм, Этномәдени бірлестіктер*).

ЭТНОСТЫҚ СӘЙКЕСТЕНДІРУ (ор. *идентификация этническая,* ағыл. *identification ethnic(al)*) – индивидтің өзінің этностық топқа жататындығын санамен сезінуі (қар. *Сәйкестендіру*). Э.с. адамның белгілі бір этностық топқа жататынын көрсететін және адамды осы топпен теңдестіретін өзгеше бір маркер болып табылады. Адамның өз этносына байланысты түсініктері, сезімдері, ниеттері, қажеттіліктерінің бүкіл жиынын қамтиды. Э.с. арнаулы мәдени ақпарат алмасудың нәтижесінен келіп шығады, табиғаты жағынан құрастырмалы болып келеді. Бұл – этностық топ мүшелерінің әлденеден бас тарта білу, әрі өзінің этностық бірегейлігін сақтау үшін басқа этнос мәдениетінен бір нәрсені қабылдай алу қабілетінің болу керектігін білдіреді. Э.с. белгілеріне тіл, тарих, салттармен қоса, құндылықтар мен нормалар, тарихи жад, дін, туған жер туралы түсінік, ортақ ата-баба туралы миф, ұлттық мінез де жатады. Э.с. – динамикалық түзіліс, уақытпен бірге өзгеріп отырады, соған орай адам этносқа тиесілігін өмір бойы қайта ойластыра алады.

ЭТНОСТЫҚ СӘЙКЕСТІК /БІРДЕЙЛЕСТІК/ (ор. *этническаая идентичность*, ағыл. *ethnic identity*, грек. *ethnos* халық, тайпа + лат. *identicus* теңдес) – индивидтің белгілі бір *Этностық топпен, Этноспен, Халықпен* өзінөзі теңестіруі, тиесілі етуі (қар. *Мемлекеттік бірдейлестік, Еуразиялық бірдейлестік, Тілдік бірдейлестік*).

ЭТНОСТЫҚ СТЕРЕОТИПТЕР (грек. stereos – қатты + typos – із, таңба, ор. *этнические стереотипы*, анг. *ethnic stereotypes*) – түрлі этностық қауымдастықтардың өкілдеріне тән адамгершілік, ақыл-ой, физикалық сапалар туралы салыстырмалы түрде алғанда тұрақты түсініктер. Э.С. – қасаң сұлбаланған, эмоциялық бояуы күшті және айрықша тұрақты пішім. Мұндай пішімі адамның өз ұлтының да, басқа ұлттың да өкілдерінің психологиялық және мінез-құлықтық ерекшеліктерін бірыңғай қарапайым деңгейде ғана білуінен, кей тұстарда дәл білмей, бұрмаланған күйде білуінен көрінеді.

Қарабайыр санада, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында да Э.С. теріс құбылыс екендігі жөнінде пікір көбірек тараған. Бұл, біріншіден, кез келген стереотип сияқты, Э.С. да болмыстың адамдар санасындағы қасаң бейнесін көрсететіндігімен, стереотип мазмұнындағы түсініктер ырықсыз, тиянақсыз болып келетіндігімен, оны өзгертудің, қайтадан ойластырудың, әсіресе терістеудің қиындығымен байланысты. Екіншіден, теріс көзқарастың болуының себебі сонда, дүние жүзі ғылымында кемсітуішілікке ұшыраған этностық азшылыққа қатысты жағымсыз стереотиптер басқасынан гөрі көп зерттелген. Үшіншіден, Э.С. негізінде екінші бір қайталама дереккөздерден

алынған жанама түсініктер, бұрынғы этносаралық байланыстар тарихынан жиналған тәжірибесін кейінгі ұрпақтың субъективті тұрғыдан парықтауынан алынған жанама түсініктер жатады.

Стереотипте этнос жөнінде әуестіктен туған әділетсіз, теріс я жақсы түсініктер ғана емес, ұлттың этномәдени келбетінің күшті және әлсіз жақтары туралы ақпарат та сақталады. Бұлар қандай да бір топ өкілдерінің ықпалдасуының мүмкіндіктері мен өзіндік ерекшелігі ретінде қаралады, белгілі бір ұлттың адамдарына қатысты нақты әрекет етуге болатыны жөнінде ұйғарым жасатады, жөн-жобасын нұсқайды.

Стереотиптенуде ретке салынған, қасаң, бірыңғай жеңілдетіп қабылдауға келіп саятын негізгі психологиялық функциялардың бірі қолданылады. Екіншісі, құндылық-қорғаныс функциясы, дара адамның құндылықтарын, тұғырлы құқықтарын сақтауға сеп болады. Әлеуметтік-психологиялық функциялардың ішінен топаралық жіктеу функциясы мен топтың жағымды бірегейлігін қолдау функциясын бөліп қарайды. Әлеуметтік функциялардың ішінде қазіргі топаралық қатынастарды ақтау мен түсіндіру функциясы, сондай-ақ қазіргі қатынастарды сақтау функциясы ерекше. Э.С. аталған функциялары ішкі және сыртқы этномәдени белсенділікпен өзара тығыз байланысты болады да қазіргі этносаралық қатынастар төңірегінде іске асады.

Э.С. берік тұрақтылығы қанша дегенмен абсолютті емес, мызғымай қоймайды. Қасаңданатын нысанның бітіміндегі елеулі өзгерістердің соңын ала мұның да мазмұны уақыт өте келе трансформацияланады, сыныктық пайда болады. Сондай-ақ Э.С. этносаралық қатынастар сипатының өзгеруіне немесе этносаралық байланыстар қарқынының күшеюіне қарай да өзгеруі мүмкін. Арасындағы айырмашылықтарды жеткілікті шамада зерделемей-ақ тұтастай топтың өкілдеріне ортақ, ұқсас сипаттарды таңу да стереотиптендірудің өзіндік бір ерекшелігі болып табылады. Бұл қазір топаралық қабылдаудың әмбебап механизміне айналмақ тетік ретінде кең тараған. Э.С. мазмұнынан сол халықтың өкілдерінің сыртқы келбеті, өткен тарихы, өмір салты мен еңбек дағдысының өзгешеліктері туралы түсініктердің кешені ретіндегі берік негіз айқын байқалады. Сөйте тұра сол халықтың коммуникативтік және моральдық сапаларына қатысты құбылмалы пікірлер де аз емес. Бұл сапаларды бағалаудағы құбылмалылық ұлтаралық және мемлекетаралық қатынастардың өзгермелі жағдайларымен тығыз байланысты: бұл қатынастар достық пен ынтымақтан бастап әскери қақтығысқа дейін жетіп құбылып отыруы мүмкін.

Стереотиптерді, әдетте, автостереотиптер және гетеростереотиптер деп бөледі.

Автостереотиптер халықта, ұлтта, этноста қалыптасқан эмоционалдық әсері бар, бекем бейнесі болуы себебінен оң бағалардың кешенінен тұрады. Өзін таныған халық өзі мен өзінің қажеттіліктерін, мүдделерін артық көруге, күмәнсіз, заңды әрі табиғи деп санауға бейім болады. Бүкіл топқа қатысты ұшқары қорытындылар сол топтың жекелеген өкілдері туралы шектеу-

лі ақпаратқа сүйеніп немесе тарихта қалыптасып қалған ырым-нанымдарға жете түсінбей сенген соң жасалады. Мұндайда мәселе өз этносының мәдениетін, мінез-құлығын сын көзбен қарамай дәстүр бойынша қабылдаудан келіп шығады.

Алайда, өзіндікі өзгенікінен әрқашан жоғары бағалана бермейді. Этносаралық алмасулар өрістеп, ықпалдасу кеңістігі ақпаратпен қанығып, этнофорлардың білімі артып, толеранттылық қағидаларын насихаттау табысқа жетіп тұрған қазіргі кездегі жағдайда бағаны жіктеп қою жүйесі басым болады: өз этностық тобының мәдениетінің бір сипаттарын топтың бір өкілдері оң бағаласа, екіншілері теріс бағалап жатады. Мұндай сыншылдық болмай өздерін өздері әсіре бағалау, күмәнсіз оң баға беру этноцентризмнің негізіне айналып келеді, шовинизмге негіз болатын тұстары аз емес. Осының салдарынан өз халқының асыра дәріптелген, түрлі жетістіктер мен кемелдіктер шоғырланған ұлы бейнесі жасалады. Осындай көзқарастар, басқаларға қатысты қасаң бағдар ұстану, әдетте, ұлттар арасында араздық, жек көрушілік туғызады, кейде тіпті қарулы беттесуге әкеп соғады. Бір кереғар жайт сол, саны аз халықтармен салыстырғанда, саны көп, демократиялық жақтан анағұрлым дамыған ұлттарда өз беделін өзі бағалауда сыншылдық сипат жиі байқалатынын сеніммен айтуға болады. Мұндай халықтарда оң автостереотиптерді зорайту кейде этностың саяси бірлігін нығайтудың, өз халқын басқа ұлттар мен мемлекеттер алдында ұлықтаудың бірден-бір тәсілі болады.

Мұндай функцияны көбінесе басқа халықтарды бағалайтын пайымдаулардың жиынтығы ретінде, бірақ басқа этностарға, ұлттарға, халықтарға деген теріс көзқарастар есебінен гетеростереотиптер де атқара алады. Адам өзіне бөтен, жат нәрсемен кездескенде білгісі келіп қызығуымен қатар сақтығы да келе қалатыны белгілі. Сол сияқты бір ұлт я оның өкілі басқа бөтен ұлтпен я оның өкілімен кездескенде де осындай жайт болады, осыған орай, даму деңгейі мен әрекеттесуге қабілетін бағалағанда басқа этностық қауымдастықтар жөнінде жаңсақ түсінікке келуге де мүмкіндік туады. Бұл үдеріс қарсы жақтың жауабымен күшейе түсуі де мүмкін. Өзін белгілі бір қауымдастықтардан ерекшелеуге ұмтылысты көрсете отырып, басқа этностар туралы таптаурын түсініктер көбінесе сол басқа этнос лайық емес деп есептейтін және өздерінің ар-намыс, адамгершілік пен әсемдік, этностық пен мәдениеттің басқа да көріністері туралы түсінігіне қарама-қарсы сипаттамалардан құралады. Сондықтан басқа халықтарды бағалайтын пайымдаулардың жиынтығы ретіндегі гетеростереотиптер негізінде елеусіз болса да оң сипаттан гөрі көбінесе теріс сипатты болады, бірақ автостереотиптегідей өзін-өзі оң бағалауға сыншылдықпен қарамау гетеростереотиптерде басым болмайды. Оң гетеростереотиптер ұлтаралық және мемлекетаралық қатынастардағы, саяси үдерістердегі, мәдени алмасудағы оң өзгерістерді қабылдағыш болады. Бұлар (гетеростереотиптер) жайпап келе жатқан жаһандану жағдайында эт-

ностар мен мәдениеттердің аман қалуы үшін әріптес болудың пайдалы екенін түсінумен байланысты.

Ұлттық сананың элементі ретінде Э.С. бұрынғы этностық қасиеттердің кейбірін абсолюттендірп, мәнін әсірелеп қана қоймай, өз этносында да, өзге этноста да жоқ сипаттарды таңуға да бейім болады.

Э.С. саналы түрде жасалып, тұтастай бір елдердің, этномемлекеттік қоғамдастықтардың азаматтарының санасын «ойнатудың» құралына айналатын кездері аз емес. Мұндайда олар ұлтшыл ырым-жырымдар мен жалған сенімдердің, ұлттар арасындағы араздық пен дұшпандықтың тірегіне айналады. Әрекеттестіктің халықаралық кеңістігінде де, ел ішінде де бұған қарсы күресу қажет: оқу-ағартудың, тәрбиенің өзара түсіністік, әріптестік ахуалын туғызуға, мәдениетті дамытуға, ырым, нанымдарға қарсы иммунитет жасауға, ұлтаралық қатынастар мен мәдени ауыс-түйіске бүлдіргіш идеологияларды қолдануға қарсы тұруға қажетті барлық құрал-тәсілдерін пайдалану керек *(*қар. *Ұлттық психология, Ұлттық эгоизм, Этнопсихология, Қоғамдық сана, Қоғамдық пікір).*

ЭТНОСТЫҢ СІҢУІ /АССИМИЛЯЦИЯ/ (ор. *ассимиляция этническая*, ағыл. *assimilation ethnic(al)*) – бір халықтың басқа халықпен тоғысып, олардың бірінің өз тілін, мәдениетін, ұлттық санасын жоғалтуы нәтижесінде ұлттық-психологиялық ерекшеліктерінің белгілі бір дәрежеде (көбінесе түбегейлі) трансформациялануы (қар. *Ассимиляция*). Э.с-н этносы әр текті жұрт топтарының түйісуінен, *Этносаралық некелер* т.с.с. байланыстардан туатын табиғи Э.с. және ұлттардың құқықтары тең емес елдерге тән зорлықпен жүргізілетін Э.с. деп бөледі. Қосылып жатқан этномәдени топ біртіндеп басым мәдениеттің салттарына, құндылықтарына, өмір салттарына және көбінесе тіліне бейімделгенде (немесе бейімделуге мәжбүр болғанда), Э.с. жүреді. Э.с.-ны көбінесе *Аккультурациямен* теңестіреді, бұл негізгі қоғамның мәдениетінің пайдасына қарай этностық мәдениеттің жартылай немесе толығымен жоғалуын меңзейді. Егер *Мәдени ассимиляцияның* нәтижесінде осы топтың *Сәйкестенуі*, яғни этностық санасы ауысса, онда оның Э.с. бар деп айтуға болады. Дегенмен, жаңа мәдениетті меңгергеннен кейін де, *Отан* туралы есте қалған бұрынғы этностық өзіндік сана жаңасымен әлі де ұзақ уақыт қатар жүре алады. Мигранттардың ұрпақтарының өз сәйкестігін ауыстыруы, басқаша айтқанда, толықтай Э.с. оларды қоғамның лайықты қабылдағанда ғана мүмкін болады.

ЭТНОСТЫҚ ТОП (ор. *этническая группа,* ағыл. *ethnic group*, *ethnicity*) – бірқатар себептермен этностың өзегінен ажырап, одан тыс тірлік ететін, халықтың немесе ұлттың тілінің, мәдениетінің, дінінің, тұрмысының кейбір ең маңызды ерекшеліктерін сақтаған айрықша бөлігі. Ұлттық-этностық, діни-қауымдастық, тілдік, мәдени-тұрмыстық белгілер бойынша ерекшеленіп, Э.т. субэтностық, этноконфессионалдық, этнолингвистикалық қауымдас-

тықтар түзейді, бұлар уақыт өте келе белгілі бір этносаяси мәртебе талап ете бастайды.

Э.т. шоғырланған және бытыраңқы күйде болуы мүмкін. Біріншісін этноареалдық, екіншісін – этношашыраңқы топ деп атайды. Э.т. әдетте өзіндік мемлекеттік құрылым болмайды. Этностық қауымдастықтары мол көптеген мемлекеттерде Э.т. теңсіздігі немесе «этностық страфикация» орын алады.

Э.т. көптеген себептердің нәтижесінде құралады. Біріншіден, бұл кезінде тарихи отанын тастап шыққан және түрлі елдер мен өңірлерде этномәдени ареалдар құрған адамдар болуы мүмкін. Екіншіден, бұл көші-қонның, эмиграцияның, депортацияның, шегаралардың өзгеруінің салдарынан өз этносынан бөлініп кеткен адамдар қауымдастығы. Мәселен, Қазақстандағы Э.т. орыстардан, месхеттік түріктерден, украиндардан, татарлардан және көптеген басқалардан тұрады.

Э.т. көбіне оны қоршаған басқа ұлттық титулды жұртшылықтың арасындағы азшылық болып шығады. Мұндайда Э.т. өз этносымен байланысы әлсіреп, негізінен тұрақсыз, тіпті кездейсоқ сипат алады. Ұрпақтан ұрпаққа ауысқан сайын олар тұрақты түрде экономикалық, әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-психологиялық, этномәдени қарым-қатынаста бірге өмір сүретін ұлттарға сіңісіп кетеді. Әдетте жыл өткен сайын өздері ажыраған этноспен салыстырғанда ділдегі елеулі айырмашылықтар ұлғая береді. Мұның мысалын мынадан көруге болады: байырғы қазақстандық орыстар өздерінің тарихи отанына көшкенде оларды көбіне толыққанды орыстар ретінде қабылдамайды да, олардың жаңа болмысқа бейімделуі тым қиынға соғып жатады.

Әлемдік тәжірибе көрсеткеніндей, этностық азшылықтардың ахуалы, мәртебесі олардың әлеуметтік-саяси болмысының беріктігіне байланысты. Тұрақсыздық жағдайында ең жанға бататын ыңғайсыздықты Э.т. сезінеді, олар өздерінің құқықтарының кемсітушіліксіз және нұқсансыз, өзіндік дербес мәдениетті жоғалту қауіпінсіз біршама қамтамасыз етілетіндігіне сенім болуына аса мұқтаж (қар. *Этносытқ анклав, Ұлттық-мәдени автономия, Ұлттық-аумақтық автономия, Саны аз халықтар, Халық, Ұлттық азшылық, Халық санағы*).

ЭТНОСТЫҚ ТІЛ (ор. *этнический язык*, ағыл. *ethnic language*) – *Этностық топтың Тілі,* сол топпен (өзін-өзі) бірдейлестіретін тіл (қар. *Автохтондық тіл, Жергілікті тіл, Тұрғылықты тіл, Миноритарлық тіл, Халық, Титулды тіл, Этнос, Тіл, Диаспора тілі, Ұлтаралық қатынас тілі*).

ЭТНОТІЛДІК АХУАЛ (грек. *ethnos* халық, тайпа + тіл және лат. *situacio* жағдай, хал, ахуал, ор. *этноязыковая ситуация*, ағыл. *ethnolinguistic situation*) – мемлекеттің, әкімшілік-саяси құрылымның, аумақтық бірлестіктің, өңірдің шегіндегі этностар мен тілдердің жағдайы мен иерархиясы. Э.а. объективті талдау үшін тілдердің функциясын талдау аздық етеді. Тілдерге деген қаты-

нас, азаматтық, этностық және тілдік тұрғылардан өзін-өзі сәйкестендіру, этносаралық қатынастардың шиеленісу дәрежесі, конфессиялық ықпалдың дәрежесі, тілдік шиеленістердің болып қалу мүмкіндігі, тілді меңгеру деңгейі тағы басқа көптеген жайттар ескерілуге тиіс (қар. *Сәйкестілік (Идентификация), Этностық топ, Этностық бірдейлесу, Этнолингвистика, Этнос, Тілдік ахуал, Тілдік сана, Шиеленіс (Конфликт)* (тілдік).

ЭТНОСТЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ /МОБИЛЬДІЛІК/ (лат. *mobilis – жылжымалы*, ор. *мобильность этническая,* ағыл. *ethnic mobility*) – 1. Этнос өкілдері жағдайларының этностық жұмылдыруға байланысты өзгеруі. 2. Тұрғындардың *Миграциясы* мен адамдардың әлеуметтік мәртебесінің өзгеруіне байланысты этноәлеуметтік үдерістер (қар. *Этностық көші-қон*). Қазіргі қоғамда жалпы үш стратификациялық деңгейді – жоғарғы, орташа және төменгі деңгейлерді – бөліп көрсетуге болады. Ал әр деңгейдің ішінде өз кезегіне қарай түрлі әлеуметтік топтардың сатылап реттелген жиынтығы болады. Бұл құрылымнан қандай да бір орын алатын этностық топтың өз әлеуметтік мәртебесін өсіріп не төмендетіп, я болмаса тігінен орын ауыстырып, бір деңгейден басқа деңгейге өтуге мүмкіндігі бар. Э.ұ. кейде кейбір этностардың кейбір әлеуметтік топтардың түйіскен жерінде қалып айтарлықтай психологиялық қиыншылықтарға ұшырауына әкеліп соғады. Бұлардың әрі-сәрі күйге түсуі көбінесе қандай да бір себептермен ықпалдас әлеуметтік топтардың біріне бейімделуге қабілетсіздігінен немесе оны қаламауынан болады. Екі мәдениеттің арасында тұрғандай күйдегі бұл феномен, әлеуметтік кеңістікте орын ауыстырумен байланысты бұл құбылыс этностық маргиналдылық деп аталады (қар. *Этнос, Этностық топтар*).

ЭТНОФОР (ор. *этнофор*, ағыл. *ethnofore,* грек. *ethnos* – халық, тайпа + италиян. *fora* – тысқары, сырт, алда) – этностық мәдениет пен ұлттық психиканың дара иесі, мысалы, қазақ, орыс, беларус және т.б. Ю.Платонов бойынша, этнос өкілі, этностық сана иесі ретіндегі индивид (қар. *Этностық топ, Этнолингвистика*).

ЭТНОСТЫҚ ФУЗИЯ (фр. *Fusion*, лат. fusio балқытып қосу, ор. *этническая фузия,* ағыл. *ethnic fusion*) – тілі мен мәдениеті жағынан тектес бірнеше этностық дербес топтардың жаңа, анағұрлым үлкен бір этнос болып бірігуі. Мыс., шығыс славян тайпаларының (поляндықтар, древляндықтар, дреговичтер, вятичтер т.б.) көне орыс халқы болып тоғысуы. Э.ф. – этностық өзіндік сананың ауысуына алып келетін этнотрансформациялық үдеріс. Өзіндік сананы өзгертпейтін, этноэволюциялық үдеріс этностық шоғырланумен қарама-қарсы қойылып қаралады. Алайда Э.ф. мен этностық шоғырлану – бір-бірімен тығыз байланысты үдерістер. Э.ф. уақыт өте келе этностық шоғырлануға ұласады, сондықтан нақты бір этностық үдерісті зерттегенде, бұл үдерістің Э.ф-ның соңғы сатысы әлде этностық шоғырланудың бастапқы

сатысы екенін тауып типологиялық сипаттама беру қиындық келтіруі мүмкін (қар. *Аккультурация, Ассимиляция, Этнос*).

ЭТНОТІЛТАНУ /ЭТНОЛИНГВИСТИКА/ (грек. *ethnos* халық, тайпа + *linguistique* < *lingua* тіл, ор. *этнолигвистика*, ағыл. *ethnolinguistics*) - ұлттық *Мәдениеттің, Ділдің* және халық психологиясын бейнелеудің тілдік пішіндері мен тәсілдерін зерттейтін тілтанулық бағыт. Э. үшін тіл – ұлттық Әлемнің тілдік бейнесін, *Тіл мен мәдениеттің* қатынасын, сондай-ақ *Тілдің дамуы* мен қолданылуындағы лингвистикалық және этностық факторлардың ықпалдастығын көрнектеуші құрал. Э. «мәдени антропологиядан» (XIX-XX ғасырлар, АҚШ) келіп шығады, сондықтан: а) Э-ны кейде *Антропологиялық лингвистика* немесе *Лингвистикалық антропология* деп те атайды; ә) Э. бастапқыда Еуропа халқынан айрықша халықтардың тілі мен мәдениетін зерттеуге бағдарланды; б) *Тілдік қабілетке* деген қызығушылық Э. байланысты; в) Э. проблемалары мен Сепир-Уорф гипотезасының, Неогумбольдтшілдіктің араларында тығыз байланыс бар; г) Э. түрлі Эксперименттерге, Ақпарат берушілермен жұмысқа, сан-мөлшерлік талдауға сүйеніп Түздік зерттеулер жүргізіледі (қар. *Этностық топ, Этнология, Этнография, Сөйлеу этнографиясы, Этносоциология, Тілді жоспарлау, Тілдік ахуал*).

ЭТНОҰЛТТЫҚ САЯСАТ (ЭТНОСАЯСАТ) (ор. *этнонациональная политика (этнополитика),* ағыл. *ethnic-national politics (ethnopolitics)*) – мемлекеттің ұлттық саясатының этносаралық қатынастарды реттеуге, үйлестіруге ұйғарылған бөлігі. Қоғамдық ғылымдар лексикасында «этносаясат» (мұнан ары – Э.) термині шектеулі аяда ғана қолданылады. Мысалы, Ресей Федерациясында мұның орнына «ұлттық саясат» ұғымы қолданылады да, мынадай мағыналарды қамтиды: ұжымдық және дара деңгейлердегі этностық әртүрлілікке байланысты істі басқарудың мемлекеттік саясаты, этностық қауымдастықтар арасындағы қатынастарды реттеу саясаты, ел аумағында я елдің жекелеген өңірінде қоныстанған өкілдері бар мәдениет пен тілдерді қолдау мен дамыту саясаты. Ресейдегі Э.с. қозғалыстарының саясаткерлері мен белсенділерінің арасында «ұлттық саясатты» этностық азшылыққа мемлекеттің қамқорлық жасауы деп түсінетіндер аз кездеспейді. Мұның дұрыс түсінік емес екенін «ұлттық саясат» терминінің мән-мағыналық мазмұны жағынан «мемлекеттік саясат» терминімен мәндес екендігінен-ақ байқауға болады. Сондықтан ұлттық саясат дегенде мұны мемлекеттің ұлттық, яғни, мемлекеттік мүдделерді іске асыруға арналған сыртқы және ішкі саясаты деп ұғамыз. Міне, осы себептен де мемлекеттің ішкі саясатының этностық қауымдастықтарының араларындағы, олар мен мемлекеттің арасындағы қатынастарды реттейтін саласын анықтауға «этносаясат» немесе «этноұлттық саясат» термині анағұрлым дәл келеді. Бұл аталым қазіргі қоғамдық ғылымдарда да кеңінен қолданыла бастады.

Этноұлттық саясат (этносаясат) – ғылымдағы жаңа ұғым, бір жағынан, қазіргі этностарды ішкі саясатқа және халықаралық үдерістерге тартуды білдірсе, екінші жағынан, мемлекет, саяси институттар мен партиялар өздерінің жұмыстарында этностық ерекшеліктердің факторын ескеру, пайдаланудың тәсілі әрі қажеттілік болып табылады.

Этносаясат – этностар, этностық топтар арасындағы қарым-қатынасты реттеу жолындағы қарекет. Бұл саясат тиісті саяси құжаттармен және мемлекеттің құқықтық кесімдерімен бекітіледі.

Қазақстандық ғалымдар мен сарапшылардың пікірінше, бұл саясат мемлекет пен басқа да саяси институттардың этносаралық қатынастарды реттейтін және соған байланысты шешімдер қабылдайтын, этностық үдерістерді басқаратын жұмыс екенін көрсетіп отыр. Осыған орай, біріншіден, ұлттық саясаттың жүзеге асуын қамтамасыз ететін субъектілердің құрамы кеңейтілген: бұған мемлекет қана емес, басқа да саяси институттар (партиялар, мемлекеттік емес ұйымдар, жергілікіті басқару орындары, діни бірлестіктер т.с.с.) тартылған. Екіншіден, этносаясаттың функционалдық (қолданылатын) аспектілері нақты айқындалып қойған. Сөйтсе де, қоғамтанушы бірқатар ғалымдар, әсіресе этнологтар, этносаясатты мемлекеттің, оның барлық азаматының ұлттық мүдделерін қамтамасыз ететін саясат, сол мемлекеттің ішінде де, халықаралық деңгейде де іске асырылатын саясат деп есептейді. Яғни, бұл тұста ғалымдар екі ұғымды – «мемлекет» пен «ұлт» ұғымдарын – сабақтастырады. Ғалымдар осыған орай «ұлттық» деген терминдік анықтауыш пен оған анықталғыш болатын құбылыстарды мемлекеттің этносаралық қатынастар саласындағы саясатын белгілеуге лайықсыз термин деп түсінеді.

Мемлекеттіліктің тиімді жұмсалымы үшін этносаясат адамзат қоғамында шығып қалатын қақтығыстардың шешімін табудың жолы мен тәсілін анықтаудың стратегиясы ретіндегі саясатты белгілеуге, қоғамдастықтың барлық мүшелерінің арасында қақтығысқан тараптарды бітімдестіру мүмкіндігін табуға септесуге тиіс. Өйткені этносаясат – мемлекеттің бүтін саясатының, саяси партиялардың, ұйымдар мен бірлестіктердің саясатының бөлігі. Осы саясат этностық (ұлттық) мәселенің, этносаралық қатынастардың дамуының, этностардың (яғни, мемлекеттің барлық ұлтының) тілі мен мәдениетінің дамуының стратегиялық бағытын көрсетеді. Бұл бағыттың арнаулы ұлттық бағдарламалармен және мемлекет конституциясының тиісті тарауларымен бекітілуі бұлжымас қағидаға айналған.

Егер саясат дегеніміз мемлекет істеріне қатысу, саяси қарекеттің түрлерін, міндеттерін, типтері мен бағыттарын, сондай-ақ жүзеге асыруға септесетін амалдар мен әдістерді, технологиялар мен тетіктерді анықтау дейтін болсақ, онда этносаясат – этностар мен этностық топтардың мемлекет істеріне қатысуы, соған орай, мемлекеттің этностардың ісіне қатысуы, этностардың тірлігінің тұрақтылығы мен табысты дамуына, олардың мүдделері мен құқықтарының сақталуына мемлекеттік кепілдік беруге жағдай жасау (қар. *Мемлекет, Сәйкестілік, Демократия, Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімінің қазақстандық үлгісі*).

ҚАЗАҚСТАН ЭТНОСТАРЫ
(қысқаша анықтамалық мәліметтер)

(Сүлейменова Э.Д., Садуақасова А.К.,
Шаймерденова Н.Ж., Калмыков С.К.,)

АБАЗИНДЕР, өз атауы – *абаза.*

Қазақстандағы абазиндер саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 64 адам, 2009 жылғы мәліметтер бойынша 27 адам.

Абазин тілі – Қарашай-Черкес Республикасының мемлекеттік тілі; Қазақстан абазиндері этностық тобының экзогенді тілі.

Абазин тілі иберий-кавказ тілдері семьясының абхаз-адыг (батыс кавказдық) тобының абхаз-абазин ішкі тобына жатады.

Дінге сенетіндері – сүннит мұсылмандар.

АБХАЗДАР, өз атауы – *апсуа.*

Қазақстандағы абхаздар саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 185 адам, 2009 жылғы мәлімет бойынша 76 адам.

Абхаз тілі – Абхазия Республикасының мемлекеттік тілі, Қазақстан абхаздары этностық тобының экзогенді тілі.

Абхаз тілі иберий-кавказ тілдері семьясының абхаз-адыг (батыс кавказдық) тобына жатады.

Абхаз топтарының діни санасында христиандықтың, исламның және жергілікті дәстүрдегі көне нанымның сипаттары бар, елеулі бөлігі дінге бейтарап қарайды.

АВАРЛАР, өз атауы – *маарулал.*

Қазақстандағы аварлар саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 1407 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 1228 адам.

Авар тілі – Дағыстанның он төрт мемлекеттік тілінің бірі; Қазақстан аварлары этностық тобының экзогенді тілі.

Авар тілі иберий-кавказ тілдері семьясының нах-дағыстан тармағының авар-цез тобының авар-анд ішкі тобына жатады.

Дінге сенетін аварлардың басым көпшілігі – шафиқ мазхабындағы сүннит мұсылмандар.

АВСТРИЯЛЫҚТАР: өз атауы – *остеррайхер*.

Қазақстандағы австриялықтар саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 45 адам, 2009 жылғы мәлімет бойынша 61 адам.

Неміс тілі (неміс тілінің жоғарғы неміс және төменгі неміс диалектілері) – Қазақстан австриялықтары этностық тобының экзогенді тілі.

Неміс тілі – Германияның ресми тілі, Австрияның, Швейцария конфедерациясының, Люксембург ұлы княздігінің, Бельгия Корольдігінің, Бельгия князьдігінің, Лихтенштейін князьдігінің ресми тілдері; Еуропалық Одақтың 25 ресми тілінің бірі; әлемдік тілдердің қатарына кіреді және БҰҰ ресми жұмыс тілінің бірі; туған тілі әр түрлі адамдардың тілдесуі үшін lingua franca.

Неміс тілі үндіеуропа тілдік семьясы герман тобының батыс германдық ішкі тобына жатады.

Діни санасы жағынан австриялықтар, Қазақстанның немістері сияқты, католик, лютеран, қазіргі протестанттық және басқа бағыттарды ұстанады.

АҒҰЛДАР, өз атауы– *ағъул шуй, ағъул*.

Қазақстандағы ағұлдар саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 126 адам, 2009 жылғы мәлімет бойынша 94 адам.

Ағұл тілі – Дағыстан Республикасының мемлекеттік тілі; Қазақстан ағұлдары этностық тобының экзогенді тілі.

Ағұл тілі иберий-кавказ тілдері семьясының нах-дағыстан тармағының лезгин ішкі тобына жатады.

Дінге сенетін ағұлдар – шафих мазхабындағы сүннит мұсылмандар.

АДЫГЕЙЛІКЕР, өз атауы – *адыге.*

Қазақстандағы адыгейлер саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 130 адам, 2009 жылғы мәлімет бойынша 87 адам.

Адыгей тілі – Адыгей Республикасының мемлекеттік тілі; Қазақстан адыгейлері этностық тобының экзогенді тілі.

Адыгей (кях) тілі иберий-кавказ тілдері семьясының абхаз-адыг (батыс кавказдық) тобына жатады.

Қазіргі адыгейліктердің көбі, тарап кеткен басқа да адыгтар сияқты, өздерін мұсылманға жатқызады.

ӘЗІРБАЙЖАНДАР, өз атауы – *азербайджанлы, азери*.

Қазақстандағы әзірбайжандар саны: 1999 жылғы мәліметтер бойынша 78 295 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 96 179 адам.

Әзірбайжан тілі – Әзірбайжан Республикасының мемлекеттік тілі; Дағыстан Республикасының мемлекеттік тілі; Қазақстан әзірбайжандары этностық тобының экзогенді тілі.

Әзірбайжан тілі алтай тілдері семьясының түркі тобының оңтүстік-батыс оғыз тармағына кіреді.

Этностық топтың шағын қоныстануы Оңтүстік Қазақстанда 33,04%, Алматы облысында 17,42%, Жамбыл облысында 12,1%. Қазақстан аумағында

әзірбайжан ұлттық-мәдени бірлестіктері және олардың бөлімшелері қалалар мен аудандарда жұмыс істейді.

Барлық әзірбайжанның тоқсан пайыздайы шейіт мұсылмандарға жатады, ал сүннит мұсылмандығындағы аздаған әзірбайжандар ханафи мазхабын ұстанады.

АЛБАНДАР, өз атауы – *шкиптар*.

Қазақстандағы албандардың саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 46 адам, 2009 жылғы мәлімет бойынша 459 адам. Соңғы жылдары құрылыс жұмысшылары мен олардың отбасыларының есебінен он есе көбейді.

Албан тілі – Албан Республикасының мемлекеттік тілі; Қазақстан албандары этностық тобының экзогенді тілі.

Албан тілі үндіеуропа тілдері семьясының оқшауланған тіліне жатады.

Діни сенімі жағынан алғанда, Албаниядан келген албандықтар христиандықты (православие, католик) ұстанады, едәуір бөлігі – мұсылмандар. Сербияның Косово автономиясынан шыққан албандықтардың басым көпшілігі – сүннит мұсылмандар.

АЛЕУТТЕР, өз атауы – *алеут*.

Қазақстандағы алеуттердің саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 8 адам, 2009 жылғы мәлімет бойынша 4 адам.

Алеут тілі – Қазақстан алеуттерінің эндогенді тілі.

Алеут тілі палеоазиаттық тілдері семьясының эскимос-алеут тобына жатады.

Дінге сенетін алеуттер православиені ұстанады.

АЛТАЙЛЫҚТАР, өз атауы – *алтай кижи*, еск. *ойрот*.

Қазақстандағы алтайлықтардың саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 462 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 210 адам.

Алтай тілі – Алтай Республикасының мемлекеттік тілі; Қазақстан алтайлықтары этностық тобының экзогенді тілі.

Алтай тілі – алтай тілдері семьясының түркі тобы шығыс-ұң тармағының қырғыз-қыпшақ тобына жатады.

Алтайлықтардың дәстүрлі діні – шамандықты. XIX ғасырдың соңында Алтайға православие миссионерлері келді. XX ғасырда алтайлықтардың арасында ламаизмнің бір түрі ретінде бұрқандық кең тарайды. Солай бола тұра шамандық жолын ұстануға ден қойылады.

АРАБТАР, өз атауы – *әл-араб*.

Қазақстандағы арабтардың саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 533 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 717 адам.

Араб тілі – барлық араб елдерінің, Сомали Демократиялық Республикасының, Джубити Республикасының ресми тілі. БҰҰ-ның ресми және жұмыс тілдерінің бірі; Қазақстан арабтары этностық тобының экзогенді тілі.

Араб тілі афразиялық немесе семит-хамит ірі тілдер семьясының семит тармағына жатады.

Қазақстанда өмір сүретін арабтардың көбі сүннит мұсылмандар, шейіттікті ұстанатындары да бар.

АРМЯНДАР, өз атауы – *хай*.

Қазақстандағы армяндар саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 14 758 адам, 2009 жылғы мәлімет бойынша 14705 адам.

Армян тілі – Армения Республикасының мемлекеттік тілі; Қазақстан армяндары этностық тобының экзогенді тілі.

Армян тілі – үндіеуропалық тілдер семьясының оқшауланған тілі.

2014 жылғы мәлімет бойынша ұйыса қоныстануы – Алматы қаласында – 2069 адам, Астанада – 1119 адам, Қостанай облысында – 1695 адам, Солтүстік Қазақстанда – 1353 адам. Қазақстан Республикасының барлық қалаларында армяндардың өз мәдени орталықтары бар.

Армяндардың көбі христиандықтың ең бір көне бағыты миофизит апостол шіркеуінің бағытын ұстайды. Армяндардың аздаған бөлігі православие мен католиктік бағыттарға сенеді.

АССИРИЯЛЫҚТАР (АЙСОРЫ, АСОРИ), өз атауы – *сураи, халдеи*.

Қазақстандағы ассириялықтардың саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 371 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 186 адам. Көне заманда ассириялықтар әуелі Месопотамияны мекен етіп, арамей тілінде сөйлеген. Қазіргі уақытта дүние жүзіне ең көп шашыраған халықтың бірі болып есептеледі.

Ассирия тілі – Қазақстан ассириялықтары этностық тобының эндогенді тілі.

Ассирия (жаңа ассириялық, айсорлық) тілі семит-хамит тілдері семьясының арамей тобының солтүстік-орталық ішкі тобына жатады.

Дінге сенетін ассириялықтардың көбі – христиандар. Қазақстандағы ассириялықтар Шығыстың ассириялық шіркеуіне, Халдей католиктік шіркеуіне немесе православиеге жатуы мүмкін.

АУҒАНДЫҚТАР, өз атауы – *пуштун, паштан, пахтан.*

Қазақстандағы ауғандықтардың саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 491 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 943 адам.

Пушту – Ауғанстанның ресми тілі (дари тілімен қатар); Қазақстан ауғандары этностық тобының экзогенді тілі.

Пушту (пашто, ауған тілі) үндіеуропалық тілдер семьясы иран тармағының шығыс-иран тобына жатады.

Кейбір облыстарда Ауған ұлттық-мәдени бірлестіктері бар (Солтүстік Қазақстан, Алматы облысы).

Үстем діні – сүнниттік ислам, оған жұртының 90%-ы берілген. Ауғандықтар арасында будданы, зороастризмді ұстанатындар, шетелдік діндестермен байланысы бар синкретикалық нанымдарға сенетіндер де (йезидтер) бар.

БАЛҚАРЛАР, өз атауы – *таулула* – «горцы», *малкъар халкъ, маллкъарлы.*

Қазақстандағы саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 2079 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 1847 адам.

Қарашай-балқар тілі қолданылады, Кабарда-Балқар Республикасының мемлекеттік тілі болып саналады, Қазақстан балқарлары этностық тобының экзогенді тілі.

Қарашай-балқар тілі алтай тілдері семьясының түркі тобының батыс ғұн бұтағындағы қыпшақ тобының қыпшақ-половец ішкі тобына жатады.

Қазіргі уақытта балқарлардың басым көпшілігі – сүннит мұсылмандар. Күнделікті санада жарылқаушы құдайларға, сиқыршылыққа, табиғаттың киелі құбылыстарына деген сенім де сақталып қалған.

БАШҚҰРТТАР, өз атауы – *башқұрт*.

Қазақстандағы башқұрттардың саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 23 247 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 17 006 адам.

Башқұрт тілі – Башқұртстан Республикасының мемлекеттік тілі; Қазақстан башқұрттары этностық тобының экзогенді тілі.

Башқұрт тілі алтай тілдері семьясының түркі тобы батыс ғұн тармағының қыпшақ-бұлғар ішкі тобына жатады.

Дінге сенетін башқұрттар, әдетте, сүннит мұсылмандар.

2014 жылғы мәлімет бойынша башқұрттардың шоғырланып ықшам қоныстануы Қарағанды облысында (23,94%), Қостанай облысында (22,67%), Ақмола облысында (11,28%) байқалады. Қазақстанның барлық ірі қалаларында башқұрттардың мәдени орталықтары бар.

БЕЛОРУСТАР, өз атауы – *беларус*.

Қазақстандағы белорустардың саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 111 927 адам, 2009 жылғы мәлімет бойынша 61 449 адам.

Белорус тілі – Беларусь Республикасының мемлекеттік тілі; Қазақстан белорустары этностық тобының экзогенді тілі.

Белорус тілі үндіеуропалық тілдер семьясының славян тобының шығыс славян ішкі тобына жатады.

Дінге сенетін белорустар, негізінен, православиені ұстанады.

2014 жылғы мәлімет бойынша белорустардың шоғырланып ықшам қоныстануы Қостанай облысында (23,18%), Қарағанды облысында (19,87%), Ақмола облысында (17,97%), Солтүстік Қазақстан облысында (10,02%) байқа-

лады. 90-жылдың соңында белорус ұлттық-мәдени орталықтары Павлодар, Өскемен, Астана, Қостанай, Қарағанды, Көкшетау, Петропавл қалаларында пайда болды. 2013 жылы Қазақстанда 12 белорус ұйымы тіркелді.

БЕЛУДЖДЕР, өз атауы – *балуи, балои*.

Дәстүрлі көшпелі мәдениеті және дамыған тайпалық бөлінуі бар иран халқы.

Қазақстандағы белудждердің саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 33 адам, 2009 жылғы мәлімет бойынша 137 адам.

Белудж (балочи) тілі – Қазақстан белудждері этностық тобының эндогенді тілі.

Белудж (балочи) тілі үндіеуропалық тілдер семьясының иран тармағының солтүстік-батыс тобына жатады.

Діни сенімі жағынан белудждер – ханафи мазхабындағы сүннит мұсылмандар.

БОЛГАРЛАР, өз атауы – *болгар*.

Қазақстандағы болгарлардың саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 6195 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 4487 адам.

Болгар тілі – Болгария Республикасының ресми тілі; Еуропа Одағындағы 25 ресми тілдің бірі; Қазақстан болгарлары этностық тобының экзогенді тілі.

Болгар тілі үндіеуропалық тілдер семьясының славян тобының оңтүстік славян ішкі тобына жатады.

Болгарлардың көбі (80%-ы) – христиандар, көбі православиені ұстанады.

2014 жылғы мәлімет бойынша ұлттың шоғырланып ықшам қоныстануы Павлодар облысында (911 адам), Ақтөбе облысында (687 адам) байқалады. Қазақстанның барлық ірі қалаларында болгарлардың мәдени орталықтары бар.

БУРЯТТАР, өз атауы – *бурят, буряад*.

Қазақстандағы буряттардың саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 553 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 341 адам.

Бурят тілі – Бурят Республикасының мемлекеттік тілі, Қазақстан буряттары этностық тобының экзогенді тілі.

Бурят тілі алтай тілдері семьясының монғол тобының ерін үндестігі бар агглютинативті типтегі тілдеріне жатады.

16 ғасырдан бастап буряттарда гэлуг немесе «шара шажан» (сары дін) мектебінің тибеттік буддизмі кең тарады, бұл наным-сенім тәжірибесінде осы уақытқа дейін сақталған буддизмге дейінгі шамандықпен араласып кеткен.

ВЕНГРЛЕР, өз атауы – *мадияр, мажар*.

Қазақстандағы венгрлердің саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 440 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 363 адам.

Венгр тілі – Венгрия Республикасының ресми тілі; Еуропалық Одақтағы 25 ресми тілдердің бірі; Қазақстан венгрлері этностық тобының экзогенді тілі.

Венгр тілі оралдық тілдер семьясының угор тармағының фин-угор тобына жатады.

Діни сенімі бойынша венгрлер – католиктер, простестанттар мен православиеліктердің саны да едәуір.

Кейбір облыстарда (Алматы облысы) венгр ұлттық-мәдени орталықтары бар.

ВЕПСТЕР, өз атауы – *вепса, бепса, лудиникад, тягалажет*.

Қазақстандағы вепстердің саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 30 адам, 2009 жылғы мәлімет бойынша 1 адам.

Вепс тілі – Қазақстан вепстері этностық тобының эндогенді тілі. Вепс тілі фин-угор тілдері семьясының фин-балтық тармағының солтүстік тобына жатады.

Дінге сенетін вепстер 12 ғасырдан бері православиені ұстанады.

ГАГАУЗДАР, өз атауы – *гагауз.*

Қазақстандағы гагауздардың саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 678 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 490 адам.

Гагауз тілі – Гагаузияның мемлекеттік тілі (молдаван және орыс тілдерімен қатар); Қазақстан гагауздары этностық тобының экзогенді тілі.

Гагауз тілі алтай тілдері семьясының түрік тобының оңтүстік батыс ішкі тобына (оғыз ішкі тобына) кіреді.

Дінге сенетін гагауздардың көбі – православиеліктер.

ГРЕКТЕР, өз атауы – *эллин.*

Қазақстан гректерінің саны: 1999 жылғы мәліметтер бойынша 12703 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 8819 адам. Қазақстандағы грек тобы Краснодар аймағынан (1942 ж.), Қырымнан (1944 ж.), Грузиядан (1949 ж.) зорлықпен жер аударылған гректерден құралады, өздерін тек Түркияның солтүстік батысындағы понтийлік гректермен ғана емес, сонымен қатар Балқан гректерімен де теңестіреді.

Грек тілі – Грекияның ресми тілі; Кипр Республикасының (түрік тілімен қатар) ресми тілі; Еуропалық Одақтың 25 ресми тілінің бірі. Қазақстан гректерінің экзогенді тілі. Грек тілі үндіеуропалық тілдер семьясының оқшауланған тілі болып есептеледі.

Соңғы жүзжылдықта понтийлік гректердің көбі шашырау мен күштеп жер аудару барысында ескі грек тілінің диалектісі ретіндегі понтий тілінен айрылды. Қазақстан гректерінің бір бөлігі қазіргі грек тілін меңгерген, алайда көбі орыс тілінде сөйлеуге көшкен.

Қазіргі гректердің бәрі – христиандар, басым көбі православиені, кейбірі католиктікті ұстанады. Осман басқыншылығы кезеңінде исламды қабылдаған мұсылмандары да бар.

2014 жылғы мәліметтер бойынша этностық топтың шоғырланып ықшам қоныстануы Қарағанды облысында (1819 адам), Жамбыл облысында (1035 адам), Оңтүстік Қазақстан облысында (1033 адам) байқалады.

Қазақстанның ірі қалаларының бәрінде гректердің мәдени орталықтары бар.

ГРУЗИНДЕР, өз атауы – *картвел.*

Қазақстандағы грузиндердің саны: 1999 жылғы мәліметтер бойынша 5361 адам, 2013 жылғы мәліметтер бойынша 5358 адам.

Грузин тілі – Грузияның мемлекеттік тілі; Қазақстан грузиндері этностық тобының экзогенді тілі.

Грузин тілі иберий-кавказ тілдері семьясының картвелтобына жатады.

Дінге сенетін грузиндердің көбі – Грузин Апостолдық автокефалды (дербес) православие шіркеуіне біріктірілген православиеліктер. Грузиндердің ішінде саны жағынан мұсылман қауымдастығы (Аджария) екінші орын алады (400 мың адам). Грузияда католиктер көп емес (100 мың адам).

Кейбір облыстарда (Оңтүстік Қазақстан, Павлодар облыстарында) грузин этномәдени орталықтары бар.

ГРУЗИЯЛЫҚ ЕВРЕЙЛЕР, өз атауы – *картвел эбраел* (қазақ тіліндегі сөзбе-сөз аудармасы «грузиялық еврейлер») – бабалары біздің дәуірімізге дейінгі заманда Грузия жеріне келген, осы күнге дейін еврейлердің иудаизм дінін ұстайтын этноконфессиялық топ.

Грузиялық еврейлердің Қазақстандағы саны: 1999 жылғы мәліметтер бойынша 18 адам, 2009 жылғы мәліметтер бойынша 23 адам.

Қазіргі грузиялық еврейлер грузин тілін ана тілім деп санайды да, осы тілде сөйлейді.

Грузин тілі – Грузияның мемлекеттік тілі; Қазақстан грузиндері этностық тобының экзогенді тілі, иберий-кавказ тілдері семьясының картвелтобына жатады.

Грузиялық еврейлер жазуда да грузин әліпбиін қолданады. Иврит элементтерінен кейде іскери тілдесімде, саудада киврули жаргоны пайдаланылады, бұл жаргонды пайдалануды отбасылық дәстүрмен кейбір әлеуметтік-кәсіби топтар жалғастырып отыр.

Өзін-өзі діни сәйкестендіру грузиялық еврейлердің санасынан нық орын алған. Иудаизм бір құдайға сенетін ибрахимдік деп аталатын үш діннің ішіндегі ең көнесі болып саналады, ибрахимдік діндерден, христиандық, буддашылдық пен ислам сияқты әлемдік діндерден өзгешелігі – бірұлттық (еврейлік) дін ретінде бағаланады.

ДАРҒЫНДАР, өз атауы – *даргын, дарганти.*

Қазақстан дарғындарының саны: 1999 жылғы мәліметтер бойынша 879 адам, 2013 жылғы мәліметтер бойынша 826 адам.

Дарғын тілі – Дағыстанның мемлекеттік тілдерінің бірі; Қазақстан дарғындары этностық тобының экзогенді тілі.

Дарғын тілі иберий-кавказ тілдері семьясының нах-дағыстан тармағының лак-дарғын ішкі тобына жатады.

Дінге сенетін дарғындар сүнниттік исламның шафиқ мазхабын ұстанады.

ДОЛҒАНДАР, өз атауы – *долган (дулган), тыа-кихи, саха,* ертеректе *донгот, адян (эдигэн), карын-туо* ру-тайпа аттарымен белгілі болған.

Қазақстандағы долғандар саны: 1999 ж. мәліметтер бойынша 25 адам, 2009 жылғы мәліметтер бойынша 3 адам.

Долған тілі – Саха (Якутия) Республикасының жергілікті ресми тілдерінің бірі; Қазақстан долғандары этностық тобының экзогенді тілі.

Долған тілі алтай тілдері семьясының түркі тіліне жатады.

Дінге сенетін долғандар православиені ұстанады.

ДҮНГЕНДЕР, өз атауы – *лохуэй, хуэй, хуэйцзу.*

Қазақстан дүнгендерінің саны: 1999 жылғы мәліметтер бойынша 36945адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 59898 адам.

Дүнген тілі –Қазақстан дүнгендері этностық тобының экзогенді тілі.

Хуэйлар, яғни дүнгендер – ханафи мазхабындағы сүннит мұсылмандар.

2013 жылғы мәлімет бойынша халықтың шоғырланып ықшам қоныстануы Жамбыл облысында (82,81%), Алматы облысында (2,98%), Алматы қаласында (12,10%) байқалады. Қазақстанның ірі қалаларының бәрінде дүнгендердің ұлттық-мәдени орталықтары бар.

ЕВРЕЙЛЕР, өз атауы – *иегудим; айд, айид*.

Қазақстандағы еврейлердің саны: 1999 жылғы мәліметтер бойынша 6745 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 3262 адам.

Көне тіл иврит семит-хамит тілдері семьясының семит тобына жатады. Қайта қалпына келтіріліп қазір қолданылып жүрген иврит тілі Израильдің (араб тілімен қатар) ресми тілі; Қазақстан еврейлерінің экзогенді тілі.

Еврейлердің тағы бір тілі – идиш – үндіеуропалық тілдер семьясының герман тобының басты германдық ішкі тобына жатады, мұны ашкеназдық еврейлер қолдайды. Идиш тілі Қазақстандағы еврей диаспорасының эндогенді тілі.

Еврейлердің дәстүрлі діні – иудаизм. Дүние жүзіне кең тараған еврейлердің көбі діни ортодокстар болып саналмайды, алайда кейбір рәсім-салттар мен ұсынылған өмір ережелерін ұлттық дәстүр ретінде сақтайды.

Қазақстанның аумағында еврей этномәдени облыстық бірлестіктері, ал қалалар мен аудандарда олардың бөлімшелері жұмыс істейді.

ИЖОРЛЫҚТАР, өз атауы – *ингры, инкерикот, харьяляйн, изури*.

Қазақстандағы ижорлықлар саны: 1999 жылғы мәліметтер бойынша 1 адам, 2009 жылғы мәлімет бойынша 1 адам.

Ижор тілі – Қазақстан ижорлықтары этностық тобының эндогенді тілі.

Ижор тілі – оралдық тілдер семьясының фин-угор тобының балтық-фин бұтағының солтүстік тобына жатады.

Ижорлықлар негізінен православиеліктер.

ИНГУШТАР, өз атауы – *галгай.*

Қазақстандағы ингуштардың саны: 1999 жылғы мәліметтер бойынша 16900 адам, 2013 жылғы мәліметтер бойынша 15607 адам.

Ингуш тілі – Ингуш Республикасының мемлекеттік тілі; Қазақстан ингуштары этностық тобының экзогенді тілі.

Ингуш тілі иберий-кавказ тілдері семьясының нах ішкі тобына жатады. Жазуы кириллицаға негізделген.

Діни сенімі бойынша ингуштардың басым көбі – сүннит мұсылмандар.

2014 жылғы мәліметтер бойынша, бұлардың үлкен қоныстары Ақмола облысында – 4769 адам, Павлодар облысында – 1747 адам, Солтүстік Қазақстан облысында – 762 адам, Алматы қаласында – 2487 адам, Астана қаласында – 2427 адам.

Қазақстан аумағында ингуштардың облыстық ұлттық-мәдени бірлестіктері және қалалар мен аудандарда олардың бөлімшелері жұмыс істейді.

ИТЕЛМЕНДЕР, – *ителмен, итэнми*.

Қазақстандағы ителмендердің саны: 1999 жылғы мәліметтер бойынша 2 адам.

Ителмен тілі – Қазақстан ителмендері этностық тобының эндогенді тілі.

Ителмен (камчадал) тілі палеоазиялық тілдер семьясының чукот-камчат тобына жатады.

КАРЕЛДЕР, өз атауы – *карьяла, карьелайне*.

Негізінен Ресейдің Карелия Республикасында, Ленинград, Тверь облыстарында, Финляндияның шығысында мекен ететін фин-угор халқы.

Қазақстан карелдерінің саны: 1999 жылғы мәліметтер бойынша 411 адам, 2009 жылғы мәлімет бойынша 518 адам.

Карел тілі – Қазақстан карелдері этностық тобының экзогенді тілі.

Карел тілі оралдық тілдер семьясының фин-угор тілдерінің балтық-фин тармағының солтүстік тобына жатады.

Дінге сенетін карелдердің көбі – православиеліктер, ал Финляндиядағылар лютерандық пен православиені ұстанады.

КЕТТЕР, өз атауы – *кет, кето*; еск. – *остяктар, енисейліктер (Енисей остяктары)*.

Сібірдің тұрғылықты саны аз халқы, Краснояр өлкесінің солтүстігін мекен етеді.

Қазақстан кеттерінің саны: 1999 жылғы мәліметтер бойынша 5 адам.

Кет тілі – Қазақстан кеттері этностық тобының эндогенді тілі.

Кет тілі палеоазиялық тілдер семьясының енисейлік (кет-асан) тілдерінің біріне жатады.

Кеттердің діни түсініктерінің негізінде анимизм жатады, қазір көбі православиені қабылдаған, дәстүрлі діни түсініктерінің де ізі сақталған.

КОМИ (ескі. *орысша атауы*)**, ЗЫРЯНДАР**, өз атауы – *коми-морт (коми-адам), коми-отар (коми адамдар), коми-войтыр (коми-халық), зырян* (еск.).

Фин-угор халқы, Коми Республикасының тұрғылықты жұрты.

Қазақстандағы коми-зырян этностық тобының саны: 1999 жылғы мәліметтер бойынша 387 адам, 2009 жылғы мәлімет бойынша 15 адам.

Коми-зырян тілі – Коми Республикасының мемлекеттік тілі; Қазақстанда коми және зырян этностық топтарының экзогенді тілі.

Коми-зырян тілі фин-угор тілдері семьясының фин-пермь тармағының пермь тобына жатады.

Коми-зыряндар арасында бұрын үстем болған дәстүрлі көпқұдайлықтың орнын православиелік басып келеді, тұрмысы мен табынушылықтарында жаңалықтар көп.

КОМИ-ПЕРМЯКТАР, ПЕРМДІКТЕР, өз атауы – *пермяк*.

Ресейдің теріскей батысын мекен ететін фин-угор халқы. 2002 жылы олардың саны 125 мыңға жетті.

Қазақстандағы коми-пермяк диаспорасының саны: 1999 жылғы мәліметтер бойынша 935 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 530 адам.

Коми-пермяк тілі – Коми-Пермяк автономиялы округы тілдерінің бірі; Қазақстан коми-пермяк этностық тобының экзогенді тілі.

Коми-пермяк тілі фин-угор тілдері семьясының фин-пермь тармағының пермь тобына жатады.

Дінге сенетін пермьдіктер православиені ұстанады, ескі салтшылдар (старообрядцы) да бар.

КОРЕЙЛЕР, өз атауы – *госом сарам, коре сарам, хунчук сарам* (Чосон елінің адамдары, Коре елінің адамдары, Ханик елінің адамдары).

Қазақстандағы корейлердің саны: 1999 жылғы мәліметтер бойынша 99944 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 104 406 адам.

Корей тілі – Солтүстік Кореяның ресми (мемлекеттік) тілі; Оңтүстік Кореяның ресми тілі; корей тілі (коре мар – корей тілінің юкчин және менчхон

диалектілерінен тұратын корей тілінің көнеленген нұсқасы) – Қазақстан корейлері этностық тобының экзогенді тілі.

Корей тілі (коре мар, юкчин, менчхон) – генетикалық байланысы болжаммен ғана белгіленіп жүрген оқшау тіл.

Бүгінде Қазақстандағы корей діни ұйымдарының пресвитериандық, баптистік, православиелік және вон-буддалық сияқты ағымдар бар.

2014 жылғы мәліметтер бойынша корей этносы Алматы қаласында (27,18%,) Алматы облысында (15,8%), Қарағанды облысында (12,67%), Жамбыл облысында (8,95%), Оңтүстік Қазақстан облысында (8,71%) қоныстанған.

Қазақстанның аумағында корейлердің республикалық және облыстық ұлттық-мәдени бірлестіктері және қалалар мен аудандарда олардың бөлімшелері жұмыс жасайды.

КОРЯКТАР жағалауда қоныстанған коряктардың өз атауы – *нымылгын*, бұғы шаруашылығымен айналысатын коряктардың өз атауы – *чавиын*. Камчатка түбегінің солтүстік бөлігінің тұрғылықты жұрты.

Қазақстандағы коряктардың саны: 1999 жылғы мәліметтер бойынша 48 адам, 2009 жылғы мәлімет бойынша 121 адам.

Коряк тілі – Қазақстан коряктары этностық тобының эндогенді тілі.

Коряк тілі палеоазиялық тілдер семьясының чукот-камчат тармағына жатады.

Коряктар арасында орыс православиелігі кең тараған, алайда дәстүрлі наным-сенімдері (шамандық) күшін сақтауда.

КҮРДТЕР, өз атауы – *күрд*. Негізінен Түркия, Сирия, Иран мен Ирак елдері шекараларының түйісіндегі Күрдістанда орналасқан көптеген тайпалық топтардың жиынтығы.

Қазақстандағы күрдтердің саны: 1999 жылғы мәліметтер бойынша 32 764 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 41 431 адам.

Күрд тілі – Иран Республикасының күрд өңірінің ресми тілі, Қазақстандағы күрдтер этностық тобының экзогенді тілі.

Күрд тілі үндіевропалық тілдер семьясының иран тармағының солтүстік-батыс тобына жатады.

Күрдтердің көбі (85%) сүнниттік исламды, бір бөлігі (5%) шиіттік исламды, бір бөлігі (2%) алевистік исламды, бір бөлігі (8%) езидизмді, бір бөлігі (2%) христиандықты ұстанады.

2014 жылғы мәліметтер бойынша бұл этностың шоғырланып орналасуы Алматы облысында – 34,96%, Жамбыл облысында – 34,26%, Оңтүстік Қазақстан облысында – 21,17%.

ҚАБАРДА, өз атауы – *адыге*.

Қазақстандағы қабарда диаспорасының саны: 1999 жылғы мәліметтер бойынша 23 адам, 2013 жылғы мәліметтер бойынша 230 адам.

Қабардалықтар қолданатын қабарда-черкес тілі – Қабарда-Балқар Республикасының мемлекеттік тілі, Қазақстандағы қабарда мен черкестер этностық топтарының экзогенді тілі.

Қабарда-черкес (черкес) тілі иберий-кавказ тілдері семьясының абхаз-адыгей тобына жатады.

Діни сенімі жағынан қабардалықтар – сүннит мұсылмандар.

ҚАЗАҚТАР, өз атауы – *қазақ.*

Қазақстанның тұрғылықты жұрты. Қазақтар сондай-ақ ерте заманнан бері Қазақстанмен шектес Қытайда, Ресейде, Өзбекстанда, Түркіменстанда, Монғолияның батысында өмір сүреді, басқа да елдерде мекендейді.

Қазақстан қазақтарының саны: 1999 жылғы мәліметтер бойынша 7 млн 985 мың адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 11 млн 2868 адам.

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының титулдық этносының тілі, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Алтай тілдері семьясының түркі тілдерінің батыс ұун бұтағының қыпшақ тобының қыпшақ-ноғай ішкі тобына жатады.

Қазақтардың дәстүрлі діні – ханафи мазхабындағы ислам.

Қазақстанның аумағында көптеген қазақ облыстық және аудандық мәдени бірлестіктер, ал қалалар мен аудандарда олардың филиалдары жұмыс істейді.

ҚАЛМАҚТАР, өз атауы – *хальмыг.*

Қазақстан қалмақтарының саны: 1999 жылғы мәліметтер бойынша 731 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 442 адам.

Қалмақ тілі – Қалмақ Республикасының мемлекеттік тілі; Қазақстан қалмақтары этностық тобының экзогенді тілі.

Қалмақ тілі алтай тілдері семьясының батыс-моңғол тобына жатады.

Қалмақтардың негізгі діні – буддизм, бірақ олар бұған тәңіршілдік, көкке, тауға, ағашқа, суға, жерге табыну сияқты дәстүрлі наным-сенімдерді қосып алған.

ҚАРАЙЫМДАР, өз атауы – *қарайлар.*

Шығыс Еуропадағы қарайымшылдықтың жолын қуушы түркі тілдес, саны аз этностық топ. Дәстүрлі мекендері – Қырым, Батыс Украина мен Литвадағы кейбір қалалар.

Қазақстан қарайымдарының саны: 1999 жылғы мәліметтер бойынша 28 адам, 2009 жылғы мәлімет бойынша 231 адам.

Қарайым тілі – Қазақстан қарайымдары этникалық тобының эндогенді тілі.

Қарайым тілі алтай тілдері семьясының түркі тілдері батыс ұн бұтағындағы қыпшақ тобының қыпшақ-оғыз ішкі тобына жатады (*Баскаковтың топтастыруы бойынша*).

Діни сенімі – иудаизмнің Талмудқа дейінгі өте көне нұсқасы, қарайымшылдық, мұны оларға, қарайымдықтардың өздерінің пікірінше, хазарлар енгізген.

ҚАРАҚАЛПАҚТАР, өз атауы – *қарақалпайын.*

Қазақстан қарақалпақтарының саны: 1999 жылғы мәліметтер бойынша 1497 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 5890 адам.

Қарақалпақ тілі – Қарақалпақстан Республикасының мемлекеттік тілі, Қазақстан қарақалпақтары этностық тобының экзогенді тілі.

Қарақалпақ тілі алтай тілдері семьясының түркі тобының батыс тармағының қыпшақ-ноғай ішкі тобына жатады.

Дінге сенетін қарақалпақтар – сүннит мұсылмандар.

2014 жылғы мәліметтер бойынша топтың шоғырланып ықшам қоныстануы Маңғыстау облысында (1788 адам), Атырау облысында (553 адам) байқалады.

Кейбір облыстарда (Маңғыстау, Алматы, Оңтүстік Қазақстан) қарақалпақтардың ұлттық-мәдени орталықтары бар.

ҚАРАШАЙЛАР, өз атауы – *қарашайлы, тауʹлула*.

Қазақстан қарашайларының саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 1400 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 1030 адам.

Қарашай-балқар тілі – Қарашай-Черкес Республикасының мемлекеттік тілі; Қазақстан қарашайлары этностық тобының экзогенді тілі.

Қарашай-балқар тілі алтай тілдері семьясының түркі тілдері батыс ұн бұтағындағы қыпшақ тобының қыпшақ-половец ішкі тобына жатады.

Қазіргі уақытта қарашайлардың басым көпшілігі сүнниттік исламның ханафи мазхабын ұстанады.

ҚЫРЫМ ТАТАРЛАРЫ, өз атауы – *қырымтатар*. Қырымда тарихи қалыптасқан халық.

Қазақстандағы қырым татарларының саны: 1999 жылғы мәліметтер бойынша 1007 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 1541 адам.

Қырым татарларының тілі – Қазақстандағы екі этностық топтың – қырым-татар және қырым еврейлерінің (қырымшақтардың) эндогенді тілі.

Қырым татарларының тілі – түркі тілдерінің бірі.

Қырым татарларының басым көпшілігі – ханафи мазхабындағы сүннит мұсылмандар, бұл мұсылмандардың үлкен бөлігі Қырым мұсылмандарының діни басқармасына қарайды.

ҚЫРЫМШАҚТАР (ҚЫРЫМ ЕВРЕЙЛЕРІ), өз атауы – *қырымчақлар*, 1917 жылға дейін өздерін *еуди* – «иудеи» және *срэль балалары* – «Израиль балалары» деп атады. Өкілдері дәстүр бойынша талмудтық иудаизмды ұстанған, саны аз этноконфессиялық, этнотілдік топ, Қырымда мекен етіп, қырымшақ тілінде (қырым татарлары тілінің нұсқасы) сөйлеген. Көп бөлігі шашыраңқы мекендейді.

Қазақстандағы қырымшақтардың (қырым еврейлерінің) саны: 1999 жылғы мәліметтер бойынша 20 адам, 2009 жылғы мәлімет бойынша 35 адам.

Қырым татарларының тілі – алтай тілдері семьясындағы түркі тілдерінің бірі.

ҚҰМЫҚТАР, өз атауы – *құмық.*

Қазақстандағы құмықтардың саны: 1999 жылғы мәліметтер бойынша 643 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 507 адам.

Құмық тілі – Дағыстанның 14 мемлекеттік тілінің бірі; Қазақстан құмықтары этностық тобының экзогенді тілі.

Құмық тілі алтай тілдері семьясының түркі тобының шығыс хун тармағының қыпшақ-половец ішкі тобына жатады, алайда жекелеген ерекшеліктеріне қарай оғыз тобымен жақындасады.

Дінге сенетін құмықтар сүннит түсінігіндегі исламды ұстанады. Құмықтардың көбі шафиқ мазхабында, бір бөлігі ханафи мазхабының жолында.

Қазақстан аумағында күрдтердің облыстық этномәдени бірлестіктері, қалалар мен аудандарда олардың филиалдары жұмыс істейді.

ҚЫРҒЫЗДАР, өз атауы – *қырғыз.*

Қазақстандағы қырғыздардың саны: 1999 жылғы мәліметтер бойынша 10 897 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 29 803 адам.

Қырғыз тілі – Қырғызстанның мемлекеттік тілі, Қазақстан қырғыздары этностық тобының экзогенді тілі.

Қырғыз тілі алтай тілдері семьясының түркі тілдерінің шығыс бұтағындағы қырғыз-қыпшақ тобына жатады.

Қырғыздардың көбі – сүннит мұсылмандар.

2014 жылғы мәліметтер бойынша қырғыздар Жамбыл облысында – 9259 адам, Оңтүстік Қазақстан облысында – 2796 адам, Маңғыстау облысында – 588 адам, Шығыс Қазақстан обылысында – 542 адам, Алматы қаласында – 6688 адам, Астана қаласында – 3889 адам шоғырланып орналасқан.

Қазақстан аумағында қырғыздардың облыстық ұлттық-мәдени бірлестіктері және қалалар мен аудандарда олардың бөлімшелері жұмыс істейді.

ЛАКТАР, өз атауы – *лак.* Бұрын *казикумух* атымен белгілі болған.

Қазақстандағы лактар саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 590 адам, 2013 жылғы мәліметтер бойынша 392 адам.

Лак тілі – Дағыстанның он төрт мемлекеттік тілінің бірі; Қазақстан лактары этностық тобының экзогенді тілі.

Лак тілі иберий-кавказ тілдері семьясының нах-дағыстан тармағының лакдарғын тобына жатады.

Дінге сенетіндер сүннит түсінігіндегі исламның шафиқ мазхабын ұстанады.

Халықтың шоғырланып ықшам орналасқан жері Атырау облысында (136 адам).

ЛАТЫШТАР, өз атауы – *латвиеши.*

Қазақстандағы латыштар саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 1816 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 1163 адам.

Латыш тілі – Латвия Республикасының ресми тілі, Еуропалық Одақтың 25 ресми тілдерінің бірі. Қазақстан латыштары этностық тобының экзогенді тілі.

Латын тілі үндіеуропалық тілдер семьясының балтық тармағына кіреді.

Дінге сенетін латыштар көбінесе лютерандар мен католиктер болып келеді.

ЛЕЗГИНДЕР, өз атауы – *лезги, лезгияр*.

Қазақстандағы лезгиндер саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 4619 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 3675 адам.

Лезгин тілі – Дағыстанның он төрт мемлекеттік тілінің бірі; Қазақстан лезгиндері этностық тобының экзогенді тілі.

Лезгин тілі иберий-кавказ тілдері семьясының нах-дағыстан тармағының лезгин ішкі тобына жатады. Кейбір облыстарда (Маңғыстау облысы) лезгин ұлттық-мәдени орталықтары бар.

Дінге сенетін лезгиндердің көбі сүннит мұсылмандар. Лезгиндердің арасында шииттер және христиандар да бар.

ЛИВТЕР, өз атауы – *ливли, каламиез, рандалист*. Балтық жағалауындағы саны аз фин халқы.

Қазақстандағы ливтер саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 3 адам, 2009 жылғы мәлімет бойынша 49 адам.

Лив тілі – Қазақстан ливтері этностық тобының экзогенді тілі.

Лив тілі фин-угор тілдері семьясының балтық-фин оңтүстік тобына жатады.

Дінге сенетіндері – христиандар (лютерандар).

ЛИТВАЛЫҚТАР, өз атауы – *лиетувяй.*

Қазақстандағы литвалықтар саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 7070 адам, 2009 жылғы мәлімет бойынша 4844 адам .

Литва тілі – Литва Республикасының мемлекеттік тілі; Қазақстан литвалықтары этностық тобының экзогенді тілі.

Литва тілі үндіеуропалық тілдер семьясының балтық тармағына кіреді.

Қазіргі кезеңде діншіл литвандар негізінен католиктікті ұстанады.

2014 жылғы мәліметтер бойынша халықтың шоғырланып ықшам қоныстануы Қарағанды облысында (1693 адам), Солтүстік Қазақстан облысында (667 адам) байқалады.

Кейбір облыстарда (Қарағанды, Маңғыстау) литвалықтардың ұлттық-мәдени орталықтары бар.

МАНСИ, өз атауы – *манси (*еск. – *вогул).* Ресейдегі саны аз халық, Ханты-Манси автономиялық округінің тұрғылықты жұрты.

Қазақстандағы мансилер саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 8 адам, 2009 жылғы мәліметтер бойынша 32 адам.

Манси тілі – Қазақстан мансилері этностық тобының экзогенді тілі. Мансилердің 60%-дайы күнделікті өмірде орыс тілін пайдаланады.

Манси тілі фин-угор тілдері семьясының обь-угор тармағына кіреді.

Мансилер ресми түрде православиелікке айналдырылғанымен христиандыққа дейінгі наным-сенімдерін елеулі шамада сақтап қалған. Айналадағы әлем мен этностық топтың этногенезі туралы мифологиялық түсініктердің кешеніне зор мән береді.

МАРИЙЛЕР, өз атауы – *мари;* еск. – *черемистер.*

Қазақстандағы марийлер саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 6495 адам, 2009 жылғы мәліметтер бойынша 4340 адам.

Марий таулық тілі және марий алқап тілі – Марий Эл Республикасының ресми және мемлекеттік тілдері, Қазақстан марийлері (таулық және алқаптық) этностық тобының экзогенді тілі.

Марий таулық тілі және Марий алқап тілі фин-угор тілдері семьясының еділдік тармағына жатады.

Марийлердің дәстүрлі халықтық діні марий мифологиясына негізделеді, христиандық пен исламдағы монотеистік түсініктердің ықпалымен енген түрлік өзгерістері бар.

2014 жылғы мәліметтер бойынша бұл этностың көп қоныстанған жері Ақмола облысында – 800 адам, Ақтөбе облысында – 241 адам.

МОЛДАВАНДАР, өз атауы – *молдовень.*

Қазақстандағы молдавандар саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 19462 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 14083 адам.

Молдаван тілі – Молдова Республикасының мемлекеттік тілі; Қазақстан молдавандары этностық тобының экзогенді тілі.

Молдаван тілі үндіеуропалық тілдер семьясының роман тармағының балқан-роман ішкі тобына жатады.

Молдовада анағұрлым кең тараған дін – православие, ел жұртының 98%-ы осы дінде. Мұның қатарына ескі ғұрыпшылдар (старообрядцы), рухи молоқандар, Шетелдегі орыс православие шіркеуінің шынайы православиеліктері, армян-григориандар, католиктер мен протестанттар да кіреді.

2014 жылғы мәліметтер бойынша халқының ең көп қоныстанған жері Қарағанды облысында (2447 адам), Қостанай облысында (2392 адам), Ақмола облысында (1623 адам), Ақтөбе облысында (1425 адам).

Қазақстан аумағында молдаван облыстық мәдени бірлестіктері, қалалар мен аудандарда олардың бөлімшелері жұмыс істейді.

МОРДВА, өз атауы –*мордва, эрзя.*

Қазақстандағы мордва этностық тобының саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 16145 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 6855 адам.

Мордва мокшасы және мордва эрзясы – Мордовия Республикасының мемлекеттік тілдері; Қазақстан мордвалары этностық тобының экзогенді тілдері. Мордва мокшасы және мордва эрзясыфин-угор тілдері семьясының фин-еділ тармағының мордва ішкі тобын құрайды.

Дінге сенетіндер негізінен православиені ұстанады, сондай-ақ халықтық дінге берілгендер де (мокшандардың дәстүрлі діні – «мокшень кой»), лютерандар да, молоқандар да бар.

2014 жылғы мәліметтер бойынша бұл этностың шоғырланып қоныстанған жерлері Қарағанды облысында – 2447 адам, Қостанай облысында – 2392 адам, Ақмола облысында – 1623 адам, Ақтөбе облысында – 1425 адам.

Қазақстан аумағында мордва облыстық мәдени бірлестіктері, қалалар мен аудандарда олардың бөлімшелері жұмыс істейді.

НАНАЙЛАР, өз атауы – *нанай (*еск. *гольдтар*); бір тобы *самагир* деп аталған. Ресей Федерациясының Қиыр шығысындағы саны аз халық.

Қазақстандағы нанайлар саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 19 адам, 2009 жылғы мәлімет бойынша 14 адам.

Нанай тілі – Қазақстан нанайлары этностық тобының экзогенді тілі. Нанай тілі тұңғыс-манчжур тілдер семьясына кіреді.

Дінге сенетіндері православиені ұстанады, бір бөлігі дәстүрлі наным-сенімдердің жолында.

НГАНАСАНДАР, өз атауы – *ня (а).* (еск.*самоед-тавгийлер*). Сібірдегі тұрғылықты самодийлік халық.

Қазақстандағы нганасандар тобының саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 6 адам.

Нганасан тілі – Қазақстан нганасандары этностық тобының экзогенді тілі.

Нганасан тілі оралдық тілдер семьясының самодий тобына жатады.

Православие дінін ұстанады, бір бөлігі дәстүрлі наным-сенімдердің жолында.

НЕГИДАЛДАР, өз атауы – *элькан бэйэнин, набэйэненин*. Амур бойындағы тұңғыс-мәнжүрлік аз халық.

Қазақстандағы негидальдар саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 1 адам, 2009 жылғы мәлімет бойынша 6 адам.

Негидал тілі – Қазақстан негидалдары этностық тобының экзогенді тілі.

Негидал тілі тұңғыс-манчжур тілдер семьясына жатады.

Діни көзқарасы жағынан негидалдар – шаманизм түріндегі анимистер.

НЕМІСТЕР, өз атауы – *дойче*; австриялықтар *остеррайхер* деп аталады.

Қазақстандағы немістер саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 353462 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 181348 адам.

Неміс тілі – Германияның ресми тілі; Австрияның, Швейцария конфедерациясының, Люксембург ұлы герцогтығының, Лихтенштейн князьдығының ресми тілі; Еуропалық Одақтың 25 ресми тілінің бірі; әлем тілдері қатарына кіреді және БҰҰ-ның ресми жұмыс тілі, әртүрлі тілді адамдардың қарым-қатынасы үшін lingua franca.

Неміс тілі (жоғарғы неміс тілі және төменгі неміс тілі диалектілері) – Қазақстандағы неміс этностық тобының экзогенді тілі.

Неміс тілі үндіеуропалық тілдер семьясының герман тобының батысгерман ішкі тобына жатады.

Дінге қатысы жағынан Қазақстандағы немістер, Германиядағы сияқты біртұтас емес; лютерандық, католик, меннонит, баптист, пятидесятник, адвентист, Иегово куәлары т.б. бағыттарды ұстанады. Жекелеген оқиғалар болмаса, ислам мен православиені қабылдаулары көрінбейді.

2014 жылғы мәліметтер бойынша бұл этностың шоғырланып қоныстанған жерлері Қарағанды облысында – 18,28%, Қостанай облысында – 15,51%, Ақмола облысында – 14,49%, Павлодар облысында – 11,65%, Солтүстік Қазақстан облысында – 11,23%.

Қазақстан аумағында неміс республикалық, облыстық мәдени бірлестіктері, қалалар мен аудандарда олардың бөлімшелері жұмыс істейді.

НЕНЕЦТЕР, өз атауы – *ненець, ненэй, ненець* «нағыз адам» мағынасында (еск. *самоед, юрак*).

Қазақстандағы ненецтер саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 83 адам, 2009 жылғы мәлімет бойынша 7 адам.

Ненец тілі – Ямал-Ненец автономиялы округының мемлекеттік тілі (орыс тілімен қатар); Таймыр (Долган-Ненец) автономиялы округының мемлекет-

тік тілі (орыс тілімен қатар); Қазақстан ненецтері этностық тобының экзогенді тілі.

Ненец (юрак-самоед) тілі оралдық тілдер семьясының самодий тобына жатады.

Діни сенімі православие, дәстүрлі наным-сенімдерінің сипаттары сақталған.

НИВХТЕР, өз атауы *–нивхгу* (амур диалектісі), *нивгун* (Шығыс Сахалин диалектісі) *адам, адамдар* мағынасында; еск. *гиляктар.*

Қазақстандағы нивхтер саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 8 адам, 2009 жылғы мәлімет бойынша 4 адам.

Нивх тілі – Қазақстан нивхтері этностық тобының экзогенді тілі.

Нивх тілі (еск. *гиляк тілі*) палеоазиялық тілдер семьясының оқшауланған тілі.

Ресми түрде православиеліктер болып саналғанмен дәстүрлі наным-сенімдері (табиғатқа, аюға табыну, шамандық т.б.) сақталған.

НИДЕРЛАНДЫҚТАР, өз атауы – *холандерс.*

Қазақстандағы нидерландықтар саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 21 адам.

Нидерланд тілі – француз тілімен қатар Нидерланд Корольдігінің мемлекеттік тілі; Бельгия Корольдігінің, Суринам және нидерландтық Антиль аралдарының ресми тілдерінің бірі; Еуропа Одағының 25 ресми тілінің бірі; Қазақстан нидерландықтары этностық тобының экзогенді тілі.

Нидерланд (голланд) тілі – үндіеуропалық тілдер семьясының герман тармағының батысгерман ішкі тобының төменгі неміс тармағына жатады.

Голландтықтардың шамамен жартысы өздерін христианға жатқызады: олар – католиктер мен протестанттар, негізінен, кальвинистер мен лютерандар. Осындай шамада (жартысына жуық) голландықтар өздерін дінге қатысты емеспіз деп санайды.

НОҒАЙЛАР, өз атауы – *ноғай.* Соңғы тарихи кезеңде Қырымды, Солтүстік Кавказды, Еділдің оңтүстігін мекен етіп келе жатқан халық.

Қазақстандағы ноғайлар саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 350 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 295 адам.

Ноғай тілі – Қарашай-Черкес Республикасының бес мемлекеттік тілінің бірі; Дағыстанның он төрт мемлекеттік тілінің бірі; Қазақстан ноғайлары этностық тобының экзогенді тілі.

Ноғай тілі алтай тілдері семьясының түркі тілдерінің батыс ғұн бұтағындағы қыпшақ тобының қыпшық-ноғай ішкі тобына жатады.

Ноғайлардың дәстүрлі діні – ханафи мазхабындағы ислам.

Қазақстанның кейбір қалаларында (Астана қ.) ноғай мәдени орталығы жұмыс істейді.

ОРОКТАР, 1991 жылдан бастап *ульта* (орон «бұғы» сөзінен шығады) деп аталады.

Қазақстандағы ороктар саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 1 өкілі тіркелген, Қарағанды облысында өмір сүреді.

Орок тілі – Қазақстан ороктары этностық тобының экзогенді тілі.

Орок тілі алтай тілдері семьясының тұңғыс-манчжур тобының оңтүстік ішкі тобына жатады.

ОРОЧИЛЕР, өз атауы – *нани, орочиян, орочисел*.

Қазақстандағы орочи этностық тобының саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 4 адам, 2009 жылғы мәлімет бойынша 3 адам.

Орочи тілі – Қазақстан орочилері этностық тобының экзогенді тілі.

Орочи тілі алтай тілдері семьясының тұңғыс-манчжур тобының оңтүстік ішкі тобына жатады.

ОРЫСТАР, өз атауы – *русские.*

Қазақстандағы орыстар саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 4480675 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 3701713 адам.

Орыс тілі – Ресей Федерациясының, сонымен қатар Ресей Федерациясының субъектісі болып саналатын республикалардың мемлекеттік тілі; Қырғызстан Республикасының қырғыз тілімен қатар, Беларусьтің белорус тілімен қатар ресми тілі; Молдованың бір бөлігінің, Қазақстанда ресми тіл ретінде қолданылады (мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады); 6 әлем тілдері қатарында; ағылшын, араб, испан, қытай, орыс, француз тілдерімен қатар БҰҰның ресми тілі; Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына, Еуразия экономикалық қауымдастығына, Кеден Одағына қатысушы-мемлекеттердің дәнекер тілі; әлемнің көптеген елдерінде, соның ішінде Қазақстанда да оқыту тілі, үйретілетін тіл (екінші тіл, шет тілі).

Орыс тілі үндіеуропалық тілдер семьясының славян тобының шығыс славян ішкі тобына жатады.

Орыс православие шіркеуі Қазақстандағы ірі діни бағыттардың бірі: екі жүздей приходы бар, Мәскеу патриархатының құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Орыстардың аздаған топтары протестант қауымына, дәстүрлі емес діни жаңа бірлестіктерге енген.

2014 жылғы мәліметтер бойынша шоғырланып қоныстанған жерлері Шығыс Қазақстан облысында – 14,36%, Қарағанды облысында – 13,92%, Қостанай облысында – 10,07%, Алматы облысында – 8,19%, Алматы қаласында – 12,14%.

Қазақстан аумағында облыстық орыс мәдени орталықтары және қалалар мен аудандарда олардың бөлімшелері жұмыс істейді.

ӨЗБЕКТЕР, өз атауы – *өзбек.*

Қазақстандағы өзбектер саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 370765 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 507 509 адам.

Негізінен оңтүстік шекаралық аймақтарда тұратын өзбек этностық тобы ежелден қалыптасқан.

Олардың саны тұрақты түрде өсу үстінде. Қазіргі уақытта өзбек тобы туудың ең жоғарғы көрсеткішіне ие, экономикалық себептерге байланысты өзбектердің (тіркелетін және тіркелмейтін) Қазақстанға көшуі жалғасуда. Бұл демографтарға алдағы уақытта Қазақстанда өзбектердің саны көбейе түсетінін болжауға мүмкіндік беріп отыр.

Өзбек тілі – Өзбекстан Республикасының мемлекеттік тілі; Қазақстан өзбектері этностық тобының экзогенді тілі.

Өзбек тілі алтай тілдері семьясының түркі тобының батыс ғұн тармағының қарлұқ тобына жатады.

Өзбектердің діні негізінен сүнниттік ислам.

2014 жылғы мәліметтер бойынша өзбектердің шоғырланып қоныстанған жері Оңтүстік Қазақстан облысында – 87,57%, Жамбыл облысында – 5,09% .

ОСЕТИНДЕР, өз атауы – *ирон, дигорон.*

Қазақстандағы осетиндер тобының саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 2039 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 1324 адам.

Осетин тілі –Солтүстік Осетия-Алания Республикасының орыс тілімен қатар мемлекеттік тілі; Дағыстанның он төрт мемлекеттік тілінің бірі; Қазақстан осетиндері этностық тобының экзогенді тілі.

Осетин тілі үндіеуропалық тілдер семьясының иран тармағының солтүстік шығыс-иран тобына жатады.

Солтүстік осетиндердің жартысынан астамы православиеліктер болып саналады. Басқа аз бөлігі христиандыққа дейінгі діннен тамыр алатын дәстүрлі осетиндік наным-сенімдерге берілген. Бір бөлігі сүннит исламды ұстанады.

2014 жылғы мәліметтер бойынша бұл этнос Маңғыстау облысында (196 адам) шоғырланып қоныстанған.

Кейбір қалаларда (Ақтау) осетин мәдени орталықтары жұмыс істейді.

ПАРСЫЛАР, ФАРСЫЛАР өз атауы – *ирани*.

Қазақстандағы парсы диаспорасының саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 2870 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 5231 адам.

Парсы тілі – Иран Ислам Республикасының ресми тілі, ұлтаралық қарым-қатынас тілі; Ауған ислам Республикасының ресми тілі (пушту тілімен қатар); Қазақстан парсылары этностық тобының экзогенді тілі.

Парсы (фарси) тілі үндіеуропалық тілдер семьясының иран тармағының оңтүстік батыс тобына жатады.

Қазіргі уақытта Иран мемлекеттік дінінің шиіттік түрін парсылардың 90%-ы, аздаған күрдтер ұстанады.

ПОЛЯКТАР, өз атауы – *поляк, полящ.*

Қазақстандағы поляктар саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 47 302 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 32 963 адам.

Поляк тілі – Польша Республикасының ресми тілі; Еуропалық Одақтың 25 ресми тілінің бірі; Қазақстан поляктары этностық тобының экзогенді тілі.

Поляк тілі үндіеуропалық тілдер семьясының славян тобының батыс славян ішкі тобына жатады.

Поляктардың басым көпшілігі дәстүр бойынша римдік католицизмді ұстанады және дін жағынан жоғары белсенділігін байқатады.

2014 жылғы мәліметтер бойынша халықтың шоғырланып қоныстануы Солтүстік Қазақстан облысында – 39,32%, Ақмола облысында – 24,66%, Қарағанды облысында – 11,69% байқалады.

Қазақстан аумағында облыстық поляк мәдени бірлестіктері және қалалар мен аудандарда олардың бөлімшелері жұмыс істейді.

РУМЫНДАР, өз атауы – *румын, ромынъ.*

Қазақстандағы румындар саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 594 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 437 адам.

Румын тілі (дако-румын) – Румынияның ресми тілі; Сербия және Черногорияның бір бөлігінің ресми тілі; Воеводинаның ресми тілі (серб, хорват, венгр, словак, русин тілдерімен қатар); Еуропалық Одақтың 25 ресми тілінің бірі; Қазақстан румындары этностық тобының экзогенді тілі.

Румын тілі (дако-румын) үндіеуропалық тілдер семьясының роман тармағының балқан-роман (шығысроман) тобына жатады.

Румындар арасында кең тараған діни бағыт – православие.

РУТУЛДЫҚТАР, РУТУЛДАР, өз атауы – *мых абдыр, мыхадар*.

Қазақстандағы рутулдар саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 113 адам, 2009 жылғы мәлімет бойынша 82 адам.

Рутул тілі (дако-румын) – Дағыстан Республикасының мемлекеттік тілі; Қазақстан рутулдарының экзогенді тілі.

Рутул тілі иберий-кавказ тілдері семьясының нах-дағыстан тармағының лезгин ішкі тобына жатады.

Дінге сенетін рутулдардың көбі – сүннит мұсылмандар.

РУШАНДАР, өз атауы – *рыхен, рухани*. Тәжікстанның Таулы Бадахшан облысында тұратын этностық топ.

Қазақстандағы рушандар саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 20 адам.

Рушан тілі – Қазақстан рушандары этностық тобының экзогенді тілі.

Рушан тілі үндіеуропалық тілдер семьясының иран (памир) тармағының шығыс тобының шугнан-рушан ішкі тобына жатады.

Рушандар исламның шиіттік бағытының негізгі тармақтарының бірі исмаилшылдықты ұстанады.

СААМДАР, өз атауы – *саам; лопар.* Солтүстік Еуропаның фин-угор тектес тұрғылықты саны аз халқы.

Қазақстандағы саамдардың саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 2 адам.

Саам тілі – Қазақстан саамдары этностық тобының эндогенді тілі.

Саам тілі оралдық тілдер семьясының фин-угор тілдеріне жатады.

Дінге сенетін аз бөлігі православиелікті ұстанады.

СЕЛЬКУПТЕР, өз атауы – *селькуп* (еск. *остяктар,самоедтер*), Батыс Сібірдің теріскейін мекен ететін халық.

Қазақстандағы селькуптер саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 3 адам, 2009 жылғы мәлімет бойынша 2 адам.

Селькуп тілі – Қазақстан селькуптері этностық тобының эндогенді тілі.

Селькуп тілі оралдық тілдердің самодий тобына жатады.

Игеру уақытына қарай дәстүрлі наным-сенімдері анимизм, шамандық, православиелік.

СЕРБТЕР, өз атауы – *серб, срб.*

Қазақстандағы сербтер саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 1 адам, 2009 жылғы мәлімет бойынша 226 адам.

Серб тілі – Сербияның (Воеводина, Косово, Метохия провинциялары) және Черногорияның ресми тілі; Босния және Герцоговина Республикаларының (босния және хорват тілдерімен қатар) ресми тілі; Қазақстан сербтері этностық тобының эндогенді тілі.

Серб тілі үндіеуропалық тілдер семьясының славян тобының оңтүстікславян ішкі тобына жатады.

Сербтердің негізгі діні – православие.

СЛОВАКТАР, өз атауы – *словак, словац.*

Қазақстандағы словактар саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 48 адам, 2009 жылғы мәлімет бойынша 115 адам.

Словак тілі – Словакия Республикасының ресми тілі; Сербия мен Черногорияның ресми тілі; Воеводинаның (серб, хорват, венгр, румын, русин тілдерімен қатар) ресми тілі; Еуропалық Одақтың 25 ресми тілінің бірі; Қазақстан словактары этностық тобының экзогенді тілі.

Словак тілі үндіеуропалық тілдер семьясының славян тобының батыс славян ішкі тобына жатады.

Словакияда дінге сенетіндердің көбі (62%) – католиктер, Дінге сенетіндердің екінші тобы – протестант-лютерандар (10,2%), грекокатоликтер де бар (4,1%).

ТАБАСАРАНДАР, өз атауы – *табасаран.*

Қазақстандағы табасарандар саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 298 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 238 адам.

Табасаран тілі – Дағыстанның он төрт мемлекеттік тілінің бірі; Қазақстан табасарандары этностық тобының экзогенді тілі.

Табасаран тілі иберий-кавказ тілдері семьясының нах-дағыстан тармағының лезгин ішкі тобына жатады.

Табасарандар негізінен сүннит исламның шафиқ мазхабын, аздаған бөлігі ханафит мазхабын ұстанады. Бұлардың арасында сопылықтың нақышпандия тарихатының жолындағылар да бар.

ТАЛЫШТАР, өз атауы – *толыш.* Каспий теңізінің оңтүстік батысына жанасатын Талыш облысының таулы және тау алды аймағында тұрып жатқан Оңтүстік Кавказдың тарихи халықтарының бірі.

Қазақстандағы талыштар саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 691 адам, 2009 жылғы мәлімет бойынша 132 адам.

Талыш тілі – Қазақстан талыштары этностық тобының эндогенді тілі.

Талыш тілі үндіеуропалық тілдер семьясының иран тармағының солтүстік-батыс тобына жатады.

Дінге сенетіндердің көбі шиит түсінігіндегі исламды ұстанады.

ТАТАРЛАР, өз атауы – *татар.*

Қазақстандағы татарлар саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 248 954 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 203 111 адам.

Татар этностық тобы Қазақстанның батыс және солтүстік аймақтарында XVIII ғасырдың өзінде-ақ қалыптаса бастады; Қазақстанның Ресейге қосылу үдерісі тек орыстардың ғана емес, татарлардың да қоныстануымен қатар жүрді. Татарлар қалалар мен керуен жолының қиылысқан жерінде қоныстанып, татар слободаларын салды, тілмаштық, саудагерлік қызметтер атқарды; олардың көші-қон легі XX ғасырда да жалғасты. XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстандағы татарлар саны айтарлықтай көбейді; олар көлемі бойынша үшінші этностық топқа айналды.

Татар тілі – Татарстан Республикасының мемлекеттік тілі; Қазақстан татарлары этностық тобының экзогенді тілі.

Татар тілі алтай тілдері семьясының түркі тегінің батысғұн бұтағындағы қыпшақ тобының қыпшақ-бұлғар ішкі тобына жатады.

Діни белгілері жағынан негізінен сүннит мұсылмандар, сондай-ақ бұлардың арасында православиеліктер де, атеистер де, басқалар да бар.

2014 жылғы мәліметтер бойынша халықтың шоғырланып қоныстанған жерлері Қарағанды облысында – 15,68%, Оңтүстік Қазақстан облысында – 8,11%, Қостанай облысында – 8,11%, Алматы облысында – 10,74%.

Қазақстан аумағында татар облыстық мәдени орталықтары, қалалар мен аудандарда олардың бөлімшелері жұмыс істейді.

ТАТТАР, ТАУ ЕВРЕЙЛЕРІ, өз атауы – *тат.*

Қазақстандағы таттар саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 51 адам, 2009 жылғы мәлімет бойынша 93 адам.

Тат тілі – Дағыстанның он төрт мемлекеттік тілінің бірі; Қазақстан таттары этностық тобының және тау еврейлерінің экзогенді тілі.

Тат тілі үндіеуропалық тілдер семьясының иран тармағының оңтүстік батыс тобына жатады.

Таттар мен тау еврейлерінің тілі іс жүзінде бір ғана тат тілі болғанмен, дінге қатысы жағынан бұлар бөлек. Таттар сүннит мұсылман болса, таттілді тау еврейлерінің иудаизмді ұстануының екі мыңжылдық тарихы бар, олар иуда дініне беріктігін әлі сақтауда.

ТӘЖІКТЕР, өз атауы – *тоджик*.

Қазақстандағы тәжіктер саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 25673 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 40 868 адам.

Тәжік тілі – Тәжікстан Республикасының мемлекеттік тілі; Қазақстан тәжіктері этностық тобының экзогенді тілі және Қазақстандағы ортаазиялық еврейлер этностық тобының эндогенді тілі.

Тәжік тілі үндіеуропалық тілдер семьясының иран тармағының оңтүстік-батыс тобына жатады.

Қазіргі уақытта тәжіктердің көбі – ханафи мазхабындағы сүнниттер. Шамалы шиит қауымдарын Орта Азияда «ирандықтар» деп атайды. Ауғанстанның батысында фарсивандар деп аталатын ерекше топтар бар, олар негізінен Памир халықтарының ізімен исмаилшылдықты уағыздайтын шииттер мен Памир тәжіктері.

2014 жылғы мәліметтер бойынша халықтың шоғырланып қоныстанған жерлері Оңтүстік Қазақстан облысында – 79,56%, Алматы қаласында – 5,96%.

Қазақстан аумағында облыстық тәжік мәдени бірлестіктері, қалалар мен аудандарда олардың бөлімшелері жұмыс істейді.

ТОФАЛАРЛАР, өз атауы – *тофа, тоха*; еск. *қарағас.* РФ Иркутск облысында тұратын жоғалуға жақын Сібір халқы.

Қазақстандағы тофаларлар саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 29 адам.

Тофалар тілі – Қазақстан тофаларлары этностық тобының эндогенді тілі.

Тофалар тілі алтай тілдері семьясының түркі тобына жатады.

Тофаларлар дінге мынадай ретпен басымдық береді: шамандық, анимизм, православие.

ТЫВАЛАР, өз атауы – *тыва,* бұрын *сойондар, сойоттар, урянхайлар, танну-тувиндер* деген атпен белгілі болған.

Қазақстандағы тывалар саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 35 адам, 2009 жылғы мәлімет бойынша 37 адам.

Тыва тілі – Тыва Республикасының мемлекеттік тілі; Қазақстан тывалары этностық тобының экзогенді тілі.

Тыва тілі алтай тілдері семьясының түркі тобының шығыс ұйғ бұтағындағы оғыз тобының ұйғыр-тыва ішкі тобына жатады.

Қазіргі уақытта Тывада буддашылдық пен шамандық жаңғыруда. Бұрынғы замандардағыдай, бұл екі дін симбиозды түрде қолданылып, бірін-бірі толықтырады әрі бұл мемлекет тарапынан қолдау тауып отыр.

ТҮРІКТЕР, өз атауы – *түрік, месхет түріктері,* өз атауы *ахыска тюрклери (ахалцих түріктері, Ахыска түріктері), түрік-джавахтар, Кавказ түріктері.*

Қазақстандағы түріктер саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 78 711 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 103 049 адам.

Түрік тілі – Түркия Республикасының мемлекеттік тілі; Кипр Республикасының ресми тілі; Қазақстандағы месхет түріктері этностық тобының экзогенді тілі.

Түрік тілі алтай тілдері семьясының түркі тобының батыс ұйғ бұтағындағы оғыз тобының оғыз-селжұқ ішкі тобына жатады.

Қазақстандағы дінге сенетін түріктер – сүннит мұсылмандар.

2014 жылғы мәліметтер бойынша бұл этностың шоғырланып қоныстанған жері Алматы облысында – 35,75%, Жамбыл облысында – 30,61%, Оңтүстік Қазақстан облысында – 21,3%, Алматы қаласында – 6,22%.

Қазақстан аумағында республикалық, облыстық түрік мәдени бірлестіктері, қалалар мен аудандарда олардың бөлімшелері жұмыс істейді.

ТҮРКІМЕНДЕР, өз атауы – *түркімен.*

Қазақстандағы түркімендер саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 1733 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 2401 адам.

Түркімен тілі – Түркіменстан Республикасының мемлекеттік тілі; Қазақстан түркімендері этностық тобының экзогенді тілі.

Түркімен тілі алтай тілдері семьясының түркі тобының батысұйғ тармағының оғыз-түркімен ішкі тобына жатады.

Түркімендердің үлкен бөлігі – сүннит мұсылмандар.

Қазақстан аумағында (Астана) түркімен мәдени бірлестіктері бар.

УДИНДЕР, өз атауы – *уди, ути.* Шығыс Кавказдың көне халықтарының бірі.

Қазақстандағы удиндер саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 294 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 267 адам.

Удин тілі – Қазақстан удиндері этностық тобының эндогенді тілі.

Удин тілі иберий-кавказ тілдері семьясының нах-дағыстан тармағының лезгин ішкі тобына жатады.

Қазіргі удиндер, бұрынғы жылдардағыдай, көне христиандықтың миофизиттік бағытын (Армян Апостолдық шіркеуі) ұстанады.

УДМУРТТАР, өз атауы – *удмурт*; еск. *вотяк.*

Қазақстандағы удмурттар саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 9095 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 5458 адам.

Удмурт тілі – Удмурт Республикасының мемлекеттік тілі; Қазақстан удмурттары этностық тобының экзогенді тілі.

Удмурт тілі фин-угор тілдері семьясының пермь тобына жатады.

Негізгі діні – православие, ауылдық жерлерде ол христиандыққа дейінгі қалдықтарды да қамтиды.

2014 жылғы мәліметтер бойынша халықтың шоғырланып қоныстанған жері Қостанай облысында – 1479 адам, Ақмола облысында – 1072 адам, Павлодар облысында – 571 адам, Шығыс Қазақстан облысында – 233 адам.

УДЭГЕЛЕР, өз атауы – *удээ, удихэ.* Қиыр Шығыстағы саны аз тұрғылықты халықтардың бірі.

Қазақстандағы угэделер саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 47 адам, 2009 жылғы мәлімет бойынша 2 адам.

Удэге тілі тұңғыс-манчжур тілдерінің семьясына жатады.

Удэге тілі – Қазақстан удэгелері этностық тобының эндогенді тілі.

Дінге сенетін удэгелер – православиеліктер.

ҰЙҒЫРЛАР, өз атауы – *ұйғыр.*

Қазақстандағы ұйғырлар саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 210 377 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 242 119 адам.

Ұйғыр этностық тобы Қазақстан аумағында Шығыс Түркістаннан (қазіргі ҚХР ШҰАА) шыққандар есебінен XX ғасырда қалыптасты.

Ұйғыр тілі – Қазақстан ұйғырлары этностық тобының эндогенді тілі.

Ұйғыр тілі алтай тілдері семьясының түркі тобының батыс ұйғын тармағының қарлұқ тобына жатады.

Діни сенімі жағынан ұйғырлар – сүннит мұсылмандар.

2014 жылғы мәліметтер бойынша бұл этностың шоғырлана қоныстанған жерлері Алматы облысында – 63,22%, Оңтүстік Қазақстан облысында – 1,55%, Алматы қаласында – 32,56%.

Қазақстан аумағында республикалық, облыстық ұйғыр этномәдени бірлестіктері, қалалар мен аудандарда олардың бөлімшелері жұмыс істейді.

УКРАИНДАР, өз атауы – *украиндық.*

Қазақстандағы украиндар саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 547065 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 307089 адам.

Украин тілі – Украинаның мемлекеттік тілі; Днестр жағалауының ресми тілі (молдаван және орыс тілдерімен қатар); Қазақстан украиндары этностық тобының экзогенді тілі.

Украин тілі үндіеуропалық тілдер семьясының славян тобының шығыс славян тобына жатады.

Украиндар негізінен православиеліктер, бірақ формальды түрде екі патриархат пен бір автокефалдық шіркеуге бөлінеді; сондай-ақ гректік католиктік және римдік католиктік шіркеулер, протестанттық христиан конфессиялары бар, дәстүрлі емес түрлі діндерді жақтайтындар да бар.

2014 жылғы мәліметтер бойынша украиндардың шоғырлана қоныстанған жерлері Қостанай облысында – 26,03%, Қарағанды облысында – 14,99%, Ақмола облысында – 11,54%.

Қазақстан аумағында республикалық, облыстық украин этномәдени бірлестіктері, қалалар мен аудандарда олардың бөлімшелері жұмыс істейді.

УЛЬЧТЕР, өз атауы – *нани.*

Қазақстандағы ульчтер саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 3 адам, 2009 жылғы мәлімет бойынша 1 адам.

Ульч тілі – Қазақстан ульчтері этностық тобының эндогенді тілі.

Ульч тілі – оралдық тілдер семьясының тұңғыс-манчжур тармағының амур ішкі тобына жатады.

Ульчтердің, Амур бойындағы басқа да халықтар сияқты, дәстүрлі діні шамандықтан көрінеді. Сонымен қатар ульчтердің қоғамдық өмірінде табыну жүйесі – кәсіпке, отбасына, ата-бабаға (анимизм) табыну үлкен орын алады.

ФИНДЕР, өз атауы – *суоми.*

Қазақстандағы финдердің саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 547 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 371 адам.

Фин тілі – Финляндия Республикасыныңресми тілі (швед тілімен қатар); Еуропалық Одақтың 25 ресми тілінің бірі; Қазақстан финдері этностық тобының экзогенді тілі.

Фин тілі – балтық-фин тілдерінің бірі (солтүстік тобы).

Финдердің діншілдігі Финляндияның Евангелиелік-лютерандық шіркеуінің шегінде іске асырылады (дінге сенетіндердің 78,3%-ы) және бұл – мемлекеттік діні. Православие бұл елде мемлекеттік екінші дін болып саналады. Католиктер де, аздаған мұсылман да, еврей қауымы да бар.

ХАҚАСТАР, өз атауы – *тадар, хоорай*; ескі. *минусин және абақан татарлары немесе түріктері.*

Қазақстандағы хақастар саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 355 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 233 адам.

Хақас тілі – Хақасия Республикасының мемлекеттік тілі; Қазақстандағы хақастар этностық тобының экзогенді тілі.

Хақас тілі алтай тілдері семьясының түркі тегіне жатады.

Дәстүрлі діні – шамандық. XIX ғасырда көптеген хақас шоқындырылып, православиеге енгізілді.

ХАЛХА, өз атауы – *халха.*

Қазақстандағы монғол (халха) саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 602 адам, 2009 жылғы мәлімет бойынша 426 адам.

Моңғол тілі – Моңғолия Республикасының ресми тілі; Қазақстандағы моңғол этностық тобының экзогенді тілі.

Моңғол (халха моңғол) тілі алтай тілдері семьясының моңғол тармағына жатады.

Діні – Тибет буддашылдығы, шамандық.

ХАНТЫЛАР, өз атауы – *хантэ*; ескі. *остяк.*

Қазақстандағы хантылар саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 24 адам, 2009 жылғы мәлімет бойынша 426 адам.

Ханты тілі – Қазақстандағы ханты этностық тобының эндогенді тілі.

Ханты (остяк) тілі орал тілдері семьясының фин-угор тобының обь-угор тармағына жатады.

Дәстүрлі діндері — шамандық пен православие.

ХОРВАТТАР, өз атауы – *хорват.*

Қазақстандағы хорваттар саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 39 адам, 2009 жылғы мәлімет бойынша 102 адам.

Хорват тілі – Хорватия Республикасының ресми тілі; Босния мен Герцеговинаның ресми тілі (босния және серб тілдерімен қатар); Қазақстандағы хорваттары этностық тобының экзогенді тілі.

Хорват тілі үндіеуропалық тілдер семьясының славян тобының оңтүстік славян ішкі тобына жатады.

Негізгі діні – католиктік.

ЦАХУРЛАР, өз атауы – *цыхбы.*

Қазақстандағы цахурлар саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 17 адам, 2009 жылғы мәлімет бойынша 2 адам.

Цахур тілі – Дағыстан Республикасының мемлекеттік тілі; Қазақстандағы цахурлардың эндогенді тілі.

Цахур тілі иберий-кавказ тілдері семьясының нах-дағыстан тармағындағы лезгин ішкі тобына жатады.

Дінге сенетін цахурлар сүнниттік исламның шафиқ мазхабын ұстанады.

СЫҒАНДАР, өз атауы – *рома.*

Қазақстандағы сығандар саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 5130 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 4165 адам.

Сыған тілі – Қазақстандағы сыған этностық тобының эндогенді тілі.

Сыған тілі үндіеуропалық тілдер семьясының үнді (үндіарий) тобына жатады.

Сығандар, басқа да халықтар сияқты, көшіп-қонып жүрген, мекен еткен жерлеріндегі дінді ұстанады.

ЧЕРКЕСТЕР, өз атауы – *адыге*.

Қазақстандағы черкестер тобының саны: 1999 жылғы мәліметтер бойынша 182 адам, 2009 жылғы мәліметтер бойынша 11 адам.

Черкестер қолданатын қабарда-черкес тілі – Қарашай-Черкес Республикасының мемлекеттік тілі; Қазақстан черкестерінің экзогенді тілі.

Қабарда-черкес (черкес) тілі иберий-кавказ тілдері семьясының абхаз-адыг тобына жатады.

Қазіргі уақытта черкестер арасында ислам нығайып, жұрт алдында беделі арту үстінде.

ШЕШЕНДЕР, өз атауы – *нохча*; VII ғасырдың жазба деректерінде *нахчаматьян* деген атаумен аталған.

Қазақстандағы шешендер саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 31802 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 31974 адам.

Шешен тілі – Шешенстан Республикасының мемлекеттік тілі; Дағыстан Республикасының он төрт мемлекеттік тілінің бірі; Қазақстан шешендерінің экзогенді тілі.

Шешен тілі иберий-кавказ тілдері семьясының нах-дағыстан тармағына жатады.

Шешендердің көбі сүнниттіктің шафиқ мазхабын ұстанады.

Сопылық ислам шешендер арасында екі тарихат – нақышпандия мен қадырия – жолдарында. Бұлар тағы да ұсақ діни топтарға – вирд бауырластықтарына бөлінеді, мұндай бауырластықтың саны отыз екіге дейін жетеді.

2014 жылғы мәліметтер бойынша, шешендер Алматы (18,58%), Қарағанды (16,51%), Қостанай (26,03%), Ақмола (18,58%) облыстарында шоғырлана қоныстанған.

Қазақстан аумағында шешен облыстық этномәдени бірлестіктері, қалалар мен аудандарда олардың бөлімшелері жұмыс істейді.

ЧЕХТАР, өз атауы – *чех*.

Қазақстандағы чехтар саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 945 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 269 адам.

Чех тілі – Чех Республикасының ресми тілі; Еуропалық Одақтың 25 ресми тілінің бірі; Қазақстан чехтарының экзогенді тілі.

Чех тілі үндіеуропалық тілдер семьясының славян тобының батыс славян ішкі тобына жатады.

Чехия Еуропада шіркеу мүлкі едәуір шамада мемлекетке қарайтын елдердің бірі ретінде белгілі. Дінге шынайы берілгендерге халқының 24%-ы жатқызылады.

ЧУВАНДАР, өз атауы – *этель, этал*. Чукоткадағы ұлыс.

Қазақстандағы чувандар саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 375 адам, 2009 жылғы мәлімет бойынша 25 адам.

Чуван тілі – Қазақстан чувандарының эндогенді тілі.

Чуван тілі (юкагир тіліне жақын тіл) палеоазиялық тілдер семьясындағы оқшауланған (юкагир-чуван тілдері) тілге жатады.

Чувандардың діні – православие.

ЧУВАШТАР, өз атауы – *чаваш.*

Қазақстандағы чуваштар саны: 1999 жылғы мәлімет бойынша 11864 адам, 2013 жылғы мәлімет бойынша 6741 адам.

Чуваш тілі – Чуваш Республикасының мемлекеттік тілі; Қазақстандағы чуваштардың экзогенді тілі.

Чуваш тілі алтай тілдері семьясының түркі тобының бұлғар тармағына (бұлғар және хазар тілдерімен қатар) жатады. Екі диалектісі бар: төменгі («у» деп сөйлейтіндер) және жоғарғы («о» деп сөйлейтіндер) диалектілер, бұларға қарасты бірқатар говорлары бар.

